Екінші бөлім: негізгі, бұл бөлімде қаламыздың ең негізгі тарихи ғимаратын алдық «Бұрынғы халық үйі», «Көпес Дәулетқадиевтің бұрынғы үйі», «Көпес Яушевтердің Пассаж ғимараты».

Үшінші бөлім қаламыздың ескерткіштері тоқталдық. Ескерткіш тұлғаларға қарай бөлініп, атаулы оқиғаларға қарай бөлінді. Мұнда ескерткіштер қайда құрылғанынан, мүсіншілері, мерзімі, материалы жайында мәлімет берілген. Қостанай қаласындағы көптеген ескерткіштер мен монументтер, тарихи объектілер туристерді қызықтыруы мүмкін. Олардың ішінде аты елге жайылған А. Байтұрсынов ескерткіші, А. Иманов бюсті, Ы. Алтынсарин ескерткіші, қазақ төрешісі Қазыбек би ескерткіші, Тың жерлерін игеруге арналған «Покорителям целины» Монументі, Азамат соғысы кезіндегі оқиғалар куәсі «Красная стена» ескерткіші. «ҰОС жылд. Қаза тапқандар» мемориалы.

Өзіміз өскен ортаның тарихын, оның қойнауындағы әрбір құбылысын, өзгерістердің сыры мен қырын білу міндетін мексат ету керек. Сонда ел ертеңі

болар жастардың ұлттық намысы оянып, тарихи тұлғалардың табыстары мен өнегелі істерін мақтаныш ететін өскелең ұрпақ құрмет тұтары анық.

Қорыта жазғанда бұл өлкетану электрондық портал өскелең ұрпақты, жастарды, болашақ мамандарды студенттерге машықтану өту барысында және болашақ кәсібінде өлкетану құралы жердің тарихын білуге көмек береді.

Әдебиет

1. Қ.Орманов. «Өлкетану тарихи атаулардан басталады» // Ана тілі №37.2006ж.
2. Қалқаман Жақып. «Қазағымның бір қонысы Қостанай» // Жас Өркен. Қостанай.
3. А.Мауданов. «Күн сәулелі Қостанайым» 2006ж.
4. Қ.Оспанова. «Мұражай ғасырлар зердесі» // Қостанай таңы. 9 маусым.2006ж.
5. С.Сыздықов. «Туған жердің ту көтерген батырлары» // Қостанай таңы. 19 шілде. 2006ж.

БІЛІМ БЕРУДЕ ЦИФРЛАНДЫРУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ

Абенова Фарида, 2 курс, Маңғыстау облыстық жоғары медициналық колледжі
Ғылыми жетекшісі: Баданова Нагима Мэлсовна, информатика пәні оқытушысы,
техника ғылымдарының магистрі

Өзектілігі. Бүгінгі таңда «ақылды технологиялар» адамзат өмірінің барлық саласына қарқындап еніп, оның ажырамас бөлігіне айналуда. Цифрландыру – бәсекеге қабілетті экономиканы дамытуды және халқының тұрмыс сапасын жақсартуды бағытқа алған мемлекеттердің барлығы ұстанатын жаһандық тренд, үрдіс.

Қашықтықтан оқыту - оқытушының студентпен оқыту құралдары арқылы интерактивті қарым - қатынас әрекет үрдісін ұйымдастыруға мүмкіндік беретін жаңа ақпараттық-педагогикалық технология. Қашықтықтан білім беру жүйесі - білім алушы мен педагог қызметкердің жанама (алыстан) немесе толық емес жанама өзара іс-қимыл кезінде ақпараттық және телекоммуникациялық құралдары қолдана отырып жүзеге асырылатын оқыту.

Бұл бағытта үлкен жұмыстар атқарылуда, ол бірінші кезекте оқу орындарына қатысты. Бүгінгі таңда оқу процесін қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша ұйымдастыру, мамандықтардың жоғары білімнен кейінгі бағдарлама бойынша оқытылатын топтарында жүргізілуде. Білім платформасын қолданып, дуалды оқыту жүйесінің оқу үрдісін ұйымдастыруда қашықтықтан оқыту технологияларын қолдану өзекті мәселе.

Мәселе. Қазіргі аналогтардан айырмашылығы, орта және кәсіптік білім алушыларға өз біліктілігіне сәйкес қызмет көрсетудің дамыған ақпараттық ішкі жүйесі білім алушылардың жеке деректерін талдауға негізделген және олардың білім деңгейі бойынша тиімді ақпарат беруге және дербес қызмет көрсетуге көмектеседі.

Жұмыс мақсаты. Барлық білім беру ұйымдарындағы білім беру жүйесін жақсартуға мүмкіндік беретін, веб-технологияларды қолдана отырып білімді бақылауға арналған оқу курсы ақпараттық жүйесін құру, сонымен қатар зерттеу нәтижелерін оқу процесінің практикасына енгізу құралдарын жасау.

Міндеттері. Қашықтықтан оқыту үшін сапалы курстар құру, курсты басқарудың мүмкіндіктерін кеңейту, оқыту элементтерін қамту, сараланған оқытуды жүзеге асыруға мүмкіндік береді, қажетті оқу материалдарын дайындап, оларды тестілеуден өткізу, білім беру мазмұнын әртүрлі форматта - аудио, видео және мәтін т.б. жариялау мүмкіндігі.

Цифрлық құзыреттілік - құзыреттіліктің үздіксіз игерілуіне (адамның тиісті білімі, дағдылары, мотивациясы және жауапкершілігі жүйесі), жеке тұлғаның өмірдің әр түрлі салаларында (мазмұнмен, коммуникациямен, тұтынумен, техносферамен жұмыс жасауда) сенімді, тиімді, сыни және қауіпсіз таңдауға және қолдануға қабілеттілігіне негізделген. оның мұндай әрекетке дайындығы.

«Инновация» ұғымы деген «innovation» ағылшын сөзінен шыққан, жаңалық деген мағынаны білдіреді. Білім беруде инновациялық бағыттардың бірі ол цифрлік (сандық) құзыреттілікті меңгерту, сол арқылы басқару болып табылады. Сандық құзыреттіліктің төрт түрі анықталды: ақпараттық және бұқаралық ақпарат құралдары, коммуникативті, техникалық және тұтынушы.

Интернет-технологиялардың дамуы жаңа мүмкіндіктердің пайда болуына түрткі болды. Қазіргі уақытта Бүкіләлемдік Интернет бірнеше миллион веб-сайттарға ие және олардың саны үнемі өсіп келеді. Бұл автор, оның мүдделері туралы ақпарат бар жеке парақтар. Олар қызығушылық танытатын достар табу, олардың көкжиегін, әлемін кеңейту мақсатында құрылған. Ақпараттық сайттар. Оларға оқу орындарының сайттары, қызығушылық қоғамдастықтары, фирмалар және т.б.

Бағдарлама - интерактивті көп терезе қосымша. Бағдарламаның қалған терезелеріне қол жеткізуге мүмкіндік беретін формада жүзеге асырылады. Кестелер ескі жазбаларды жоюға, жаңаларын қосуға және оларды өзгертуге мүмкіндік беретін формада қарастырылады. Осылайша, барлық кестелермен жұмыс бір нысанда жүзеге асырылады. Құрылған бағдарлама – білім беру жұмысын жеңілдететін автоматтандырылған жүйе.

Барлық білім беру ұйымдарындағы білім беру жүйесін жақсартуға мүмкіндік беретін, веб-технологияларды қолдана отырып білімді бақылауға арналған оқу курсы ақпараттық жүйесін құру, сонымен қатар зерттеу нәтижелерін оқу процесінің практикасына енгізу құралдарын жасау мақсатында бірнеше міндеттер алға қойылып, орындалды: қашықтықтан оқыту үшін сапалы курстар құрылды, курсты басқарудың мүмкіндіктерін, оқыту элементтерін қамтылды, сараланған оқытуды жүзеге асыруға мүмкіндіктер бар, қажетті оқу материалдары дайындалып, тестілеуден өткізу, мазмұнын әртүрлі форматта жариялау мүмкіндігі.

Зерттеу нәтижелері. Білім алушыларға дербес қызмет көрсетудің ақпараттық ішкі жүйесін дамыту, білім алушылардың кәсіби даярлық үрдісін цифрландыру арқылы олардың ақпараттық құзыреттілік деңгейін арттыру, сонымен қатар сұранысқа ие маман қалыптастырады. Негізгі қызмет көрсету саласының мамандарының қызмет сапасының артуы мен экономикалық үнемділік көрсеткішін жоғарылату.

Зерттеу барысында электронды оқыту контентінің түсінігі, олардың құрылымы, түрлері және қолданылуы туралы айтылды. Электронды материалды мақсатты қою нәтижесінде оны жобалаудың теориялық үлгісі анықталды және тәжірибеде сәтті іске асырудың шарттары анықталды. Осының негізінде кәсіптік техникалық оқу орындарында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпы білім беру стандарттарына сәйкес оқу бағдарламасынан информатика пәні бойынша нақты тақырыптардан электронды оқыту контентін әзірлеу мүмкін болды.

Қорытындылар. Электронды білім беру технологиясы бұрыннан-ақ бүкіл әлемге танымал болды және көптеген елдердің (соның ішінде Қазақстан Республикасында) білім беру стандарттары жүйесіне енгізілген, цифрлы оқытуды дамыту білім саласындағы мемлекеттік саясаттың басымдығы болып табылады. Осы негізде, әлемдік және қазақстандық тәжірибені талдай отырып, бұл құжат білім беру процесінің барлық қатысушылары кездесетін қиындықтарды ескере отырып, электронды оқыту контентінің дамуының қазіргі проблемаларын қарастырады. Қолданыстағы қайшылықтарды электронды оқыту контентін енгізудің әдіснамалық, дидактикалық және ұйымдастырушылық аспектілері бойынша анықтап, тиісті тұжырымдар жасалды, нәтижесінде жалпы білім беретін ұйымдарда электронды оқытуды одан әрі дамыту үшін маңызды міндеттерді тұжырымдау болды.

Қорыта келгенде, негізгі мақсат бойынша білім беру ұйымдарының студенттеріне қосымша білім беруді ұйымдастыруға мүмкіндік беретін, ақпараттық кеңістікті кеңейту, қашықтықтан ұйымдастыру жұмысы бойынша дербес жүйе жасақталды және жетілдірілу үстінде. Бұл жалпы алғанда білім беру саласын цифрландыру үрдісінің бір құрамдас бөлігі болып саналады.

Студенттердің бос уақытын тиімді пайлануына үлес қосу – негізгі бағыттардың бірі. Сауатты жастар, мамандар, жарқын болашық кепілі. Цифрландыру дәуірі – келешекке қадам басар ең маңызды аралық дәуір. Сондықтан, білім беру үрдісін жедел дамыту заман талабы.

Әдебиет

1. Ашинянц, Р.А. Классификация электронных учебных средств / Р.А. Ашинянц, С.Г. Григорьев, С.И. Макаров // Информационные технологии и фундаментализация высшего образования: Материалы VIII межвуз. науч.метод. конф. / РГУ нефти и газа. – М., 2002. – С. 10–13.
2. Ашинянц, Р.А. Об определении учебных электронных средств / Р.А. Ашинянц, С.Г. Григорьев, С.И. Макаров // Информационные технологии и фундаментализация высшего образования: Материалы VIII межвуз. науч.метод. конф. / РГУ нефти и газа. – М., 2002. – С. 13–16.
3. Батакова, Е.Л. Интерактивные средства обучения как часть электронно-образовательных ресурсов [Электронный ресурс] // Вестник Томского государственного педагогического университета – 2016, № 1 (66). – с105. Режим доступа к журн.: <http://cyberleninka.ru/article/n/interaktivnye-sredstva-obucheniya-kak-chast-elektronno-obrazovatelnyh-resursov>.

4. Беляев, М.И. Теоретические основы создания образовательных электронных изданий / М.И. Беляев, С.И. Макаров [и др.] – Изд. Томск, ун-т. – Томск, 2002. – 86 с.

АКТ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ПАЙДАЛАНУ АРҚЫЛЫ БАЛАЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ-ЗИЯТКЕРЛІК ДАҒДЫСЫН ДАМУ

Бидахметова Балжан Ерланқызы

«Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығының

3 курс білім алушысы

Абай атындағы Шығыс Қазақстан гуманитарлық колледжі

Ғылыми жетекшісі: Кудайбергенова Гүлмира Кабылқалықовна,
арнайы пәндер оқытушысы

Өзектілігі: Балалардың ақпараттық сауаттылыққа үйрету жұмысы мектепке дейінгі ұйымдарға енгізілгенмен, оны әртүрлі әдістермен үйретіп, осы пәнге деген бала қызығушылығын арттыратын түрлі оқыту бағдарламалары, әсіресе қазақ балабақшалары үшін өте тапшы. Сол себептен мектеп жасына дейінгі балалардың ақпараттық компьютерлік іс- әрекетін қалыптастырудың тиімді жолдарын қарастырып, оны нақты ресурстармен теориялық және практикалық жағынан байыта түсу – бүгінгі күннің өзекті мәселесі.

Мәселе: Қазіргі таңда педагог ақпараттық-коммуникативті технологияны мектепке дейінгі ұйымдарында математикалық білім беруде балалардың математикалық білімін белсендіруге жүйелі пайдаланса, оқытудың ақпараттық коммуникативтік технологиясы білімді жаңаша беру мүмкіндіктерін жасау (педагогикалық іс-әрекетті өзгерту), білімді қабылдау, білімнің сапасын бағалау, оқу –тәрбие үрдісінде баланың жеке тұлғасын жан-жақты қалыптастыру, дүниетанымын кеңейту, баланың қабілетін ашуға мүмкіндік артады .

Жұмыс мақсаты: Ақпараттық технологияларға толы қоғамдық өмірге психологиялық дайындығын қалыптастыру. Компьютерлік ойын бағдарламаларының өрістеуі себепті, компьютерлік ойындар математика негіздеріне оқытуда кеңінен қолданыс табуда ұтымды әдістері мен заманауи технологияларды анықтау болып табылады.

Міндеттері:- бала бойында танымдық, ақпараттық құзыреттіліктерді қалыптастыруға мүмкіндік туғызатын қолайлы заттық-даму ортасын құру;

- тәжірибелік, танымдық, шығармашылық іскерлігі мен басқа да бала әрекеті түрлерін қалыптастыру;

- балалардың көру жадыларын, есте сақтау қабілетін берілген тапсырмалар арқылы дамыту;

- әр баланың тұлғалық қасиеті және оны ауыспалы өмір жағдайында әрі қарай сәтті дамыту мақсатында өзін-өзі тану, өз ойын еркін білдіру және оны іске асыру дағдыларын жетілдіру;

- балалардың логикалық ойлау қабілетінің дамыту;

-күнделікті өмірде қарапайым өзіне қажетті техникалық құралдарды қолдана білуге үйрету

- әр баланың интеллектуалдық қабілеттері мен шығармашылық әлеуетін дамыту;
- мектепте білім алуға жан-жақты дайындау.

Ғылым мен техниканың жылдан жылға кең өріс алып, жедел қарқынмен дамуы, білімнің негізі болып табылатыны – балабақшаларға да өз әсерін тигізуде. Осы мақсатты жүзеге асыруда ақпараттық технологияны пайдалану әдісі зор рөл атқарады. Осы орайда, Президентіміздің халыққа жолдауындағы «Оқу үрдісінде ақпараттық технологияларды білім беру саласын жақсартуда қолданыс аясын кеңейту керек» деген сөзін басшылыққа ала отырып, ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде жаңа ақпараттық технологияларды пайдалануға жаппай көшуіміз керек.

XXI ғасыр табалдырығын білім мен ғылымды инновациялық технологиялық бағытты дамыту мақсатымен аттауымыз үлкен үміттің басты нышаны болып табылады. Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды деп дана халқымыз бекерден бекер айтпаса керек.

«Инновациялық технологиялар – бұл білімнің басымды мақсаттарымен біріктірілген пәндер мен әдістемелердің: оқу – тәрбие процесін ұйымдастырудың өзара ортақ тұжырымдамамен байланысқан жаңа міндеттерінің, мазмұнының, формалары мен әдістерінің күрделі және ашық жүйелері, мұнда әр позиция басқаларына әсер етіп, ақыр аяғында баланың дамуына жағымды жағдайлар жиынтығын құрайды»

Қоғамда болып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістер мен еліміздің білім беру саласының әлемдік білім кеңістігіне өтуі білім беру саласында, соның ішінде мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға уақыт талабына сай өзгерістер енгізуді талап етіп отыр.

Бүгінгі күн талабы – баланың ақыл ойын дамыту, ойлау қабілетін жетілдіру, өзіндік іскерлік қасиеттерін қалыптастыру, заман талабына сай ойы жүйрік етіп тәрбиелеу. Осыған орай мектепке дейінгі мекемелердің тәжірибесіне оқыту мен тәрбиелеудің АКТ технологиялары кеңінен енгізілуде. Білім беру жүйесінде АКТ технологияны қолдану келешек ұрпақтың еркін дамуына, жан-жақты білім алуына, белсенді, шығармашыл болуына жағдай жасау әрбір педагогтың міндеті болып табылады.

Бүгінгі күн талабы - баланың ақыл ойын дамыту, ойлау қабілетін жетілдіру, өзіндік іскерлік қасиеттерін қалыптастыру, заман талабына сай ойы жүйрік етіп тәрбиелеу. Қазақстан Республикасының білім беру стандартында білім берудің басты міндеті балалардың логикалық ойлауды дамыту болып табылатындығы атап айтылған. Мектеп жасына дейінгі кезең - балалардың логикалық ойлауды дамытудың негізгі кезеңі. Мектеп жасына дейінгі кезеңде балалардың ойлары нақты-бейнеліден абстрактылы - логикалық ойлауға қарай дамиды.

Мектеп жасына дейінгі кезеңнің міндеті - бала интеллектісін себеп - салдарлы байланыстарды түсіну деңгейіне дейін дамыту. Электронды басқатырғыш дамытушы ойындар баланың көру, есту қабылдауын, ерікті зейінін, байқағыштық қабілетінің дамуына әсерін тигізеді.

Зерттеу нәтижелері: «АКТ технологиясын пайдалану арқылы балалардың танымдық- зияткерлік дағдысын дамыту» тақырыбы аясында жүргізілген зерттеу жұмысының эксперимент бөлімі Өскемен қаласының мектепке дейінгі мекеме «Азамат-AS » балабақша-бөбекжайының «Құлыншақ» ересектер тобында жүргізілді. Сонымен, педагогикалық кәсіптік практика барысында ақпараттық технологияның ұтымды әдістері мен ресурстары қолданылды: бейне сабақтар, электронды жинақтар, көрнекіліктер, бейне роликтер, электронды ойын, ойын-тапсырмалар. Яғни, 4-5 жас балаларының дамытушы - трансформер ойындарын ұйымдастыруда қызықты ертегі- желіс, AktivStudio бағдарламасы бойынша құрастырмалы бөліктерді қолдану нұсқаулығы берілген. Электронды құрал отбасында баланы математикаға қызықтыру мақсатында ата-аналарға да қолдану ұсынылады.

Ересектер жас ерекшелік тобында жүргізілген электронды дамытушы ойындар нәтижесінде қарапайым математикалық түсініктер дамытылып, балалардың ақыл - ойларын белсенді дамыту жұмысы жүргізілді және математика іліміне деген қызығушылықтары артты.

Қорытындылар: Ақпараттық – коммуникативтік технологиясы мектепке дейінгі білім беру жүйесіне білім берудің аса тиімді тәсілі ретінде жәймен еніп келе жатыр. Бұл заманауи әдіс оқуға деген қызығушылықты арттырып, өз бетінше жұмыстануға тәрбиелеп, интеллектуалдық қызметін дамытады, қазіргі заманның рухында дамуға жол ашып, мектепке дейінгі білім беру мекемесінің оқу – тәрбие жұмысын сапалы түрде жақсартуға мүмкіндік туғызып, оның тиімділігін арттырады. Электрондық жүйеде оқытуда мультимедияны пайдалану, балаларға ақпарты беру жылдамдығын, оны түсінуді көтеріп ғана қоймай, сонымен қатар интуиция, образдық ойлауын дамытады. Мектепке дейінгі білім беруде ақпараттық – коммуникативтік технологияларды қолдану педагогтың шығармашылық мүмкіндіктерін кеңейтуге жол ашып, мектепке дейінгі жастағы балалардың психикалық дамуының әртүрлі жақтарының дамуына оң әсерін тигізеді. Математикалық оқу іс-әрекетінің жоғарғы динамикасы балалардың материалды тиімді меңгеруіне, есте сақтауларын, қиялдауын және шығармашылығының дамуына септігін тигізеді. Қорыта айтқанда, ақпараттық технологиялар баланы оқыту мен дамыту процесін тиімді етіп, балаға да, педагогке де білім берудің жаңа мүмкіндіктерін ашады.

Сонымен, педагог-тәрбиеші математикалық білім беруде: балалардың математикалық білімін белсендіру, білімді жаңаша беру, білімнің сапасын арттыру, оқу –тәрбие үрдісінде баланың жеке тұлғасын жан-жақты қалыптастыру, дүниетанымын кеңейтуде ақпараттық-коммуникативті технология таптырмас әдістемелік құрал екені дәлелденді.

Әдебиет

1. Қазақстан Республикасының жалпыға міндетті білім беру стандарты. 2022 ж.
2. Балапанов Е.Қ., Бөрібаев Б.Б. Ақпараттық мәдениет негіздері. Әдістемелік нұсқау. Алматы, 2005.
3. Бүлдіршіндерге арналған компьютерлік сауат ашу бағдарламасы.-Алматы 2005.

4. Выготский Л.С. «Педагогическая психология» / Издательство АСТ, Астрель, Люкс, 2005.

СЕКЦИЯ «ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ/ АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ЕСТЕСТВЕННЫХ НАУК»

ФИЗИКА В ПРОФЕССИИ ПАРИКМАХЕР

Мирошниченко Полина Олеговна, студентка I курса,
КГБПОУ «Барнаульский лицей железнодорожного транспорта»
Научный руководитель: Тикото Любовь Андреевна, преподаватель физики.

Актуальность. Моя будущая профессия 43.01.02 Парикмахер. Это одна из самых нужных и востребованных профессий на рынке труда требующая необходимого багажа знаний.

Проблема: показать связь междисциплинарных курсов МДК 01.01 «Стрижки и укладки волос», МДК 02.01 «Химическая завивка волос», МДК 03.01 «Окрашивание волос», МДК 04.01 «Искусство прически» с общеобразовательной учебной дисциплиной «Физика».

Цель работы: сбор, анализ, и представление информации о значении основ физических знаний в профессии 43.01.02 Парикмахер

Задачи:

1. определить, какие виды услуг парикмахерского искусства основаны на физических законах и явлениях;
2. показать связь физических явлений и процессов в областях электротехники, механики, молекулярной физики, термодинамики, квантовой физики с профессиональными модулями профессии «Парикмахер»;
3. представить информацию данного проекта в виде презентации, использовать презентацию в рамках учебных предметов общеобразовательных и профессиональных циклов, с целью углубления знаний в области профессии что может явиться отправной точкой в организации творчества и научно-исследовательской деятельности.

«Молекулярная физика» и работа парикмахера с волосами. Работая с волосами, парикмахер должен знать их молекулярные физические свойства и молекулярное строение, к которым относятся прочность, эластичность, способность впитывать воду и электропроводность. Волос очень прочен и обладает высокой устойчивостью против механических, биологических и химических воздействий. **Гигроскопичность** - это свойство вещества (волос) поглощать и удерживать внутри водяные пары из воздуха. Установлено что в сухом воздухе волосы человека содержат 18 процентов воды. В условиях повышенной влажности содержание воды в волосах возрастает до 30-40 процентов. Концы волос поглощают влагу быстрее и больше, чем корни. Чем выше гигроскопичность волос, тем хуже они поддаются укладке. Во влажном состоянии волос меняет свою структуру, после высыхания он возвращается к первоначальной форме. Гигроскопичность волос играет большую роль при их

окраске и завивке. (МДК 01.01 «Стрижки и укладки волос», МДК 02.01 «Химическая завивка волос», МДК 03.01 «Окрашивание волос», МДК 04.01 «Искусство прически»). **Пористость** - количество воздушных пустот в веществе (стержне волоса). Она может быть низкой, нормальной и чрезмерной. Пористость увеличивается при окраске и обесцвечивании волос. (МДК 03.01 «Окрашивание волос») Капиллярность - способность тел (волоса) впитывания и переноса жидкостей. (МДК 01.01 «Стрижки и укладки волос», МДК 02.01 «Химическая завивка волос», МДК 03.01 «Окрашивание волос», МДК 04.01 «Искусство прически»). **Физические и молекулярные параметры тел (текстура волос)** - толщина волоса, жесткость, сальность, кудрявость. С физическими понятиями связаны формы и типы волос. Волосы различаются **по форме:** гладкие прямые, волнистые, курчавые. Волосы различаются **по типам:** по длине (длинные, средние, короткие); по толщине (толстые, средние, тонкие); по эластичности (эластичные, пористые). (МДК 01.01 «Стрижки и укладки волос», МДК 02.01 «Химическая завивка волос», МДК 03.01 «Окрашивание волос», МДК 04.01 «Искусство прически»). Раздел «Свойства твердых тел» в парикмахерском искусстве. Работая с волосами, парикмахер должен знать физические свойства твердых тел (волос). Волосы очень прочны и обладают высокой устойчивостью против механических, биологических и химических воздействий. Устойчивость к механическим воздействиям выражается в том, что нельзя, например, сплющить волос, ударяя по нему молотком, а для разрыва требуется относительно большая сила. Волос разных людей может выдерживать нагрузку от 50 до 200 г в нагрузке. Эти значения сильно изменяются с возрастом, так как молекулярное строение кератина (МДК 03.01 «Окрашивание волос») у пожилых людей обнаруживают меньшую связность (большее расстояние между молекулами), что приводит к уменьшению сопротивления волоса нагрузке и растяжению. Действие внешних сил на твердое тело может привести к изменению его формы и объема (деформация). Происходит механическое повреждение. При этом повреждении разрушается структура волоса. Он ломается посередине. Даже ежедневное расчесывание волос щеткой или расческой постепенно разрушает кутикулу наружного слоя волоса. Особенно вредно начёсывание. Этот процесс может привести к полному уничтожению чешуек оболочки, в результате кончики волос начнут раздваиваться. Если кутикула разрушается посередине волоса, то он в этом месте ломается. Термическое повреждение. (МДК 01.01 «Стрижки и укладки волос», МДК 04.01 «Искусство прически»). При сильном нагревании волос (в сушилке, при пользовании электрощипцами, термобигуди, феном на максимальных температурах) кератин размягчается, и вода начинает быстро испаряться, вызывая усиленное образование пузырьков на стержне волоса, тем самым способствуя его разрушению. Средств для борьбы с этим нет. Но регулярное подстригание поврежденных волос уменьшает вероятность расщепления их кончиков. Во время сушки волос либо моделирования прически феном температура должна колебаться в пределах 60 °С тогда в волосах еще невозможны существенные, неблагоприятные изменения. Только при температуре около 75 °С волос подвергается быстрой деформации, слабеют

его упругость и стойкость к механическим воздействиям. При температуре 140 °С начинается распад волоса, а свыше 250 °С (тление-горение) (МДК 01.01 «Стрижки и укладки волос», МДК 04.01 «Искусство прически») обугливание. В современные электрические щипцы для волос встроен термостат или нагревательная спираль, которая не позволяет рабочей части нагреваться до температуры выше 80 °С. Это полностью гарантирует безопасность операций на волосах, даже если исполнитель и прозеваает время нагревания щипцов. Самые современные электронные ручные сушилки для волос тоже сконструированы так, что гарантируют полную безопасность волосам, причем они удобны в работе и очень экономичны в потреблении электроэнергии. Одним из негативных факторов воздействия на волосы является чрезмерное облучение солнечным светом. При облучении УФ (МДК 01.01 «Стрижки и укладки волос», МДК 04.01 «Искусство прически») происходит распад основных (белковых) и побочных (углеродно-серных) связей, что приводит к снижению прочности волос и проявляется в их естественном обесцвечивании (выгорании). Волосы становятся более жесткими и пористыми, а значит, и гигроскопичными, требующими соответствующих процедур по уходу. В данном случае особенно эффективны наполнители для волос в виде эмульсий типа масло в воде и даже типа вода в масле.

Результат: проект может быть полезным для молодежи, планирующей будущую профессиональную деятельность в области популяризации парикмахерского искусства и в профессиональном самоопределении студентов в рамках выбранной профессии.

Информация, представленная в данном проекте, используется на уроках общеобразовательной учебной дисциплины «Физика», в части реализации программ профессиональной направленности, а также прохождении тем профессионального модуля МДК01.01 «Стрижки и укладки волос», МДК 02.01 «Окрашивание волос», МДК 03.01 «Химическая завивка волос», МДК 04.01 «Искусство прически» в освоении профессии 43.01.02 Парикмахер и формирования профессиональных компетенций.

Вывод: Физика - это наука о природе. Она изучает механические, электрические, магнитные, тепловые, звуковые и световые явления. Физику называют «фундаментальной наукой». Поэтому ее законы используются практически во всех направлениях парикмахерского искусства.

Литература

1. Власов П.И. «Парикмахерское искусство», М. Высшая школа, 2008 г;
2. Фирсов А.В. Физика для профессий и специальностей технического и естественнонаучного профилей: учебник для образовательных учреждений нач. и сред. проф. образования / А. В. Фирсов; под ред. Т. И. Трофимовой. 5-е изд., перераб. и доп М: Издательский центр «Академия», 2013. —352 с.

АХАТИНА ҰЛУЫН ҮЙ ЖАҒДАЙЫНДА ӨСІРУ

Досымбек Айымжан, 1 курс студенті, «Бесқарағай колледжі» КММ
Ғылыми жетекшісі: Назирова Бакытгуль Жандосовна, биология пәні
оқытушысы

Өзектілігі: Ахатина ұлуының үй жағдайында өсірудің пайдасын зерттеу, ахатина ұлуына күтім жасау, ахатина ұлуының сілемейлі шырынын бет күтіміне пайдалану.

Мәселе: Ахатина ұлуының сілемейлі шырынының пайдасы, ахатина ұлуына күтім жасау, тамақтандыру мәселелерін қарастыру.

Жұмыстың мақсаты: Ахатин ұлуын үй жағдайында өсірудің пайдасын зерттеу;

Зерттеу міндеттері:

- Ұлулардың көбею жолын анықтау;
- Ұлудың тері ауруларына әсерін бақылап, зерттеу жүргізу;
- Ұлудың құрылысын зерттеу;
- Ұлулардың қозғалу жылдамдығын бақылау;
- Ұлу шырышының қалай бөлінетіндігін анықтау;

Ұлулар (Gastropoda) — жұмсақ тәнді жәндіктердің — моллюскалардың бір класы. Бұл ұлулардың 3 класс тармағы бар: алғыжелбезекті, артқыжелбезекті және өкпелі. Бұлардың 90000-дай түрі бар. Теңіздің 4 800 метр терең түбінде және 5 000 метр биік тауларда да тіршілік етеді. Ұлулардың денесі жұмсақ, былқылдақ. Ұлулардың 3 классы бар: артқы желбезекті, алғыжелбезекті және өкпелі.

Ұлулардың буылтық құрттардан негізгі айырмашылығы - денесі бунақтарға бөлінбейді. Сондықтан ішкі мүшелердің денеде орналасуы қайталанбай, атқаратын қызметі бірдей, біртұтас күйде болады. Айқын жіктелмесе де, олардың бас бөлігін тұлғалан ажыратуға мүмкіндік бар. Ұлулардың ішкі мүшелері бастан кейінгі тұлға қапшығында орналасады. Тұлғадан ерекше қатпарлы қабат - шапанша (*мантия*) түзіледі. Тұлға мен шапанша аралығында шапанша қуысы болады, ал шапаншаның үстіңгі бетінен бақалшақ қалыптасады.

Зәршығару жүйесі мен жыныс тесіктері және артқы ішектің аузы шапанша қуысына ашылады. Бақалшақтар құрылысы үш түрлі үлгіде кездеседі: *қозғалмалы бөлікті тақташа түрінде* (сауытты ұлуларда); *екі жақтау түрінде* (қосжақтаулыларда); *имек немесе бұрала оралған түтік түрінде* немесе *қақпақша тәрізді бауыраяқтыларда*. Аяқ - ұлулардың негізгі қозғалу мүшесі.

Қосжақтаулы ұлулар және басаяқтылар - дара жынысты жәндіктер. Бұлардың даму жолдары түрліше өтеді. Мысалы, қосжақтаулы ұлулардың ұрықтануы іште өтеді. Жұмыртқадай дернәсіл дамиды, ал дернәсілден ересек жәндік өседі. Дамудың бұл жолы - *түрленіп даму* деп аталады. Паразит қосжақтаулылардың (айқұлақтың) дернәсілдері балықтың терісінде паразиттік жолмен тіршілік етеді. Басаяқты ұлулар (ірі басаяқтылар) *су* астындағы әр түрлі заттарға топтастырып жұмыртқа салады. Жұмыртқадан тікелей, пішіні ересектеріне ұқсас жас ұлулар өрбиді. Дамудың бұл жолы - *тура даму* деп аталады. Ұлулардың көпшілігінің жүйке жүйесі жүйке түйіндерінен тұрады. Алайда басаяқты ұлулардың жүйке жүйесінің күрделеніп, жүйке талшықтарының жинақталуынан ми түзілетіні мәлім.

Ахатина үшін террариумды әдеттегі аквариумнан жасауға болады, яғни бір ұлуға 10 литр мөлшерде болуы тиіс. Аквариум неғұрлым үлкенірек болса, ұлулар да ірі болып өседі. Террариумның беті ылғалдылығы тұрақты болу үшін жартылай ашық болуы керек.

Террариумға міндетті түрде топырақ салу қажет. Бұл ылғалды ұстап тұру үшін керек. Кокос субстраты немесе бейтараптандырылған шымтезек салынса ыңғайлы, бірақ кәдімгі қарапайым жерді орманнан немесе бақтан пайдалануға болады. Үгінділер және гүлге арналған топырақ пайдалануға болмайды. Сәндеу үшін тастарды, бұтақтарды, орманда кездесетін мүктерді, пластмасса құбырларының жартысын пайдаланылады.

Террариумда ылғалды ұстап тұру үшін шашыратқыш қажет (гүлдерге арналған сияқты). Оның көмегімен топыраққа ғана емес, террариумдағы ауаны да ылғалдандыруға болады. Сондай-ақ, террариумде ұлу ішуге және шомылуға арналған су құйылған ыдыс қажет.

Террариумның оңтайлы температурасы 25-28 градусқа тең. Террариумды кемінде аптасына бір рет жуу керек. Қабырғаларды химиялық заттарсыз қатаң сүлгімен сүрту керек. Әр жарты жылда кемінде бір рет террариумды тазалауды жүзеге асыру қажет, ол топырақты өзгертеді.

Ахатинаны күнделікті тамақтандырып отыру керек, тағамның мөлшері тәжірибе бойынша - тағам жегенге байланысты анықталады.

Қабықтардың мықты болуы үшін ұлулар кальцийге мұқтаж. Тағамдардың тізімі:

1. Жұмыртқа қабықшасы (пісірілген жұмыртқа емес) - әрқашан ұнтақ түрінде.
2. Табиғи бор, бірақ мектептегі емес, кемірушілер үшін минералды тастар емес.
3. Ет және сүйек тағамы.
4. Ақуыздың көздері: астық қоспалары, жарма - сұлы, қарақұмық, тары.

Ахатиналар - гермафродитты. Ұлулардың жыныстық жетілуі климатқа байланысты, яғни 6 - 15 айға дейін жетеді. Жүктілік уақыты 1 - 2 аптаға созылады. Ахатиналардың әрқайсысы ірі 20-100 ге жуық жұмыртқаларын топыраққа салады. Топырақтың дымқылдылығы және температураға байланысты 1 -3 апта аралығында ұсақ, мөлшері 3 тен 5 мм - ге жететін жұмыртқалардан ұлу пайда болады. Жас ұлулар топырақта болады, олар жұмыртқа қабыршағымен қоректенеді. Ұлу баласын ұсақталған поливитамин қосылған көкөністермен тамақтандыру керек. Ахатинаның өсу барысы қолайлы жағдайға тікелей байланысты болып келеді. Дамуының ұзақ болуына кейбір факторлар әсер етеді (мысалы салқын тию).

Зерттеу нәтижелері. Ұлуларды террариумға орналастыру және оларға әртүрлі жағдайлар жасау туралы шешім қабылданды. Ахатинаның үй жағдайларында өсіру үшін ұлуларды әртүрлі төсенішпен террариумға орналастырылды. Ахатинаны террариумға орналастырдық. Террариум неғұрлым үлкенірек болса, соғұрлым ірі болып өседі. Террариумның міндетті түрде қақпағы болады, өйткені ұлулар сыртқа шығып кетуі мүмкін. Тыныс алу үшін біз қақпақтың кішкентай тесіктерін жасадық. Топырақ жеткілікті түрде қопсытылып, ылғалды жақсы сақтау керек. Топырақты жылына бір рет ауыстыру керек, бірақ тағамның қалдықтары күн сайын тазаланады.

Террариумның түбінде мынандай төсеніш салынды:

1 террариум (күм)

2 террариум (топырақ)

3 террариум (қырыққабат жапырақтары).

Ауаның температурасы мен ылғалдылығы ахатинаға сәйкес келуі керек. Егер ұлулар террариумның қабырғасында отыратын болса, онда су тым көп. Егер олар тығыздауды қаласа, ұлулар бақалшаққа жасырынса, керісінше, ол өте құрғақ. Егер қалыпты жағдайда болса, ұлулар топырақтың беткі қабатында түнде жүреді, ал күндіз жиырылып қалады.

Қорытынды. Ұлулардың белсенділігі астына төселген төсенішке тікелей байланысты. Алайда, кішкентай ұлуларды топырақта сақтаған дұрыс емес, орамжапыраққа орналастырсақ, олар өз тамағын тез тауып жей алады.

Ұлуларды орналастырғаннан кейін, әртүрлі көкөністермен тамақтандырдық. Олар тамақтанып болған соң, тамақ қалдықтарын алып тастадық.

Ұлулардың бақалшағының мықты болу үшін, кальций қажет. Сондықтан біз ұнтақталған жұмыртқаның қабығын сламыз. Ең басында біз оларға бор берген болатынбыз. Бірақ, ұлуға бор ұнамады, сондықтан бор беруге болмайды. Ұлулар қабық ұнтақтарын түгелдей жеп қояды.

Тіршілік ету барысын, ұлулар өсіп - жетіледі. Ұлудың өсуіне тамақтануы байланысты. Ұлуды жиі емес тамақтандырса, соғұрлым олар ақырын өседі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Акимушкин И. Беспозвоночные. Ископаемые животные. М.: Мысль, 1992. – С. 100 –101.

2. Ахатина // Большая советская энциклопедия. Т. 2. – М.: Советская энциклопедия, 1970. – С. 458.

3. Биологический энциклопедический словарь / Гл. ред. М. С. Гиляров; Редкол.: А. А. Баев, Г. Г. Винберг, Г. А. Заварзин и др. — М.: Советская энциклопедия, 1986. — С. 45.

4. Онегов А.С., Агальцова Л.Е. Необычные обитатели аквариума // Биология. – 2001. – №48.

5. Остров Барбадос подвергся нашествию гигантских африканских улиток // Огонек. – 2006. №49.

Интернет желісі:

<http://ru.wikipedia.org/wiki/>

<http://ahatin.ru/>

<http://www.zooclub.ru/bezp/5/>

ВЛИЯНИЕ ЗАГРЯЗНЕНИЯ ПЛАСТИКА НА ЧЕЛОВЕКА И БИОСФЕРУ

Мекебаев Чингиз, Гидзюк Кирилл, студенты 1 курса, ЧУ «Колледж предпринимательства КИИЭУ»

Научный руководитель: Зыкова Раиса Юрьевна, преподаватель общеобразовательных дисциплин

Актуальность:

Растущее количество отходов и нехватка средств их переработки характерно для многих городов Казахстана. Городские свалки промышленного и бытового мусора завоёвывают всё большие места у людей. Если внимательно рассмотреть состав мусора, то смесь получается довольно разнообразной. Это и одежда, и стекло, и пластиковые бутылки, и техника, и бытовой пластик. Мусор, выброшенный сегодня, исчезнет в следующем XXII веке, а некоторый и в другом тысячелетии.

Вывоз бытовых отходов – очень сложная задача, накопление ТБО (твёрдые бытовые отходы) в современном городе достигает 250-300 килограмм на человека в год. В последнее время появляются современные технологии по переработке отходов, но в общей массе количество не переработанного мусора всё равно больше.

Проблема “человек-природа” не нова, она имела место всегда. Но сейчас экологическая проблема воздействия человека стала очень острой и приняла огромные масштабы. Ускорение темпов научно-технического прогресса характеризуется отрицательным воздействием на природную среду.

Проблема: Загрязнение пластиком биосферы и его влияние на человека

Цель работы: Изучение влияния пластикового загрязнения на человека и биосферу в целом.

Задачи :

- выяснить историю возникновения и применения пластиковых бутылок, одноразовой пластиковой посуды, полиэтиленовых пакетов;
- изучить химические свойства изделий из пластика и полиэтилена;
- разработать рекомендации по вторичному применению пластиковых бутылок, одноразовой пластиковой посуды, полиэтиленовых пакетов;

Результаты исследования:

По результатам нашего исследования намечены следующие шаги:

- Выступить с результатами исследования перед студентами нашего колледжа, города
- Создать как можно больше поделок, полезных и необычных на территории колледжа и во дворах.
- Написать статью в местную газету «Местные вести» газету, чтобы ещё раз обратить внимание жителей на проблему мусора в наших городах и напомнить, что мы сами в ответе за чистоту и красоту нашей местности.

Выводы:

В результате проделанной работы выяснилось, когда появились пластиковые упаковки и полиэтиленовые пакеты. Они удобны в применении, благодаря таким свойствам как лёгкость, упругость, прочность, поэтому и занимают всё большее место в жизни человека, но её невозможно уничтожить после использования.

Наши наблюдения и проведённая работа со студентами показали, что если подходить к этой проблеме творчески и по-хозяйски, то можно найти много способов применения пластиковой упаковке.

Литература

1. Википедия Свободная энциклопедия [электронный ресурс].

2. Наука, известия. Федеральное агентство по печати и массовым коммуникациям. [электронный ресурс].
3. Детский портал bebi.lv [электронный ресурс].
4. Сайт «Экология» [электронный ресурс].

ДӘРІЛІК ӨСІМДІК АДЫРАСПАННЫҢ ПАЙДАСЫ

Қуанышбай Роза Нұрланқызы

III-курс, БМ-32 тобының студенті

Н.Құлжанова атындағы Торғай гуманитарлық колледжі

ғылыми жетекшісі: Каппасова Шамшырақ Еркиновна,

химия және биология пәндерінің оқытушысы, ж.ғ.м.

Өзектілігі: Қазақ халқының медицинасының дамуына әсері дәрілік өсімдіктерді тауып пайдалануына зор ықпал етті. Жер жүзіндегі дәрілердің 60 пайызы өсімдіктен дайындалады екен. Қазіргі кезде шөппен емдеу тәсілдері кеңінен қолданылып жүр. Үй жағдайында қолдануға жеткілікті. Ол үшін “Дәрісіз ем-дом” дәрілік өсімдіктерден іздеуіміз керек.

Мәселе: Қазіргі қоғамда адыраспан өсімдігінің дәрілік, емдік қасиеті туралы хабардар болуы.

Жұмыстың мақсаты: Бүгінгі жас ұрпақ өз елінің, жерінде қандай өсімдіктер өсетіндігін олардың қандай пайдасы бар екендігін зерттеу арқылы емдік қасиеттерін біліп, одан сабақ алуы тиіс. Адыраспан өсімдігінің халық медицинасында қолданылуын, оның ішінде өсімдікті түтету арқылы бөлінген түтінімен сырқаттардан емделу себептерін анықтау, зерттеу.

Міндеттері: туған өлкеміздің дәрілік өсімдіктерімен таныса отырып, олардың қандай ауруларға емдік мақсатта қолданылатынын атап көрсету. Халқымыздың «Ауырып, ем іздегенше, ауырмайтын жол жол ізде» деген мақаланың мысалында салауаттылықтың қарапайым ережелерін үйрету.

Зерттеудің нәтижелері: Көптеген өсімдіктердің дәрілік қасиеттері болғанмен адамдар үнемі оларды пайдалана бермейді. Адамзатқа табиғаттың жаратқан шипалы дәрілік өсімдіктің саны азаймау үшін оларды күтіп баптап, химикты көп дәрілерді қолданғанша емдік қасиетке толы шөптер тұнбасын қолдануы дәріштеу.

Адыраспан өсімдігіне сипаттама

Бұл өсімдік “Мың аурудың емі” деп саналады. Бұл өсімдікті жинар кезде халқымыз иіліп сәлем берген. Халқымыз “Пәле- жаладағн сақтасын” деп үйді осы өсімдіктің түтінімен аластайды, көз тимесін деп іліп қояды...

Қазақстан табиғи жағдайлары әртүрлі болып келетін ортанды, далалы, таулы аймақтардан тұрады. Республика аймағында 6000- ға жуық өсімдік түрлерін кездестіруге болады. Соның 500 түрінен дәрілік заттар алынады. Осынша байлықты игерумен бірге дәрілік өсімдіктерді. Ерте заманнан бері мал бағумен айналысқан көшпелі қазақ халқы шөптердің, жалпы өсімдіктердің емдік қасиеттерін ертеден білген. Әбу Насыр-Әл Фараби, Әбу-Әли Ибн-Сина, Беруни, Әл-Джуржани қазақ халық медицинасының дамуына әсіресе дәрілік өсімдіктерді тауып пайдалануына зор ықпал етті. Жер жүзіндегі дәрілердің

60%-ы өсімдіктен дайындалады екен Қазіргі кезде шөппен емдеу фитотерапия, үй жағдайында кеңінен қолдануға мүмкіндік жеткілікті. Ол үшін “дәрісіз емдомды” дәрілік өсімдіктен іздеуіміз керек. Бұған дәлел халық нақылы “Дана көптен шығады, дәрі шөптен шығады,” “Сенің денеңнің қуаты-өсімдіктің шырынында” деп медицинасы ілгері дамыған Қытай елінің дәрігері Шин Нон шындығында өзіміз табиғат берген байлыққа көңіл аударма бермейміз. Дәрілік өсімдіктерді зерттеудің, оны танып білудің маңызы зор. Тұқымынан қызыл түске бояйтын әсіресе жүннен тоқылған бұйымдарды бояйтын бояу алынады.

Дәрілік өсімдік- адыраспанның пайдасы

Халықтық емдеу жолдары. Адыраспанды жазда немесе күзде жинап жана күйінде немесе турап кептіріп дайындайды. Тұқымын піскенде жинап алады.

Қасиеті уы бар, өкпені тазалап, жөтелді басады, улы қайтарады.

Ғылыми топтастыруы:

Дүниесі: Plantae

Бөлімі: Magnoliophyta

Табы: Magnoliopsida

Сабы: Sapindales

Тұқымдасы: Түйетабандар тұқымдасы

Тегі: Peganum

Түрі: P. Harmala

1.Тұндырма жасау.

1 ас қасық үгітілген құрғақ шөпті 1 стақан қайнап тұрған суға 1-5 мин. Салып, жабық ыдыста тұндырады. Оны 45 мин суытып сүзіп алған соң пайдаланылады. 1 ас қасықты 3-4 рет тамақ алдында ішеді. Ал, халық ішінде дәріні таң атарда ішеді.

2. Қайнатпа жасау

1 ас қасық үгітілген құрғақ шөпті 1 стақан салқын суға 1-3 сағат ұстап, сонан соң шамалы отқа 30 мин жабық сырлы ыдыста бұқтырып қайнатады. 10 мин суығаннан кейін, дәке арқылы сүзеді де 1 ас қасықпен 3-4 рет тамақ алдында ішеді.

Адыраспаннан ванна қабылдау үшін 10 л суға 100 гр кепкен шөбін салып, 15-20 минут жабақ ыдысқа қайнатып, 20 минутқа қалдырады. Сүзіп ваннаға қосып, 10-15 минуттан күнара 10 күн түссе ревматизм, тері ауруларын емдейді екен.

Адыраспанның химиялық құрамы, қолданылуы

Химиялық құрамы: Адыраспан шөбінің құрамында гермин, гер мамин, пеганин деген алколоидтар бар. Олардың мөлшері өсімдіктің ұрығында 4 пайызға дейін жетеді. Өсімдіктің химиялық құрамы. Адыраспанның тұқымында 3,5 – 6 % алкалоид, 60% гармалин, 30% гармин және аз мөлшерде гармалол, пеганин (вазицин) мен дезоксивазицинон. Шөбінің құрамында 1,5-3% алкалоид, 60% пеганин және вазицинон бар. Және де аз мөлшерде : пеганидин, пегамин, дезоксипеганидин, пеганол табылды. Көп мөлшерде алкалоидты заттар бар, хиनाзалин мен индол. Тамырында 1,7 – 3,3 %, сабағында – 0,23- 3,57%, жапырағында - 1,07- 4,96%, гүлінде – 2,82%, жемісінде 1,08%, тұқымында 2,38- 4,59%.

Адыраспан халық ұғымында

Адыраспан ерітіндісінің ауыл шаруашылығындағы зиянкестермен күресте де орны ерекше. Ол сонымен қатар ертеден бояғыш зат ретінде кәдеге асады. Оның тұқымынан негізінен жүннен тоқылған бұйымдарды бояйтын бояу алынады. Мәселен, ши тоқымасында әлі күнге дейін адыраспаннан жасалған бояуды пайдаланады. Түркияда ерте кезеңдерден ақ адыраспаннан қызыл бояу алып, онымен өздерінің ұлттық бас киімдері – фесканы бояған.

Адыраспан қазақ үшін қасиетті шөп болғандықтан бәле- жаладан сақтайды деп үйдің ішіндегі көрнектілеу жерге –кереге басына іліп қояды. Жаңа үйге кірерде босағаға жын-шайтан мүлде жоламсын деп, адыраспанмен аластаған.Тіл мен көз тигендерді емдегенде адыраспанды түтетіп, тұзды басынан ай- налдырып, отқа тастайды. Сонда:

Алас-алас, мың бір бәлеңнен қалас,

Тілдінің тілінен, көре алмағанның көзінен сақта! – деп отқа тұз тастайды. Адыраспанмен аластау рәсімі қазіргі күнде де қазақтар арасында кеңінен қолданылады. Сонымен қатар адыраспанмен кішкентай баланың бесігін аластаған. Мұндағы негізгі мақсат пәле - жаладан сақтасын жын-пері жақындамасын - деп ізгі ниетте аластаған.

Қорытынды

Зерттеу жұмысын орындау барысында Қазақстан өңірінде кездесетін дәрілік өсімдік адыраспанды жинап анықтап, олардың өсу ортасымен танысып, сипаттама берілді. Сыр өңірінде жиі кездесетін дәрілік өсімдіктердің тізімін жасауға талпыныс жас алды. Адыраспан өсімдігін пайдалану жолына қарай жіктеп және түрлі өсу ортасына жинақталған өсімдіктерге сипаттама беріледі.

Адыраспан туралы зерделей келіп, мынандай ұсыныстар айтқым келеді.

1. Қазіргі медицинада адыраспанның емдік қасиеттерін қолдану енгізілсе;
2. Дәрілік өсімдіктер жайында, оның ішінде адыраспан туралы газет – журналдарға арнайы мақалалар жарияланып тұрса.
3. Адыраспан базарларда емес дәріханада сатылса сонымен қатар адыраспаннан жасалаған қайнатпалар және тұнбалар арналы шөптік дәрі ретінде дәріханада сатылса.
4. Адыраспан өсімдікті киелі, емдік өсімдік ретінде арнайы қорғау жұмыстарын ұйымдастыру.

Әдебиеттер:

- 1.М. Қажымұратов “Қазақстанда кездесетін пайдалы емдік қасиеттер” “Қайнар” баспасы, Алматы - 1975 ж
- 2.Жаңақорған ауданының географиясы және оны оқыту әдістемесі Географиядан Республикалық атаулы мекетеп Алматы - 2012
- 3.Қазақстан ұлттық энциклопедиясы 1 Абажа Әуе-102 бет
- 4.Қ. Балтаев, Г. Сауытбаева, О. Айдаров, Ы. Алтынсарин атындағы қазақтың білім академиясының республикалық баспа кабинеті, Алматы – 2000.

ТАҒАМНЫҢ АДАМ ДЕНСАУЛЫҒЫНА ӘСЕРІ

Есқали Гүлімжан Рауанқызы
III-курс, БМ-32 тобының студенті

Н.Құлжанова атындағы Торғай гуманитарлық колледжі
Ғылыми жетекшісі: Каппасова Шамшырақ Еркиновна,
Химия және биология пәндерінің оқытушысы, ж.ғ.м.

Өзектілігі: Қазіргі таңда көптеген адамдар тағамның барлық өнімдерін пайдалануда бірақ адамдар оның пайдасымен зияны туралы біле бермейді. Тағамдардың пайдасымен қатар зияны да қатар жүреді. Ал сол қолданылған өнімдердің адам ағзасына әсерін бірі білсе бірі біле бермейді. Ғылыми жобамызда сол туралы сөз қозғайтын боламыз.

Мәселе: Қазіргі қоғамда тағамның адам денсаулығына әсері туралы хабардар болуы.

Жұмысының мақсаты: Зерттеу жұмысында тағамның адам ағзасына тигізетін әсері туралы анықтауды жөн көрдік.

Міндеттерді жүзеге асыру көзделді:

Тағам өнімдерін зерттеу

Тағамның денсаулыққа жағымды тұстарын анықтау

Диетолог дәрігерлер қандай тағамды пайдалануға кеңес бергенін тыңдау

Зерттеу нәтижелері: тағамның адам организміне жағымды тұстары, әсері туралы зерттелген. Дәрігерлердің пікірлері, ұсынылған пайдалы ақпараттармен бөлісті.

Тамақтану туралы жалпы түсінік

Тамақ – барлық тіршілік иелерінің өмір сүрулерін жалғастыратын ішіп-жеуге жарайтын әрбір қатты және сұйық зат. Тамақтың өңделген түрі адамдар үшін – тағам, жануарлар мен құстар үшін – азық, жем, қорек деп аталады. Тамақтану — әр адамның өміріндегі маңызды рөл атқаратын құбылыс. Біз не ішеміз, сол боламыз деген ағылшынның сөзі де рас. Біз қолданатын тағам түрі, біздің денсаулығымызға және көңіл-күйімізге де әсер етпей қоймайды. Сол себепті қалай тамақтанатымызға назар аударғанымыз жөн. Мысалы жеткілікті түрде дәрумендердің тағамда болуы, біздің иммунитетіміздің жоғарлауына әсер етеді. Организмдегі барлық тіршілік процесі адам өмірінің алғашқы күнінен бастап оның тамақтануына, яғни қажетті заттарды қабылдауына тікелей байланысты. Ол заттардың көпшілігі қорыту, сіңіру процесінің барысында жылу күшін бөліп шығарып отырады. Ал жылу күші адам денесінің тұрақты температурасын сақтап, оның ішінде ішкі мүшелердің (жүрек, тыныс органдары, қан айналымы, нерв жүйелері, т. Б.) жұмыс істеуін қамтамасыз етумен бірге дененің жұмыс атқару қабілетін арттырады.

Тағамның денсаулыққа жағымды жақтары

Негізі холестерині өте аз тамақтар: жылқы, ешкі еттері. Жылқы етінің майында қанықпаған май қышқылдары басым. Жасуша қабықтары (мембрана) түзілу үшін қанықпаған май қышқылдары керек. Қанықпаған май қышқылдарынан простагландин деген гормондар да (супергормондар деп те атайды) түзіледі. Бұл гормондар ішкі ағзалардың бұлшықеттерінің жиырылуын реттейді. Ішек-қарын, қантамырлар, жатыр бұлшықеттерінің жұмысын реттеу арқылы олардың калыпты қызмет жасауына қажетті заттар болып табылады. Әсіресе, әйелдерде толғақ басталғанда маңызды рөл атқарады.

Простагландиндер жатырда өсіп келе жатқан баланын (ұрық) жүрек-қантамыр жүйесіне әсер етеді.

Катерлі ісік (обыр) ауруына қарсы тағамдарды пайдалану. Жиырмамыншы ғасырдың 40-50 жылдары қазақтар арасында қылтамақ (енештің катерлі ісігі) өршіп кеткен еді, тіпті эпидемиялық сипат алды. Ауру 30-40 жастағылар арасында кен таралды. Қазақтардың көбісі 50 жасқа жетпейтін. Кейіннен анықталғандай, қылтамақ катерлі дертінің белең алуы – бауырсақ, шелпек дайындау әдісіне байланысты болып шықты. Ол кезде бауырсақ, шелпек пісіру үшін малдың, көбінесе қойдың қуырық майын қолданатын. Ондай майдың құрамында май қышқылдарымен қатар холестерин, әртүрлі аминқышқылдары т.б. қосылыстар болады.

Дәрігер- диетологтардың пайдалы тағамдар жөнінде келтірілген пікірлері

- Сүт – адамдардың дастарханында 5000 жыл бұрын пайда болды. Мемлекеттің денсаулық сақтау ұйымдары, сау адамның мәзірінде: жеміс, көкөніс, ақуыз және сүт өнімдері болуы керек дейді. Адамзат баласы дүниеге келген кезде әуелі ана сүтін қорек етеді. Ана сүті өмірге келген жас сәбидің дамып, өсуіне ықпал етеді. Себебі, оның құрамында балаға қажетті элементтер бар. Жас сәбиге сүт қаншалықты қажет болса, үлкен адамдарға да соншалықты қажет. Сүт құрамындағы ақуыз тырнақ, шаш өсімін жақсартып, сүйектердің қатайып, мықты болуына әсер етеді. Дәрігерлердің айтуы бойынша, күнделікті майлылығы төмен сүт өнімдерін пайдалану ас қорыту жүйесін жақсартады. Дәрігерлер, майлығы төмен өнімдерді пайдалануға кеңес береді. Сүттің тағамдық құндылығы жоғары. Оның құрамында ақуыздар, май, кальций, калий, магний, натрий және А, В, D витаминдері бар.
- Айран - медицинада жалпы денсаулыққа пайдалы өнім деген түсінік жоқ. Кез-келген өнім бір адамға пайдалы болса, ал екіншісіне ешқандай әсер етпеуі мүмкін. Ал айранды кешкі уақытта ішудің денсаулыққа қалай әсер ететіні жайлы әлі ешкім зерттеу жүргізбеді. Бірақ, дәстүрлі диетология ашыған сүт өнімдері шынында да пайдалы деп сендіреді. Себебі, олар ақуызға бай. Сондай-ақ, айранның құрамында сүтке қарағанда лактоза аз, ал бұл лактаза кемістігі бар адамдарға жақсы әсер етеді. Айран – жеңіл сіңетін ақуызды-май қоспа. Сондықтан ол аштықты алдай алады және оның құрамында калория аз болғандықтан салмақ тастауға үлес қосады. Айрандағы пробиотиктер ішектегі пайдалы бактериялардың балансын қалыпқа келтіруге көмектеседі. Бұған қатысты жүргізілген зерттеу нәтижелері пробиотиктердің, әсіресе, диарея кезінде тиімді екендігін көрсетті. Ал Далхус университетінде жүргізілген зерттеуде пробиотиктердің жара немесе тітіркенген ішек секілді синдромдарды, яғни асқазан-ішек жолдары ауруларын емдеуде және оның алдын алуда пайдалы екендігі анықталды.
- Тауық етінде дәнекер тіндер өте аз болып келетіндіктен, көбіне нәзік әрі жұмсақ болады. Құс етінің ақуызында сирек кездесетін қышқылдар және қанықпаған май қышқылдары көп. Олар тез ериді, өте сіңімді, асқазан-ішек жолында тез қорытылады. Диетологтардың көбі адамның қалыптасып

қалған тамақтану үрдісін өзгерту керек дегенді айтады. Мамандарымыз мұндай кезде қой, сиыр, тіпті жылқы етінің орнына тауық пен балық етін жеп тұрған жөн деп санайды.

- Балық- бағалы құнарлы өнім. Балық жүрек ауруларының алдын алады, көру қабілетіңізді арттырады, ұйқыны реттейді, ревматоидтық артриттің (буын аурулары) алдын алады, ағзаның қалыпты жұмыс істеуіне себепкер, холестеринді реттейді, зат алмасуын жылдамдатады, қан қысымын түсіреді, бауыр және жүйке жүйесін жақсартады. Бірақ мамандардың пікірінше, балықты қуырып жегеннен гөрі, оны түрлі дәмдеуіштер қосып сорпа немесе ыстық пеште булап пісірген дұрыс екен.
Үшіншіден, бала агрессиялы агрессиялықты тек шынайы өмірде ғана емес, символдық мысалдан меңгереді. Қазіргі таңда, теледидардан зорлық-зомбылықтың көрсетілуі бала бойындағы агрессия деңгейінің көтерілуіне ықпал ететіні даусыз.

А. Реанның зерттеуінде агрессияны «сапалы» және «қатерлі» - деп екі түрге бөлді. Алғашқысын сапалы агрессияны адам қауіпті жағдайда танытады және ол қорғанушы сипатта болады. Қауіпті жағдайдан шыққан сәтте, адам бойындағы бұл агрессия түрі де, жоғалады.

«Қатерлі» агрессия деструктивті (бұзушы), қатыгез сипатта көрініс береді, кенеттен пайда болады. Агрессияның бұл түрі тұлға болмысымен байланысты келеді. .

Статистикаға сүйенсек, әртүрлі әлеуметтік және демографиялық топтардың агрессиялық мінез – құлқы өсуде. Бұл процесс, баланың балалық шақтан ересектікке өту шекарасы-жасөспірім шақта неғұрлым қатты көрінеді.

Әсіресе осы шақ жасөспірімдер үшін ауыр тиді. Негізінен қоғамды алаңдатып отырған жасөспірімдердің агрессивтілігі, педагогтардың, ата-аналардың, сонымен қатар, зерттеушілердің күшті ғылыми-

практикалық қызығушылығын тудырып отыр. Толғандыратын жағдай ассоциалды әрекеттерден (алкоголизм, норкомания, қоғамдық тәртіптің бұзылуы, бандализм) көрінетін кәмелетке толмағандардың мінез – құлықтарының белгілері. Үлкендерге қарасты шамданған және қарсылық көрсету әрекеттері күшеюде. Қатыгездік және агрессиялықтың шекті түрлері көріне бастады. Жастар арасында қылмыскерлік тез өсті.

Әсіресе баланың агрессивті мінез көрсетуіне мазасыздану, астеникалық жағдай, стресс негіз болады. Сондықтан жеткіншектердің агрессивті мінез көрсеткіштерін Л.Д. Малкованың «Астеникалық жағдайды бағалау шкаласы» әдістемесі, «Агрессияны бағалау» тесті, агрессияның түрін анықтауға арналған Басса-Дарки тесті, «А.Ассингер тесті бойынша агрессияны анықтау» әдісі, мазасызданудың орын алуын И. Спилбергердің «Ситуативті мазасыздану шкаласы» әдістерімен зерттедік.

Агрессияны зерттеуге қолданылатын әдістемелердің бірі –Басса-Дарки сауалнамасы. Жеткіншектерді зерттеу нәтижесінде спортшы білімгерлер арасында вербальдық агрессия өте жоғары дамыған болып табылады. Ол әсіресе ұл балаларға тән, дегенмен агрессияның бұл түрі қыздар арасында да сирек емес екен. Екінші орында өкпелегіштік пен негативизм көрсеткіштері орын алды.

Келесі кезеңде «Агрессияны бағалау тесті» көмегімен зерттеу жүргіздік.

Талдау жалпы жинаған баллдарымен анықталды. Зерттелінгендердің ішінде 4 бала 36-44 арасындағы балл жинады, олардың агрессиясы бір қалыпты. 8 зерттелушінің баллдары 45 және одан жоғары болды, талдау ережесі бойынша олардың агрессивтілігі нормадан артық. Көбінесе ұстамсыздық пен өзгелерге, ешқандай себепсіз, ерекше қаталдық көрсетеді. Көрсеткіштер 35 және одан төмен болғандар саны тоғыз болды. Олар өз күші мен мүмкіндіктеріне сенімі төмен болғандықтан қоршағандармен тіл табысуға тырысады.

Екінші кезеңдегі талдау келесі көрсеткіштер бойынша бағаланады.

Л.Д.Малкова ұсынған «Астеникалық жағдайды бағалау шкаласы» әдістемесі зерттеу нәтижесі бойынша 4 балада астенияның белгісі жоқ (30-50 балл),9 балада әлсіз астения кейде көрініс береді (51-75 балл) ал 8 баланың астениялық жағдайда жүргені анық байқалды (76-100 балл).

И. Спилбергердің «Ситуативті мазасыздану шкаласы» бойынша мазасыздану деңгейін бағалауға болады. Зерттелінушілердің ситуативті мазасыздануы барлық көрсеткіштері бойынша жоғары болғандар 33 пайыз, жекелік мазасыздану көрсеткіші бойынша 51 пайыз болғанын көрсетті. Сонда кейбір білімгерлерде ситуативті және жекелік мазасыздану қатар көрініс беретіндігі анықталды.

Зерттеудің келесі кезеңінде жеткіншектердің жас ерекшелігін, жүргізілген психодиагностикалық жұмыстар нәтижесіне сүйене отырып, балалардың ерекше мінез-құлық көрсетуінің негізгі себебі – жасөспірімдердің өздері өмір сүретін ортасымен қарым-қатынас мәдениетінің қалыптаспағандығы, үлкендерге аландаушылық өзіне деген сенімінен басым келетіндігімен байланысты деген қорытынды жасадық.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

- Ахметжанова Н. «Қиын балалар қиғылығының қыры», Ұлағат, №2, 2000.
- А.В.Хомич. Психология девиантного поведения /Учебное пособие
- Бейсебаева С.Б. « Жастардың девианттық мінез – құлқының дамуына әсер ететін факторлар ». Весник КазНУ Серия юридическая. № 3 2003.
- Күнсләмова Т.К. Жеткіншектердегі өзіндік бағалау, өзіндік реттелу және агрессиялығының өзара байланысын зерттеу. Алматы, 2002.

ҰЛЫ ДАЛА ҰСТАЗЫ ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ БАЛАЛАРДЫҢ ЗЕРТТЕУ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУЫДАҒЫ ІЗГІЛІК, ДАНАЛЫҚ ЖОЛДАРЫ

Сыдықбекова Айзере, 2курс,

Жаркент жоғары гуманитарлық-техникалық колледжі

Ғылыми жетекші: Ақылшаев Ерқанат Бекежанұлы

Информатика пәні оқытушысы

Өзектілігі: Халық педагогикасы арқылы жас ұрпақты әсемдікті игеруге, сұлулықты сезініп, оны қастерлей білуге, өз бойына дарытуға, яғни бір сөзбен айтқанда оған эстетикалық тәрбие беруге бағытталған. Халық ауыз әдебиетінің үлгілері қашаннан-ақ эстетикалық сипатта болып отырған, онда әсемдік ойдан жырақ, сұлулықтан тыс дүние жоқ. Бұлар халықтық ой-сананың туындысы ретінде үнемі эстетикалық оймен терең астасып жатады. Өмірдегі құбылыстар, ел қорғаған батыр, бас бостандығы үшін күрескен ұл мен қыз, ақылгөй дана қарт әсемдік заңдарына сәйкес жырланады. Қай өнер туындысының да барынша әсем, көркем болып келуін көздеген халық жырдағы әуезділік пен үнділікті, музыкадағы нәзіктік пен ойлылықты, қолөнердегі жарастылық пен көріктілікті негізгі сипат деп таныды.

Мәселе: Ыбырайдың шығармаларын оқи отырып, ол өз заманының беталысын анық аңғарғанын, халық өмірін жаңа арнаға салуда білім мен тәрбие мәселесі қатар жүру керектігіне назар аударғанын көруге болады. Ыбырай әңгімелерінің негізгі қайнары халық тұрмысынан алынған.

Жұмыс мақсаты: Ыбырай шығармаларының басты тақырыбы – еңбек. Ол еңбек адамның өмірі үшін ерекше маңызды рөл атқарады, еңбексіз өнер де, білім де қолға келмейді деп еңбекті бірінші орынға қойып, тәрбие негізі адал еңбекте деп тұжырым жасайды. Оның бұл тақырыпта жазған көптеген әңгімелері бар. Мысалы, «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш», «Бай баласы мен жарлы баласы», «Қыпшақ Сейтқұл», т.б. жазушының бір топ әңгімелері адамгершілік тәрбие мәселесіне жазылған. Адамзат баласы шыр етіп жерге түскеннен бастап ата-ананың аялы алақаны мен ыстық ықыласына бөленіп өсетіні белгілі. Ата-ана баласына небір асыл қасиеттерді үйретіп, жақсы азамат болуын тілейді және үміттенеді. Бұл тақырыпта да жазған Ыбырай шығармалары бар. Мысалы Асыл шөп, Бақша ағаштары, Таза бұлақ т.б. Әр әңгімесінде тәрбиенің ізі жатыр. Оны түсініп оқыған адам ғана ұлы ұстаздың шебер тәрбиеші екеніне көзі жетеді. Әңгіме – оқиғаны баяндауға негізделген қара сөзбен жазылған көркем шығарма. Әңгімеде бас-аяғы жинақы, тиянақты

бір оқиға айтылады. Ыбырай шығармалары қысқа мазмұнды, балалардың түсінуіне жеңіл. Аз сөзге көп мағына сыйғызу, мақал-мәтел мен афоризмдерді орынды қолдану, әр әңгіменің тағылымдық мәніне ерекше көңіл аудару Ыбырай шығармаларының өзіндік ерекшеліктері.

Міндеттері: Қазақ хрестоматиясына енген Ыбырайдың көркем шығармалары өзінің ағартушылық идеясына бағындырылған. Ол әдебиетті бала санасына әсер ететін, сөйтіп, оны жақсы, өнегелі істерге үйрететін мықты құрал деп атап көрсетті. Ыбырайдың шығармаларын оқи отырып, ол өз заманының беталысын анық аңғарғанын, халық өмірін жаңа арнаға салуда білім мен тәрбие мәселесі қатар жүру керектігіне назар аударғанын көруге болады. Ыбырай әңгімелерінің негізгі қайнары халық тұрмысынан алынған. Өмірді, адам әрекеттерін ешқашан дағдыдан тыс әсірелеп суреттеп, шындықтан алшақтамаған. Кейіпкерлерді шынайы өмірге тән әрекеттері арқылы бейнелеуді мақсат тұтты. Оның әңгімелерін тақырып жағынан еңбек пен өнерге баулитын және адамгершілікке тәрбиелейтін шығармалар деп екі топқа бөліп қарастыруға болады. Ыбырай шығармаларының басты тақырыбы – еңбек. Ол еңбек адамның өмірі үшін ерекше маңызды рөл атқарады, еңбексіз өнер де, білім де қолға келмейді деп еңбекті бірінші орынға қойып, тәрбие негізі адал еңбекте деп тұжырым жасайды. Шығармалары мазмұны жағынан да, түрі жағынан да балалар әдебиетіне қойылатын талаптарға сай келеді. Сондықтан да Ыбырай Алтынсаринді балалар әдебиетінің негізін салушы дейміз. Бүгінгі сабағымыздың нысанасы әңгімедегі тәрбие мәселесі. Тәрбие мәселесі бүгінгі өмірде де өз маңызын жойған жоқ, тіпті күн тәртібіндегі өзекті мәселе екенін де білеміз. Ана мейіріне қанып, әке өсиетін тыңдап өскен бала ғана түбінде жылы жүректі азамат болары сөзсіз, олай болса, Ыбырай әңгімелерінде жасынан отбасы тәрбиесін көрген бала үлкен азамат болғанда, өз мәнінде өмір сүруге бейім болады деген нақты тұжырымдар беріледі.

Зерттеулері: Ыбырай Алтынсарин әңгімелерін заманауи дәріптеудің технологиясы Қазіргі заманда Ыбырай Алтынсаринді заманауи оқыту мен тоқытудың түрлі технологиялары бар. Ыбырай әңгімелерін балаларға мен былай жеткізе білдім.

1-тәжірибе. Қанағат Әзірет Әлиден бір жұт келіп сұрады дейді: - Толық байлық қайтсең табылады? Әли айтты: - Қанағат ете білсең. Қанша мал көп те болса қанағаты жоқ кісі байлыққа жеттім деп тоймайды; қанша мал аз да болса барына қанағат ете білсе, бұл адамның көңілі жайлы, тынышырақ болады; - соның үшін Әзірет Әлі,- байлық - қанағатта,- деді.

2-тәжірибе. Франклин деген даңқты білім иесі, он сегіз жасында бір қарияға қонақ болып, шығар кезде қарт дауыстапты: - Еңкей, еңкей - деп. Айтқанша болмай, есік аласа екен, маңдайшасына Франклин маңдайын тарс соғыпты. Сонда қарт күліп айтты дейді: - Бұл кішкентай реніш сізге екіншіде ақыл болар; ұмытпағайсың, сен жассың, өмірің алдында, басыңды тым жоғары ұстамай, төмен жүрсең, мұнанда артық неше соққылардан құтыларсың. Бұл сөзді Франклин сексен жасқа келгенше ұмытпай әрдайым айтушы еді.

3-тәжірибе. Түлкі мен ешкі. Бір түлкі жүгіріп келе жатып абайсызда бір терең апанға түсіп кетіпті. Шығайын десе шыға алмай тұрғанда, ешкі су іздеп жүріп,

әлгі апанға келіп, түлкіні көріп: - Әй түлкі батыр, неғып тұрсың? - депті. Түлкі айтты: - Ой батыр, жаным рахат тауып тұрмын: қырда әрі сусап, әрі ыстықтап өліп едім, апанның іші әрі салқын, әрі түбінде түп-тұнық суы бар екен,- деді. Мұны естіп ешкі мен де салқын су ішейін деп, секіріп апанға түскенде, түлкі екен секіріп ешкінің үстіне мініп, онан мүйізіне шығып, мүйізінен секіріп қырға шығып, жөніне кетті дейді.

4-тәжірибе. Жаман жолдас. Екі дос кісі келе жатып, бір аюға ұшырапты. Бұл екі кісінің біреуі әлсіз, ауру екен, екіншісі мықты, жас жігіт, аюды көрген соң бұл жігіт, ауру жолдасын тастап, өзі бір үлкен ағаштың басына шығып кетті дейді. Ауру байғұс ағашқа шығуға дәрмені жоқ, жерге құлады да созылып, өлген кісі болды да жатты: есітуі бар еді, аю өлген кісіге тимейді деп. Аю бұл жатқан кісінің қасына келіп иіскелеп тұрды да, дыбысы білінбеген соң тастап жөніне кетті. Мұнан соң манағы жолдасы ағаштан түсіп, аурудан сұрапты: - Достым, аю құлағыңа не сыбырлап кетті? Ауру айтты дейді: - Аю құлағыма ақыл сыбырлады, екінші рет тар жерде жолдасын тастап қашатын достармен жолдас болма деді,- дейді.

Қорытынды: Ыбырай Алтынсарин әңгімелеріндегі құндылықтар Ыбырай Алтынсарин есімі қазақ балалары үшін мектеп ашқан ұлы ағартушы, орыс әдебиеті классиктерінің балаларға арнап жазған шығармаларын қазақ тіліне аударған аудармашы ретінде ғана емес, қазақ жазба әдебиеті тарихында тұңғыш прозаик ретінде де белгілі. Олай дейтін себебіміз, Ыбырайға дейін шын мәнінде көркем проза қазақ жазба әдебиетінде қалыптаспаған еді. Мазмұны жағынан Ыбырай әңгімелері өз заманының келелі мәселелерін қамтиды. Оның шығармалары жас ұрпақты мейірімділікке, адалдыққа, ізеттілікке, ақылдылық пен білімділікке, т.б. ізгі қасиеттерді үйретуге шақырады. Ыбырай Алтынсарин «Қазақ хрестоматиясына» Қара батыр, Байұлы, Жиренше шешен, Тазша бала туралы ертегі, Бай баласы мен жарлы баласы, Таза бұлақ, Әке мен бала т.б. тәлімдік мәні зор әңгімелерін енгізді.

Ұлттық сана - ұлт руханиятының негізі. Ұлттық сананы ұлт руханиятының өзегі дейтін себебіміз, тарихта қазақты ұлт ретінде сақтап қалған дүние - ұлттық сана, ұлттық сананың рухы. Қазақ ұлтының ұлттық санасының тарих өрісіндегі құбылысы елдік, бірлік, ар-намыс, батырлық, ержүректілік, тектілік, кісілік, имандылық, адалдық, тазалық, намысшылдық, қамқорлық және ұлттық қасиетке терең болу.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақтың педагог - ағартушысы Ы.Алтынсарин өмірі мен қызметі туралы материалдардың библиографиялық көрсеткіші. - Каз. ССР хабаршысы. - Алматы. 1950. - №5 - 55-57 б.б.
2. Ыбырай Алтынсарин. Шығармалар жинағы. - Алматы:1955. - 413 б.
3. Сейфуллин С. Алтынсарин Ыбырай. Өлеңдер жинағы. - Алматы . ҚҚӘБ, 1965. - 54 б.
4. Рысбекова Г.Е. XIX ғасырдың II жартысы мен XX ғасырдың алғашқы ширегінде Қазақстанда Ы.Алтынсариннің педагогикалық идеялары мен ағартушылық қызметінің дамуы. - Алматы. 2001.
5. ҚР ОММ. 25 - қор, 1-тізбе, 2557 - іс, 20-25 пп.

6. Исенов Ө.И. Исенова С.И. Ыбырай Алтынсариннің қоғамдық-саяси қызметі // Қостанай облысы әкімдігі Қостанай облысы мәдени басқармасы Қостанай облыстық мемориалдық Ы.Алтынсариннің мұражайы. «Ыбырай Алтынсарин мұрасының әлеуметтік, педагогикалық, өнегелі әлеуеті және қазіргі заман».
7. Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдар жинағы. - Қостанай, 2011. - 227 б. - (131-138 бб.).

ВЛИЯНИЕ ИНТЕРНЕТ - РЕСУРСОВ НА РАЗВИТИЕ РЕЧИ ПОДРОСТКОВ

Казанцев Никита Вячеславович, обучающийся 2 курса,
КГБПОУ «Барнаульский лицей железнодорожного транспорта»
Косохова Н.В, преподаватель русского языка и литературы

Актуальность: определяется тем, что в настоящее время социальные сети играют огромную роль в жизни современного общества. Ежедневно в них общаются, решают какие-либо вопросы, назначают встречи, ищут интересующую информацию множество людей, а наиболее активными пользователями, безусловно, выступает молодежь.

Проблема: в наше время скоростных технологий и развитых коммуникаций влияние интернет – общения на речь подростков не вызывает сомнения. К сожалению, наблюдается снижение качества речи подрастающего поколения. Речь служит показателем развития человека. Ещё в свое время Лев Николаевич Толстой предупреждал: "Язык - это орудие мышления. Обращаться с языком кое-как – значит, и мыслить кое-как: неточно, приблизительно, неверно».

Цель работы: изучение влияния использования интернет-ресурсов на письменную речь и устную речь подростков

Задачи:

1. Рассмотреть процесс и особенности интернет-коммуникации молодежи
2. Определить наиболее популярные ресурсы для общения подростков
3. Проанализировать язык, используемый для письменного общения.
4. Выявить отношение подростков к вопросу влияния особенностей интернет-общения на их практическую грамотность.
5. Описать и систематизировать полученные данные

Современные подростки могут часами просиживать в социальных сетях. Интернет-общение является важной частью жизни любого современного человека. Особое значение оно играет в жизни подростков, являясь средством коммуникации и интернет-социализации в цифровом сообществе. В последнее десятилетие появился и распространился новый стиль, особенно популярный среди молодежи. Основная особенность этого стиля заключается в намеренном нарушении норм орфографии русского языка (ориентированных на этимологию) при сохранении графических принципов чтения и, в общем, той же фонетической последовательности. Язык письменной интернет-коммуникации подростков имеет особенности. Кроме привычных сокращений,

существует особый стиль искажения слов, Также подростки широко используют графические выражения (эмотиконы, стикеры).

Среди пользователей-подростков существуют устойчивые выражения, которые можно назвать жаргонизмами, например, *винт полетел* (вышел из строя винчестер, жесткий диск), *комп* (компьютер), *Инет* (Интернет), *клава* (клавиатура) и др. А теперь появился и новый стиль, который еще называют «падонкаффским». Смысл этого стиля в намеренном искажении русского языка. Стали приобретать популярность такие слова как «превед», «медвед», «афftar», «ржунимагу» и прочие обороты нового «сетеза». Стиль общения в Интернете подразумевает, что виртуальный человек должен уметь говорить быстро и при этом еще быть оригинальным. Сленг становится своеобразным паролем, благодаря которому сразу становится понятно, кто «свой», «кто чужой».

Язык виртуального общения находится под прямым влиянием американского варианта английского языка, диктующего свои правила общения в сети. Одним из наиболее очевидных заимствований является использование общепринятых эмотиконов ("смайликов"). Основная цель использования такой знаковой системы - экономия времени, отведенного на общение. Нехватка времени - это примета современного общества в целом: темп жизни ускоряется с каждым днем, и язык, соответственно, приспособливается к новым условиям функционирования. Такой тип общения требует быстроты написания сообщений, поэтому письма отличаются краткостью и лаконичностью. Объем одного сообщения не превышает 5-6 слов. В связи с этим постепенно стал выработываться союз письменной и устной речи или, как его еще по-другому называют, Интернет-сленг.

В проведении опрос - анкетирования обучающихся лица приняли участие 45 человек. Согласно результатам опроса 89% респондентов пользуются интернет - ресурсами каждый день. Нет ни одного человека, участвовавшего в опросе, который вообще не использует интернет. Самым популярным ресурсом для письменного общения подростков, оказалась соцсеть ВКонтакте (49%). Следующим по популярности является мессенджер WhatsApp (33%). Оказалось, что 82 % опрошенных используют сленговые слова и выражения, различные сокращения. Указывая причины подобных языковых изменений, подростки считают, что с помощью сокращений они экономят время, сленговые слова кажутся им более приятными по форме и звучанию, а искажение слов они считают забавным явлением. 53% подростков считают, что использование подобного стиля общения в письменной речи никаким образом не влияет на их практическую грамотность.

Подросткам нравится использовать Интернет-сленг. Это их раскрепощает, они могут свободно общаться на любые темы, ребята перестают ощущать одиночество и не остаются со своими проблемами один на один. В наше время это очень важно. Сленг позволяет общаться быстро, что весьма удобно в наше время. Обычно в чатах и в VK переписка ведется сразу с несколькими людьми, и поэтому здесь скорость написания тоже важна. Однако Интернет-общение способствует развитию безграмотности у молодого поколения. Подростки во

время переписки в Интернете из-за бездумного написания или спешки, подчинения модным тенденциям, а также в целях экономии времени допускает серьёзные ошибки в правописании. Отсутствует самоконтроль при наборе текстов в сети, нежелание оформлять текст грамотно, избегать сокращений в условиях быстрых переписок в социальных сетях, Это ведёт к тотальной безграмотности населения.

Литература

1. Копыл В.И. "Общение в Интернете". Изд-во: АСТ. 2005.
2. Крысин Л. П. Молодежный жаргон // Крысин Л.П. Русское слово, свое и чужое.- М., 2004.

СОВРЕМЕННЫЙ ПРЕПОДАВАТЕЛЬ ГЛАЗАМИ СТУДЕНТОВ

Жауынбаев Асхат, Чейдуков Родион студенты 3 курса, ОТЖТ - структурное подразделение ОрИПС филиала СамГУПС

Научный руководитель: Долгушина Татьяна Юрьевна, преподаватель

Актуальность: в современном обществе преподаватели играют все более важную роль и уже не являются просто передатчиками знаний и информации. Преподаватели должны быть психологами, исследователями и новаторами. С первой встречи обучающиеся формируют образ преподавателя, который состоит из ряда элементов, таких как стиль общения, уважение к обучающимся и доверие к тому, что говорит преподаватель. Восприятие обучающихся к преподавателю играет важную роль в определении их отношения к предмету.

Проблема: Сложность преподавательского труда в том, что нужно найти подход к каждому студенту. Создать условия для развития способностей, заложенных в каждом. Самое главное – преподаватель должен помочь студенту осознать себя личностью, пробудить потребность в познании себя, жизни, мира, воспитать в нём чувство человеческого достоинства, составляющая которого – осознание ответственности за свои поступки перед собой, товарищами, обществом.

Цель работы: изучить образ, модели поведения преподавателя, манеру передачи информации, и ответить на вопрос «каким его видят нынешние студенты?».

Задачи:

- Изучение различной литературы;
- Исследование методики невербального общения
- Проведение опроса среди студентов
- Обработка и анализ данных, полученных в ходе опроса.

Современный преподаватель - это человек, который в первую очередь должен быть заинтересован в учащих, должен не только диктовать инструкцию, но и вдохновлять, модернизировать. Талантливый и бесталаный ученик - зависит от педагога.

Невербальное общение - это передача информации посредством любых каналов коммуникации, отличных от словесных.

Знать виды невербального общения и понимать невербальные сигналы важно по нескольким причинам. Во-первых, они выполняют функции точного выражения чувств, ведь очень часто мы испытываем чувства настолько сложные, что просто не в состоянии подобрать для их описания нужные слова, но это можно сделать, используя невербальные средства и методы. Во-вторых, они выполняют функции более глубокого взаимопонимания.

Важной характеристикой профессионально-педагогического общения является стиль. Стиль – это индивидуально-типологические особенности взаимодействия педагога и обучающегося. Стиль общения – индивидуальная стабильная форма коммуникативного поведения человека, проявляющаяся в любых условиях взаимодействия, в деловых и личных отношениях, руководстве, обучении и воспитании, способах принятия и осуществления решений, в избираемых приемах психологического влияния на людей, в методах разрешения межличностных и деловых конфликтов.

Методы обучения – это способы организации учебного материала и взаимосвязанной деятельности преподавателя и обучающихся в процессе обучения. Как говорил известный педагог М.Н. Скаткин, метод – это путь, которым учитель ведет ученика от незнания к знанию, от неумения к умению, путь развития его умственных сил. Любой метод обучения предполагает цель и систему действий, средства обучения по ее достижению, намеченный результат.

В данной работе проведено микроисследование методом анкетирования студентов на тему: «Каким должен быть современный преподаватель глазами студентов?».

В опросе, проведенном на различных курсах нашего учебного заведения, приняли участие 856 студентов.

На основании анализа анкетирования мы можем увидеть портрет современного преподавателя. Это человек, который, прежде всего умеет доступно объяснить материал и поставить себя на место обучающегося. Это может быть опытный преподаватель или более молодой коллега. Студентам нужен преподаватель, который хорошо владеет материалом, умеет находить общий язык с обучающимися и объективно оценивать их личные достижения.

Выводы: Подводя итоги проделанной работы, в первую очередь хотелось бы отметить то, насколько важна профессия преподавателя в современном мире. Ведь все мы, по завершению обучения, несем с собой во взрослую жизнь не только ценные знания, но и бесценный жизненный опыт, который передают нам именно преподаватели.

В работе мы рассмотрели невербальное общение преподавателя, как способ передачи информации, посредством изучения таких вопросов, как основы невербального взаимодействия; виды невербального общения и их влияние на обучающихся. Также было проведено исследование факторов эффективности деятельности преподавателя посредством анкетирования среди опрашиваемых студентов.

Благодаря проведенному анкетированию, анализу исследуемых вопросов и задач, мы смогли ответить на самый главный вопрос - «Каким должен быть современный преподаватель глазами студентов?».

Путем подведения итогов анкетирования, удалось понять принцип мышления студентов и получить ответы на вопросы: «На что обращают внимание студенты при первой встрече с преподавателем?»; «Какой стиль педагогического общения приемлем?»; что важно «Умение объяснять учебный материал, знание предмета, человечность и такт?»; «Какой стиль речи должен использовать современный преподаватель?»; «Должен ли современный преподаватель владеть знаниями в области информационных технологий?» и сформировать портрет современного педагога

Что же касается рекомендаций по применению данного исследования, то это, в первую очередь, можно рассматривать как один из эффективных инструментов при проектировании и внедрении системы менеджмента качества, который позволяет своевременно выявлять положительные и негативные моменты в организации учебного процесса и вовремя принимать необходимые решения для улучшения образовательной деятельности.

Литература

1. «Педагогическая психология. Учебное пособие. Стандарт третьего поколения» / Регуш Людмила Александровна, Орлова А. В.
2. «Практикум по педагогической психологии» / Молодцова Наталья Геннадьевна.
3. Исаев, Е. И. Педагогическая психология : учебник для вузов / Е. И. Исаев. - Москва : Издательство Юрайт, 2023. - 347 с.
4. «Педагогическая психология» / Лев Семёнович Выготский.
5. «Педагогическая психология» / Наталья Молодцова.
6. «Педагогическая психология: схемы и тесты» / Бронюс Айсмонтас.

ТӘУЕЛСІЗ ЕЛДІҢ ЖАС ҰРПАҒЫН - ПАТРИОТТЫҚҚА ТӘРБИЕЛЕУ

Баяхметова Дариға, 3курс, Н.Құлжанова атындағы Торғай
гуманитарлық колледжі

Ғылыми жетекшісі: Насрединова Ақжаркын Есетовна
педагогика ғылымдарының магистрі

Еліміз егемендік алғаннан бері жас ұрпақ тәрбиесінің темірқазығы – қазақстандық патриотизм болып есептелген. «Қазақстандық патриотизм» ұғымы біздің тәуелсіздігімізбен қоса туған жаңа сөз болып, еліміздегі саяси-әлеуметтік ахуалдың ерекшелігін көрсетеді. Елімізде жүзден аса ұлттар мен ұлыстардың өкілі өмір сүруде. Қазақстан олардың көпшілігінің туған Отаны және бұдан былай да мәңгі тұрақтап қалар мекені болмақ. Сондықтан олардың әрқайсысы Қазақстанды ата-жұртым деп танып, оның тәуелсіздігін қорғауға және материалдық байлығын арттыруға еңбек етуі тиіс. Сол себепті қазақстандық патриотизм ұғымы күнделікті өмірде жиі қолданылып, кеңінен қалыптасып келеді. Бұл ұғымның педагогикалық жүгіне келер болсақ, ол

болашақ Қазақстан азаматтарын тәрбиелеумен тығыз байланысты. Қазақстандық патриотизм – Отан – анаға деген сүйіспеншілік пен азаматтық ерлік, өнеге көрсетушілік, бойдағы білім мен білікті, ақыл-парасатты ел игілігіне жұмсау, атамекен мүддесіне арнау болмақ. Өз елінің өткенін, тілін, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін құрметтей білу де осы қазақстандық патриотизм құрамына кіреді.

Жас ұрпақтың бойына елжандылық, Отан сүйгіштік сияқты асыл сезімдердің бой көтеруіне және балалардың батыл, ер жүрек, қайсар да, қайратты болуына жол аша отырып, оларды ұлттық дәстүрді түсінетін әсем тұлға етіп тәрбиелеу

Патриоттық құндылықтары қалыптасқан тұлға. Бала тәрбиесі – өте күрделі процесс. Оның күрделілігі бесіктен бастау алып, үнемі уақытпен, бала көңіл-күйімен, жеке қабілетімен, икемділігімен, тізгінді үнемі қадағалау қажеттігімен ұғындырылады. «Тәртіптің ең тамаша мектебі – отбасы», «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің»- дейді халқымыз. Балаларды Отанды, туған жерді, өзінің халқын сүйуге тәрбиелеу – мұғалімнің аса маңызды, аса жауапты да қадірменді парызы» - деп көрсеткен. Әр дәуірдің тарихи кезеңдерінде Отансүйгіштікке тәрбиелеудің өзіндік мүдделері болады. Ол ең алдымен, «ұлтжандылық», «отансүйгіштік», «патриотизм», ұғымдары сол заманның ақиқаты – наным-сенімінен туындайды.

Жалпыазаматтық және ұлттық құндылықтарды меңгерген Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздеріне, халықаралық мәдениетіне, тарихына, дәстүріне, тіліне, дініне құрметпен қарау. Халықтар арасында достықты нығайту Ұлттық және әлемдік нәрінен сусындаған, ғылыми - техникалық прогресс көшіне ілесе алатын Қазақстан Республикасының экономикалық байлығын дамытатын 21 таңда сапалы білім берумен қатар, болашақ жастарды патриоттыққа тәрбиелеудің де зор қажеттігі туындап отыр. Әлеуметтік жағдайлардың өзгеріске ұшырауы білім беру мекемелеріндегі тәрбие жұмыстарын тоқырауға әкелді. Қазіргі кезеңде тәрбиеге және тәрбие жұмыстарына деген жаңаша көзқарас қалыптасуда, олардың ізгілік мәні тереңірек ашылуда. Тәрбие жұмыстары әр баланы қайталанбас тұлға ретінде қарап, оның өзгеше қасиеттерін дамытуы қажет.

Әрбір бала – тұлға, өзінше бір әлем, ал, әр педагогтың міндеті әр тұлғаны көре білу, жүректеріне жол табу. Бүгінгі күнде барлық педагогтардың алдындағы мақсат өмірдің барлық саласында белсенді, шығармашылық іс-әрекетке қабілетті, еркін тұлға тәрбиелеу болып табылады.

Бала бойына ізгілік нұрын төгіп, білім нәрімен сусындатар ұстаз әрқашан ізденіс үстінде болуы шарт деп білімін жетілдіріп отыруы міндетті. Балабақшаның негізгі жүрегі, басты бөлшегі – тәрбиеші. Көрнекті тұлға Ахмет Байтұрсынұлы: «Балам дейтін ел болмаса, елім дейтін бала қайдан болсын», деген екен. Ұстаздардың әр күні ізденіспен, ертеңгі азаматты қалыптастыру жауапкершілігімен ұштасып жатады. Тәуелсіз елдің жас ұрпағын лайықты түрде тәрбиелеу – бізге артылған аса жоғары міндет.

Оның маңыздысы бүлдіршіндердің көкірегін рухани қазынаға толтыру. Ойын арқылы тілін дамыту дағдыға айналған. Өйткені, ұстаздың міндеті жас

ұрпаққа қазыналы да бай қазақ тілін сіңіру. Қиындығы мен қызығы, ауыртпалығы мен жауапкершілігі қатар жүретін осы еңбектің жолындағы педагогикалық ұстанымым – үнемі жаңалыққа ұмтылып, алдыңғы қатардан көріну және әр тәрбиеленушілердің бойынан жылт еткен жақсылықты, талантты тауып, бұлақтың көзін ашу, биікке жетелеу, сондай ізденістер арқылы биік мақсаттарды орындау.

Заман талабына сай азамат тәрбиелеу үшін тәрбиеші де үнемі оқу мен ұмтылыста болуы қажет. Бүгінгі мектепке дейінгі білім беру жүйесіне, оның сапалы мазмұнын жаңғырту мәселелеріне айрықша көңіл бөлінуде.

Сондай-ақ, бізге бейбіт өмір, тәулсіздік пен еркіндік сыйлаған батыр бабаларымыздың ерлігін шүбәсіз мойындай отырып, оларды қастерлеуге баулу. Сонымен қатар мектепке дейінгі жастағы балаларды халқымызды сүюге, ел рәміздерін құрметтеп, Ел басына деген сый- құрметке, салт- дәстүрді жете меңгеруге жол ашу жан-жақты қарастырылды. Мектепке

дейінгі жастағы балалардың бойынан тілге, халқымыздың тарихи, ата-бабаларымыздың салт-дәстүріне деген ізгі құрметті, сүйіспеншілігі, адам сезімімен нық сенім жарқын болашаққа деген нұрлы ұмтылыста бөлу

Бүгінгі егемен елімізде мәдени ортаға деген зор байланыс нығайды. Елжандылықтың осы бір ерекшеліктерінен аса маңызды педагогикалық міндет мектепке дейінгі жастағы балалардың бойында өз мемлекетіне, оның саяси және мемлекеттік мекемелеріне, заңдарына сүйіспеншілік пен құрмет көрсету сезімі де басты назарда болу керек.

Балаларды Отанды, туған жерді, өзінің халқын сүюге тәрбиелеу – мұғалімнің аса маңызды, аса жауапты да қадірменді парызы.

Әр дәуірдің тарихи кезеңдерінде Отансүйгіштікке тәрбиелеудің өзіндік мүдделері болады. Ол ең алдымен, «ұлтжандылық», «отансүйгіштік», «патриотизм», ұғымдары сол заманның ақиқаты – наным-сенімінен туындайды.

Халықтың болашағы – ұрпағы, ұрпақтың тәрбиесі – педагогтарда, педагогтардың мұраты – жетілген, толыққанды азамат тәрбиелеу. Ал, толыққанды азамат қалыптасу үшін – ақыл-ой тәрбиесі, имандылық, еңбек, эстетикалық, тілдік қатынас, дене тәрбиесі, сонымен қатар, экологиялық, экономикалық, патриоттық тәрбие берілуі тиіс. Тәрбиенің қалыптасуы – педагог, бала, ата-ана еңбегімен байланысты екендігі айқын. Демек, бұлар береке-бірлікпен жұмыс істеп, бұзылмайтын, айнымайтын темір тәртіпке бас игенде ғана іс оң нәтиже таппақ. Бұл ұлдың еркіндігіне, қыздың шіркіндігіне қойылатын жоғары талап. Сондықтан да, осы үш негіз бірлесе отырып жұмыс жасаса өкінбейтініміз анық. Тәрбие мәселесін тек балабақша мен педагогтар қауымының мойнына арта салумен іс бітпейді. Оның нәтижелі болуы ата-аналар мен қоғамдық ортаның тәрбие ісінен шет қалмай белсене араласуына, адам тәрбиелеудегі жауапкершілікті бірлесе көтеріп, жұмыла істеуге тікелей байланысты. Ол жөнінде Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заң жобасында: «Ата-аналар балалардың өмірі мен оқуы үшін олардың денсаулықтарын, рухани әрі дене қуатының қауіпсіз дамуын, адамгершілігі жағынан дұрыс қамтамасыз етуге міндетті», - делінген. Балалар өз тәрбиешілерінің жүріс-тұрысына, мінез-құлқына, іс-әрекетіне, дүниетану

көзқарасына еліктемей тұра алмайды. Орыстың ұлы педагогы К.Ушинский: «Тәрбиенің қайнар көзі тек адамның жеке басының өнегесіне негізделген. Ешқандай жарғы да, бағдарлама да, ешқандай орынның жасанды әрекеті де оның орнын баса алмайды», - деп текке айтпаған.

Жалпы қай қоғам болмасын сол қоғамға лайықты ұрпақ тәрбиелеуге тырысқан. Біз қозғап отырған ұлтжанды, ел жанды, отаншыл, отансүйгіштік, елтжандылық тәрбие қай кезде болмасын ұрпақ тәрбиесінде өзекті мәселе болған. Балабақшада балаларды патриоттыққа тәрбиелеуде халық ауыз әдебиеті ұлттық ойындар, салт-дәстүрдің маңызы зор. Балаларды мақсатты түрдегі саяхаттар арқылы, патриоттық кинофильмдер, ерлік ертегілері балаларды елін сүйуге, ерлікке, Отанын қорғауға тәрбиелейді

Әр балабақшада оқу-тәрбие мекемелерінде өсіп келе жатқан жас буындарды патриотизмге, отан сүйгіштікке тәрбиелеудің теориясы мен болмысқа толы фильмдер көрсетілсе, онда балалардың одан үлгі, тәрбие, тәлім алып, мақтанышпен айтып жүреді. Ұлтын, тарихын мақтан тұту- елжандылық тәрбиеліліктің бір көрінісі. Баспасөз беттерінде де осы сынды әңгіме, мақалаларды жиі-жиі жариялау арқылы елжандылық тәрбиені дұрыс бағытта жүргізе аламыз!

Пайдалынған әдебиеттер

1. Учительская плюс №48(343) 07.2018
2. Қоянбаев Ж.Қ. Педагогика.- Алматы. 2000
3. Педагогика оқу құралы – Алматы ҚазМҰУ, 2006.
4. Ахметова Г.К., Исаева З.А., Әлқожаева Н.С. Педагогика: Оқулық – Алматы, 2006.
5. Әлқожаева Н.С. Педагогика (оқу әдістемелік кешен) – Алматы, 2006.

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДА ТАНЫМ ҚУАТТАРЫН ДАМУ

Сарсекова Тұмарым Бекболатқызы, 2 курс, Абай атындағы Шығыс Қазақстан гуманитарлық колледжі

Ғылыми жетекшісі: Рахимова Асфира Сейтбековна, психология және арнайы пәндер оқытушысы

Өзектілігі: Танымдық белсенділік баланың психологиялық - денелік дамуының алғы шарты мен нәтижесі болып табылады. Осыған байланысты балалардың жоғары психикалық үрдісін қабылдау, зейін, ойлау, түйсік, ес, қиял ерекшеліктеріне тоқталып, оларға анықтама бере аламыз.

Мәселе: Барлық танымдық процестер үрдістердің қасиеттері мен қатар бір-бірімен сипатын анықтай отырып, олармен бірге және тығыз байланыста болуын бірізділікте жүргізу. Демек ойын үрдісінде ынталандыру- бұл ең алдымен балалардың танымдық бесленділікті арттыру болып табылады.

Мақсаты: Мектеп жасына дейінгі балалардың психикалық танымдық үрдістерін және мектепке оқуға дайындық мотивациясын қалыптастыру.

Міндеттері:

-мектеп жасына дейінгі балаларға психологиялық қолдау жасау;
-іс-әрекет және оның әдіснамалық негізі қарастыру.

Жас баланың өмірді тануы, еңбекке қатынасы, психологиялық ерекшеліктері осы ойын үстінде қалыптасады. Л.С. Выготский пікірінше, ойын мектеп жасына дейінгі баланың жеке басының дамуына ықпал ететін жетекші, басты құбылыстың бірі деуге болады. Бала ойын арқылы өзінің күш-жігерін жаттықтырып, қоршаған орта мен құбылыстардың ақиқат сырын ұғынып үйрене бастайды. Ойын кезіндегі баланың психологиялық ерекшелігі мынада: олар ойнайды, эмоциялық әсері ұшқындайды, белсенділігі артады, ерік қасиеті, қиял елестері мен таным үрдістері дамиды, мұның бәрі баланың шығарымпаздық қабілеті мен дарынын ұштайды.

Танымдық белсенділікті психологиялық -педагогикалық құбылыс ретінде анықтау, бұл мектеп жасына дейінгі балалардың тұлғалық сапасының ерекшелігіне талдау жасауға, тәрбиелеу мен оқыту үрдісін қалыптастыру жағдайлары мен құралдарын қарастыруға мүмкіндік береді.

Танымдық белсенділік баланың психологиялық- денелік дамуының алғы шарты мен нәтижесі болып табылады. Осыған байланысты балалардың жоғары психикалық үрдісін қабылдау, зейін, ойлау ерекшеліктері анықтайды.

Барлық психикалық танымдық үрдістердің ішінен ойлау жетекші үрдіс болып табылады. Барлық танымдық процестер үрдістердің қасиеттері мен қатар бір-бірімен сипатын анықтай отырып, олармен бірге және тығыз байланыста болуып бірізділікте жүреді. Демек ойын үрдісінде ынталандыру- бұл ең алдымен бала ойлауын дамыту болып табылады. Ойлау адам өмірінде аса қымбат орын алады. Баланың ақыл –ойының дамуы тек белгілі бір білім көлеміне емес, танымдық іс -әрекет амалдары мен тәсілдерін игерумен бірге еске сақтау, ойлау, елестету, танымдық шығармашылық қабілеттерінің дамуын тұтас қамтиды. Бала дамуы үшін есте сақтауы мен ойлау қабілетінің мәні өте зор. Бұлардың бәрі қоршаған ортамен, білік дағдысының қалыптасуы, есте сақтау және ойлау қабілетімен тығыз байланысты. Баланың ойлау әрекетін ойдағыдай дамыту үшін, тиімді тәсілдер қолданып, арнайы жұмыстар жүргізу қажет. Ойлау аса күрделі психологиялық процесс. Мектепке дейінгі балалардың таным үрдісін арттыру аса маңызды мәселе, ол үшін жалпы және негізгі жағдайларды жақсарту басты міндет болып табылады. Біріншіден, тәрбие беруге арналған дамытушы ортаны жабдықтау қажет десек, ол мектепке дейінгі кезеңнің өзіндік ерекшелігі мен құндылықтарын сақтайтын, баланың балалығына бағытталуы шарт.

Екіншіден, тәрбие мекемесінің басшысы мен тәрбиеші педагогтар қауымы кәсіби шеберліктерін үнемі шыңдап, білімін жетілдіруге жүйелі көңіл бөліп, ұжымның шығармашылық бағыт-бағдарын айқындап, оны жүзеге асыруға белсенділікпен ат салысуға және жағымды психологиялық ахуалдың тұрақтануына ықпал ету қажет. Сондай-ақ, отбасының сұранысы мен талап-тілектерін қанағаттандыру тәрбиенің балаға берілген таным үрдісі жайында ата-анамен үнемі бірлескен ынтымақты негізде жұмыс істеу де өте маңызды.

Үшіншіден, балабақшада тәрбиелеу берудің технологияларын сауатты меңгеріп, жаңа педагогикалық әдіс-тәсілдер жүйесін кәсіби шеберлікпен игеріп,

оны тәжірибеде пайдалануға шығармашылықпен үлес қосып отырса. Баланы тәрбиелеу, дамыту мәселелерінде отбасы мен балабақша ұжымының бірлескен өзара тығыз байланыста болуы.

Баланы өмірге дайындау үшін дамытудың маңызы ерекше. Даму барысы:

1. Зердесін дамыту
2. Эмоциясы мен сезімдерін дамыту
3. Күрт қиыншылықтарға төтеп бере алуын дамыту
4. Өзіне-өзінің сенімділігін, өзін-өзі қабылдау, жақсы көруді дамыту .
5. Танымдық үрдісін дамыту
6. Өзін-өзі алып жүре алуын, дербестігін дамыту
7. Өзін-өзі көрсете алуына, өзін-өзі жетілдіруге ынтасын дамыту.

Баланы тәрбиелеу, таным үрдісін дамыту мәселелерінде отбасы мен балабақша ұжымының бірлескен өзара тығыз байланыста болуы керек.

Мектеп жасына дейінгі балалар өздерін қызықтырған мәселелерді түсіну үшін өзіндік эксперименттер жасауға кіріседі, құбылыстарды бақылайды, оларды талқыға салып, қорытындылар жасайды. Мектепке дейінгі балалық шақтың соңында кейбір механикалық физикалық және басқа байланыстар мен қатынастарды түсінуді, осы байланыстар мен қатынастар туралы білуде жаңа жағдайларда қолдана білуді талап етеді.

Зерттеу нәтижелері :Зерттеу жұмыстары ойын үдірісінде танымдық біліктерінің дамуына негіз болады. Әсіресе ,бұл жұмыстарда әр баланың жеке мүмкіндіктері мен қасиеттері айқындалды. Зерттеу жұмысы №18 «Еркетай» балабақша-бөбекжайында жүргізілді. Ересектер тобынан 15 бала қатысты. Зерттеу барысында балалардың танымдық дербестігін ұйымдастырудың негізгі құралы өзіндік жұмыс және ол баланың дербес танымдық іс-әрекетін жандандыруда ерекше жұмысты жүргізудің, ұйымдастырудың формасы ойын әдісі ғана емес, ол балаларды дербес танымдық іс-әрекетке тарту, қызықтыру құралы деп есептеуге болады. Олай болса, балалардың дербес танымдық іс-әрекеті олардың танымдық белсенділігін арттырудың ең тиімді жолы.

Қорытындылар: Балалардың танымдық іс-әрекетін дамыту, олардың жоспарлау және ұйымдастыру біліктерін қалыптастыруда оқу-зерттеу жұмыстарының маңызы өте зор. Танымдық іс-әрекеттің шығармашылыққа ұмтылу арқылы сипатталады. Өз бетімен білуге ұмтылу танымдық ізденімпаздықты қажет етеді. Ендігі жерде мектеп жасына дейінгі баланың бүкіл өмірін ұйымдастыру, оның денсаулығын нығайту, ақыл-ой, адамгершілік тәрбиесін жетілдіріп, түптеп келгенде мектепке даярлау, тікелей ата-ананың үлесіне тиеді.

Әдебиет

1. Балалар психологиясы: оқулық / Ж.Қ. Дүйсенова, Қ.Н. Нығметова / — 2012.
2. Детская психология: учебное пособие / Д.Б. Эльконин; ред. сост. Б.Д. Эльконин .-6-е изд., стер.- / — 2011
3. Возрастная психология: учебник для бакалавров / Л.Ф. Обухова / — 2014
4. Психология детей младшего школьного возраста: учебник и практикум для бакалавров / [Айгумова З.И., Васильева Н.Н., Вачков И.В. и др.]; под общ. ред. А.С.Обухова / — 2014
5. 1. Мухина В.С Балалар психологиясы Алматы, 1986

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫНДА ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Тоқасова Дильназ Тоқасқызы, II курс,
«Абай атындағы Шығыс Қазақстан гуманитарлық колледжі» КМКК
Ғылыми жетекшісі: Даутова Мадина Токтаровна
Педагогика және арнайы пәндер оқытушысы, педагог-зерттеуші

Зерттеудің өзектілігі: Елбасы Н. Ә. Назарбаев: «Біз осы заманғы білім беру жүйесіз, әрі алысты барлап, кең ауқымды ойлай білетін осы заманғы мұғалімдерсіз инновациялық экономика құра алмаймыз»- деп атап көрсеткендей, осы заманғы ұстаз – болашаққа заман ағысымен ілгерілеген озық тұлға. Мұғалімге осындай көзқараспен қарау, оның алдына қойылар талапты да айқындайды.

Қоғамның өзгеруімен байланысты білім беру әдістері де білім көлемі де үнемі өзгеріп отырады. Ол білім беру заңдылықтарына байланысты өзгеріп дамып отырады. Біз ұстаздар қауымы қандай болмасын жаңалыққа құлақ түре жүретініміз айқын. Жаңа технологияларды тәрбие үрдісінде қолданудың тиімділігін қашан да жолға қоярымыз анық.

Зерттеу мақсаты: Жаңартылған білім беру мазмұнына байланысты тәрбие жұмысының мәселелерін ғылыми –теориялық тұрғыдан негіздеу.

Зерттеу міндеттері:

- Жаңартылған білім беру мазмұнына байланысты педагогикалық – психологиялық әдебиеттерге шолу жасау;
- Тәрбие жұмысының мазмұны мен міндетін зерттеу;
- Жаңартылған білім беру мазмұнына байланысты тәрбие жұмысының мәселелерінің ерекшеліктерін анықтау;

Зерттеу пәні: мектептегі тәрбие жұмыс

Зерттеу әдістері: Ғылыми жұмысты орындау барысында мынадай әдістер іске асырылды: ғылыми-зерттеу, педагогикалық әдебиеттерге шолу, баяндау, саралау, ақпаратты талдау, жүйелеу.

Жаңартылған білім беру бағдарламасының ең негізгі мақсаты - білім алушылардың оқу нәтижелерін жетілдіру болып табылады. Орта білім мазмұнын жаңартудың көптеген компоненттері, соның ішінде мұғалімдердің біліктілігін арттыру бағдарламасы осы мақсатқа бағытталған. Жаңа бағдарлама бойынша жаңаша көзқарас қалыптасып, білім деңгейі биікке көтеріліп келеді. Қазіргі білім беру жүйесінде жаңа технологияларды енгізу күннен-күнге басты талапқа айналып, осы әдістерді жетілдіре түсу қажеттігі күшейіп келеді. Мұғалімнің шеберлігі қандай жоғары болса да, мұғалім оқушының өз белсенділігін туғыза алмаса, берген білім күткен нәтиже бермейді. Оқушының тұлға ретінде қалыптасуы белсенділік арқылы жүзеге асады. Заманауи қоғамның зиялы азаматына білім беру - сана әлеуеті жоғары дамыған, сын тұрғысынан және жаңашыл ойлай білетін, рухы мықты, өз білімін қоғамның алға басуына жұмсай алатын адамды тәрбиелеу. Білім беру бағдарламасында тәрбие мен оқыту ажырамас байланыста болады. Заманауи мектептердің мақсаты - жоғары білімді, шығармашыл адамның үйлесімді тұлғаланып, дамуы

үшін қолайлы білім беру кеңістігін жасау. Өз білімінің нәтижесінде оқушы бойында сын тұрғысынан ойлау, білімін шығармашылықпен пайдалана білу, зерттеушілік дағдылары, АКТ дағдылары, топта және жеке жұмыс істей білуі, тілдік дағдылары, қойылған міндеттер мен күрделі мәселелерді шеше білу дағдылары қалыптасады. Ал, бұл мәселе тек сабақ үрдісінде емес, сыныптан тыс, мектептен тыс уақытта да жүзеге асады. . Жаңартылған бағдарламаларда барлық білім беру деңгейлері «Мәңгілік Ел» идеясына негізделген. Мектептегі білім беру мазмұны академиялық пәндер, зерттеу және сыныптан тыс әрекет, қосымша білім беру негізінде жүргізіледі. Идеяның мазмұны – оқушыларды рухани- адамгершілік тұрғыдан, қазақстандық патриотизмге тәрбиелеу, толеранттылық пен ұлтаралық жағдайда қарым-қатынас жасай алуға үйрету болып табылады.

Тәрбие жұмысы– ол анағұрлым толық өзіндік дамуы мен өзін-өзі табысты көрсету мақсатында ересектер мен балалардың бірлескен тіршілік әрекеттерін ұйымдастыру жөнінде мақсатты бағытталған қызмет. Тәрбие – жеке адамды мақсатты бағытта, жүйелі түрде қалыптастыру. Аға ұрпақтардың тәжірибесін беру және игеру, сананы қалыптастыру, тәрбиеленушілердің сезімін дамыту және мінез-құлық дағдыларын қалыпқа түсіру, оларды өмір мен еңбекке даярлау тәрбие процесінде жүзеге асырылады. Зерттеу барысында жаңартылған білім беру мазмұнына байланысты тәрбие жұмысында қолданылатын әдіс – тәсілдер топтамасын жинақтадық. Тәрбие технологиясы – тәрбие мақсаттарына қол жеткізуге мүмкіндік беретін оқыту формаларының, әдістерінің, жолдарының, тәсілдерінің және тәрбие құралдарының жиынтығы. Бұл дамыту, оқыту және тәрбие процестеріне ықпал ететін тәсілдердің бірі.

Диалогтық технологиялар (пікірсайыс, пікірталас, дебат). Дебат – зияткерлік жарыс, өз көзқарасын және пікірін белсенді түрде қорғауды дамыту біліктілігі. Пікірталас – қандай да бір даулы мәселе мен проблемалардың шешімін табу мақсатында оларды талқылау. Пікірсайыс (ғылыми айтыс) – ақиқатқа көз жеткізу мақсатында қандай да бір проблема бойынша екі көзқарасты зерделеу үшін қолданылатын ынтымақтастықтың формасы. «Коллаж» технологиясы Табылған иллюстрациялар, цитаталар және қолда бар құралдардан плакаттар жасау арқылы тақырыпты немесе проблеманы зерделеуді болжайды. Топтарда жүзеге асырылады.

Презентация (тұсаукесер) ескерілген. Ұжымдық шығармашылық жұмыс технологиясы. Ұжымдық шығармашылық тәрбие технологиясын (басқаша атаулары: жалпы қамқорлық педагогикасы, коммунарлық педагогика, ұжымдық шығармашылық жұмыстар әдісі) И.П.Иванов және оның серіктері әзірледі және енгізді. Шығармашылық тәрбиені ұйымдастыру – бұл ұжымның барлық практикалық жұмыстар, қарым-қатынас, қатынас және барлық бастамаларды өздігімен ұйымдастыру тәсілдерін қамтитын белгілі бір өмір сүру әрекетін ұйымдастыруы. Шоу-технологиялар. Ойын шаралары қатысушыларды үш топқа бөлумен өткізіледі: «Сахна», «Зал», «Жүргізуші».

Үш ерекшелігі: қатысушыларды өнер көрсетушілер және көрермендер деп бөледі; сахна төрінде сайысады; ұйымдастырушылар дайындаған сценарий.

Зерттеу нәтижесі: Жаңартылған білім беру мазмұнына байланысты тәрбие жұмысының мәселелері ғылыми –теориялық тұрғыдан негізделді. Тәрбие жұмысында жаңартылған білім беру мазмұнына қолданылатын әдіс -тәсілдер жинақталды.

Ел болашағы жас ұрпаққа білім мен тәрбие беру мәселесінен өткір мәселе жоқ екені баршаға аян.

Баяғыда Жапониядағы бір ұстаздан шәкірттері білім алудағы басты мақсат не екенін сұрапты. «Ертең бәріміз тауға серуенге шығайық. Сонда түсіндіремін. Жолға тамақ алындар, бірақ су қажет емес, барған жағымыздан табылар» дейді. Ертеңіне серуенде жүріп, ауқаттанып алғаннан кейін балалар шөлдегендерін айтқаннан соң ұстаз су көзін таба алмай қалғанын мәлімдеп, өздеріне су іздеуге кеңес береді. Түсте кеткен шәкірттері қас қарайғанда оралды. Шөлдерін қандырып, мәре-сәре болып келген шәкірттеріне қарап «Бүгін шаршап-шалдыққандарыңызға қарамастан, өз беттеріңмен ізденіп жүріп, су таптындар. Біздің міндетіміз – сендердің өз беттеріңше еңбектенулеріңе жағдай жасау. Ішіңіздегі бір-екі бала маған арнайы су алып келіп, адамгершіліктерін танытты. Ал басты мақсатымыз – жас ұрпақты адамгершілікке тәрбиелеу», деген екен.

Жаңа бағдарлама құрмет, ынтымақтастық, ашықтық, қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік, еңбек және шығармашылық, өмір бойы білім алу тәрізді құндылықтарға негізделген..

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1.Мұғалімге арналған нұсқаулық Үшінші (негізгі) деңгей. 2012ж
- 2.«Тәжірибедегі рефлексия» жалпы білім беретін мектептердегі педагогика кадрларының кәсіби даму бағдарламасы Тренерге арналған нұсқаулық. 2016ж
- 3.Молдағалиев Б., Махимова А., Сатқанова Г. Интерактивті оқыту әдістері // Қазақстан мектебі. – 2006. – № 9;
- 4.Шатеков Ж., Исаев С. Келешекте жоғарғы білім беру саласының кейбір мәселелері // Ізденіс. – 1999. – № 2;

БАЛАНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДАМУЫНА ОЙЫННЫҢ ЫҚПАЛЫ

Габдулланова Дана, 2 курс, Абай атындағы Шығыс Қазақстан гуманитарлық колледжі

Ғылыми жетекшісі: Рахимова Асфира Сейтбековна, психология және арнайы пәндер оқытушысы

Өзектілігі: Ойын бала тілінің дамуына ықпалын тигізіп, таным белсенділігінің дамуына жол ашады. Қай бала болмасын ойынмен өседі, өйткені бала табиғатының өзі тек ойынмен байланысты. Ойын үстінде бала еш нәрсеге тәуелсіз. Ол өзін еркін ұстайды. Ал еркіндік дегеніміз барлық дамудың баспалдағы, бәрін білуге деген талпынысы мен құлшынысы. Баланың білуге деген құштарлығы, сөйлеуі ойын үстінде қалыптасады.

Мәселе: Ойын баланың жан дүниесінің, рухани жай-күйінің үйлесімді дамуына ықпал етеді. Баланың сезім әрекетін, әсерленушілік деңгейін анықтау үшін қолданылады.

Мақсаты: Баланың психологиялық дамуына ойынның ықпалын теориялық және практикалық тұрғыдан түсіндіру.

Міндеттері:

1. Ойын балалар іс әрекетінің негізгі түрі екендігін түсіндіру;
2. Ойын арқылы балаларды тәрбиелеу жолдарына тоқталу;
3. Ойын арқылы балалардың тілін дамыту.

Балалар ойындарының тәрбиелік маңызын жоғары бағалай келіп,

А. С. Макаренко былай деп жазды: «Бала өмірінде; ойынның маңызы зор, ересек адам үшін еңбектің, жұмыстың, қызметтің қандай маңызы болса, нақ сондай маңызы бар. Бала ойында қандай болса, өскесін жұмыста да көп жағынан сондай болады. Сондықтан келешек жас ұрпақты тәрбиелеу алдымен ойында басталады». Ойын мен ойын әрекеті мазмұнының әлеуметтік сипаты баланы қоғамда өмір сүретіндігімен байланысты, Ол алғашқы айлардан бастап ақ маңайындағылармен қарым-қатынас жасауға ұмтылады, қарым-қатынас жасау мен қоғамдық тәжірибені игерудің қуатты құралы — тілді бірте-бірте меңгереді. Бала ересектер өміріне белсенді қатысқысы келеді, бірақ бұл ықылас әлі оның мүмкіндіктеріне сәйкес келмейді. Ойында үлкендердің қызметіне еліктеп, өзінің шамасы келетіндей дәрежеде олардың қуанышы мен ренішін түйсіне отырып, ол осындай өзіндік жолмен қоршаған өмірге етене араласады. Түрлі халықтардың дамуының әр түрлі тарихи кезеңдерінде балалар ойындарын ұзақ қадағалау, олардың мазмұнын зерттеу ойынның негізгі қайнар көзі - адамдардың әлеуметтік өмірі, баланың, оның отбасының тіршілік жағдайы деп қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Ойынның негізгі құрылымдық элементтері мыналар: ойынның түпкі ниеті, сюжеті немесе мазмұны; ойын әрекеттері, рольдер; ойынның өзінен туатын және балалар жасайтын немесе ересектер ұсынатын ойын ережесі. Бұл элементтер өзара тығыз байланысты және ойынды балалардың өзінше бір іс-әрекеті ретінде көрсетеді. Ойынның сюжеті, мазмұны - бұл оның жанды тұлғасын құрайтын, ойын әрекеттерінің, балалардың өзара қарым-қатынастарының дамуын, көп жақтылығын және өзара байланысын анықтайтын нәрсе. Ойынның мазмұны оны қызықты етеді, ойнауға деген ықылас пен ынтаны қоздырады. Ойын - бұл ерікті, іштей мотивтендірілген іс-әрекет. Бала ойын процесінен қанағаттанушылықты, ризалықты сезінеді. Оның нәтижесі маңызды да емес. Ойында баланың физиологиялық, сана-сезімдік, эмоционалды сапалары творчестволық процеске қосылады және оған әлеуметтік әрекеттері қажет болуы мүмкін. Осылайша, бала ойнаған кезде оған толығымен қатысады деп айтуға болады. Ойын әсерлері бала мен мұғалім арасындағы қарым-қатынастың динамикалық жүйесі ретінде анықталады. Үлкендердің көпшілігі өз сезімдерін, реніштерін, алаңдаушылықтарын және жеке мәселелерін білдіре алады. Үлкендер үшін сөз қандай рөл атқарса, ал бала үшін ойын да сондай рөлде болады. Бұл сезімді білдіру мен қарым-қатынас құралы болып табылады. Оларға осындай

мүмкіндік берілген кезде балалар өз сезімдерін және қажеттіліктерін үлкендер сияқты жеткізе алады. Балалардың кейбір қарым-қатынас жасау және айту динамикасы үлкендердікімен бірдей, ал біраз сезімдері бөлектеу (мысалы, қорқыныш, қанағаттану, бақыт).Сезімдерін жеткізуде немесе бастап кеткендерін айтуда балаларда қиындықтар тууы мүмкін. Бірақ, нәзік сезінетін эмпатикасы қалыптасқан ересек адам алдында олар не сезінетіндіктерін ойыншықтар және ойын материалдарын тандап, олармен белгілі түрде әрекет ету арқылы көрсете алады. Балалар айта алмайтындарын айту үшін, өздері жасауға ыңғайсыз санайтын әдеттерді жасау үшін ойыншықтарды пайдалануы мүмкін. Ойын – өз ойын айту үшін символикалық тіл. Және ойын бала қандай күй кешкенін, оған қалай қарайтынын, қандай арман-тілектері бар, қандай қажеттіліктер туатынын ашып бере алады.Баланың барлық психологиялық ерекшеліктері осы ойын әсерінде қалыптасады. Ойын — бала әрекетінің негізгі бір түрі. Ойын әсері арқылы адам баласының белгілі бір буыны қоғамдық тәжірибені меңгереді, өзінің психикалық ерекшеліктерін қалыптастырады. Бала ойынында да қоғамдық, ұжымдық сипат болады. Мәселен, кез-келген бала еш уақытта жалғыз ойнамайды, қатар құрбыларымен бірлесіп ойнайды. Ойын жұп арқылы бір-бірімен өзара қарым-қатынастар жасайды. Ал мұның өзі оның дамуы үшін ерекше маңызы бар фактор екендігі түсінікті. Ойын баланың түрлі қасиеттерін дамытады да баланың қабілеті, белсенділігі артады.

Ойын баланың өз тәжірибесін, өз жеке әлемін ұйымдастыруға талпынысын көрсетеді. Ойын үдерісіне бала жағдайды бақылау сезімін бастан кешіреді, типті шын мәніндегі жағдайлар бұған қарсы келсе де. Баланың бұл талпынысын Фрэнко былай түсіндіреді: «Ойында бала өзін осы шаққа бұра отырып, өз өткеніне көңіл аударады. Ол өткендегі қиындықтарын жаңа қабылдауға және қатынастарда араластыра отырып ойнайды».Осылайша, бала өзінің «Мен» образын, өз мүмкіншіліктерін және міндеттемелерін үзіліссіз қайта қарап ашады.Аналогия түріндегі ойында бала ойын материалдарымен манипуляция жасай отырып, өз мәселелері мен шиеленістерін шешуге тырысады.Ойындағы бала әрекеті деген ұғым психологқа баланың ішкі дүниесіне үнілуге мүмкіндік беретін нұсқауды береді. Психологтар мен педагогтардың көрсетуінше, ойында баланың танымдық үрдістері дамиды.Ойын баланың ақыл-ойы дамуы үшін ғана маңызды емес, ол оның тұтасымен тұлғасының дамуында маңызды.

Ойын балалардың басқа адамдармен өзара әрекетінің дамуына да айтарлықтай ықпал етеді. Бұдан басқа бала ойында үлкендердің өзара әрекеттері мен өзара қатынастарын жаңғырта отырып, осы өзара әрекеттердің ережелерін, тәсілдерін меңгереді, құрбы-құрдастарымен біріккен ойындарда ол өзара түсіну тәжірибесін жинақтайды, басқа балалармен келісімге келуге, өз әрекеттері мен ниетін түсінуге үйренеді.

Зерттеу нәтижелері: Мектеп жасына дейінгі балалардың ойынның ықпалын анықтау үшін зерттеу жұмысы №18 «Еркетай» балабақша-бөбекжайында жүргізілді. Орта топта 20 бала қатысты. Ойын баланың көңілін өсіріп, ойын сергітіп қана қоймай, сонымен қатар оның таным түсінігін арттырады.Балалар ойын арқылы бір бірімен тез тіл табысып, жақсы ұғысады, бір бірінен ептілікті, тапқырлықты үйренеді.

Қорытындылар: Қорыта келе, ойын адамның өмір танымında шешуші мәнге ие болады. Баланың таным–түсінігі, іс–әрекеті ойыннан басталып, оның негізі болашақ өмірінде оқу, еңбек іс–әрекетімен жалғастырылады. Ойын – бала үшін оқу да, еңбек те. Ойын – айналадағы дүниені танудың тәсілі. Ойын балаларға өмірде кездескен қиыншылықтарды жеңу жолын үйретіп қана қоймай, ұйымдастырушылық қабілетін қалыптастырады.

Әдебиет

1. Балалар психологиясы: оқулық / Ж.Қ.Дүйсенова, Қ.Н.Нығметова / — 2012.
2. Детская психология: учебное пособие /Д.Б.Эльконин; ред.сост. Б.Д.Эльконин .-6-е изд., стер..- / — 2011
3. Возрастная психология: учебник для бакалавров / Л.Ф. Обухова / — 2014
4. Психология детей младшего школьного возраста: учебник и практикум для бакалавров / [Айгумова З.И., Васильева Н.Н., Вачков И.В. и др.]; под общ. ред. А.С.Обухова / — 2014
5. 1.Мухина В.С Балалар психологиясы Алматы,1986

МАТЕМАТИКАЛЫҚ МАЗМҰНДАҒЫ ДАМЫТУШЫ ОЙЫНДАРДЫҢ БАЛАЛАРДЫҢ ЗИЯТКЕРЛІК ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМЫТУДАҒЫ ҚҰНДЫЛЫҒЫ

Калибекова Назлы Ерболатқызы, 2 курс білім алушысы
Абай атындағы Шығыс Қазақстан гуманитарлық колледжі
Ғылыми жетекшісі: Кудайбергенова Гульмира Кабылқалықовна,
арнайы пәндер оқытушысы

Өзектілігі: Баланың математикалық түсініктерді дұрыс меңгеруі, баланың дамуы, жас ерекшеліктеріне байланысты болып табылады. Күнделікті өмірде және ұйымдастырылған іс-әрекеттерде дамытушы ойындар ұтымды қолданылады. Дамытушы ойындардың құндылығы негізінен оқыту барысында жан-жақты, бағыт-бағдар беріп отырады. Математикалық мазмұндағы дамытушы ойындардың оқу іс-әрекетінен тыс уақытта ұйымдастыру, баланың математикалық түсінігін кеңейтеді, тереңдетеді, ойын бекітеді. Дұрыс талаптарға сай ұйымдастырылған дамытушы ойындар балалардың зияткерлік қабілеттерін дамытудағы оқытудың жаңа материалдарымен жұмыс жасау, қайталау, бекітуді қолдану, баланың белсенділігін арттырады.

Мәселе: Педагог математика негіздері ұйымдастырылған іс-әрекеттері мен еркін уақыттарында балалардың математикалық білімін белсендіруде дамытушы ойындар, жаттығуларды жүйелі пайдалану, әртүрлі қызықты материалдарды қолдану педагогикалық үрдістің тиімділігін арттырады, сондай-ақ, олар баланың ақыл-ойының дамуына үлкен ықпал ете отырып, балалардың зияткерлік қабілеттерін дамытуға себеп болады.

Жұмыс мақсаты: Мектеп жасына дейінгі балалардың ақыл-ойы мен логикалық ой-өрісін, зияткерлік қабілеттерін дамытудағы дамытушы ойындардың тиімділігін анықтау.

Міндеттері:

-Балалардың математикалық әрекетін әртүрлі дамытушы ойындар, жаттығулар арқылы дамытудың ерекшеліктерін теориялық тұрғыдан қарастыру;

-Балалардың зияткерлік қабілетін логикалық ойлауды дамытатын ойындар мен басқатырғыштарды қолданып балалардың ой-өрісін дамытудың әдіс-тәсілдерін анықтап, оны психологиялық-педагогикалық тұрғыда негіздеу.

Бүгінде Республикамыздың Оқу ағарту министрлігінің бағдарламасына сәйкес мектепке дейінгі білім беруді жаңа деңгейде ұйымдастыру өзекті мәселеге айналып, қолға алынып отыр. Осы өзекті мәселе - ол мектепке дейінгі ұйымдардан бастап, орта және жоғары мектептерде үздіксіз ұжымда тәрбиелей отырып, балалардың жеке тұлғасын қалыптастыру болып табылады.

Ойын адамның өмір танымының алғашқы қадамы. Ойын өмірде өте ерте жастан басталып, адамның кәсіпті толық меңергенінше жалғасады. Ал оқыту процесінде жаңа технологияның маңызды бөлігі болып табылады. Адамның ойын әрекеттерінің формалары мен әдістері және мазмұны қарапайым сылдырмақтар мен қозғалыстар жасаудан, бірте-бірте фантастикалық шындық деңгейіндегі видеокомпьютерлік ойынға дейін ауысады.

Математикалық ойын дегеніміз - тынысы кең, алысқа меңзейтін, ойдан-ойға жетелейтін, адамға қиял мен қанат бітіретін ғажайып нәрсе, ақыл-ой жетекшісі.

Педагогика саласында пайдаланатын ойындарды – дидактикалық, дамытушы ойындар баланың ынтасын сабаққа аударуға, көңіл қойғызуға, қабылдауын жеңілдетуге, білімді толық игеруге көмектеседі, сабаққа эмоциялық бояу береді. Баланың ақыл - ойының дамуы тек белгілі бір білім көлеміне емес, танымдық іс -әрекет амалдары мен тәсілдерін игерумен бірге еске сақтау, ойлау, елестету, танымдық шығармашылық қабілеттерінің дамуын тұтас қамтиды. Бала дамуы үшін есте сақтауы мен ойлау қабілетінің мәні өте зор. Жас баланың өмірді тануы, еңбекке қатынасы, психологиялық ерекшеліктері осы ойын үстінде қалыптасады. Л.С. Выготский пікірінше, ойын мектеп жасына дейінгі баланың жеке басының дамуына ықпал ететін жетекші, басты құбылыстың бірі деуге болады. Бала ойын арқылы өзінің күш-жігерін жаттықтырып, қоршаған орта мен құбылыстардың ақиқат сырын ұғынып үйрене бастайды. Ойын кезіндегі баланың психологиялық ерекшелігі мынада: олар ойнайды, эмоциялық әсері үшқындайды, белсенділігі артады, ерік қасиеті, қиял елестері мен таным үрдістері дамиды, мұның бәрі баланың шығарымпаздық қабілеті мен дарынын ұштайды.

Ойын үрдісі оқу-тәрбие үрдісінің құрамдас бөлігі ретінде жалпы мақсаттан бастау алып, ортақ белгілі бір талаптарға жүгінеді. Сондықтан да, балалардың зияткерлік қабілеттерін дамытудағы Үлгілік оқу бағдарламаның мақсатын орындау: мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен білім беру үшін қолайлы және қауіпсіз білім беру жағдайларын жасау, балалардың жас және жеке мүмкіндіктеріне сәйкес білім, білік және дағдыларды, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру, "Рухани жаңғыру" бағдарламасын іске асыру аясында ұлттық салт-дәстүрлерге және жалпы адамзаттық құндылықтарға негізделген патриотизм мен толеранттылыққа тәрбиелеу,

сондай-ақ балалардың мектепте оқуға әлеуметтік-психологиялық, тұлғалық, ерік, физикалық және зияткерлік дайындығын қалыптастыру болып табылады.

Мектеп жасына дейінгі балаға білім беруде педагогикалық-психологиялық ерекшелікті көрнекі-бейнелі оқытуды негізге алу қажет. Олай болса дидактикалық ойындар мен дамытушы ойындардың қарапайым математика ілімдерін үйретуде алатын орны зор. Жыл сайын материалдық техникалық базасы, әдістемелік құралдар молая түсуде.

Зерттеу нәтижелері: «Математикалық мазмұндағы дамытушы ойындардың балалардың зияткерлік қабілеттерін дамытудағы құндылығы» тақырыбы аясында жүргізілген зерттеу жұмысының эксперимент бөлімі Өскемен қаласының мектепке дейінгі мекеме «Азамат-AS» балабақша-бөбекжайының «Құлпынай» тобында жүргізілді. Математика ойындарға арналған құралдар мен көрнекіліктер тізімдемесін анықтап, оларды негізгі тақырыптарға сәйкес сұрыптау және безендіру жұмысы жүргізілді. Балалардың жас ерекшеліктерін ескеру арқылы дамытушы ойындар мен жаттығуларды талаптарға сәйкес және әдістемелік жағынан дұрыс ұйымдастырылуы қарастырылды.

Дамытушы ойындар мен жаттығуларды қолдану арқылы жүргізілген іс-әрекеттерде қойған міндеттеріміз:

- балалардың математикалық түсініктерін дамытуға ықпал ету;
- ойындар, тапсырмалар арқылы білім, білік, дағдыларын қалыптастыру;
- балалардың математикалық әрекеттерінің: санау, есептеу, салыстыру, жинақтау, реттеу, жетілуіне қарқынды ықпал ету;
- балалардың математикалық тілде сөйлеу қабілеттерін жетілдіру.

Сонымен, мектепке дейінгі білім беру технологиялары В.Воскобовичтің «Ғажайып орман», «Коврограф ларчик» дамытушы ойындары, Мария Монтессоридің аспалы модульдері мен дидактикалық құралдары, Фребельдің сандықшасы (комод), Кьюзенердің, Денъештің дамытушы ойындарымен, «Саналы ұрпақ» аймақтық компонент негізінде жасалған ойын кешені эксперимент барысында жүргізілді. Яғни, мектепке дейінгі ұйымда жүргізілген барлық ойындар балалардың математикалық әрекетін дамытуда дамытушы ойындардың маңызы мен мәнін анықтау болып табылды. Ересектер тобында жүргізілген эксперимент жұмысының нәтижесінде қарапайым математикалық түсініктер беріліп, нақтыланды, балалардың ақыл - ой белсенділігі дамыту жұмысы жүргізілді және математика сабағына деген қызығушылықтары артты. Қорытындылар: Қазіргі таңда, дамытушы ойындар балалардың логикалық ойлау және зияткерлік қабілеттерін дамытудағы құндылығы дәлелденеді. Бала зияткерлік ойын іс-әрекеті үстінде қандай да білімді игеріп жатқанын, ал оқу үрдісінің өзінде қалай ойынға ұласып кеткенін аңғармай қалуы тиіс. Сонда ғана ойын және іс-әрекеттері табиғи бірлікте болып, пәндік білім, білік және дағдыны игеруге толық ықпал жасайды.

Сонымен тәрбиеші мектепке дейінгі ұйымдарында математикалық білім беруде балалардың математикалық білімін белсендіруге дамытушылық ойындар, жаттығуларды пайдалану іс-әрекетін жүйелі ұйымдастырса, әртүрлі қызықты ресурстарды интерактивті құралдарда қолдану педагогикалық үрдістің тиімділігін арттырады, сондай-ақ олар баланың ақыл-ойының дамуына үлкен

ықпал ете отырып, балалардың ойлауына, есте сақтауына, зияткерлік қабілетін дамытуға себеп болады.

Әдебиет

1. Мұхаметжанова С.Т., Жартынова Ж.Ә. Интерактивті жабдықтармен жұмыс жасаудың әдіс-тәсілдері. Алматы, 2008 ж.
2. Сарбасова Қ. Инновациялық педагогикалық технологиялар. Алматы, 2006 ж.
3. Мүшелбаева А.А. Баланың ақыл-ойын дамыту жолдары //Отбасы және балабақша. - 2011. - №2.—5-6.
4. Б.П.Никитин «Ступеньки творчества или развивающие игры» Москва «Просвещение» 1988 г.
5. Б.Берібаев, Е.Балапанов «Жаңа ақпараттық технологиялар».— Алматы, 2001 ж.

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ ЖАН-ЖАҚТЫ ТӘРБИЕЛЕУДЕ ОТБАСЫМЕН БАЙЛАНЫСЫ

Қалибекова Аяна Ерболатқызы, 2 курс, Абай атындағы Шығыс Қазақстан гуманитарлық колледжі

Ғылыми жетекшісі: Тюлекпаева Самал Ергалиевна, педагогика және арнайы пәндер оқытушысы

Жұмыстың өзектілігі: «Ұрпақ қамы ертеңгі ел қамы» делінген. ХХІ ғасырда өмір сүріп еңбек ететін жастарды тәрбиелеуде қазақ халқының ғасырлар бойы жинақтап уақыт талабынан өткен бай қазынасын отбасы тәрбиесінде қолдану – кезек күттірмейтін мәселе екені даусыз.

Мәселе: Ежелден балажан қазақ халқы баланы «жүректің миуасы» болашағым деп қарайды, «көңілдің гүлі, көздің нұры»-деп түсінеді, отбасының басты қазығы, алтын тіреу дінгегі, адамгершіліктің айғағы -, деп санайды. Сондықтан да балаға зор үміт артып, арманын ұрпағына аманат қып тапсырған. Бала отбасында қарапайым білім, іскерлік, дағдыларды меңгеріп, ата-анасынан тәртіп, мінез-құлық ережелерін үйренеді деп көрсетті. Сонымен бірге, қазақ халқында отбасы тәрбиесіне, ұрпағының жан-жақты болып өсуіне айрықша мән берілген. Баланы қайратты, қайырымды, ақылды, өнерлі, әділ адам етіп тәрбиелеу - әр уақытта қазақ отбасындағы басты мәселенің бірі болып табылған.

Жұмыстың мақсаты: Мектеп жасына дейінгі балалардың жан –жақты дамуында отбасы тәрбиесінің маңыздылығын анықтау, дәлелдеу.

Жұмыстың міндеті: Отбасы туралы жалпы түсініктерін қалыптастыру;

Отбасының бала тәрбиесіндегі рөлін анықтау;

Отбасындағы баланың қарым - қатынас мәселесін қарастыру;

Отбасында бала тәрбиесін ұйымдастыру жолдарын қарау;

Мектепке дейінгі мекеменің отбасымен жұмысының формалары мен мазмұнын қарау.

Тәрбие бұл – адамгершілік нормаларды меңгерту және тәртіп пен мінез-құлық тәжірибесін, өзіндік көзқарасын қалыптастыруда екі жақты әсер ететін үрдіс.

Тәрбиенің негізгі мақсаты- дені сау, ұлттық сана сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, ар-ождан мол, еңбекқор, іскер, бойында басқадағи қасиеттер қалыптасқан ұрпақ тәрбиелеу.

Отбасы бүкіл ғасырлар бойы адам баласы тәрбиесінің құралы болып келеді. Сондықтан ол адам үшін ең үлкен мәнге ие орта. Отбасы белгілі дәстүрлердің, жағымды өнегелердің, мұралардың сақтаушысы. Онда бала алғашқы рет өмір жолымен танысады, моральдық нормаларды игереді. Сондықтан отбасылық өмір жеке адамның азамат болып өсуінің негізі.

Отбасы тәрбиесі-бұл қоғамдық тәрбиенің бір бөлігі, мемлекет алдындағы ата-аналардың борышы. Оған дәлел: балалар мекемелері жөнінде халықтың қажеттілігін толық қанағаттандыру, балалардың еңбек, спорт лагерлерінің, ғылыми-техникалық және көркемдік шығармашылық үйірмелерінің жүйесін кеңейту; ананы, балалық шақты қорғауға ерекше көңіл бөлу;

Отбасында басты мәселелердің бірі – баланың тіршілік әрекетін ұйымдастыру. Бұған баланың күн ырғағы, міндеттері, қойылатын талаптар, оның үй еңбегіне қатысуы, оқу – әрекеті бос уақытын ұйымдастыру жатады. Отбасы, барлық уақытта да, өсіп келе жатқан ұрпақтың тәрбиесі мәселелерін шешуде үлкен мүмкіндіктерге ие болған. Қазіргі заманғы отбасының өсіп келе жатқан ұрпақтың тәрбиесі мәселелерін шешудегі ерекшелігі – ата-ананың білім және жалпы мәдени деңгейінің жоғары болуы. Балалардың отбасындағы тәрбиесі оның белгілі бір тұрақты әлеуметтік институт ретінде анықталады. Ол отбасы мүшелері арасындағы өзара қатынастардың қалыптасуы мен дамуына септігін тигізетін адамдардың жақындығы, туыстық қатынастар, тұрмыстық өмір. Отбасы тәрбиесінің артықшылығы да осы қатынастарда, оны тәрбиенің ешқандай да түрі алмастыра алмайды.

Бала үшін отбасы – ең алғашқы, аса белсенді тұлғалық қалыптасу көзі. Ұлы педагог А.С Макаренко отбасындағы тәрбие сапалы түрде ұйымдастырылып, дұрыс әдіспен және жас нәресте дүниеге келген күннен бастап, оның өміріне қамқорлық жасап, болашағын жоспарлайды және саналы азамат болып өсуі үшін қажетті жағдай жасайды. Бала дамуының қандай қырын алмайық, қай кезең болмасын, оның тиімді болуында отбасының рөлі ерекше. Отбасының әлеуметтік-мәдени жағдайы ата-аналарының білімділік деңгейімен сипатталады.

Ата-ана осы мақсаттарға жету үшін мынадай міндеттерді шешеді: баланың гигиеналық жағдайына, денсаулығына ықпал жасау, дұрыс өсіп-жетілуін қалыптастыру, жасы үлкендерді сыйлау, кішіге қамқор болу, адамгершілік қасиеттерді бойына сіңіру, тұрмыста, үй шаруасында еңбекке араластыру, өзіне-өзі қызмет етуге тәрбиелеу. Халқымыздың «Баланды бес жасқа дейін патшадай сыйла, бес жастан он бес жасқа дейін құлындай жұмса, одан әрі ақылшы дос сана» деген даналық қағидасының философиялық мәні тереңде жатыр. Яғни, «Тәртіп болса бала өседі, қатаң ұста бос жүрмесін сандалып», - деп Жүсіп Баласағұн айтқандай, баланың тілі шыға бастасымен оны шектен тыс еркелетпей, байсалды, ұғымтал, тілалғыш етіп баулыған дұрыс деп санаймын. Баланың өзі бастаған істі міндетті түрде оның өзіне аяқтату

керек. Бұдан ол қиыншылыққа төзімді, шыдамды болып өседі. Жалпы, тәрбие - бұл терең мағыналы ұғым. Оның басты мақсаты - адамның санасын және ойлау жүйесін тәртіпке келтір деген сөз.

Енді осы тәрбиеге уақыт бөліне ме? Тәрбие өзіне белгілі бір уақыт бөліп, сол мезетте ғана онымен айналысуды қажетсінбейді. Ол ата-анасының күні бойғы жүріс-тұрысының, мейірім-шапағатының қалай көрсетіліп жатқанының бәрі тәрбие. Ата-ана арасындағы сыйластық, ақ ниеттілік балаға жақсы әсер ететіні сияқты, отбасындағы дау-жанжал, жалған көріністер, дөрекі, ұят сөздер бала сезіміне дақ салмай кетпейді. Осындай көрініс бала психикасына кері әсер етеді. Ондай балалар өсе келе тез ашуланшақ, ұмытшақ, ызақор болып өседі. Баланың қабылдағыш қасиетін елемейді. Мысалы, телефон шырылдаса, баласын жұмсап, «Мені үйде жоқ дей сал», - деп балаға өтірік айтқызады. Осылай өтірік айтқан бала бірте-бірте өзі де өзгелерді алдауға үйренеді. Осы айтылғандардың бәрі бала тәрбиесі үшін үлкен маңызы бар. Демек, бала тәрбиесі жас шыбық тәрізді, қалай исең солай қарай иіледі. Бала - нәзік, ал бала тәрбиесі - одан да нәзік екенін ұмытпайық.

Зерттеу нәтижелері: Зерттеу жұмыстары отбасымен ынтымақтаса отырып бала тәрбиесінде оң нәтижелерге жету жолында бағыт-бағдар беру, ата-аналарды олардың құзіреттіліктерінің қалыптасуы мен жүзеге асырылуы, оны баланың жас ерекшелігіне қарай қолдану, баламен қалай қарым-қатынас жасау жөнінде арнайы мамандандырылған кеңестермен қамтамасыз ету. Зерттеу жұмысы №1 «Балапан» балабақша-бөбекжайында жүргізілді. Ересектер тобынан 25 баланың ата-аналары қатысты. Зерттеу барысында

- әр баланың отбасымен серіктестік қарым-қатынас орнату;
- баланы дамыту мен тәрбиелеу барысында күш біріктіру;
- ортақ қызығушылықтар мен туындаған қиыншылықтарда бірлесіп шешім қабылдау, бір-бірін қолдау;
- ата-аналардың тәрбиешілік шеберлігін, білімдерін ынталандыру мен байыту, өзіндік педагогикалық мүмкіндіктеріне сенімін арттыру;
- балаларды жақындарына сыйластық сезімімен қарауға тәрбиелеу.
- ата-аналардың бала тәрбиесіндегі оң көзқарастары мен дұрыс бағдарын және баланың ата-анасына, жақындарына мейірімі мен сыйластығын қалыптастыру.

Олай болса, мектеп жасына дейінгі балаларды жан-жақты тәрбиелеуде балабақша мен отбасы арасындағы сабақтастықтың маңыздылығын нығайту.

Қорытындылар: Мектеп жасына дейінгі балаларды жан-жақты тәрбиелеу жүйесін жетілдіруге сәйкес төмендегідей ұсыныстар әзірленді:

- мектепке дейінгі мекемелерде жағымды психологиялық ахуал туындатуға жағдайлар жасау;
- мектепке дейінгі мекемелерде әртүрлі іс-шараларды және ата-аналармен жұмысты ұйымдастыруға арналған әдістемелік еңбектер дайындау;
- Мектеп жасына дейінгі балаларды жан-жақты тәрбиелеуде отбасымен байланысына бағытталған инновациялық технологияларды қолдануға баса назар аудару.

1. Ф.Н.Жұмабекова.«Мектепке дейінгі педагогика».Астана «Фолиант». 2008 ж.
- 2.С.Қалиев, Ж.Молдабеков, Б.Иманбекова. «Этнопедагогика». Фолиант. 2007ж.
- 3.Ұзақбаева С.А. «Тамыры тереңтәрбие». Алматы. Білім. 1995ж.
- 4.Ұзақбаева С.А. «Балаларға эстетикалық тәрбие берудегі халық дәстүрі». Алматы. 1990.
- 5.Жарықбаев Қ. «Қазақтәлім -тәрбиесі». Алматы. Санат.1994.
- 6.Мухина В.С. «Алты жастағылар мектепте». Апматы. Мектеп. 1989.
- 7.Мухина В.С. «Мектеп жасына дейінгі балалар психологиясы». Алматы. Мектеп.1986.
- 8.Әбиев Ж, Құдиярова А. «Педагогика». Алматы. Дарын. 2004.
- 9.Савенков А.И. «Методика проведения учебных исследований в детском саду». Самара. 2004г

КӨРКЕМ ӨНЕР АРҚЫЛЫ СТУДЕНТТЕРДІҢ АРАСЫНДА АДАМГЕРШІЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Әділбекова Жасмин Бақытбекқызы - «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту»
мамандығының 1 курс студенті

Кусаинова Асем Мейрамхановна-Педагогика ғылымдарының магистрі, арнайы
пәндер оқытушысы

Абай атындағы Шығыс Қазақстан гуманитарлық колледжі, Өскемен қаласы,
Қазақстан

Зерттеу жұмысының өзектілігі: Бүгінгі таңда ХХІ ғасыр табалдырығын еркін аттаған азат ұрпаққа тәлім-тәрбие мен адамгершілік құндылықтарға тәрбиелеуде білім берудің айқын жолдарын жетілдірудегі басым бағыттарын айқындауда, ұлттық санамен адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру көкейтесті мәселелердің бірі болып отыр.

Сондықтан келешек ұрпақты ұлттық, халықтық тұрғыдан тәрбиелеу қажет. Жас ұрпаққа ұлттық тәрбие берудің негізгі бағдарлы идеялары еліміздің тұңғыш президенті Ел басымыз Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ" атты Жолдауында: “Толық өркениетті ел болу үшін алдымен өз мәдениетімізді, өз тарихымызды бойымызға сіңіріп, содан кейін өзге дүниені игеруге ұмтылғанымыз жөн”, — деген талапты білдіреді. Олай болса, басты мақсат — жас ұрпақты ұлттық игіліктер мен адамзаттық құндылықтар, рухани-мәдени мұралар сабақтастығын сақтай отырып, тәрбиелеу керектігі күн өткен сайын маңызды болып отыр.

Қазақ халқының ғасырлар тұңғығынан бері біте қайнасып келе жатқан ұрпақ тәрбиелеудегі тәжірибелері бізге сол рухани мәдениет, этикалық, эстетикалық құндылықтарын кұрайтын ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүрлер, әдеби, музыкалық, кәсіби, тұрмыстық фольклорлар мазмұны арқылы жетіп отыр. Сонымен бірге ұрпақ тәрбиесіне, жалпы халықтың рухани дамуына байланысты тәлім-тәрбиелік ой-пікірлерді: Қорқыт Ата, әл-Фараби, Қожа Ахмет Яссауи, Мұхамед Хайдар Дулати, Жүсіп Баласағұн, Махмұд Қашқари, Асанқайғы, Шәкәрім және т.б., қазақ ақын-жырауларының мұраларынан, билер мен шешендердің тәлімдік сөздерінен көреміз.

Бүгінгі күні білім беру мақсаттарының жиынтығы негізгі құзыреттіліктерді қалыптастыруды көздейді, оның негіздеріне көпмәдениетті қоғамда өмір сүруге қабілеттілік, білімді іс-тәжірибенің қажеттіліктерімен байланыстыру икемділігі, өмірлік жағдаятты бағалай алу, проблеманың шешу жолдарын табу және т.б. Бұл мақсатты білім беруді ұйымдастыруға құзыреттілік тұрғыдан келу арқылы жүзеге асыруға болады.

Сондықтан қатардағы пендені нағыз толық қанды білікті, білімді маман иесіне айналдыру үшін ұлттық құндылықтар арқылы тәрбие берудің маңызы зор болатынын қарастырдым. Осы аталған мәселенің шешімін іздестіруге, зерттеуге, айқындауға байланысты тақырыпты: «Көркем өнер арқылы студенттердің арасында адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру» деп таңдауыма себеп болды.

Осыдан **зерттеу мәселесі** туындайды: студенттерді халық өнері арқылы рухани-адамгершілік құндылықтарға бағыттаудың педагогикалық шарттары қандай?

Зерттеудің мақсаты: студенттерді халық өнері құралдарымен рухани-адамгершілік құндылықтарға бағыттаудың педагогикалық шарттарын анықтау, жүйелеу, теориялық және эксперименталды негіздеу.

Ұсынылған мәселені тексеру бірқатар өзара байланысты **міндеттерді** шешуді талап етті:

1. студенттердің рухани-адамгершілік құндылықтарының аса маңызды сипаттамаларын теориялық негіздеу және жүйелеу;

2. студенттердің рухани-адамгершілік құндылықтарын дамытудағы халықтық өнердің тәрбиелік әлеуетін анықтау;

3. оқыту мен тәрбиелеудің дәстүрлі және эксперименттік жағдайларында студенттердің рухани-адамгершілік құндылықтарының маңыздылығына рейтингін орнату;

4. тиімділікті жүйелеу және эксперименталды тексеру анықталған педагогикалық жағдайлар кешенінің белсенді студенттерді рухани-адамгершілік құндылықтарға бағыттау процесін жүзеге асыруда халық өнерінің құралдарын пайдалану.

Бүгінгі таңда білім алушыларға әлемдік деңгейде өркениетті негізде білім мен тәрбие беру, ұлттық құндылықтарды олардың бойына сіңіру – оқытушы алдындағы үлкен міндет. Адамзат тарихында құндылықтар қалыптасуының негізі ерте заманнан-ақ ойшылдар мен ғұламалардың назарында болды. Олардың тәрбиелік негіздері атадан балаға ұрпақтан-ұрпаққа ізгі қасиеттер мен сезім ниеттерден тұрады. Ұлттық құндылық белгілі бір бағытты, мақсатты, жүйелі ұлттық көзқарасты, мінез-құлықтағы адамдық тәртіп пен рухани дағдыны қалыптастыратын жүйе. Халықта «Балаңды өз тәрбиенмен тәрбиелеме, өз ұлтыңның тәрбиесімен тәрбиеле» деген мақал бар. Жас ұрпаққа тәрбие мен білім беру саласында халықтық педагогиканы енгізе отырып, қазақ халқының салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, мінез-құлық мәдениетін меңгеруде оқушылардың бойына ұлттық имандылық, адамгершілік, сыпайылық қасиеттерін қалыптастыру.

Балабақшадан бастап, орта және жоғары мектептерде үздіксіз ұжымда тәрбиелей отырып, балалардың жеке басын және ақыл-ой белсенділігін қалыптастыра алатын болашақ ұстаздарды даярлау өзекті мәселелердің бірі.

Халқымыздың ұрпақтан-ұрпаққа сақталып жетіп отырған даналықтары арқылы, ата-бабаларымыздың, даналарымыздың, ақын-жырауларымыздың ақыл-өсиеттері, ауыз әдебиеті үлгілерінде сақталған және халықтың ежелден келе жатқан салт-санасындағы, әдет-ғұрпындағы дәстүрлік тарих тағылымдарын өмірге үйлесімді пайдалану – ұл мен қызға берілетін тәлімді жетілдірудің тиімді жолы болуымен қатар, олардың бойына жоғарыда аталған инабаттылықты, мейірімділікті, бір-бірін сыйлау, құрметтеу, адамдық қасиеттерді дарытуға игі ықпал ететін және оның өмірге тез сіңіп, болашақ отбасының тұрақтанып, бала тәрбиесінің жақсарып, адамдар арасындағы қарым-қатынас жарасымын көркейтіп, жауапкершілікті өркендетуге ықпал етеді. Мұның нәтижесі түрлі кінәраттарға тосқауыл жасап, дерекіліктер мен қатыгездіктен тиылуға және әдептіліктің бойға даруына ынталандыратын тиімді тәсіл болмақ.

Ата-бабаларымыздың көптеген салт-дәстүрлері қазіргі заманғы балаларды рухты, яғни халықтың табиғи интеллектісін сақтау үшін тәрбиелеуі тиіс. Көптеген дәстүрлердің жүрегінде табиғатпен үйлесім және әлеуметтік қауымдастық шеңберінде адамдармен бір-бірімен ажырағысыз қарым-қатынас идеясы бар.

Зерттеу нәтижелері студенттердің психологиялық-педагогикалық дайындығы бойынша бірқатар ұсыныстарды ұсынуға мүмкіндік береді:

- Біз әзірлеген психологиялық-педагогикалық дайындықтың құрылымдық-мазмұндық моделі негізінде «Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту» мамандығының болашақ тәрбиешілерін даярлауды жүзеге асыру;

- «Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту» мамандығы бойынша оқитын студенттердің дайындық тиімділігін бағалау мақсатында болашақ тәрбиешілердің рухани-адамгершілік дамуына психологиялық-педагогикалық дайындығын өлшеу әдістемесін практикада қолдану.

Қорытындылай келе, студенттерінің рухани-адамгершілік дамуына психологиялық-педагогикалық дайындығын жетілдіру мүмкіндігі жүзеге асырылады, егер болашақ мамандардың кәсіби даярлау үдерісіне құрылымдық-мазмұнды модель және кешенді бағдарлама енгізілетін болса, онда болашақ педагогтардың рухани-адамгершілік дамуына психологиялық-педагогикалық дайындығы тұлғаның интегративті қасиеті ретінде тиімді қалыптасатын болады, өйткені оқытудың практикалық-бағдарлы сипаты, оқу іс-әрекетінің белсенді нысандары мен әдістері іске асырылады. Осыған байланысты, егер даярлаудың көп компонентті процесін кезең-кезеңмен жүзеге асырса, болашақ мұғалімдердің рухани-адамгершілік дамуына психологиялық-педагогикалық дайындық үдерісі тиімді болатынын атап өту керек. Ұсынылған мәселені дәлелдеу үшін біз философиялық, социологиялық, психологиялық, педагогикалық теориялардағы мәселенің жағдайын зерттедік, соның негізінде зерттеудің ғылыми-терминологиялық аппараты анықталған.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасында этномәдени білім беру концепциясы, 1996ж.
2. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы .
3. «ҚР 2011-2022 жылдарға арналған білім бағдарламасы»
4. Ж.О.Артыкбаев. «Этнология және этнография». Астана,2001ж.
5. С.Қасиманов. Қазақ халқының қолөнері. Алматы. "Қазақстан", 1995.
6. Профессиональная педагогика /под ред. С.Я. Батышева. – М.: Профессиональное образование, 1999. – 904 с.
7. Басенов Т.К. Прикладное искусство Казахстана.-Алма – ата,1951.-269 с.

ПРОБЛЕМЫ "ОТЦОВ И ДЕТЕЙ" В СОВРЕМЕННОМ ОБЩЕСТВЕ

Гусева Анастасия, студентка 1 курса, КГКП «Сарыкольский колледж агробизнеса и права»

Научный руководитель: Воробкало Ирина Александровна, преподаватель русского языка и литературы

Актуальность темы заключается в том, что проблема «отцов и детей» не теряет своей важности, злободневности и в 21 веке. Общение между старшим поколением и поколением детей необходимо и неизбежно.

Проблема «отцов и детей» - это извечная проблема, возникающая между людьми разных поколений. Она возникает практически во всех формах организации человеческой жизни: в семье, в коллективе, в обществе.

Целью данной работы является определение причин, которые приводят к возникновению проблем между старшим поколением и подростком в современном обществе.

Задачи:

- изучить литературу по данной теме и выяснить основные причины недопонимания между родителями и детьми;
- исследовать взаимоотношения между родителями и детьми на основе литературных произведений и социологического опроса;
- сформулировать рекомендации для преодоления проблем между родителями и детьми.

Все мы живем на одной планете и, как мы часто говорим, составляем одну большую дружную семью. Все мы — дети разных эпох. Каждый человек имеет свой взгляд на вещи. У людей одного времени взгляды в чем-то схожи, чего обычно нельзя сказать о взглядах представителей разных поколений. Поэтому неизбежно столкновение различных точек зрения.

Тема проблемы «отцов и детей» актуальна и по сей день. Во многих семьях всего мира встречается данная проблема. Однако в разные периоды развития человеческой истории она проявлялась с различной степенью остроты. Например, во время существования традиционного и индустриального типов общества, молодые люди, как правило, не могли беспрепятственно выражать свои мысли и поступать в какой-либо ситуации, как считают нужным. При переходе в постиндустриальное общество меняются и внутрисемейные отношения. В настоящее время конфликты между двумя поколениями случаются намного чаще.

Такая проблема возникает, потому что все поколения живут в свое время и у каждого есть своя система принципов и ценностей, очень важная для него, и эту систему каждое поколение готово отстаивать. Взгляды на жизнь старшего поколения когда-то считались основой человеческого бытия. Достаточно часто дети, перенимая жизненный опыт своей семьи, в то же время стремятся освободиться от давления взрослых, отринуть все, что было до них, думая, что свою жизнь они устроят по-другому.

Мелкие и крупные конфликты, ссоры подростков с взрослыми – постоянные источники напряжения, стресса – и для тех, и для других. В семье накапливается напряжение, оно усиливается, раскручивается, Выход становится найти все труднее и труднее. А это значит, что и родители, и подростки постоянно напряжены, делают много ошибок, постоянно срываются. Возникает стресс детско-родительских отношений и как следствие его – болезни, нарушения. Перечислим главные пусковые механизмы этого стресса. Во-первых, борьба, в процессе которой должно выясниться, кто же все-таки из нас главный и с чьими мнениями и вкусами все же надо считаться в первую очередь. Другими словами, – борьба самолюбий, борьба за самоутверждение, власть. Во-вторых, вечный вопрос о том, кто должен кому навстречу идти и кто с кем считаться – дети с родителями или с родителями с детьми. И наконец, в-третьих – взаимные обвинения и упреки.

Во второй половине 18 века в европейской литературе появляется особый интерес к жанру воспитательного романа. В 19 веке, как и в Европе, так и в России интерес этот не ослабел, а наоборот, проблема семьи, взаимоотношений взрослых и детей, становится излюбленной темой многих писателей, она как бы рвется из круга повседневности и становится центральной в произведениях Гете, Диккенса, Гюго, Пушкина, Бальзака.

Все авторы подходят по-разному к проблеме «отцов и детей». Данная проблема существует практически во всех произведениях: в одних она представлена более ярко, в других появляется лишь намеками для более полного раскрытия образа героя. Трудно сказать, кто первый поднял проблему отцов и детей. Она настолько жизненна, что, кажется, существовала всегда на страницах литературных произведений.

Эта тема нашла свое отражение во многих произведениях русской классической литературы: в комедиях «Недоросль» Фонвизина и «Горе от ума» Грибоедова, в повести «Станционный смотритель» и маленькой трагедии Пушкина «Скупой рыцарь», в романе «Отцы и дети» Тургенева.

Во все времена люди пытались решить проблему сложных взаимоотношений между родителями и детьми, но это оказалось непросто. Каждое поколение имеет свои взгляды на жизнь и очень часто эти взгляды не совпадают. Именно это и является основной причиной отсутствия понимания между старшими и младшими.

Результаты исследования показали, что литературу продолжает волновать вопрос о взаимоотношениях «отцов и детей». Сравнивая данные опроса и анализируя то, что раскрыли перед нами писатели в классической и современной литературе, можно увидеть, что в классике проблемы были более

нравственными, мысли более глубокими. Но, безусловно, результаты схожи в том, что дети не хотят понимать родителей, а родители не хотят понимать детей.

По выявлению этих проблем можно родителям и их детям дать рекомендации, чтобы в их семье был всегда благоприятный климат.

Рекомендации подросткам:

- серьезно относись к тем правилам, которые устанавливают родители. Они самые главные люди в твоей жизни;
- если какие-то действия родителей (или других взрослых) тебя задевают или обижают, то говори об этом. Но важно делать это не доказывая, что они не правы, а рассказывая, что ты чувствуешь, когда они так поступают;
- своим словами и делами показывай, что относишься к старшим с уважением;
- допустите, что действия родителей имеют изначально на самом деле позитивные намерения;
- проявляйте себя как взрослый, ответственный человек;
- попытайтесь понять близких людей, проявляй заботу и тепло;
- умей уступать;
- признавай собственные ошибки;
- в конфликтной ситуации попробуй мысленно поменяться с родителями местами, и тогда, возможно, точка зрения родителей станет тебе понятнее.

Рекомендации родителям:

- не навязывайте подростку свою точку зрения;
- поддерживайте все его начинания;
- не обращайтесь с подростком, как с маленьким;
- никогда не оскорбляйте подростка, всегда прислушивайтесь к его мнению;
- забудьте о физических наказаниях как о мере воздействия на трудного подростка;
- не следует видеть в самостоятельности ребёнка угрозу его лишиться, помните, что ребёнку нужна не столько самостоятельность, сколько право на неё;
- чтобы ребёнок выполнил то, что вам нужно, постарайтесь сделать так, чтобы он сам этого захотел;
- не злоупотребляйте опекой и контролем, не перегружайте его;
- одни дети учатся лучше, другие – хуже, не отказывайтесь от своего ребенка, любите его таким, каким он есть;
- попробуйте понять своего ребенка, подростки часто уверены в том, что их понимают и на эмоциях принимают поспешные решения, поставьте себя на место своего ребенка, и у вас на многое откроются глаза.

Проблема отцов и детей многолика и многогранна. Она обусловлена самой жизнью. Здесь нельзя однозначно утверждать кто прав, а кто виноват. Ах, если б молодость знала, если б старость могла...

Таким образом, из всего вышесказанного можно сделать вывод о том, что проблема «отцов и детей» всегда рождала не только массу споров и противоречий, но и множество способов ее решения. Тема внутрисемейных отношений была, остается и будет актуальной во все времена.

Литература:

1. Аверин В.А. Психология детей и подростков: уч. пособие – 2-е издание, перераб. –Спб: изд-во Михайлова в.А., 1998. – 379с.
2. Лисовский, В. Т. «Отцы» и «дети»: за диалог в отношениях (размышление социолога о преемственности поколений). // Социологические исследования. — 2002. — № 7.
3. Психология подростка. Полное руководство. Под ред. А.А.Реана – СПб.: прайм-ЕВРОЗНАК, 2003. – 432 с.
4. Тарасенко, Д.Н., Лекаца, А.Н. Проблема «отцов» и «детей» в современном обществе // Международный журнал экспериментального образования. – 2015. – № 11-6. – С. 962-963.
5. Учителям и родителям о психологии подростка./ Сост. Г.Г Аракелов и др. М., Высш. шк., 1990. - 304
6. Фельдштейн Д. И. «Психологические аспекты изучения современного подростка». Вопросы психологии, 1985, № 1. – с. 34-43

БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ПӘНАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫС

Мұқанова Жанерке Тоқтарбекқызы, 3 курс студенті Абай атындағы Шығыс
Қазақстан гуманитарлық колледжі.

Ғылыми жетекшісі: Омарова Назым Жумабековна, педагогика және психология
ғылымдарының магистрі, арнайы пәндер оқытушысы

Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті - ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау; оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» - деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттері көзделген. Аталған міндеттерді шешу барысында жүйелі білім беру мен мықты тәрбиенің іргетасын бастауыш мектеп қабырғасында жақсылап қалауымыз шарт. Әрине, бұл мұғалімнің біліктілігі мен шеберлігіне тікелей қатысты.

Қазіргі таңда білім беру жүйесі барлық пәндерді өзара байланыстыра, кіріктіре, сабақтастыра отырып оқыту арқылы білім беріп, оқушыларды шығармашылық іс-әрекетке үйрету, жеке бас дербестігін дамыту, бойларына жауапкершілік, орнықтылық қалыптастыру мәселелерін шешу мақсатын көздеп отыр. Пәнаралық байланыс педагогика ғылымының басты мәселесі болуымен бірге қазіргі заманғы ғылымдардың интеграциялану тенденциясы жағдайында мектептер жүйесінің білім мазмұнын айқындаудың басты шарты болып саналады. А. Бейсенбаева «Пәнаралық іскерліктің ұғымын былай тұжырымдайды: «Пәнаралық іскерлік оқушылардың бір пәннен меңгерген білім, іскерлік, ептілік, дағдыларын, екінші пәндерді меңгеруде пайдалана, қолдана білу қабілетін анықтайды. Бұл пәнаралық іскерлік бастауыш сынып оқушыларында орта, ал жоғарғы сынып оқушыларымен салыстырғанда өзінше қалыптасып дамиды [1].

Пәнаралық байланыста экологиялық білім беруді ұйымдастыру, жеке пәндер мазмұнының, мәтіннің бір-бірімен өзара жымдасуын қамтамасыз ететіндей белгілі бір жүйелілікті керек етеді және алды практика жүзінде іске асуда. Білім беру коллаборациясы арқылы оқушылардың танымдық қызығушылығымен қатар мазмұндық, іс-әрекеттік, ұйымдастырушылық – әдістемелік, практикалық өндірістік т.б. қызметтерде жан – жақты белсенділік көрсетуі күшейеді. Пәнаралық байланыс ең алдымен оқушылардың сабаққа қызығушылығын арттырудың себебіне айналады. Оқушылардың іс - әрекетке танымдық, кәсіптік дербестігін пәнаралық байланыстар негізінде дамыту жеке тұлғаның дүниетанымдық, құндылық бағдарын қалыптастырумен өзара тығыз байланыста өтеді. Пәнаралық байланыстың алдына қоятын мақсаты сан алуан. Бірі пәнаралық байланыс бойынша білімнің теориялық негізін күшейтуді көздесе, екіншісі, пәнаралық байланыс арқылы оқушылардың дүниетанымын қалыптастыруды, үшіншісі осы мәселе негізінде оқушылардың практикалық дағдылары мен шеберліктерін дамытуды тағы басқа сол сияқты түрлі-түрлі мақсаттарды көздейді [2].

Математика сабақтарында өлеңдерді пайдалану сабақты жандандырады, оны қызықты қылады және балалар өлеңдерді тыңдай отырып білінбей, оқу процесіне қосылып жаңа білімдер алады.

Мысалы:

1. Түйе, бота мен басқан,
Төрт аяғын таң басқан.
Шұнақ құлақ бес ешкі,
Төрт козылы екі кой,
Бәрін бірге ойлап кой.

(Он жеті)

Бастауыш сынып оқушыларымен өтілетін математика сабақтарында өлеңдерді үнемі пайдалана отырып, оларды ауызша есепке жаттығуына, логикалық ой жүйелерін жетілдіре түсінуіне толық мүмкіншіліктер бар. Олардың қатарына халықтың байырғы ауызша есептерін, халық ойындарын жатқызуға болады.

Пәнаралық байланыстарды іске асырудың бірден-бір жолы есептерді оқушылардың өмірімен практикалық қызметтерімен байланыстыру. Мұнда пәнаралық мазмұнды есептерді шығару жатады. Бұл табиғаттану мен өлкетанудағы кейбір мағлұматтарды пайдалану арқылы жүзеге асырылады. Балалар Жер өзінің осын және Күнді айналатыны жөнінде, тәулік және жыл ұғымдары мен танысқанда біледі. Жер осын бір айналғанда бір жыл өтетіні жөнінде айтылады. Оған байланысты оқушылар мынандай есептерді шығарады:

Жер күнді айналғанда секундына 30 километр өтеді, тәулігіне жер қанша қашықтық өтеді? Айына ше? Жылына ше?

Найзағайдан он секундтан кейін күн күркірегені естіледі. Егер дыбыстың ауадағы жылдамдығы 30 км/с тең болса, онда бақылаушыдан қандай қашықтықта найзағай болады?

Айтып өткендей, экология мәселесін қарастырып көрейік. Экология қашанда өзекті мәселе болғандықтан, ерте бастауыш мектеп қабырғасынан

бастап оқушыларға жан-жақты оның маңызын түсіндіргеніміз жөн. Бүгінгі күнге дейін бұл экология тақырыбы тек жаратылыстану мен дүниетану пәндері бойынша ғана өтіліп келген болса, бүгінгі таңда гуманитарлы, яғни, тіл сабақтарында да, математика сабақтарында да қарастырылуда. Мысалы, жаратылыстану пәні бағдарламасында жалпы ауа мен су тарауы бойынша «Ауа қалай қозғалады?», «Желдің пайдасы мен зияны», «Ауаның маңызы, ауаның ластануы», «Табиғаттағы су айналымы», «Судың ластануы» тәрізді тақырыптар жоспарланса, дүниетану пәні бағдарламасында қоршаған орта тарауында адам өміріне климаттың әсері, сондай-ақ қоршаған ортаға қамқорлық көрсету тақырыбы қарастырылған. Экология тақырыбы жаратылыстану және дүниетану пәндеріне жақын болғандықтан, бұл жағдайда тақырып мазмұнын түсіну қиынға соқпайды [3].

Математика пәні бойынша талдау жасасақ, жоғарыда айтылған пәндер жоспары бойынша экология тақырыбын тереңнен қарастыра қоймайды. Тек берілген есептерді ауа массасы, ауа көлемі, су айналымының көлемі, газ мөлшері т.б. экологияға қатысты ойлардың статистикасына сүйеніп және сандық ақпараттар бере отырып шығарады. Мысалы: 1 га орман ағаштары жылына 28 тонна оттегі бөліп шығарады. Ал, бір жылда 12 млн.га орман ағаштары кесілсе, қанша оттегі жоғалады.

Ал, тіл сабақтарына келетін болсақ, әрине экология жағдайының адам өміріне пайдасы мен зияны туралы ақпараттар публицистикалық стиль бағытында, әңгімелеу тұрғысынан түсіндіріледі. Сонымен қатар, әдебиет сабақтарында табиғат, қоршаған орта туралы және оның зардаптарына қатысты, жай-күйі жайлы өлеңдер мен әдеби шығармалар мазмұны қарастырылған. Мысал келтіріп өтсем, Қазақстанның халық жазушысы Әбдіжамал Нұрпейісовтың «Парыз» атты дилогиясында көне Арал аймағының экологиялық зардаптары, оның осыған келу жолын тамыршыдай тап басып, көркем прозада кең ауқымды көрсетілген. Сонымен қатар, басқа да әдеби жазушылардың экология тұрғысында жазылған шығармалары жетерлік. Міне, осы айтылған, келтірілген мысалдар, ортақ тақырыптар білім беру коллаборациясын құрайды [4].

Білім беру коллаборациясы арқылы оқушылардың танымдық қызығушылығымен қатар мазмұндық, іс-әрекеттік, ұйымдастырушылық – әдістемелік, практикалық өндірістік т.б. қызметтерде жан – жақты белсенділік көрсетуі күшейеді. Сонымен қатар, пәнаралық байланыс арқылы оқушылардың оқу-танымдық қызметі мен оқытушының оқыту қызметінің өзара байланысын күшейту мәселесі де қарастырылуы мүмкін.

Қорытындылай келгенде, пәнаралық байланыс алған білімге сын көзбен қарау, іздену, оның ақиқатын дәлелдеу, яғни, білімді саналы түрде алу. Пәнаралық байланыстың тиімділігі – оқушының құзыреттілігін арттыру болып табылады. Сонымен қатар:

1. Жеке тұлғаның жетілуіне, дамуына бағытталуға;
2. Мұғалім мен оқушылар арасында ізгілікті қарым-қатынас орнауына;
3. Оқушының өздігінен жан-жақты білім алуына жағдай жасауға;
4. Білімді сапалы түрде алу;

5. Оқушыны ойын ашық айта алуға, пікір айтуға, алмасуға үйренуге;
6. Бірін –бірі сыйлауға;
7. Мәселенің ең негізгі түйінін табуға дағдылануға;
8. Оқушының шығармашылық белсенділігінің артуына өз септігін тигізеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Б.М. Бим-Бад. Психологическая атмосфера урока.
2. Артамонова Е. Компетентностный подход к формированию педагога в условиях модернизации образования // Воспитание школьника. - 2008. - №1.
3. Байхонова С. 3. Управление качеством образования на основе компетентностного подхода // Менеджмент в образовании. - 2010. - №4.
4. Деятельность методической службы в системе повышения квалификации педагогических кадров. (Алматы, 2009 - РИПКСО)

АУТИЗМІ БАР БАЛАЛАРДЫ ОҚЫТУДА КЕШЕНДІ ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУ

Нұрланов Тілек Нұрланұлы, «Дене тәрбиесі және спорт» мамандығы, 3 курс студенті Абай атындағы Шығыс Қазақстан гуманитарлық колледжі. Өскемен қ.
Омарова Назым Жумабековна, педагогика және психология ғылымдарының магистрі, арнайы пәндер оқытушысы

Әр бала қоршаған ортаның қамқорлығын қажет етеді. Бірақ кейбір балалар қоршаған ортадан алыстап, өз әлемінде өмір сүреді. Олар әр жаңа нәрсеге қызықпайды, оны танып-білуге қызығушылығы болмайды. Осындай балалар қарым-қатынас жасауда, әлеуметтік ортаға бейімделуде, ата-анасымен сөйлесуде қиындықтарға кездеседі. Осындай белгілер арқылы балада аутизмнің немесе оның кейбір белгілерін анықтауға болады [1].

Ең алғаш аутизм туралы Э.Блейлер, Лео Каннер, О.С.Никольская, Г.Аспергер, А. Ретта, К.С. Лебединская сынды ғалымдар қарастырған. Қазіргі кезеңде аутизмді зерттеу өрісі кеңейіп отыр. Аутизм $\frac{3}{4}$ бала дамуындағы ауытқушылықтың ауыр түрі, ол әлеуметтік ортамен қарым-қатынастың жоқтығын білдіреді. Симптом ретінде аутизм көптеген психикалық ауруларда кездеседі, бірақ кейбір жағдайларда ерте жастан байқалып, бала дамуына кері әсерін тигізеді. Бұл жағдайды ерте балалық аутизм (ЕБА) синдромы дейді. Ол болса психикалық даму зақымдалуының бір нұсқасы ретінде қарастырылады. Сонымен қатар бала бойында аутизмнің кейбір клиникалық көріністері байқалса, оны аутистикалық тұлғалық қасиеттер деп атайды. Нақты симптом ретінде 2-3 жасқа қарай қалыптасуы мүмкін [2].

Тұқымқуалаушылық фактордың әсері мол екенін көптеген зерттеушілер мойындайды. Сонымен бірге мидың органикалық зақымдалуы да аутист балаларда жиі кездеседі. Тұқым қуалаушылық хромосомалық өзгерістер, зат алмасу өзгерістері, анасы жүкті және туу кезінде алған жарақаттар, нейроинфекциялар, тағы басқа жағдайлар барлығы да жағымсыз әсер ету мүмкіндігі бар [3].

Аутизмнің алғашқы белгілеріне тоқталатын болсақ, белгілер баланың үш жасына дейін анық байқалады. Әдетте, ер балаларда жиі кездеседі. Ата-анасы

баланың кұрдастарымен салыстырғанда кеш дамып, әлі сөйлемегенін байқайды. Алғашында бала естімейтін сияқты болып көрінеді, бірақ тексеру барысында нәтижесі олай еместігін көрсетеді. Мұндайда баланың жалпы дамуы тежеледі. Мінезі тұйықтала түседі. Атын атап шақырса, елең етпеуі де мүмкін.

Өзге балалармен де ойнамайды. Танып-білуге ұмтылмайды. Тіпті жаңа ойыншық та оны қызықтыра алмайды. Яғни, мұндай балада қалау, сағыну, аяныш, өкініш, қамқорлық сияқты сезімдердің ешқайсысы болмайды. Оған бәрібір. Өз әлемінде, өзімен өзі өмір сүреді. Тәулік бойы ұйықтамай жүре беруі мүмкін. Ештеңені қажет етпейді [4].

Кейде бала сөйлеуді бастайды, бірақ біраз уақыт өтісімен, сөйлеу қабілетін қайта жоғалтады, күнделікті қылықтары қайталанатын күнде бір ойыншықпен және жалғыз ойнайды. Тіпті ойыншықтың тек бір бөлігімен ғана (мәселен, тек қолымен немесе басымен) ойнауы мүмкін. Күнделікті қайталанатын тәртіптің өзгеруін бала өте қиын қабылдайды. Ата-аналарының айтуынша, бала көзге тіке қарамайды. Көбісінің зияткерлік қабілеттері де төмен [3].

Аутист-балаларды оқытуда кешенді түзете-оқытуда жаңа технологияларды қолданудың артықшылығы оқу материалын визуалды түрде елестете алу қабілеті болып табылады. Қоғамның және білім беру жүйесінің қазіргі кездегі дамуы түрлі іс-әрекеттердің интенсификациялық үрдісінің өсуіне байланысты болып келеді. Осыған орай, болашақ білім беру жүйесі мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған білім берудің көп бөлігі жаңа технологияларға негізделетінін, қозғалмалы ойын және ақпараттық технологиялардан тұрады.

Түзете-оқыту үрдісінде кешенді түзете-оқыту әдістерін қолдану бала ағзасының компенсаторлы мүмкіндіктерін белсендіріп, ауытқушылықтарды женуге, алдын алуға мүмкіндік туғызады. Осы толықтырудың негізінде мүмкіндігі шектеулі балалардың қабылдаудың сақталған түрін жүзеге асыру және баланың психикалық функцияларын дамыту қолайлы жүзеге асады. Бірнеше әдіс түрлерін атап өтсек:

1. Ойын технологиясын қолдану.

Аутизмі бар баламен қарым-қатынас орнату мақсатында «Айналма» ойыны.

Ойын барысы: нұсқаушы балалар арасынан барлық баламен амандасып, әр баламен қол алысып амандасатын баланы таңдайды. Сол бала айналма ортасында болатын баланы таңдайды. Барлық балалар қолдарынан ұстап, шеңбер құрады. Ортадағы баламен амандасады. Ортаға балалар кезекпен тұрады. Сәлемдескен кезде мына сөздер айтылады:

Балақайлар, тұрайық;

Шеңбер құра қалайық;

Сен де менің досым;

Мен де сенің досың;

Барлығымыз доспыз.

Зейінді дамыту мақсатында «Артығын тап» жаттығуы.

Ойын барысы: нұсқаушы берілген суреттердің ішінен артығын табуды тапсырады. Мысалы, қияр, асқабақ, сәбіз, алма. Артығы: алма.

Қозғалыстық ойындарын дамыту мақсатында «Достармызға үй саламыз» ойыны.

Ойын барысы: нұсқаушы балаларды екі топқа бөліп, олардың Ақтөс және Шарик атты екі достарының барын айтады. Олар өте жақсы достар. Тек олардың тұратын үйі жоқ. Қане, оларға үй салып көмектесейікші. Осылайша, бір топ Ақтөске, екінші топ Шарикке үй салады. Ол үшін балаларға кубиктер мен тапсырмалар беріледі. Кім үйді бірінші салып бітіреді.

2. Глобалды оқыту әдістемесін қолдану.

Ерте жастағы аутист-балаларды оқытуда глобалды оқыту әдістемесін қолдану барынша тиімді болып табылады. Глобалды оқыту – баланың бүкіл сөзді толығымен қабылдауы (жазылуына қарап).

Келесі жаттығуда біз сөздерді бөліктерді бойынша глобалды оқытамыз. Сөздің бөліктері, буындар, жеке әріптер. Мысалы: ма-ма, па-па, а-ға, ал-ма, ал-м-ұрт. Аталмыш әдіс арқылы бірте- бірте қалыпты оқуға өтуге болады деп санаймыз.

3. Сенсорлық интеграция әдістемесін қолдану.

Көп адамдар денесін сезініп, сезімдерін сәйкестендіріп, қоршаған ортаны сол арқылы тануға тырысады. Ал аутизм диагнозы бар балаларға ол қиынға соғады.

Сенсорлық интеграция терапиясы баланың қоршаған орта тітіркендіргіштеріне тым қозып отырғанын немесе қоршаған ортаның аса әсер етпегенін болжап, анықтауға көмектеседі. Осылайша, сенсорлық интеграцияның мақсаты – мидың сенсорлық ақпаратты өңдеуін жүзеге асыру. Сол арқылы бала күнделікті өмірде сол ақпаратты қолдана алады.

Сенсорлық интеграцияның мысалдары: гамакта тербелу (кеңістікте бағдарлану); музыкаға билеу (есту жүйесі); бұршақ толтырылған қораптармен ойын (тактильді сезімдерін дамыту); туннельде жорғалау (кеңістікте бағдарлану және жанасу); қозғалып тұрған шариктерге жанасу (көру сезімі мен тактильді бағдарлану); орындықта айналу (тепе-теңдік және көру қабілетіне әсер); бөренеде тепе-теңдік ұстап тұру (тепе-теңдік сақтау) [2].

Түйіндей келе, біз мынандай қорытындыға келдік. Аутизмі бар балаларға түзету-педагогикалық көмек көрсету, оларды қоғамдық ортаға бейімдеу, өзінің қатарлас құрбыларымен қарым-қатынасқа жиі түсуін бақылау, отбасымен, арнайы мамандармен қарым-қатынасын, әлеуметтік педагог, психолог, логопед тарапынан қолдау табуы қажет. Балаларға түзету-педагогикалық көмек көрсету шараларын жүргізуде кешенді түзете-оқытудың, заманауи әдістердің маңызы зор. Аутизм диагнозы бар балалардың қоғамда өздерін ұстай алуын, достарымен қарым-қатынасқа түсуге әзірлігін арттырудың маңызды тәсілі арнайы таңдап алынған түзету-педагогикалық көмек көрсетуді қолдану болып табылады.

Қорыта айтқанда, аутизмі бар балалармен жүргізілген жұмыс нәтижесі бойынша зерттеу болжамдарының дұрыс екені дәлелденіп, аутизм диагнозы бар балаларды оқытуда кешенді түзете-оқытудың, заманауи әдістерді пайдаланудың тиімділігі көрсетілді. Яғни, аутизмі бар балалармен жұмыс жүргізу барысында кешенді түрде әдістерді қолдану баланың сауығуына

барынша мүмкіндік береді. Ең алдымен, баламен қарым-қатынас орнату оңайға түседі, қызығушылығы оянады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Щипицина Л.М. Детский аутизм. Хрестоматия: учеб. пособие для студ. высш. и средн. пед. психолог. и мед. учеб. С. 368.- СПб.: Дидактика Плюс, 2001.

2. Мамайчук И.И. Помощь психолога детям с аутизмом. С. 168.— М.: Центр лечебной педагогики, 2001.

3. Аршатская О.С. Психологическая помощь ребенку раннего возраста при формирующемся детском аутизме // 56.- С. 46- № 2. - 2005. - Дефектология. С. 192.- СПб.

GALLUP – КАК ИНСТРУМЕНТ ПОСТРОЕНИЯ ОТНОШЕНИЙ С УЧЕНИКАМИ

Даулетханова Наргуль Талгаткызы, студент 4 курса Учреждения
«Колледж «Семей»

Научный руководитель: Ратушнова Наталья Анатольевна, преподаватель
специальных дисциплин

Актуальность: Тест Gallup пользуется популярностью в странах Америки. С помощью результата людям будет легче ориентироваться в выборе сфере деятельности, что является распространенной трудностью среди подростков. Кроме этого, добавив этот тест в систему школы – можно улучшить не только образовательную атмосферу, но и межличностные отношения (учителей с учащимися)

Проблема: Недопонимания среди людей. Незнание своих сильных и слабых сторон. Трудность профорientации.

Цель работы: Познакомить как больше людей с психометрическим тестом. С помощью него же дать возможность раскрыть потенциал учеников и развивать их сильные стороны

Задачи: Пройти тест самой и окружающим, в том числе подросткам. Исследовать каждый талант и их комбинации. Провести разбор результатов.

Результаты исследования: Так как педагогика взаимосвязана с психологией, я решила в качестве инструмента использовать психометрический тест CliftonStrengths от института Gallup. Главным преимуществом этого теста является исследование выраженность 34 черт, названных автором талантами, и определяет 10 доминирующих черт. Все 34 таланта разделены на 4 блока. Блок исполнения «Executing» это таланты отвечающие за то, как вы воплощаете планы, идеи и мечты в жизнь? Как вы их реализуете? Таланты в этом блоке: Достижение - трудолюбие, высокая выносливость; Аранжировщик - соответствующее управление для достижения максимальной производительности, гибкости; Принцип (Убеждение) - верность целям и ценностям; Последовательность – равное отношение к другим людям, последовательность в поведении, соблюдение четких правил; Совещательный - осторожность, ожидание потенциальных препятствий; Дисциплина - порядок и

распорядок; Фокус – сначала планирование, потом действие; верность определенному образу действий; Ответственность – верность, честность, верность своему слову; Восстановительный – эффективное выявление проблем и их решение.

Блок влияния «Influencing»— Как вы влияете на других людей? Таланты: Катализатор (Активатор) – конкретные действия вместо разговоров; Командование – контроль над ситуацией, принятие решений, отметка своего присутствия; Коммуникация – способность выражать собственные мысли, говорить и представлять; Конкуренция – сравнение и конкуренция с другими; Максимайзер – видеть преимущества других людей и использовать их потенциал; Уверенность в себе – вера в правоту собственного выбора и способность управлять своей жизнью; Значимость – производить впечатление на других; Обояние (By) – растопить лед, познакомиться с новыми людьми и убедить их в себе.

Блок построения отношений «Relationship building» – Как вы строите и поддерживаете отношения? Таланты: Гибкость (адаптивность) – жизнь моментом, спонтанность;

Взаимозависимость (Связанность) – вера в неслучайность событий и принадлежность к какому-то большему порядку; Развитие (Разработчик) — раскрытие потенциала других людей и поддержка их в развитии; Эмпатия – способность ставить себя на место других людей и сопереживать им.; Гармония – избегание конфликтов, поиск компромиссов; Интегратор (Включающий) – принятие для других людей и возможность включения их в группу; Индивидуализация – способность видеть характеристики людей и создавать продуктивные команды; Оптимист (Позитив) – заражает энтузиазмом других; Отношение (Relator) – построение близких отношений, достижение общих целей с друзьями;

Блок стратегического мышления «Strategic thinking» — как вы принимаете и анализируете информацию? Таланты: Аналитик (Аналитик) – причинно-следственное мышление; Контекст – понимание настоящего через анализ прошлого; Будущее (Futuristic) – создание видения будущего; Изобретательность (Ideation) – увлечение идеями, поиск связи между, казалось бы, не связанными между собой явлениями.; Коллекционирование (Input) — сбор идей, информации и даже отношений; Интеллект – ведение интеллектуальных дискуссий, самоанализ; Обучение (Learner) – увлеченность процессом обучения и изучения новых вещей.; Стратегический – поиск альтернативных решений, методичные действия.

Кроме выбора профессии и познания себя, человек, который разобрался как работают таланты, уже интуитивно понимает действия других людей. Наличие результатов теста отлично помогает в построении отношений с окружающими. В нашем случае главный пример — учитель со своими учениками. Зная их сильные и слабые стороны, он знает на каком языке разговаривать с ними: кому какое слово “заходит”, а кому наоборот. Возможно у кого-то развита чувство соперничества, и ему интересно учиться соревнуясь с друзьями. Возможно кто-то хорошо разбирается в цифрах и формулах, но гуманитарные предметы

для него как ужасный сон. Определяя такие способности учащихся с ранних лет, уже к подростковому возрасту можно построить сильную личность. В будущем такими темпами молодежи-бездельников намного уменьшилось бы и увеличилось бы количество граждан полезных обществу и развитию страны.

Выводы: Часто говорим «дети – цветы нашей жизни» или же «дети – наше будущее». С обоими утверждениями я полностью солидарна. Если дети наше будущее, то сейчас «наше будущее – в наших руках». Ведь воспитывая новое поколение мы получим плоды своих же деяний. То есть, если сделаем все возможности для развития ребенка – ждет нас светлое будущее. В обратном случае, от ребят, которые учатся «как жить» у старших, точнее у нас, ожидать супер развитие – это как ждать что с яблони будешь получать грушу. Поэтому, я бы хотела, чтобы в каждой школе обратили большое внимание на сильные стороны ученика и коммуницировать с ними на их же уровне. Как я говорю с самого начала, в этом поможет психометрический тест Gallup.

Литература

1. Ученые записки университета им. П. Ф. Лесгафта. Опрос среди школьников
2. Книга «StrengthsFinder 2.0» от института Gallup

НЕЙРОГИМНАСТИКАЛЫҚ ЖАТТЫҒУЛАР АРҚЫЛЫ МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ АҚЫЛ – ОЙЫН ДАМЫТУ

Ғабитқызы Салтанат, 2 – курс, І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің Zhansugurov College – і.

Ғылыми жетекшісі: Исмаилова Асель Тлеухановна, арнайы пәндер оқытушысы, педагогикалық ғылымдар магистрі

Зерттеудің өзектілігі. Мектепке дейінгі кезең – бала тұлғасының қалыптасуындағы, оның барлық психикалық және танымдық үрдістерінің дамуындағы басты кезең болып табылады.

Тәрбиеші алдына келген бүлдіршіндерге бар мейірімі мен махаббатын сыйлай отырып, тәрбиелеп, оларды қарапайым білім негіздерімен, әлеуметтік дағдылармен қаруландырып, ақыл - ойын дамытып, тұлға ретінде қалыптастыра білу керек.

Қоғамның күнделікті қарыштап дамып отырған уақытында мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу жүйесінде де оқытудың түрлі жаңа әдістері мен технологияларын кездестіріп жатамыз. Қазіргі таңда мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық үрдістерінің: түйсік, зейін, қабылдау, есте сақтау, ойлауы мен сөйлеуінің қалыпты деңгейде дамыту мәселесі аса өзекті болып табылатындықтан және оны дамытуда жаңаша тәсіл нейрогимнастикалық жаттығуларды қолдануды барлық тәрбиешілер біле білмейтіндіктен **зерттеу жұмысымыздың тақырыбын:** «Нейрогимнастикалық жаттығулар арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың ақыл – ойын дамыту» деп таңдадық.

Зерттеудің мақсаты: Нейрогимнастикалық жаттығулар арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың ақыл – ойын дамытуды ғылыми – теориялық тұрғыдан негіздеу және әдістемесін ұсыну

Зерттеудің міндеттері:

- «Нейрогимнастика», «нейрогимнастикалық жаттығулар» ұғымдарына анықтама беру;
- Мектеп жасына дейінгі балалардың ақыл - ойын дамытудағы нейрогимнастикалық жаттығулардың маңыздылығын анықтау;
- Ақыл – ойды дамытуда қолданылатын нейрогимнастикалық жаттығуларды ұсыну.

Нейрогимнастика – қимыл – қозғалыстық нейропсихологиялық түзету әдісі. Оның негізін 1970 жылы Пол Дениссон қалады.

Нейрогимнастика дегеніміз – бұл мидың жан-жақты және екі жарты шарларының жаттығуына арналған көп бағытты жаттығулар жиынтығы. Бас миы бұл өте күрделі әрі қиын құрылым және оны дамытудың көптеген түрлері де бар. Бас ми да бұлшықет, ал денеміздегі бұлшықеттерді физикалық жаттығулар арқылы қалай дамытатын болсақ, бас миындағы бұлшықетті де дамыту қажет. Бас миы екі жарты шарға бөлінеді оң жақ және сол жақ. Сол жақ жарты шар логикалық ойлауға және ойлаудың шапшаңдығына, сөйлеу тіліне жауап береді. Сол жақ жарты шарды дамыту үшін күнделікті математикалық жаттығуларды, логикалық құрастырғыштарды, сөзжұмбақ, ребустар сияқты істермен айналысу қажет. Ал, оң жақ жарты шар кеңістікті қабылдауға, шығармашылық қабілетіне жауап береді. Оң жақ жарты шарды дамыту үшін әртүрлі кино фильмдер, саяхаттау, денешынықтырумен айналысу қажет. Ал нейрогимнастика болса, екі жарты шарды бірдей дамытуға арналған жаттығулар жиынтығы болып табылады. Мұнда бала ең бірінші ол жаттығулардың жасалып жатқандығын көреді және оны жасау үшін ойлануы керек, есте сақтау қажет және оны қимыл түрінде көрсете алуы керек. Бұл жерде тек мидың бір жарты шары ғана емес екі жарты шары да және қимылдардың үйлесімділігі де дамиды.

Нейрогимнастиканың мақсаты - түрлі анализаторлардан келетін ақпараттар арасындағы өзара байланысты орнатуға бағытталған мидың қабілеттерін дамытады. Нейрогимнастика жаттығулары балаға көп жүктеме салмай – ақ дамытуға бағытталған.

Нейрогимнастиканың негізгі қағидасы – қарапайым әрекеттерді өзгертіп, күрделендіріп, миға қарапайым үйреншікті тапсырмаларды үйреншікті емес үлгіде шешуге мүмкіндік береді.

Нейрогимнастикалық жаттығулардың мақсаты:

- Жартышарлардың дамуын синхрондау;
- Ұсақ моториканы дамыту;
- Координацияны, икемділікті дамыту;
- Тілді және ойлауды дамыту.

Нейрогимнастикалық жаттығуларды орындаудың негізгі ережелері:

- Екі сезім мүшесінен кем емес сезім мүшелері қатысуы керек;
- Зейінді алдында еленбеген объектілерге шоғырландыру қажет;
- Қимылдарды орындаудың үйреншікті желісін өзгерту керек;
- Жаттығуларды жүйелі түрде орындау қажет.

Нейрогимнастиканың түрлері де және оның қолдану тәсілдері де өте көп және ол барлық қажетті жүйелерді біріктіреді.

Миды дамытудың бірнеше әдістері бар. Американдық зерттеушілер Гейл мен Пойл Деннисон өз әріптестерінен ілгері басып, интеллектуалды дамытудың бағдарламасын, яғни миды дамытуға арналған жаттығуларды – нейрогимнастикалық жаттығулардың топтамасын ойлап шығарды.

Біз өзіміздің зерттеу жұмысымыздың барысында 5 жастағы балаларға қолданған нейрогимнастикалық жаттығулардың топтамасын ұсынамыз.

«Жұдырық, алақан, қабырға» жаттығуы.

«Жұдырық, алақан, қабырға» жаттығуы есте сақтауды, саусақ ұштарының синхронды жұмысын, назар аударуды дамытуға бағытталған. Жаттығудың бұл түрі келесідей жүргізілді:

- тәрбиеші балаларға үш түрлі қимыл – қозғалысты көрсетеді. Бұл қимыл – қозғалыстар алдын – ала жоспарланған кезектестікпен орындалады:

1. Балалардың қолдарының алақан ашық тұрады;
2. Алақандарын жұдырыққа жұмады;
3. Алақанды қабырға тәрізді үстел бетіне қояды.

Алғашқы 10 рет қайталауды бала ата – анасымен бірге жасайды, содан кейін өзі жасайды. Келесі кезекте жаттығуды екі қолмен де жасауға болады. Қимыл – қозғалыстар синхронды болуы керек. Мұндай жаттығулар сондай - ақ зейінді де дамытады.

«Піл» жаттығуы. Балаларды тік тұрғызып, оң қолдарын алдыға созып, бастарын оң қолдарына қарай қойғызып, төменнен жоғары қарай пілдің құлағын сегіз саны тәрізді сыздырттық. Және сол жақ қолымен де дәл солай қайталатқыздық. Бұл жаттығу баланың есте сақтау қабілетін жақсартып, мұқият тыңдау қабілетін жақсартады.

«Шамдар» жаттығуы. Балалардың алақандарына алдыларына қойдырып, саусақтарын создырып, араларын ашқызамыз. Сасақтарын жұдырыққа түйгізіп, қатты қыстырамыз. Жаттығуды: «Шамдарды жағамыз, шамдарды сөндіреміз» деген тіркестермен бірнеше рет қайталатқызамыз.

«Доппен орындалатын жаттығулар». Кішкене доппен үстел бетінде дөңгелек жасап айналдыртқыздық және допты алақанға қойып, оңға және солға, алдыға және артқа жылжытқыздық. Және қолдарының әрбір саусақтарымен допты алдыға – артқа, оңға және солға жылжытып жаттығулар жасаттық. Бұл мектеп жасына дейінгі балалардың қолының ұсақ моторикасын дамытуға үлкен әсер етеді.

«Үй, кірпі, құлпы» жаттығуы. Қол саусақтарын үшбұрышты үйдің төбесі тәрізді біріктіргізіп, бір қолдың саусақтарын екіншісіне кіріктіріп, айқастырдық. Алақанды бір – біріне қысып, саусақтарды жұмқыздық. Балалар жаттығуды 5 – 6 рет қайталайды. Бұл жаттығуларда баланың қолының ұсақ моторикасын, ойлау қабілеттері мен зейіннің дамытуда елеулі орын алады.

Зерттеу нәтижелері: 5 жастағы мектепалды даярлық тобы балаларына қолданылған нейрогимнастикалық жаттығулар балалардың бойында елеулі өзгерістерді көрсетті. Балалардың сабақтағы зейіндерінің шоғырлануы тұрақталып, қабылдаулары тез жүзеге асатын болды. Ақыл – ойларында да

елеулі өзгерістер болып, балалар салыстыру, талдау, жалпылап операцияларын нәтижелі орындайтын болды.

Қорытындылар: Зерттеу жұмысымызда қолданылған нейрогимнастикалық жаттығулар ми жұмысын жақсартып, шығармашылық қабілетті дамытуға, ақпаратты қабылдауға, қорытуға, түйсіктің дамуына көмектесті.

Әдебиет

1. Аралбаева Р.Қ. Мектепке дейінгі педагогика. - Алматы, 2012
2. Алдамұратов Ә.Ж. Қызықты психология. – ҚазМУ, Алматы, 1991.
3. Колганова В.С., Пивоварова Е.В. Нейропсихологические занятия с детьми. - М.: Айрис-пресс, 2015.
4. Телепнева Н.А., Чехлыстова Т. Ю., Галуцкая М. Ю. Нейрогимнастика в коррекционно-развивающей деятельности с детьми дошкольного возраста с тяжёлыми нарушениями речи // Актуальные исследования. 2021.

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ АҒЫЛШЫН ТІЛІНЕ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Сағатбек Айым Салауатқызы, 3 курс, І.Жансүгіров атындағы Жетісу
университеті «Zhansugurov College»

Ғылыми жетекшісі: Нурсейтова Нұрбақыт Нурсейтқызы

Шетел тілі пәнінің оқытушысы

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасы әлемдік бірлестікке кірген заманда білімнің рөлі мен маңызы артты. Осыған орай білімнің алғышарттарын анықтайтын Қазақстан Республикасының білім жүйесінің даму концепциясы атты құжатының мәні ерекше. Мәдениеті жоғары ХХІ ғасыр адамын қалыптастыру міндеті мен білім беру ісін ірілендіру жақсарту қажеттігі мектеп пен қоғам алдында жаңа маңызды мәселелерді қойып отыр. Ағылшын тілі –ХХІ ғасырдың тілі. Бұл тіл қазақты дүниеге танытатын, әлемдік деңгейге шығаратын тіл. Оған біз алдағы өтіп кеткен ЕҚҰБ (ОБСЕ) Саммитіне төрағалық еткен кезіміз осының бір дәлелі бола алады. Еліміздің шет елдермен қарым-қатынасымыз күшейіп отырған қазіргі кезде оқушылардың шет тіліне қызығуын, білімге құштарлығын ояту, танымдық белсенділігін арттыру әрбір шетел тілі мұғалімінің міндеті. Демек, балалардың шет тілін білуі – уақыт талабы. Шетел тілі қазіргі кезде заман талабына сай көптеген мектептерде 2 сыныптан бастап жүргізілуде. Бұл оқушы бойында ерте кезеңнен бастап ұлтаралық, мәдениетаралық бірлестікке дайындықтың қалыптасуына тікелей ықпал етеді. Шетел тілін бастауыш мектептен бастап оқытудың артықшылығы әрбір баланың психологиялық ойлауына, шет тілі сөзіне көңіл аударуына, түсінуіне оң әсер ететіндігі, содан соң негізгі мектепте білімін берік нығайтуын, білім сапасын арттыруға мүмкіндік беретіндігінде. Білім сапасын арттыру, бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі болып отыр. Осы мәселені шешу – білім беру мазмұнын жаңашаландыру, оқу үрдісін ұйымдастыру технологиясы мен әдістерін жетілдіру. Сондай-ақ, білім беру мақсаты мен нәтижесіне ерекше мән берумен тығыз байланысты. Оқушының ой-өрісін кеңейтіп, қабілеттерін

ерекшелеуде, білімдерін нығайтуда сабақтағы ойындардың және әдіс-тәсілдердің атқарар рөлі өте зор. Бұл ойындар, әдіс-тәсілдер қазіргі теледидарда беріліп жүрген ойындармен сәйкестендіріліп жасалынған. Оқушылардың шетел тілін оқып үйренуге деген қызығушылығы мен танымдық белсенділігін арттыруда, алған білімдерін шығармашылықпен қолдана білуде, қабілеттерін дамытуда ойын мен әдіс тәсілдің маңызы, мәні зор [1]. Шет тілі сабағындағы ойын дегеніміз – тынысы кең алысқа меңзейтін, ойдан-ойға жетелейтін, адамға қиял мен қанат бітіретін осындай ғажайып нәрсе, ақыл-ой жетекшісі. Сабақта ойын элементтерін пайдалану оқушылардың ой-өрісін, танымдық белсенділігін арттырады. Теорияны практикамен ұштастыруға жол ашады. Алайда, ойынды үнемі оқу процесіне пайдалануға, ұзақ уақыт созуға болмайды. Ойын белгілі бір уақытта жүзеге асырылып, сабаққа нұқсан келтірмейтіндей жымдасып жатуы тиіс. Ойын адамның айналадағы жағдайды тануының қарапайым да оңай әдісі бола отырып, осы және басқа да білімді, өнерді иемденудің табиғи да мүмкін жолы болуы қажет. Бұл зерттеудің мақсаты бастауыш сынып оқушыларының шет тіліне қызығушылықтарын арттыру. Заманауи педагогикалық технологияларды қолдану. Осы мақсатқа жету үшін педагогикалық технологияларды қолдануымыз керек. Ағылшын тілін оқытудағы оқушылардың ерекшеліктері, олардың қабілеттері және қызығушылықтарын атап айтқанда: ойын технологиясы, жобалық оқыту технологиясы, проблемалық оқыту технологиясы, акт - технологияларын қолдана отырып шет тіліне деген көзқарастарын өзгерте алады.

Жаңа тілге үйретуде оқытудың жаңа тәсілі төмендегідей талаптарға сәйкес келуі көзделеді:

- оқушыға қолайлы оқу ортасын қалыптастыру;
- оқушының оқуға деген қызығушылығын арттыру, ой-тілектерін ояту
- оқушының эмоциялық сезіміне әсер етіп жеке тұлға ретінде қалыптастыру;
- оқытуды түрлендіру үшін түрлі әдісті қолдану;
- ойын түрінде оқыту арқылы оқушының белсенділігін арттыру;
- шет тілін оқушының жеке қызығушылығымен байланыстыру;
- оқушы – субъект, оқытушы - кеңесшісі болу;
- сатылап өз бетімен жұмыс істеуге үйрету.

Мектептегі тәжірибемді 3-4-сынып оқушыларымен өткіздім. Іс-тәжірибеден өту барысында қолданылған әдіс-тәсілдерім:

1. «Миға шабуыл» (әдіс)
2. «Шаттық шеңбері» (сергіту сәті)
3. «Гүлмен тілек» (сергіту және топқа біріктіру)
4. «INSERT» әдісі
5. «Кластер» әдісі
6. «Галереяны шарлау» әдісі
7. «Қар кесегі»
8. «Заряд алу» (сергіту сәті)

9. «Бес қадам» әдісі т.б әдіс тәсілдерді қолдандым. Бұл әдіс-тәсілдерден бөлек қазір тик-токта қолданып жатқан әдіс тәсілдерді қолданып көрдім.

Осы әдістерден бөлек жаңадан енгізілген әдістерді қолдандым.

1. «Бес қадам» әдісі
2. «Картошка фри» әдісі
3. «Бургер» әдісі
4. «Reading camera» әдісі
5. Нейрожаттығуы
6. «Попкорн» әдісі
7. Tik Tok, WatsApp, Instagram әдістері
8. Бағалау карточкалары
9. «Бинго» әдістерін пайдаландым.

Шетел тілін бастауыш мектептен бастап оқытудың артықшылығы әрбір баланың психологиялық ойлауына, шет тілі сөзіне көңіл аударуына, түсінуіне оң әсер ететіндігі, сонан соң негізгі мектепте білімін берік нығайтып, білім сапасын арттырып, шетел тілінде қарым-қатынасқа түсіп ерте мәдениетаралық коммуникацияға мүмкіндік береді. Айтылып өткен әдіс-тәсілдер арқылы баланың шет тіліне деген көзқарасы өзгереді. Баланың қызығушылығы арттып, тапсырмаларын орындауға талпынады.

Осымен әдіс-тәсілдер туралы қорыта келгенде, жаңа өмір талабы кез келген адамды алаңдатады. Шетел тілі қазіргі заман талабына сай көптеген мектептерде 2-сыныптан бастап жүргізілуде. Осы айтылған әдістердің көп көмегі тиеді. Сабақ барысында оқушылардың назары тек ғана мұғалімде болады. Оқушылар бір-бірімен жарысып немесе сөз таласытыру арқылы сөздерді жаттап, есте сақтап үйренеді. Әр әдістің өзіндік бір адам қызықтыратындай ерекшеліктері бар. Тура әдіс, грамматикалық әдістер ескі әдістер болғандықтан көбәсі қолдана бермейді, бірақ бұл әдістерді қазіргі қолданып жүргізілген әдіс-тәсілдермен бірге кіріктіліп өткізіледі. Ойын арқылы болсын басқада әдіс-тәсілдер болсын, бала грамматиканы және сабақты түсіне білу керек. Шетел тілін бастауыш мектептен бастап оқытудың артықшылығы әрбір баланың психологиялық ойлауына, шет тілі сөзіне көңіл аударуына, түсінуіне оң әсер ететіндігі, сонан соң негізгі мектепте білімін берік нығайтып, білім сапасын арттырып, шетел тілінде қарым-қатынасқа түсіп ерте мәдениетаралық коммуникацияға мүмкіндік береді. Айтылып өткен әдіс-тәсілдер арқылы баланың шет тіліне деген көзқарасы өзгереді. Баланың қызығушылығы арттып, тапсырмаларын орындауға талпынады.

Әдебиет

1. «Білім жолы нұрлы жол» Республикалық журнал
2. Ахметов С. Бастауыш кластарда білім берудің тиімділігін арттыру жолдары.- Алматы: Рауан,
3. Жұмабаев М. Педагогика.-Алматы
4. Әлкен.С Жаңа технологиялар арқылы шығармашылыққа баулу
5. Основные направления в методике преподавания иностранных языков в XIX - XX вв/ под ред. И.В.Рахманова. М.:Педагогика, 1972

6. <https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%9D%D0%B5%D0%B9%D1%80%D0%BE%D0%B1%D0%B8%D0%BA%D0%B0>

7. Базарбекова Р.Ж. Бастауыш сынып оқушыларын жазбаша байланыстырып сөйлеуге үйрету әдістемесі: Пед.ғыл.канд автореф. –Алматы

8. Рахметова С. Бастауыш мектеп оқушыларының тілін дамытудың ғылыми әдістемелік негіздері (ауызша және жазбаша тіл дамыту)

ОҚУ-ТӘРБИЕ ҮРДІСІНДЕ ЗЕЙІННІҢ ДАМУЫ

Асхатова Айдана Асхатқызы, «Бастауыш білім беру» мамандығы, 3 курс студенті Абай атындағы Шығыс Қазақстан гуманитарлық колледжі. Өскемен қ. Ғылыми жетекшісі: Омарова Назым Жумабековна, педагогика және психология ғылымдарының магистрі, арнайы пәндер оқытушысы

Зейін - бұл объектіге бағытталған іс-әрекет ретінде әрекет ететін сананың барлық танымдық процестерінің жағы. Басқа танымдық процестерден (қабылдау, есте сақтау, ойлау және т.б.) айырмашылығы, оның ерекше мазмұны жоқ; ол осы процестердің ішінде көрінеді және олардан бөлінбейді. Көңіл психикалық процестердің динамикасын сипаттайды [1].

Зейін-бұл адамның сенсорлық, интеллектуалдық немесе моторикалық белсенділігі деңгейінің жоғарылауын білдіретін сананың бағыты мен шоғырлануы. Зейіннің критерийлері:

1) Сыртқы реакциялар:

моторлы (бұрылыстар бас, фиксациялау көз, мимика, дене тұрысы сосредоточенности);

вегетативтік (тыныс алуды ұстау, бағдарлы реакцияның вегетативтік компоненттері);

2) белгілі бір қызметті орындауға және бақылауға шоғырлану;

3) қызметтің өнімділігін арттыру (мұқият әрекет ету, "ұқыпсыздықпен" салыстырғанда тиімді»);

4) ақпараттың селективтілігі (селективтілігі);

5) сана өрісіндегі сана мазмұнының айқындылығы мен айқындылығы.

Балалардың зейінінің қалыптасуында ойын әрекеті ерекше орын алады. Ойын арқылы бала түрлі объектілерді көреді, естиді, байқай алады, фактілер мен құбылыстарды бір-бірінен ажыратып, оларға назар аудара бастайды. Балаларда зейіннің түрлі қасиеттері (көлемі, бөлінуі, тұрақтылығы т.б.) жақсы байқалады. Бұлардың бәрі үлкендердің басшылығымен жетіледі [2].

Балалардың зейінін кейіуін дұрыс қалыптастыруға мұғалімнің жеке басының үлгі-өнегесінің де маңызы зор. егер мұғалімнің өз зейіні дұрыс ұйымдаспаған болса, яғни, ол біресе оқытып тұрған сабағына, біресе кластағы балаларға алаңдап, нені бастап, нені қойғанын есінен шығарса, ондай мұғалім балалардың зейінін дұрыс тәрбиелей алмайды.

Жас ерекшелігіне байланысты зейіннің даму сипаттамасы мынадай:

1) Балалардың жеке дамуымен, олардың қажеттіліктері және қызығушылықтары дүниетанымдарының өрісі кеңейіп, түсінетін ақиқат

заттар мен құбылыстарға зейіндерін аударады. Қоршаған шындықтарға зейіннің артуына байланысты, бала зейінінің пәні, ойлары және сезімдері болады. Зейіннің сыртқа бағыттылығымен бірге, ішкі шоғырлануының дамуына байланысты, ол өзінің ішкі дүниесін және қоршаған ортадағы адамдармен қатынасын түсінгісі келеді. Өзіне деген зейінінің негізінде өзін байқауының дамуы, өзін-өзі тәрбиелеуге психологиялық көмек болады.

2) Зейінінің жас ерекшелігіне байланысты дамуы, оның барлық қасиеттерінің дамуына және көрінуіне ықпал етеді. Көлемі және бөлінуі өрістерінің ұлғаюына қарай-іс-әрекеттің бір бөлімінде бірнеше зат пен құбылыстарды қабылдап, ойлануы да кең өріске артады. Жоғары тұрақтылығы және ауысуы, объектілерді барлық жағынан, тіркеуді дамытады. Мұндай қасиеттерінің дамуы тұрақсыздықты жеңуге көмектеседі.

3) Жастарының дамуына қарай ырықсыз зейіннен гөрі, ырықты зейін көріне бастайды. Мектеп жасында бұл зейіннің барлық түрлері дамиды бірақ, біртіндеп ерікті зейін жетекші орын ала бастайды, әсіресе балалардың өзіндік іс-әрекетінде.

4) Зейіннің дамуы шоғырлану мотивтерінің өзгеруіне әсері бар. Алғашында баланың зейіні эмоциялы қызығушылығымен көрінсе, балалардың даму үрдісінде жас ерекшелігіндегі негізгі жетекші іс-әрекеттің объектілері арқылы зейіндері дами бастайды. Өз зейіндерін ұйымдастыру қабілеті оқу жұмысының мөлшеріне, сапасына бағытталады.

5) Әр жас сатысында жекелік айырмашылықтары, даму үрдісінде жан-жақты және айрықша көрінеді.

Ойын - маңызды іс. Егер біз ойынды тек көңіл көтеру үшін немесе дем алу ретінде пайдалансақ, одан ешқандай пайда болмайды. Қандай ойын болса да, ол негізгі мақсатқа жұмысалуы керек, өйткені ойын баланы дамытады. Танымдық қызығушылықтар - бұл баланың жаңа нәрселерді білуге, заттардың қасиеттері, қасиеттері, шындық құбылыстары туралы түсініксіз нәрсені білуге және олардың мәнін түсінуге, олардың арасындағы байланыстар мен қатынастарды табуға деген ұмтылысы [3].

Мәселен, «Жер, су, от, ауа» тапсырмасы

Нұсқау: жеткіншек қолындағы допты кез-келген қатысушыға лақтырып, «СУ, ЖЕР, АУА, ОТ» стихияларының бірін айтады. Допты қағып алған қатысушы аталған стихияда тіршілік ететін жануарды атап, допты келесі қатысушыға басқа стихияны атап лақтырады.

Ә) Жаттығулар арқылы

«Шыбын» жаттығуы. Барысы: «Шыбын» жаттығуы топ бойынша орындалады. 3x3 мөлшерлі 9 торды ойша сызу керек. Шыбын ортаңғы торда орналасқан, Ойынға қатысушылар кезек - кезек шыбынға «Жоғары!» «Төмен!» «Оңға!» Солға!» деп бұйрық беріп, көрші торға қозғалтады, Ойынға қатысушылар «шыбынның ойын алаңнан шығып кетпеуін бақылап отыруы керек. Егер біреу «шыбынның» ойын алаңынан шығып кеткенін білсе, «Тоқта» деп. бұйрық беріп шыбынды ортаңғы торға әкеліп, ойынды қайтадан бастайды. Ойын алаңына басқа конфигурация беріп, ойынды күрделендірсе болады. Тіпті екі шыбынды алма кезек қозғалуға болады.

Зейінді зерттеудің психофизиологиялық әдістеріне арнайы жабдықты, атап айтқанда тахистоскопиялық қондырғыларды, Мнемотест, Ритм тест аппараттарын және т. б. қолданатын әдістер жатады. Осы құрылғылардың көмегімен қысқа мерзімді, белгілі бір экспозициямен, визуалды (сандар, фигуралар, сөздер және т.б. түрінде) қолдануға болады. Осылайша, зейіннің жеке қасиеттерін – оның тұрақтылығын, көлемін тексеру үшін жағдайлар жасалады. Ауыстыру қабілеті; сонымен қатар, бұл қондырғылар жағдайды және басқа психикалық функцияларды – қабылдау, есте сақтауды диагностикалауға мүмкіндік береді [4].

Әдістемені бағалауда қателерді бөлу құрылымы маңызды мәнге ие – олар барлық формада біркелкі кездеседі ме немесе негізінен соңында байқалады ма (назардың сарқылуының дәлелі). Қателіктердің сипаты да маңызды-жеке әріптерді немесе жолдарды өткізіп жіберу; жақын немесе сыртқы жағынан ұқсас басқа әріптерді сызып тастау және т. б.

Әдістемені жүргізуге арналған бланкілер нақты басылуы, белгілерді жазуда қандай да бір анық емес және түзетулер болмауы тиіс, өйткені бұл тапсырманы қабылдауды қиындатады және орындау нәтижелерін нашарлатады. Түзету сынамасын жүргізу кезіндегідей, тексеруші әрбір 30 секунд сайын бланкінің қазіргі уақытта сыналудың қарындаш орналасқан жерінде өз белгісін жасайды.

Әдістеменің нәтижелерін бағалау кезінде қосу саны, жіберілген қателер саны, тапсырманың жалпы уақыты ескеріледі. Орындалу нәтижелері графикалық түрде ұсынылуы мүмкін.

Әдістеме барысында алынған мәліметтер тапсырманың біркелкілігі мен қарқыны туралы түсінік бере алады, сарқылудың, іске қосылудың және назардың бұзылуының болуын анықтай алады.

Кәсіби есептік операцияларды орындаумен байланысты пәндер жалған оң нәтижелерді көрсете алатындығын ескеру қажет, сондықтан олар үшін бұл әдісті қолдануға болмайды.

Тапсырманы орындау кезінде тақырып сандарды рет-ретімен іздейді, оларды көрсетеді және дауыстап атайды. Пәннің әр кестеге жұмсаған уақыты секундомермен белгіленеді. Қажет болса, әр 30 секунд сайын тақырып бойынша болатын сандар санын да жазуға болады [5].

Нәтижелерді бағалау кезінде әр кестеге жұмсалған уақыт ескеріледі және салыстырылады. Нәтижелер графикалық түрде ұсынылуы мүмкін. Зейінді Шульте-Горбовтың екі тондық (қара-қызыл) кестесінде зерттеледі.

Қорытындылай келе, адам өміріндегі назардың маңыздылығы өте жоғары екендігі белгілі. Баланың ақыл-ойы мен есте сақтау қабілеті назар аудару арқылы қалыптасады. Балада зейіннің дамуы мен қалыптасуын ерте жастан бақылау керек. Біздің болашақ ұрпағымыз ақылды және білімді болуы үшін біз ақыл-ойды тәрбиелеуіміз керек. Ушинскийдің өте ұтымды тұжырымдамасын атап өткім келеді, онда: «назар аудару-бұл адам санасында жалпыланған және ондағы әртүрлі ойларды бейнелейтін адам жанының жалғыз есігі».

Әдебиеттер тізімі:

1. Ануфриев А.Ф., Костромина С.Н. Как преодолеть трудности в обучении детей. Психодиагностические таблицы. Психодиагностические методики. Коррекционные упражнения. – М.: Издательство «Ось-89», 2003.
2. Артемов В.А. Курс лекций по психологии. - М., 1991.
3. Битянова М.Р. Организация психологической работы в школе. – М.: Генезис, 2000.
4. Волина В. Учимся играя. - М.: Новая школа, 1994.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ШАҚТА ОЙЫН БАЛАНЫҢ БАСТЫ ІС-ӘРЕКЕТІ

Дүйсекова Аружан, 2 курс, Н.Құлжанова атындағы Торғай
гуманитарлық колледжі

Аубакирова Толқын Утешовна, Арнайы пәндер оқытушысы

Өзектілігі: Мектепке дейінгі кезеңдегі ойын зерттеу - әрекеті

Дидактикалық ойын балаға білім берудегі әсер етудегі ең негізгі бір түрі, өйткені ойын балалардың негізгі іс әрекеті. Балалардың қарапайым математикалық ұғымдарын қалыптастыруда дидактикалық ойындардың алатын орны ерекше. Пішіндерді өткен кезде шар, куб, «не домалайды, не домаламайды?» ойыны арқылы осы екі пішіннің ерекшелігі, қасиеті туралы түсіндіру өте тиімді. Білім берудегі дидактикалық ойындарды нәтижелі қолданудағы негізгі шарты: ол ойын таңдаудағы бірізділікті сақтау, келесі дидактикалық принциптер міндетті түрде ескеруі керек; түсініктілік, қайталанылуы, тапсырмаларды біртіндеп орындау. Баламен іс әрекет түрінде өткізілсе, тапсырмалар оңай орындалып, алға қойған межеге жету оңай болады. Ертегі кейіпкерлеріне, ойыншық кейіпкерге көмектесу баланың қызығушылығын оятып, бәсекелестігін арттырады. Сондай-ақ, ойлау, тапқырлық қабілетін дамытып, адамгершілік, мейірімділік қасиеттерін оятады. Іс-әрекетке Дымбілместі қатыстыру баланың алған білімін еске түсіріп, сол Дымбілмеске үйрету арқылы қабілетін арттырады. Дымбілмеске қарай отырып өз жұмыстарын бақылай білуге, қате жіберіп алмауға деген қырағылықтарын арттырады. Дидактикалық ойындардың мазмұны мыналарды қамтуы тиіс. Олар:

-дидактикалық ойындар нақты, қысқа, қызықты, тартымды болуы міндетті;

-дидактикалық ойындарға тапсырмалардың біртіндеп күрделенуі және ол ақыл-ой іс-әрекетінің тәсілдерін меңгеруге ықпал етуі қажет;

-ойындардағы тапсырмалардың әр түрлі тәсілдермен орындалуын қадағалау және оқытудың тәрбиелік ықпалын күшейтуге ықпал етуі керек:

-дидактикалық ойын тәрбиеленушінің жас ерекшелігіне сай, бағдарламадағы материалдарға, оның ішінде нақты сабақтың мазмұнына сай болып, тапсырманың мәнін ашу керек;

-дидактикалық ойындарда қолданылатын материалдар мен көрнекіліктер қарапайым болып, олардың жасалуы мен дайындалуы тез әрі жеңіл болуы шарт.

Тәжірибеден байқағанымыздай, дидактикалық ойындарда балалардың сөйлеу, ойлау, есте сақтау қабілеті дамиды. Бұл ойындар алған білімді бекітуге ықпал жасайды.

Мәселе: Ойын арқылы балаларды геометриялық пішіндердің ортақ белгілері (дөңгелектенген, бұрышты) бойынша біріктіру туралы алғашқы түсініктерін қалыптастырамыз. Уақытты бағдарлауға үйрету үшін тәулік бөліктері, апта күндері, жыл мезгілдері және айлары туралы санамақтар, жаңылтпаштар, жұмбақтарды кеңінен пайдаланамыз. Бұл арқылы баланың ойлау, есте сақтау қабілеттері мен тілін дамытуды көздейміз.

Жұмыс мақсаты: Балалардың мектепке дейінгі жаста әлем туралы жана мәліметтерді білуге ұмтылысы, қоршаған ортаны танып білуге деген талпынысы, бақылау жасауға, өздігінен ізденуге әрекет етуі ол-табиғи қалыпты жағдай. Әрбір дені сау бала туылғаннан – әр нәрсені «зерттеп» білуге, ізденушілік белсенділігі басым болады. Баланың ішкі сезімі әлемді түсінуді, қоршаған ортаны танып білуді қалайды. Осындай ішкі ынта-ықылас зерттеу жасауға түрткі болып, баланың психикалық және өзіндік дербес дамуына жағдай жасайды. Балалардың өздігінен зерттеу жасай отырып алған білімдері репродуктивті тұрғыда алған білімдеріне қарағанда берік болады. Бірақ ол өте қарапайым және күтпеген жерден орындалатын болғандықтан оны білім беруде қолдануға болмайды, тек баланың өзінің дамуындағы жетістіктер үшін пайдаланылады.

20- шы ғасырдың 70- ші жылдары белгілі ғалымдар М.Н.Скаткин және И.Я. Лернер оқу әдістерін екі топқа бөлуді ұсынған: репродуктивті және продуктивті (өнімді). Аталған топтарға сәйкес оқытудың негізгі бес әдіс тәсілдері белгілеген. Олар: түсіндірмелі-көрнекі; репродуктивті; проблемалы баяндау; жекелей іздену; зерттеу жасау (байқап көру, бақылау жасау); Автор бұл әдістердің алғашқы екі түрін- репродуктивті, ал соңғы екі түрін- продуктивті (өнімді) әдістер қатарына жатқызды. Ал, проблемалық баяндауды аралық топ деп есептеді.

Бұл әдістердің бірінші тобында, балалар алған дайын білімдерін пайдаланады немесе өздеріне таныс іс - әрекет барысында жүзеге асырады.

Әдістердің екінші тобында, балалар ойын-зерттеу жұмыстары барысында шығармашылықпен өздігінен дербес әрекет етіп, жаңа білімдер алады.

Міндеттері: Ойын балалардың негізгі іс-әрекеті ретінде психологиялық, анатомиялық-физиологиялық, педагогикалық маңызы зор қызметтер атқарады. Ойын баланың даму құралы, таным көзі, тәрбиелік дамытушылық мәнге ие бола отырып, адамның жеке тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етеді.

Ойын үрдісінде балалардың білімі тереңдей түседі, осыған дейінгі білімдері мен түсініктері баянды болып жаңа білім игеріледі. Ойын - адамның өміртанымының алғашқы қадамы деп білеміз. Оның басты ерекшелігі баланың ойлау қабілетін жетілдіру болып табылады.

Ойында балалар әр нәрсеге жақсы зейін қояды және көбірек есіне сақтайды. Ойын үстінде ол алға қойылған мақсатты шұғыл және оңай жүзеге асырады. Ойын шарттарының өзі баладан заттарға, айналатын көріністер мен сюжетке зейін тоқтатуды талап етеді. Егер бала ойын талабына зейін қойғысы

келмесе, ойын шарттарын есте ұстамаса, онда оны құрдастары ойыннан шеттетугі ықтимал.

Ойын - балалардың негізгі іс - әрекетінің бір түрі. Ойын барысында баланың жеке басының қасиеттері қалыптасады. Кіші мектеп жасындағы балаларды көргендерін, байқағандарын, айналасынан естігендерін ойын кезінде қолданалытанын байқау қиын емес. Ойын айналадағы болмысты бейнелейді. Ойын барысында балалар дүниені тани бастайды, өзінің күш-жігерін жұмсап, сезініп білдіруге мүмкіндік алады, адамдармен араласуға үйренеді.

Зерттеу нәтижелері: Баланың ақыл ойын дамыту, ойлау қабілетін жетілдіру, өзіндік іскерлік қасиеттерін қалыптастыру, заман талабына сай ойын жүйрік етіп тәрбиелеу.

Сондықтан да баланың танымын алғашқы күннен бастап дамытудың, бойында оқыту мен тәрбиелеудің негізін қалыптастырудың құралы – ойын әрекеті, яғни, ойын – баланың жетекші әрекеті. Бірақ, ойын тек қана балаларды қызықтырып, уақыт өткізудің құралы блмай, балаға берілетін білім мен тәрбиенің құнды негізі болуы керек. Яғни, оқыту-тәрбиелеу жұмысын бағдарлама талаптарына сәйкес ойын түрінде ұйымдастыра отырып, баланың логикалық ойлау қабілетін арттыруға жағдай жасау негізгі міндет. Бала ойын барысында айнала құбылыс сырын танып сезінеді, себеп-салдарлық байланысты және тәуелділікті анықтауға тырысады. Айналадағы өмір құбылыстарын, ерекшеліктерін байқай отырып, білуге қызығушылығы туындайды, осы сезім оны талпыныстарға жетелейді. Ойын негізінде ойлай отырып, тапсырмалары өзінше зерттеп, орындау, өзінше шешім жасау өз ойындағысын айту жағдайларына мүмкіндік туғызылса ғана бала еркін ойлы, өзіне сенімді, ерік-жігерлі, дүние танымы кеңейген, сөйлеу тілі жақсы қалыптасқан, болашаққа қызығушылығы оянған дара тұлға ретінде жан-жақты дами алады. Баланың ақыл-ойының дамуы тек белгілі бір білім көлемін ғана емес, жалпы тәлім-тәрбиелік іс-әрекеттерді игерумен бірге, ойлау, қиялдау, есте сақтау, елестету және т.б. қабілеттерінің; танымдық, іскерлік, шығармашылық қасиеттерінің дамуын қамтиды. «Ойы саяздың, тілі саяз» деген ұлғатты сөз бекер айтылмаған. Ойлау негізі баланың сөйлеу тілін қалыптастырады.

Қорытынды: Баланы қоғамның пайдалы іс-әрекетіне даярлап жан-жақты етіп дамыту үшін оқытудың маңызы зор. Баланың барлық психикалық дамуы үйрету, алдыңғы ұрпақтардан жинақталған тәжірибені беру арқылы жүзеге асады. Сонда да білім мен дағдының көбін бала үлкендермен тікелей қарым-қатынас жасау арқылы меңгереді. Әр жас кезеңіндегі оқыту баланың психикалық даму ерекшелігіне қарай белігілі бір бағдарлама, шағын материал негізіне сүйеніп жүргізіледі. Нәрестелік кезеңде бала күнделікті қоршаған ортадағы тіршілік жағдайымен, яғни тұрмыстық заттар мен ойыншық арқылы дүниемен танысады.

Мектепке дейінгі кезде одан да күрделене түседі, заттар мен құбылысқа деген ықылас пайда болады. Соның негізінде баланың білімі, іскерлікті игеруге сөздік қоры, творчестволық қиялы, сезімі, теориялық ойлауы дамиды, тіпті тұрмыстағы заттармен, құрал-жабдықтармен әрекет ете білуді меңгереді және еңбек балаларды қоғамның саналы мүшесі ретінде болашақ өмірге даярлайды.

Әңгімені тыңдау, суретті қарау, үлкендер еңбегін, өз құрбысынан еңбек нәтижесін қарау негізінде түсінік алады.

Әдебиет

1. Аймауытов Ж. Психология.- Алматы, 1995.
2. Алдамұратов Ә. Қызықты психология.- Алматы, “Қазақ университеті”, 1992.
3. Алдамұратов Ә. Жалпы психология.- Алматы, “Білім” 1996.
4. Әбдірахманов А., Жарықбаев Қ. Психологиялық орысша- қазақша сөздік.- Алматы, “Мектеп”, 1976.
5. Елеусізова С. Қарым- қатынас психологиясы.- Алматы, 1995.

БАЛАЛАРДЫ АДАМГЕРШІЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ НЕГІЗДЕРІ

Мырзағалиева Жаңагүл Қанатқызы, Курс 3, Н.Құлжанова атындағы Торғай гуманитарлық колледжі КМҚК

Ғылыми жетекшісі: Насрединова Акжаркын Есеметовна, арнайы пәндер оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистрі

Өзектілігі: Бүгінгі таңда жас ұрпаққа ғылыми білім берумен шектелу жеткіліксіз, оларды адамгершілікке тәрбиелеп, бала бойына ізгілікті, жалпы адамзаттық құндылықтарды қалыптастыру керек. Мәдениеті жоғары адам айналасындағылармен қарапайым қарым-қатынаста болады. Адамгершілік тәрбиесі жас бүлдіршіндерге адамгершілік ұғымы, принциптері, мінез-құлық нормалары жайындағы біліммен кемелдендіреді.

Жұмыс

мақсаты: Балалардың адамгершілік тәрбиесін беру ерекшеліктерінің теориялық-әдістемелік тұрғыда негіздеу. Балаларды адамгершілік сезімін оятып, жан-жақты саналы азамат ретінде қалыптастыру. *Міндеттері:*

Балаларды балабақшадан бастап адамгершілік сезімін оятып, жан-жақты саналы азамат тәрбиелеу ретінде қалыптастыру. Балаларды адамгершілікке тәрбиелеудің ерекшеліктерін ашу, теориялық негіздерін айқындау; Мектепке дейінгі жастағы балаларды тәрбиелеудің әдіс-тәсілдері мен бағыттарын ерекшелеп алу. Адамгершілік тәрбиесінің түрлеріне тоқталу

Мәселе: Адамгершілік тәрбиесі жастардың қоғамға, отбасына, еңбекке, білімге, Отанға, жер бетіндегі бейбітшілікке қатынасын қалыптастырады. Осы заманғы адамгершілік тәрбиесі жекелеген бағыттарға ғана емес, адамгершілік құндылықтарға негізделеді. Адам ең әуелі адамгершілігімен, парасатының биіктігімен көрікті.

Адамгершілік

тәрбиесі мектеп жасына дейінгі балалардың моральдық сенімдерін, жағымды мінез-құлық дағдылары мен әдеттерін қалыптастырады. Адамгершілік тәрбиесінің теориялық мәселесі Әл-Фараби, Ыбырай, Абай, т.б. еңбектерінде кеңінен қолданыс тапқан. Мәдениеті жоғары адам айналасындағылармен қарапайым қарым-қатынаста болады

Қазақ халқы -

мәдени бай мұрасы, өзіне біткен табиғи ерекшелігі бар, сергек ой, сезімтал жүрек, дәстүрлі тәрбие, әдіс-тәсілдері бар халық. Қазақ топырағында туып, білім алған, кейінгі ұрпаққа өшпес мұра қалдырған ұлы тұлғалар: Әбу-Насыр Әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн, Махмұт Қашқари, Ш. Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев, А.Байтұрсынов, С.Торайғыров, М.Сералин, М.Әуезов,

С.Мұқанов, С.Көбеев, Б.Момышұлы, М.Ғабдулин, т.б. ойшыл ғалымдар мен ақындар ғылымының әр саласы мен әдебиеттің, мәдениеттің дамуына игі ықпал жасады.

Мектепке дейінгі адамгершілік тәрбие - балалардың адамгершілік сана-сезімін, мінез-құлқын қалыптастыруды қамтиды. Дәлірек айтқанда, адалдық пен шыншылдық, адамгершілік, кішіпейілдік, қоғамдағы және өмірдегі қарапайымдылық пен сыпайылық, үлкенді сыйлау мен ибалық адамгершілік тәрбиесінің жүйелі сатылып қамтитын мәселелері. Адамгершілік тәрбиесінің әрқайсысының ерекшеліктерін жетік білетін ұстаз халық педагогикасын ғасырлар бойы қалыптасқан салт-дәстүрлерді, әдет - ғұрыпын жан-жақты терең білумен қатар, өркениетті өмірмен байланыстыра отырып, білім берудің барлық кезеңдерінде пайдаланғаны дұрыс.

Ата-ананың болашақ тәрбиесі үшін жауапкершілігі ұрпақтан ұрпаққа жалғасуда."Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі" дегендей, ата-ананың күн сайын атқарып жүрген жұмысы-балаға үлкен сабақ. Жас балалардың үлкендер айтса, соны айтатынын, не істесе соны істегісі келетінін бәріміз де білеміз. Баланың үйден көргені, етене жақындарынан естігені - ол үшін адамгершілік тәрбиесінің ең, демек жақсылыққа ұмтылып, жағымды істермен айналысатын адамның айналасындағыларға көрсетер мен берер тәлімі мол болмақ.

Зерттеу нәтижелері: Егер, ғұламалар мен ағартушылар, қоғам қайраткерлері, бүгінгі заман ғалымдарының еңбектеріндегі рухани-адамгершілік құндылықтары жүйеге келтіріп, тағылымдылық мүмкіндіктеріне қарай жіктеліп, мектепке дейінгі жастағы балаларды үрдісіне енгізіліп, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру мақсатына пайдаланса, онда рухани-адамгершілік құндылықтарды бағалай білетін, ұлттық сана-сезімі жоғары, инабатты, адамгершілігі мол, рухани жан-дүниесі бай, рухы биік жеке тұлға қалыптастыруға мүмкіндік туындайды. Себебі жас бүлдіршіндерге, тәрбиелік іс-шаралар, оқу іс-қызметі мазмұны рухани-адамгершілік негізінде құрылады және сол арқылы бүкіл мектепке дейінгі ұйымдарында тыныс-тіршілігіне оң ықпал жасай алады.

Қорытындылар: Қорыта айтқанда, жас өспірім тәлім-тәрбиені, адамгершілік қасиеттерді үлкендерден, тәрбиешілерден насихат жолымен емес, тек шынайы көру, сезім қатынасында ғана алады. Жеке тұлғаның бойындағы жалпы адамзаттық құндылықтардың қалыптасуы осы бағытта жүзеге асады, сөйтіп оның өзі-өзі тануына, өзіндік бағдарын анықтауына мүмкіндік туғызатындай тәлім-тәрбие берілуі керек. Жақсы адамгершілік қасиеттердің түп негізі отбасында қалыптасатыны белгілі. Адамгершілік қасиеттер ізгілікпен ұштастырады. Әсіресе еңбекке деген тұрақты ықыласы бар және еңбектене білуде өзін көрсететін балаларды еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу басты міндет болып табылады. Өз халқының мәдениетін, тарихын, өнерін сүю арқылы басқа халықтардың да тілі мен мәдениетіне, салт-дәстүріне құрметпен қарайтын нағыз мәдениетті азамат қалыптасады. Қазақ халқының әлеуметтік өмірінде үлкенді сыйлау ұлттық дәстүрге айналған. Отбасында, балабақшада, қоғамдық орындарда үлкенді сыйлау дәстүрін бұзбау және оны қастерлеу әрбір адамнан талап етіледі.

Халықта "Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал

үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың" - деп бекер айтылмаған. Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікті тәрбиелеуде, өзіндік таңдау жасауына ықпал етуде отбасы мен педагогтар шешуші роль атқарады.

Адамгершілік

тәрбиесі - адамның қоғамдық өмірінің негізі. Адамгершілік білімі-қоғамдық білімдердің басты және бастапқы бөлігі, оның базасы болып табылады. Қоғамдық білімдерге жататын саяси, құқықтық, эстетикалық, философиялық, діни білімдердің барлығы да адамгершілік білімдерге, яғни кез келген саясат, эстетикалық идеал, құқықтық нормалар, діни наным-сенімдер адамдарда және қоғамда қалыптасқан адамгершілік идеяларға, мақсаттарға тәуелді және онымен тығыз байланысты болып келеді. Өйткені адамгершілік білімі адамдардың дүниетанымын, олардың қызметін және мінез-құлқын, істері мен әрекеттерін анықтайды. Сондықтан да көрнекті педагогтар адамгершілік білімін "білім берудің алтын қазығы" деп бекер айтпаған.

Болашақ ұрпаққа адамгершілік қасиеттерді мектепке дейінгі жастағы балаларға бойына сіңіре білу, ұстаздардың негізгі міндеттерінің бірі деп есептеймін. Егер біз жоғарыда айтылған әдіс-тәсілдерді, міндеттерді балалардың бойына сіңіре алсақ, болашақта адамгершілігі мол азамат шығатынына сенемін.

Әдебиет

1. С.Қалиев, Қ.Жарықбаев. Қазақ тәлім тәрбиесі.-Алматы:Сана 1995
2. Т. Сабыров. Жастарды тәрбиелеудегі ұжымның ықпалы.-Алматы 1983
- 3.Ф.Дүкенбаева. Мектеп жасына дейінгі балаларды ойын арқылы адамгершілікке тәрбиелеу.-Алматы: Рауан 1992
4. О.С.Блгданова Бастауыш сыныптардағы тәрбие жұмысының методикасы.Алматы 1980
5. Қ.Әлішерұлы.Ахлық тәрбие негізі.-Алматы, 2006
- 6.Ж.Б.Қоянбаев, Р.М.Қоянбаев. Педагогика.-Алматы,2004
7. Ш.Құрамналина, Б.Мұқанова, Ә.Ғалымова,Р.Илясова. Педагогика.-Астана 2007

ЗАМАНАУИ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ШЕТ ТІЛДЕРІН ОҚЫТУДА ПАЙДАЛАНУ

Қасымхан Динара, 2курс, Жаркент жоғары
гуманитарлық-техникалық колледжі

Ғылыми жетекші: Жақыбаева Меруерт Мырзаханқызы
тарих және қоғамтану пәндері оқытушысы

Өзектілігі : «Педагогикалық технология» және «Ақылды білім» ұғымдарына анықтама берілген қазіргі әлемнің қиындықтары мен мүмкіндіктеріне жауап беретін оқудың жоғары деңгейін қамтамасыз ету. Аналитикалық ізденіспен оқу материалдарының бірыңғай жалпы пайдалана отырып, кітап мазмұнынан белсенді мазмұнға көшуді қамтамасыз ету жүйесі «die deutsche Welle» сайтымен жұмыс істеу. Шетел тілдерін оқытуда заманауи педагогикалық

технологияларды қолдану мәселесі күннен-күнге көтерілуде. Оқытудың жаңа әдістері мен формалары пайда болуда, олар өз кезегінде білім беру процесінде жүзеге асырылатын ақпарат алмасу және беру құралдарының әртүрлі технологияларын ғана емес, сонымен қатар коммуникативті білімді дамытуға бағытталған оқыту әдістерінің бір үлкен жүйесін білдіреді және білім алушылардың сөйлеу дағдыларын жетілдіреді.

Мәселе: Шет тілдерін үйренуге мотивацияны арттырудың жаңа әдістері мен әдістерін табу мәселесі қарастырылады. Осы формалардың бірі – жаңа педагогикалық технологиялар, оны енгізу тілді тиімді меңгеруге ықпал ету.

Жұмыс мақсаты: Шет тілінің негізгі мақсаты – шет тілін практикалық меңгеруге үйрету, базалық білімді, яғни ана тілінде сөйлейтіндермен шетел және халықаралық қатынасты жүзеге асыру қабілетін қалыптастыру. Қазіргі уақытта «SMART» тұжырымдамасы білім беру жүйесін дамытудың негізгі мақсаты болып табылады. Білімнің негізгі көзі – электронды, білім беретін интернет-контент, технологиялық операциялар мұғалімдер мен білім алушылардың кері байланысын қамтамасыз ету, олардың арасында білім алмасу болып табылады. Smart білім беру – бұл барлық білім беру процестерін, сондай-ақ осы процестерде қолданылатын әдістер мен технологияларды кешенді жаңғыртуды көздейтін ұғым. [2:20-б]

Мәселе: Заманымыздың заңғар жазушысы қазақ әдебиеті мен мәдениетінің ХХ ғасырдағы биік шыңы – ұлы Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің артында қалған ұланғайыр мұрасын зерделеп, ой елегінен өткізу үшін де әр дәуірдің, әр ұрпақтың өз айтар сөзі, таным-түсінігі болатыны сөзсіз. Егемен ел жағдайында ұлы жазушы мұрасына деген ілтипатымыз да осындай бір ұмтылыстың көрнісі болмақ. Ғасырлар бойы көшпелі тіршілікті бастан кешіріп, ХХ ғасырдың бел ортасында жол айырығына келген қазақ өмірінің барлық әрі мен нәрін, сыны мен сырын, соры мен бағын теңдессіз тарихи тұлға Абай тағдыры арқылы әрі көркем, әрі түпсіз ой көзімен ашып берген суреткер туралы талай–талай ізденістер жалғаса бермек. Олай болатыны М.Әуезов шығармашылығы ғасырлық өлшемдердің аясына әлдеқашан именбей-ақ енгеніне күн өткен сайын көзіміз жетіп келеді.

Жұмыс мақсаты: М.Әуезовтың педагогикалық көзқарасы туралы мағлұмат беру.

Міндеттері:

1. Мұхтар Әуезовтың педагогикалық көзқарасы туралы түсінік беру.
2. Мұхтар Әуезовтың білім жүйесіне қосқан үлесі туралы түсінік беру.

Кемеңгер жазушы М.Әуезов тек көркем проза жанрында ғана кесек туындылар жазып қоймай сол шығармаларын оқырманына меңгертудің де жолын жан-жақты қарастырып құнды педагогикалық мұраларды да қалдырған бірегей тұлға. Осы жолда тынымсыз тер төгіп, зерттеу мақалалары, әдістемелік бағдарлама, хрестоматиялық үлгідегі оқулық және оқу құралдары мен зерттеу еңбектерін жазды. Бүгінде біз М. Әуезовтің шығармаларын оқып-үйренудің педагогикалық негіздерін айқындау үшін қазіргі заманғы педагогика ғылымының әдістері мен технологияларын ғана қарастырып қоймай, оның өзі жазып қалдырған педагогикалық мұраларын да қатар зерделеуді жөн көрдік.

Себебі, педагогикалық оқыту әдістемесінің негізгі канонына сәйкес педагогикалық мұра қалдырған тұлғаның өзі де жүйеленген педагогикалық білімді жетік меңгеруі қажет. Ұлы жазушы М. Әуезов осы қағиданы әсте естен шығармастан, оқытудың түрлі жолдарын қарастырып, еңбектер жазып, оларды жүйелеп ұсынып бұл салаға қалам тартқан ұлағатты ұстазға айналды. Дарынды ұстаз, ұлтты сауаттандыру мен оқу мәселесі жөнінде жалаң пікір айтушы теоретик қана емес, сол іске тікелей араласқан ұйымдастырушы да бола білді. Соның нәтижесінде оқу-ағарту саласында әр уақытта өз маңызын жоймайтын мол мұраларды қалдырып ел игілігіне қолдануды мақсат тұтты.

1. М. Әуезов халықты сауаттандыруға арналған педагогикалық мұраларында алғашқы оқу-ағарту ісі жайлы ой-пікірлерін негізінен 1917-1920 жылдары жазған «Қайсысын қолданамыз?», «Ғылым тілі», «Оқудағы құрбыларыма», «Оқу ісі», «Бұл күнгі зор міндет» т.б. шағын зерттеулері мен ғылыми мақалаларында білдірді. Ал, осы салаға арнайы ден қойып көлемді еңбек жазуды 1925-1933 жылдары мықтап қолға алған. Мәселен, ұлы жазушының 1925 жылы Ленинград университетінде оқып жүріп қолжазбасын аяқтап, 1927 жылы сол кездегі Қазақстан астанасы Қызылорда қаласында жарыққа шығарған «Әдебиет тарихы» еңбегі халықтың салт жырлары мен тарихи өлеңдеріне, батырлар жырлары мен ғашықтық жырларға, айтыс өлеңдері мен ертегілерге тыңғылықты талдау жасалынған әдебиетті оқытуда құнды мұраның біріне айналған. Бұл еңбек сол кездегі республикамызда ашылып жатқан жүздеген бастауыш мектептер мен сауат ашу курстарында, оқытушылар даярлайтын техникумдарда сауатын ашып, білім алып жүрген қазақ балаларына арналып жазылған еді. Ол туралы автор кітапта: «Қазақ шөліндегі білім бұлағының күрекшісі – қазақ оқушыларына арнадым» деп жазды. Оқулықтың құрылысы төмендегідей 7 бөлімнен тұрды:

1) Сыршылдық салт өлеңдері. 2) Батырлар әңгімесі; Кіші батырлар. 3) Ел поэмалары. 4) Тарихи өлеңдер. 5) Ертегілер. 6) Айтыс өлеңдері. 7) XVII-XIX ғасыр ақындары.

Кітаптың барлық бөлімдерін кеңінен қарастырып, талдағанда шығатын қорытынды мынадай. Кітаптың негізгі мақсаты: қазақ әдебиетін оқып үйренгісі, онан хабардар болғысы келетіндерге «ескі күннен бастап, Абай мезгіліне дейін қазақ тілінде шыққан сырлы сөздің түрлерін айырып жік-жікке бөліп, әрбір дәуірден қадау қадау белгі қойып, сол белгілер бойынша тарих шаңы басып жатқан ескіліктің желісін соғып шығару, көрсету болып табылады. М. Әуезов

ескіліктің желісін ғылыми-материалистік, объективтік шындық тұрғысында және сол кезеңде сұранып тұрған ағартушылық талабына сәйкес құрған.

2. М. Әуезов ХХ ғасырдағы қазақ терминологиясы мен ғылым тілінің тарихы жөнінде баспасөз беттерінде мақалалар жариялап, терминология маңызын айшықтап, оны қолға алып, дамытудың аса қажет екеніне тоқталған. Бұл жөнінде Мұхтар Әуезовтің алғашқы мақалалары 1917, 1918 жылдары жарық көрген. Мысалы, 1917 жылы Семей қаласында басылған «Сарыарқа» газетінде «Қайсысын қолданамыз?» деген мақаласы шықты. Мұнда автор қазақ тілінде бірінғай терминдердің қалыптаспағанына тоқталып, ғылым тілінің жолға қойылмағанын атаған. Бұл мәселе білім ісіне де кедергі келтіретінін, ғылыми ұғымды білдіретін сөздердің ана тілімізде болмауын ашық айтқан. Сонымен қатар, ғылым тілінің болмауы оқу кітаптарының оңды болмауына әкеп соқтырғанын күйіне жазған.

Мұхтар Әуезов аталған мақаласын: «Жұрт оянып, көзін ашып, жұрттыққа бетін түзесе, күннен күнге мұқтажы табылып көбеймек. Осы күнгі біздің көп мұқажымыздың ішінде ең ірісі—ғылым» деп бастаған. Осылайша, ХХ ғасырдағы ғылымның жағдайына, халқымыздың оған мұқтаж болғанын дәл келтірген. Оқу кітаптарын жазудағы бас кемшілікті келесідей тұжырымдағын: «Қазаққа келсек, мектепке арналған ретті бір кітап жоқ. Себебі, мұны ниет қылған талапкерлердің алдынан көлденең шығатын бір зор кедергі барлығы. Ол – ғылым тілі. Ғылым тіліне қазақ сөзі жетпейтіні, жететін болған күнде де, аршылып, арналмағандығы анық. Қандай тілге бай жұрт болсын, ғылым жолына түсе бастағанда тілі кемшілік қылып, қашанғы ескісін алып құрастырып, бөтен жұрттың тілін жамау қылып, неше түрлі болып аламыштанады. Бір халықтың ғылымсыз күніндегі тілін алып, артынан ғылымды болған күндегі тілін алсақ, соңғы тілі жаңа туғандай болып өзгереді», – деген тұжырым айтады. Бұл үзіндіден тіліміздің қаншалықты көркем, бай болғанымен, оны ғылым тіліне түсіруде әрі оның қалың көпшілік арасында түсінікті болып жеткізуде үлкен қиындықтар орын алатынын баса айтқан. Зерттеу нәтижелері: Қазіргі таңда кемеңгер тұлғаларымыздың рухани мұраларын заман сұранысына сай тереңдете оқытқанымыз жөн. Жаңартылған білім мазмұнына сай құндылыққа негізделген білім беру үдерісінде ұлттық дәстүріміз бен мәдениетіміздің дамуына өлшеусіз үлес қосқан жазушы ақындардың мол мұрасын жете меңгерту басты міндет.

Қорытындылар: Жазушы, драматург, әдебиетші ғалымының өлмес туындылары ұлы суреткердің жеке басының зиялылығының, асқақ азаматтығының, қаламгердің шығармашылық қызметте де шексіз адал болуының жарқын өнегесі болып қала береді. Әуезов әлемі дейтін кең дүниенің жаратылысы мен табиғатын екі сөзбен қайырып айту мүмкін емес. Оны терең танып, жан-жақты талдау – әр дәуір, әр ұрпақтың киелі міндеті. Француздар – Бальзакты, орыстар – Толстойды, американдықтар – Драйзерді, немістер – Гетені қалай зерттеп, зейіндесе, қазақтар Әуезовті дәл солай тануға ұмтылғанда ғана ұлттың өзін-өзі тануы, өзін-өзі бағалауы, өзін-өзі қадірлеуі қалыптаспақ, күшеймек, жалғаспақ. Әуезов әлемі көзге көрінбейтін ғажайып ұлы сиқырымен, құдіретімен ұлттық рух тәуелсіздігін қорғауға, сақтауға үйретеді!

Келер ғасырда да кемелдене беретін кемеңгер ол М.Әуезов.Тек сіз бен біздің ғана емес, әлі дүниеге келмеген жаңа ұрпақтардың да сарқылмас игілігі, өлшеусіз бақыты дегім келеді. Себебі, М.Әуезов құдіреті оның елге деген шексіз махаббаты мен сенімінде жатыр. Осы бір ақиқатты сезіну мына біздерге, бүгінгі тәуелсіз мемлекеттің іргесін нығайтып жатқан ұрпаққа қажымас қайрат, жасымас жігер қосады деген сенімдемін.

Әдебиеттер: 1.Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. 16 т. – Алматы: Жазушы, 1979. – 359 б.

2.Тайжанов А.Т. Мұхтар Әуезовтің педагогикалық мұраларының тектеп өміріндегі орны. – Ақтөбе, 1993. – 365 б.

3. Тайжанұлы А. Мұхтар Әуезов–ойшыл, ғалым, ұстаз.–Алматы: Ғылым, 1998. – 304 б.

М.ӘУЕЗОВТЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КӨЗҚАРАСЫ

Оспан Аружан, бастауыш білім беру мамандығы БМ-11,Н.Құлжанова атындағы

Торғай гуманитарлық колледжі КМҚК

Ғылыми жетекшісі: Оразова Гулхашима Куандыковна – арнайы пәндер оқытушысы

Өзектілігі: Ұлт мақтанышы Мұхтар Омарханұлының педагогикалық мұрасына үңілер болсақ, ұлы жазушының өз заманында ақ, оқу білімнің келешегін көре білгенін байқауға болады. Оның баспасөз беттерінде көтерген педагогика, әдістемелік ғылымдар және халық ағарту ісінің толып жатқан өзекті мәселелері бүгінгі күнге дейін қажеттілігін жойған жоқ. Оған дәлел Заңғар жазушы, кемеңгер тұлғаның «Оқу ісі» деген мақаласында, оқу мәселесіне және мұғалім даярлау жұмысына айтылған пікірлері бізге рухани азық болып келеді. Онда, шәкірттерге «нені оқыту» және «қалай оқыту» керек жалпы білім берудің екі қырына ерекше мән береді. Осындағы «нені оқыту» және «қалай оқыту» керек деген мәселесі бүгінгі күндегі жаңартылған білімнің басты міндеттерімен сабақтасады. Қазіргі мектептердегі жаңартылған білім беру бағдарламасы мен КжТБ мекемелеріндегі академиялық дербестік М.Әуезовтың сол замандарда ақ, көтеріп тастаған мәселелерімен сабақтасады. Сондықтан да өз педагогикалық қызметімізде М.Әуезовтың педагогикалық көзқарасын басшылыққа алу үлкен жаңашылдыққа бастар Заңғар жол екенін айтқым келеді.

Мәселе Білім беру саласында енгізіліп жатқан жаңалықтарды қолданып, жүзеге асыруда М.Әуезовтың педагогикалық көзқарасына сүйену.

Жұмыс мақсаты: Білімді де ғылымды да қатар алып жүрген, дарынды жазушы М.Әуезовтың білім саласында қалдырған мол еңбегінде соның ішінде Абай жолы романың жазып қалдырған,соны мен қатар білім саласында соның ішінде педагогика саласына қалдырған еңбегі көп. М. Әуезовтың өмірің соның ішінде педагогикаға деген көз қарасын біле отырып шығармаларымен таныса отырып мен осы ғылыми жобамның тақырыбын «М. Әуезовтің педагогикалық көз қарасы» деп арнаған болатынмын. Және де осы Жобаны өзімнің ізденіспен өз

пікірім мен жазуды мақсат еттім! Осы мақсатқа жете үшін бірнеше міндеттерді алғы шарт ретінде қарастырдым:

1. М.Әуезовтың педагогикалық көзқарасын саралау
2. Білімге толы шығармаларымен танысып, әрбір сөзіне мән беріп қарау, мазмұнын ұғыну.
3. Білім саласына деген көз қарасын қарастыру, зерттеу.

Міндеттері: - Әуезовтың педагогикалық көзқарасының жаңартылған біліммен сабақтастығы;

- Ғалым ұстаз М. Әуезовтың оқу және оқыту әдістемесіне сіңірген айрықша еңбектері;
- Әуезовтың педагогикада болу керек деген негізгі жәйттардың педагогика саласында бар жоғын анықтау;
- Әуезовтың «Қазақ әдебиетінің тарихы» атты еңбегін толықтай түсініп ұлттық педагогикаға деген нұсқаларымен танысу;
- Әуезовтың ұстаздық еңбегімен қатар мұғалімдер мен журналистерді тәрбиелеуге қосқан зор үлесін анықтай түсу;
- М. Әуезовтың ауылдық жердегі мектептерде мұғалімдердің жетіспеуіне деген ой-пікірін анықтау;
- Әуезовтың ұстаздық еңбегімен қатар мұғалімдер мен журналистерді тәрбиелеуге қосқан зор үлесін анықтай түсу.

Ұлт мақтанышы Мұхтар Омарханұлы ғұлама ғалым ғана емес, ұлағатты ұстаз да еді. Сонымен қатар, оның жасаған құнды шығармалары қазақ халқының тарихын, өмірін, мәдениетін, тәлім-тәрбиесін, ұлттық мінезін бүкіл әлемге паш етті. Олай дейтініміз, оқу-ағарту және тәрбие саласына арнап жазған ғылыми-әдістемелік еңбектері мен оқулық кітаптары, мақалалары ұшан-теңіз. Осы қызықты деректер менің зерттеу жобамның тақырыбын «М.Әуезовтың педагогикалық көз қарасы»- деп алуға негіз болды. Мұндағы басты мақсатым: М. Әуезовтың педагогика саласына деген көзқарасына зерттеу жүргізіп, өзіме оқу тәрбие процесінде пайдалануды ниет еттім!

Мұхтар Омарханұлы жиырма жасында-ақ ғылымға, оқу-ағарту ісіне, мәдениетке көп көңіл бөліп, оны өз еңбектерінде анық та айқын көрсете білді. Педагог ретінде атқарған іргелі жұмысының бірі – бастауыш мектеп бағдарламасына сәйкес жазылып, 1930 жылы Қызылордада жарық көрген «Жеткіншек» атты ересек жастар мектебіне арналған оқу құралы. Оқу құралында жазу тілінде жаттығудың жолдарын қарастырып, ұғуға қиын сөздерді, сөйлемді жазып алу, солардың сөздіктерін құрастыру, кітаптан сөз толғап ала білу, оқығанды жоспарлай білу, сын жасап баға беру тағы басқа осы іспеттес әдістемелік жәйттер аталып өтілген. Бұлардың барлығы жаңартылған білім беру мазмұнындағы оқу мақсатының «Жазылым» іс әрекетінде орындалатын дағдыларда кездеседі.

Дарынды ұстаз тек оқу мәселесі жөнінде пікір айтушы ғана емес, сол іске белсенен араласқан кісі болып келеді. Мәдени прогресті жаңа қоғамды құрудың құрамдас бір бөлігі деп түсінген М.Әуезов «Қазіргі уақытта біздің бір мұқтажымыз бар, ол — оқу» — деп түйеді өз ойын.

М.Әуезов әсіресе ұлт кадрларын даярлау мәселесіне ерекше көңіл бөлді. «Оқытушылар, — дейді ол, — замана талабын дұрыс түсінген, адам баласының қас жауы надандық пен қараңғылыққа, қапастыққа қарсы күресуші азаматтың өткен тарихындағы барлық мәртебелі де игілікті істердің жалғастырушылары болуы шарт». М.Әуезов мұғалім жоғары ұждандық пен қатар, ұстазға тән қасиеттерді де бойына терең сіңірулері керек, яғни «олар өзі сабақ беретін пәнді толық түсініп, ол пәннің мақсатын, оқыту жөні мен жолдарын терең игеру ұдайы өзінің педагогикалық шеберлігін жетілдіре отырып өтетін тақырыптарды анық та ашық түсіндіруге ұмтылуы тиіс. Оқу тәрбие жұмыстарында педагогика мен психологиялық жәйттардың алатын орнын естен шығармауы, өз мамандығын және жас жеткіншектерді шексіз сүйе білу, олардың өзіне де және ата-аналарына да мәдениеттілік пен білім жөнінен үлгі бола білуі т.б. қажет» — дейді. М.Әуезовтің ұстаздық еңбегін сөз еткенде оның ұзақ жылдар бойы қазақтың мемлекеттік университетінде қазақ әдебиеті тарихынан лекция оқып, келешек әдебиет зерттеушісі, мұғалімдер мен журналистерді тәрбиелеуге қосқан зор үлесін де айтпай кете алмаймыз. Заманымыздың талантты жазушысы белгілі қоғам қайраткері Шыңғыс Айтматов «Правда» газетінде: «Орыс мәдениетінің дамуына Пушкин қандай әсер етсе, осы күнгі Орта Азиялық көркем ойдың және біздің барлық көрші отырған халқымыздың рухани өмірінің қалыптасуына М.Әуезов сондай әсер етті» — деп жазды.

Зерттеу нәтижелері

М. Әуезовтың педагогикалық көз қарасын саралай келе өз группалас достарыммен сауалнама жүргіздім «М.Әуезовтың педагогикалық көз қарасын жаңартылған білім беру жүйесінде қолдануға көзқарастарыңыз?» Бұл сауалнаманы ұйымдастырудағы мақсатым, достарымның көз қарасын білгім келді және көбісі М.Әуезовтың педагогикалық көз қарастары туралы терең мағұлымат білмейтін болып шықты. Нәтижесінде сол студенттерге осы ғылыми жобам арқылы М.Әуезовтің педагогика саласындағы көз қарастарын іздестіріп, білуге қызықтыра түстім. Сауалнама қорытындысы бойынша: қатысқан 120 студенттің 78 пайызы М.Әуезовтың педагогикалық көз қарасын жаңартылған білім беру бағдарламасымен сабақтастыруды қолдайды. 22 пайызы заманауи технологияларды қолдайтыны жайлы өз пікірлерін білдірді.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, келер ғасырда да кемелдене беретін кемеңгер М.Әуезов – тек сіз бен бізді ғана емес, әлі дүниеге келмеген жаңа ұрпақтардың да сарқылмас игілігі, өлшеусіз бақыты. Өйткені, М.Әуезов құдіреті оның елге деген шексіз махаббаты мен сенімінде жатыр. Осы бір ақиқатты сезіну мына біздерге, бүгінгі тәуелсіз мемлекеттің іргесін нығайтып жатқан ұрпаққа қажымас қайрат, жасымас жігер қосады.

Әдебиет

- 1.Әбиев Ж. Педагогика тарихы: Оқу құралы. - Алматы: Дарын, - 2006. - 480 бет.
2. Әлемдік Педагогикалық Ой-сана. 10-томдық. 1-2 том -Алматы, 2009.- 400 б.
3. Берикханова А.Е. Педагогикалық мамандыққа кіріспе. Оқу құралы. - Алматы, 2009.-240 б.

4. Баймолдаев Т.М. Білім беру жүйесін басқарудың әдіснамалық негізі: Білім беру ұйымдарының басшыларына және білім жүйесі қызметкерлеріне арналған. Монография. /Т.М.Баймолдаев. - Алматы, 2013. - 356 бет.
5. Жарықбаев. Қ.Қ.,С.Қ.Қалиев.Қазақстандағы педагогикалық ой-пікірлері антологиясы. Алматы 2013ж.24
Абстракт
6. Кошербаева А.Н. История педагогической мысли в эпоху Центрально-Азиатского Ренессанса (X-XIV вв.).-Алматы, 2010.-200 с.
7. Қоянбаев.Ж.Б.,Қоянбаев Р.М.Педагогика.Алматы,2005.125 б.
- 8.Құрманалина Ш.Х.,Мұқанова Б.Ж.,т.б ПЕдагогика-2009ж.29 б.
9. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика. Алматы, 1998.
10. Педагогика тарихы. Оқулық: ҚазМемҚызПУ-Алматы, 2009.- 398 б.
11. Сейталиев К.Б. Педагогика тарихы - Атырау, 2007.-336 б.

М.ӘУЕЗОВТЫҢ РУХАНИ МҰРАСЫ МЕН ЭТНОМӘДЕНИ ДӘСТҮРЛЕРІ

Қуандық Парасат Гапарғалиқызы, 1 курс,
Н.Құлжанова атындағы Торғай гуманитарлық колледжі КМҚК
Оразова Гулхашима Куандыковна – арнайы пәндер оқытушысы

Өзектілігі Халықтық тәрбие адам баласының дүниеге келген күнінен бастап бірге жасасып келе жатқан ұлттық болымысымыз бен бірегейлігіміздің қайнар бұлағы. Ол қағазға жазылып түспеген, бірақ халық жадында мәңгі сақталып, ұрпақтан -ұрпаққа ғасырлар бойы ауызша нақыл-ақыл, өсиет-өнеге, қағида болып келген білім-білік, тәлім-тәрбие беру тағылымдары бар. Халық өзінің өмір сүруінің барлық жақтарына да халықтық білімді жинақтаған. Халық педагогикасы қоғам дамуының барлық сатыларынан өтіп, ғылыми педагогикалық дәрежеге жеткенше ұрпақ тәрбиесінің бастау бұлағы болғанын М.Әуезовтың еңбектерінде ерекше көрініс тапқан.

Заманауи педагогикалық әдіс- тәсілдердің қайссын алып қарасаңыз да бала тәрбиесіндегі маңызды факторлардың бірі ұлттық болымысымызды айқындайтын халықтық тәрбие, халық педагогикасының маңыздылығы мен қажеттілігі күн санап айшықталып келе жатқанын байқаймыз. Бала тәрбиесінде халқымыздың ғасырлар бойы жасаған халықтық тәрбие жүйесі бүгінгі күнге дейін өз өзектілігін жойған жоқ. М.Әуезов шығармаларында ұсынған әдет ғұрып салт-дәстүрлерді жаңа сипатта, жаңартылған біліммен сабақтастыра отырып қолдану әрбір ұстаздың пәрменді қызметіндегі басты мәселе болуы тиіс. Сонда ғана біз педагогика саласына өшпес жаңашылдық пен білім беру саласына ешкімге ұқсамайтын бірегейлік енгізе аламыз. Ол жаңартулар біздің ұлттық болымысымызды айқындап тұратын бірегейліктің дәлелі болуы керек.

Мәселе: М.Әуезовтың рухани мұрасындағы бала тәрбиесінде нәтижелі роль атқаратын этномәдени дәстүрлер мен халықтық педагогикамыздың маңыздылығына қоғам назарын аудару.

Жұмыс мақсаты ХХ ғасырдың аңыз адамына айналған,қазақ әдебиет саласында өзінің өшпесті ізің қалдырған,филология ғылымының

докторы.Әдебиет саласының жаңа дәуірін қалыптастырған және рухани құндылықтары жарыққа шығарған Мұхтар Әуезовтың шығармашылық жолын зертеу нысанында, халықтың ой өрісін өзгеруге себепші болған тұлғаның рухани құндылықтары мен этномәдени дәстүрлер туралы зерттеуді мақсат еттім.

Міндеттері

- 1) Жазушының алтын қаламымен жазылған рухан мұраларының тарихы
- 2) Қоғам қайраткері, заңғар жазушы шығармаларындағы этномәдени дәстүрлер
- 3) Аты әлемге таңылған қоғам қайраткерінің шығармаларындағы оқырманға берет тәрбие

Гипотеза: М.Әуезовтың әңгімелерін зерттей отырып олардың адам санасына ұлттық болымысымызға, бірегейлігіміз бен ұлтты, ұлттығымызға тигізер қозғаушы кү екенін байқауға болады.

Зерттеу нысаны: М.Әуезовтың артынан қалған рухани мұрасы мен шығармаларындағы этномәдени дәстүрлер туралы көзқарасын зерделеу.

Зерттеу әдістері: Баяндау, мазмұндау, талдау саралау.

1. Қоғам қайраткерінің шығармаларындағы этномәдени дәстүрлер.

Қазақ әдебиет саласында есімі алтын әріптермен жазылған тұлғалардың бірі Мұхтар Әуезов. Оның есімі ісі қазақ еліне етене таныс. Әр туындысын қазақи нақышта, ұлттық бірегейлігімізді еңбектерінде көрсетіп әлемге паш еткен бірден бір тұлға. Кәзіргі заманда гуманизм мен патриоттық тәрбиенің өз ара қарым- қатынастары туралы проблемалар этномәдени дәстүрлерге қарастырылған сабақтастыра қолдану өз нәтижесін берері сөзсіз. Сондықтар мен жобамның тақырыбын М.Әуезовтың рухани мұрасы мен этномәдени дәстүрлері деп алдым. Мұхтар Әуезовтың шығармалары рухты көретіп, өз ұлтын сүйуге жетелейтіні анық. Бүгінгі таңда көңенін көзі болып қалған шығармалары мені қызықтырды Мұхтар Әуезовтің білімге және шығармашылық жолға тұсуіне себепті болған атасы Әуездің ықпалымен шығармашылықты ерте жастан қолға алған. Мұхтар Әуезов орыс қазына училищесінің бесінші класында алғашқы Дауыл атты шығармасын жазды Әдебиетті жетік білген тұлғаның еңбектерін зерттеп отырып өз қатарарым мен кейінгі толқын жастарға насихаттауды қолға алдым. Қоғам белсендісі алаш жастар одағының ұйытқысы болған, заңғар тұлға М.Әуезовты мақтан етемін.

Кәзіргі таңда жиі байқайтынымыз жастардың ұлттық этнодәстүрлерімізді ұмытып бара жазқаны және бұл қоғам алдындағы үлкен проблема екенін мойындауымыз керек. Мұхтар Әуезовтің қай шығармасын алсаңыз да ұлттық болымысты, қазақилықтың иісін сезуге болады. Бұл біздің ұлтымыздың мәдениеті. Қазақ халқының өмірі мен тұрмысының, этнографиясының, салт-дәстүрінің, мәдениеті мен әдебиетінің, ана тілі байлығының рухани көрінісі бір ғана «Абай жолы» роман-эпопеясында айқын суреттелді. Өзінің бір сөзінде: «Ұлттық дәстүрлер көркемдік шеберліктің халықтар жинаған мол қазынасын ғасырдан – ғасырға әкеп тапсыратын эстафета іспетті. Дәстүрлер шебер суреткерлердің жаңашылдық ізденуі арқасында толысып, түрленіп отырады. Жаңа дәстүрлер туады дейді М. Әуезов. Салт-дәстүрлер қандайда бір халықтың мәдени даму дәрежесін, өзіндік ерекшеліктерін көрсететін, оны басқа

халықтардан айырмашылығын көрсететін белгі десекте болады. Әуезов Абай өмірін шығармаға өзек ете отырып, сол тұстағы халықтың өмірін, әдет-ғұрыпын дәстүрін терең қамтып зор шыншылдықпен көз алдымызға әкелді. Мұхтар Әуезовтей қазақ халқының салт-дәстүрін жетік әрі терең білетін автор жоқ деп ойлаймын. М.Әуезовтің шығармаларында салт-дәстүр, әдет-ғұрып, ұлттық болымыс сипатталып жеткізілген. Ол жазушының «Еңлік-Кебек», «Қараш-қараш оқиғасы», «Қаралы сұлу», «Қыр суреттері» сынды шығармаларында біршама үлгі болатын көрініс тапты. Мұхтар Әуезовтің қай шығармасының алсақта қазақ халқының мәдениетіне тән, этномәдени шеңбері ауқымды, ұлттық нақышқа бай әрі біздің ата-бабаларымыздан қалған дәстүрлерімізді ұмытпауға себепші екені анық көрсетілген.

Зерттеу нәтижесі

Зерттеу жұмысымының барысында жинақтаған ақпараттар жайлы көпшілік пікірін білу үшін өз әлеуметтік парақшамдағы 325 адаммен төмендегі сұрақтар бойынша сауалнама жүргіздім. Сауалдама алудағы мақсатым, М.Әуезовтің рухан мұралары туралы не білетінін және осы жобаммен оларға тиімді ақпарат беруді көздей отырып халқымыздың сан ғасырлар бойы қалыптасып келген этномәдени дәстүрлері жөнінде ойларын білгім келді. Сауалнама төмендегі сұрақтарды қамтыды.

1. М.Әуезовтің рухани мұралары мен таныссыз ба?
2. Этномәдениет және ұлттық тәрбие негізіндегі білімді қолдайсың ба?
3. Ұлттық салт- дәстүрлерді ұстанасыз ба?

Ия білемін. Жауабы: 30,1%

Жоқ білмеймін. Жауабы: 22,2%

Естігенмін Жауабы: 25,3%

өз жауабы. Жауабы: 22,4%

Сауалнамадан жақсы нәтиже алып, білгем түйгенімді достарыма жеткіздім және өзімде олардың ойларын естіп көп ақпарат алдым.

Қортынды

Зерттеу жұмысы барысында М.Әуезовтың этномәдени көзқарасы мен халықтық салт дәстүрлерді, шығармаларында баяндау арқылы ұлттық болымысымызды сақтауға, ұлттық құндылықтарымызды бағалауға назар аудардым. Бала тәрбиелеу арқылы ұлт тәрбиелейтінімізді ескерсек, М.Әуезов шығармалары арқылы келешегімізді кемелді етуге әбден болатынын мойындауға болады. Қазақ елі мәңгілік ел болу үшін Құнбайдай баланы бастан тәрбиелеп, бала оқытуды жек көрмей, тарихи маңызды шешім қабылдауда тәуекелшіл және туралықты негізге алсақ деген ұсыныс айтқым келеді.

Жалпы этномәдениет ата-бабаларымыздың тәрбиеге байланысты ғасырлар қойнауынан сараланып жеткен іс-тәжірбие жиынтығы, қанша уақыт өтсе де тат баспайтын адалдығы айнадай ұлттық қазына. Халқымыз өз ұрпағын ізгілікке инабаттылыққа, адамгершілікке тәрбиелеуді басты мақсат санаған. Олай болса, бүгінгі ұрпағымызды халқымыздың баға жетпес бай салт-дәстүрі негізінде тәрбиелеу, оларға ата-бабаларымыздың салт-дәстүрлерін терең сіңіру заман талабы. Халық батыры Бауыржан Момышұлы айтқандай «Өткенін білмеген, одан тәлім-тәрбие, ғибрат алмаған халықтың ұрпағы-тұл, келешегі тұрлаусыз».

Келешек ұрпақты тәрбиелеуде этномәдениетімізді Әуезовше қолдана алсақ келешегіміздің кемел болары хақ.

Әдебиет

1. Мұхтарқызы.М.О.Әуезов творчествосындағы Қазақстан тарихындығы проблемалар.«Алматы»1977
- 2.Мырзахметұлы. М.Әуезов және Абай «Қазақстан» 1997
- 3.Дүйсенбаев.Мұхтар Әуезов Қазақ ССР«Ғылым» баспасы Алматы1974
- 4.Нұрғалиұлы Қазақ әдебиетінің Алтын ғасыр «Күлтегін»2002

ДӘУІРДІҢ ДАРА ТҰЛҒАСЫ

Айтан Нұрболат, Асылұлы Бекзат 2 курс студенттері,
КМҚК «Қостанай құрылыс колледжі»

Ғылыми жұмыс жетекшісі: Конарбаева Бактыгул Кыстауовна,
арнайы пәндер оқытушысы

Тақырыптың өзектілігі: Қазақтың заңғар жазушысы, Абайтану ғылымының негізін салған, Абайды әлемге алғаш танытқан жазушы академик – Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің (1897-1961) туғанына 125 жыл. Әлемдік ірі құбылыс, ғұлама жазушы М.Әуезов қазақ халқының рухани байлығын бүкіл дүние жүзіне паш етті. Өзінің саналы ғұмырын қазақтың әдебиеті мен мәдениетіне, тарихы мен ұлттық өнеріне арнады. Ол әдебиеттің бар саласында да қажырлы еңбек етті. Жазушының артынан қалдырған мол мұралары публицистика, драматургия, проза, көркем аударма тұрғысынан болса, ғылыми мұрасы фольклортану, әдебиеттану сияқты ірі салаларды қамтиды.

М.Әуезов – қазақ халқының ғасырға жуық өмірінің рухани шежіресін жазған, ұлт келбетін бар шындық айшықтарымен көрсете алған ірі тұлға. Ол ХХ ғасырдағы ең үздік шығармалардың бірін дүниеге әкелген нағыз кемел шығарманың авторы ғана емес, талғампаз зерттеуші. М.Әуезов арқылы төрткүл дүние Абайды танып, Абай арқылы Азияның кіндігіндегі көшпенділер елі тарихын зерделеп, дала пәлсапасына қанығады. Ол шәкірттік дәуірді басынан өткермей, әдеби майданға білек түре кіріскені тырнақалды шығармаларынан-ақ айқын аңғарылады. Көркем сөз құдіретін ерте ұғынған жазушы қазақ әдебиетіне құбылыс болып енді. Ұлттық сөзді биік белеске көтерді. Сол себепті М.Әуезовтің ұлы шығармалары қазақ халқының көнермес асыл мұрасы, ар-абыройы болып қала бермек.

Халқының мақтанышына айналған М.Әуезовтің өмірі мен шығармашылық жолы, ізденістері жөнінде кеңес дәуірінде көлемді зерттеулер жүргізілгенімен, оның кейбір туындылары тұрпайы саяси сынға төтеп бере алмай, көз бен көңілден таса қалды. Шығармаларындағы ұлттық өрнектер, дәстүр ерекшеліктері дұрыс қабылданбай, пролеткульт талабына сай келгендей ғана әдеби айналымға түскен. Енді бүгін жоғалтқанымызды тауып ойсырағанның орнын толтырудың уақыты жетті.

Зерттеу жұмысының мақсаты: Қаламгер шығармаларында ұлттық болмысты сөз өрнегімен өріп, қазақ әдебиеті мен мәдениетін жаңа сатыға

көтерді. Бүкіл халықтың ой-санасының алтын арқауына айналған рухани құндылықтарымыздың жарқырай көрініп, дамуына біршама ықпал етті. Ендеше ұлы суреткердің шығармашылық жолының бастауын зерттеу нысанасы етіп, сол арқылы Семей кезеңіне, руханият ісіне, өмір, тұрмыс сырына, уақыт тынысына ден қою – әдебиеттану ғылымы үшін аса зор міндет.

Мұхтар Әуезов шығармаларындағы қорғансыздар рухы жеке адам рухынан бүкілхалықтық рухқа ұласа біледі. Суреткердің әрі ашық, әрі астарлы көркемдік-философиялық өлмес-өшпес ойларындағы ұлттық тәуелсіздік рухы, азаттық пен еркіндік сүйгені халқымыздың әрі қымбат, әрі қастерлі қайсар болмыстары, жігерлі де табанды шайқастары өміршең асқақтығымен ерекше көркемдік биіктерге жетелейді. Байырғы қазақ аулындағы әлеуметтік теңсіздік, әділетсіздік, озбырлық, отаршылдық, жалпы айтқанда қорғансыздар күні жазушы шығармаларының өзекті мәселесі. Алайда жазушы тәуелсіздікті ұмтылған халықтың қаншама қорғансыз болғанмен, рухтары мықты, намысқор екенін әр шығармасында көрсетіп отырған. Қазақ әдебиеті мен мәдениетінің барлық саласында теңдессіз еңбек еткен М.Әуезовтың ұлан-ғайыр мұрасын зерделеу.

Жұмыстың ғылыми жаңашылдығы. Абай өз заманының «жұмбақ жаны» болғандығы баршамызға белгілі. Ал Әуезов болса өзінің көркем романдары мен ғылыми зерттеулері арқылы осы бір жұмбақты таркатып онын тереңіне бойлай енуге күш салды. Енді «баяғы жартас бір жартас болған, соқтықпалы сокпақсыз, жердің жұмбағын шешкен Мұхтар Әуезовтің өзі әдебиетшілер үшін терең де жан-жақты зерттеудің сарқылмас қазынасына айналды. Қазіргі егеменді ел болып, тәуелсіздігімізді алған шақта, дініміз бен тілімізді түгелдеп, өз болмысымызды, дәстүрімізді саясаттың салқынынсыз жанаша зерделей бастаған тұста М.Әуезовтің әлемдік тұғырын және әлем әдебиеті мен қазақ әдебиетінің арасындағы тарихи сабақтастықтың, ықпалдастықтың болғанын тереңірек, жаңа қырынан зерттеу қажет деп есептейміз.

Мұхтар Әуезовті Бальзакпен, Толстоймен, Гетемен, Достоевскиймен, Тургеневпен, Шолохпен салыстыру жиі кездеседі. Әлем әдебиеті алыптарымен қатар қою жағынан алғанда, бұл дұрыс та. Алайда әр классик — қайталанбас дара тұлға. Мұхтар Әуезов - қазақ халқының ұлы перзенті, қазақтың Әуезові, сонан кейін барша адамзаттың Әуезові. Мұхтар Әуезов - таланты бірден жарқырап көрініп, көзі тірісінде аты әлемге әйгілі болған қаламгер.

Зерттеу міндеттері:

Әңгіме жанрын таныту;

М.Әуезов әңгімелерінің мазмұны;

М.Әуезов әңгімелеріндегі тартыс.

М.Әуезов әңгімелеріндегі әдеби – теориялық ұғымдар

Зерттеу жұмысы: зерттеу жұмысы кіріспеден, төрт тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

Қорытынды: Әуезов әлемі дейтін кең дүниенің жаратылысы мен табиғатын екі сөзбен қайырып айту мүмкін емес. Оны терең танып, жан-жақты талдау – әр дәуір, әр ұрпақтың киелі міндеті. Француздар – Бальзакты, орыстар

– Толстойды, американдықтар – Драйзерді, немістер – Гетені қалай зерттеп, зейіндесе, қазақтар Әуезовті дәл солай тануға ұмтылғанда ғана ұлттың өзін-өзі тануы, өзін-өзі бағалауы, өзін-өзі қадірлеуі қалыптаспақ, күшеймек, жалғаспақ. Әуезов әлемі көзге көрінбейтін ғажайып ұлы сиқырымен, құдіретімен ұлттық рух тәуелсіздігін қорғауға, сақтауға үйретеді! Келер ғасырда да кемелдене беретін кемеңгер М.Әуезов – тек сіз бен біздің ғана емес, әлі дүниеге келмеген жана ұрпақтардың да сарқылмас игілігі, өлшеусіз бақыты. Өйткені, М.Әуезов құдіреті оның елге деген шексіз махаббаты мен сенімінде жатыр. Осы бір ақиқатты сезіну мына біздерге, бүгінгі тәуелсіз мемлекеттің іргесін нығайтып жатқан ұрпаққа қажымас қайрат, жасымас жігер қосады

Әдебиеттер тізімі

1. Қ. Байтанасова, С.Айтуғанова «Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі» Астана 2008 «Фолиант»
2. Г.Құрманбай, Е.Жұматаева «Әдебиетті оқыту әдістемесі»
3. Б.Әрінова, А.Аққұлова «Әдебиетті оқыту әдістемесі»
4. Р.Құтқожина «Әдебиетті оқыту әдістемесі»
5. Қ.Бітібаева «Әдебиетті оқыту әдістемесі» Алматы: «Рауан» 1997
6. М.Әуезов.Әңгімелер. Алматы: Жалпы,1987.
7. «Қазақстан мектебі»№2. 2008ж
8. С. Мақырұлы, А.Қыраубайқызы, К.Құрманбай.Қазақ әдебиеті әдістемелік нұсқау. Алматы: Мектеп 2008ж
9. Р. Нұрғалиев «Мұхтар Әуезов тағылымы»
10. «Қазақ тілі және әдебиет журналы»№2. 2008ж
11. «Қазақстан мектебі »2009 №1

МҰХТАР ӘУЕЗОВ «АБАЙ ЖОЛЫ»

Купеева Анаргуль, 1 курс студенті,
«Қостанай ауылшаруашылық колледжі» КМҚК.
Жетекші: Жумагулова Айнагуль Аманжоловна,
қазақ тілі мен әдебиет пәнінің оқытушысы.

Тақырыптың өзектілігі: Әлемдік ірі құбылыс, ғұлама жазушы М.Әуезов қазақ халқының рухани байлығын бүкіл дүние жүзіне паш етті. Өзінің саналы ғұмырын қазақтың әдебиеті мен мәдениетіне, тарихы мен ұлттық өнеріне арнады. Ол әдебиеттің бар саласында да қажырлы еңбек етті. Жазушының артынан қалдырған мол мұралары публицистика, драматургия, проза, көркем аударма тұрғысынан болса, ғылыми мұрасы фольклортану, әдебиеттану сияқты ірі салаларды қамтиды.Алаш қайраткерлері ішінде коммунистік террордан тірі қалған жалғыз қазақ Мұхтар Әуезов еді. Ол ұлы толқынның рухани аманатын көркем әдебиетте толық қалдырған бірден-бір қаламгер. Бұл идея ең алдымен оның басты шығармасы "Абай жолы" романында жүзеге асты.

Мәселе.М.Әуезов – қазақ халқының ғасырға жуық өмірінің рухани шежіресін жазған, ұлт келбетін бар шындық айшықтарымен көрсете алған ірі тұлға. Ол шәкірттік дәуірді басынан өткермей, әдеби майданға білек түре кіріскені тырнақалды шығармаларынан-ақ айқын аңғарылады. Көркем сөз

күдіретін ерте ұғынған жазушы қазақ әдебиетіне құбылыс болып енді. Ұлттық сөзді биік белеске көтерді. Сол себепті М.Әуезовтің ұлы шығармалары қазақ халқының көнермес асыл мұрасы, ар-абыройы болып қала бермек.

Зерттеу жұмысының мақсаты: Қазақ әдебиетінің тарихындағы дала тағдырын мұхит тектес тереңдікпен толғаған "Абай жолы" роман-эпопеясының авторы Мұхтар Әуезовтің көпке дейін, дәлірек айтқанда, қырықтың үстіне шыққанша, ұлы ақынның өмірі, туған-өскен ортасы туралы шығарма жазу жоспары болмағанын ескерткені бар. Абай өлеңдерін бастыру, ғұмырбаянын жасау, зерттеу еңбектер жариялауды романға барар жол деп санамаған екен. Дегенмен, ескі жұртта әлі де көп естелік бар-ды. Абай заманының сан-салалы сырларын, дәуірдің қат-қабат тартыстарын, дәлді оқиғалар, аңыз-әңгімелерді даланың жезтаңдай, ескі көз, құйма құлақ адамдары кейде саф таза күйінде, кейде мың құбылтып жеткізген.

Зерттеу міндеттері:

- М.Әуезов Абай жолы романына әдеби талдау жасату арқылы автор мұратын ұғындыру;
- Жазушы Абай жолы романының тақырыбын, идеялық-көркемдік мазмұнын ашу;
- Жазушының тіл шеберлігін таныту.

«Абай жолы» - Мұхтар Әуезовтың әлемге әйгілі тарихи романдар топтамасы - қазақтың тұңғыш эпопеясы. Эпопеяның «Абай» атанған алғашқы екі кітабына КСРО Мемлекеттік сыйлығы (1949), «Абай жолының» тұтас төрт томына Лениндік сыйлық (1959) берілді. «Абай жолы» арқылы қазіргі қазақ прозасы күллі дүние жүзі әдеби классиканың шырқау шыңына шықты. Сөйтіп, 19 ғасырдың 40-50-жылдарын М. О. Әуезов туған әдебиетіміздің даму тарихында бұрын-соңды болып көрмеген ренессансқа айналдырды. Мұның өзі заңды да, өйткені «Абайдай» шығарма бұл тұсқа дейін қазақ әдебиетінде болған емес». ^[1] «Бұл да аз,- деді француз жазушысы Луи Арагон,- әлемнің басқа елдерінде де онымен тең түсетін шығарма табу қиын; бұл, менің ойымша, ХХ ғасырдағы ең үздік шығармалардың бірі».

Алаш қайраткерлері ішінде коммунистік террордан тірі қалған жалғыз қазақ **Мұхтар Әуезов** еді. Ол ұлы толқынның рухани аманатын көркем әдебиетте толық қалдырған бірден-бір қаламгер. Бұл идея ең алдымен оның басты шығармасы "**Абай жолы**" романында жүзеге асты.

Қазақ әдебиетінің тарихындағы дала тағдырын мұхит тектес тереңдікпен толғаған "**Абай жолы**" роман-эпопеясының авторы **Мұхтар Әуезовтің** көпке дейін, дәлірек айтқанда, қырықтың үстіне шыққанша, ұлы ақынның өмірі, туған-өскен ортасы туралы шығарма жазу жоспары болмағанын ескерткені бар. Дегенмен, ескі жұртта әлі де көп естелік бар-ды. Абай заманының сан-салалы сырларын, дәуірдің қат-қабат тартыстарын, дәлді оқиғалар, аңыз-әңгімелерді даланың жезтаңдай, ескі көз, құйма құлақ адамдары кейде саф таза күйінде, кейде мың құбылтып жеткізген. Абайдың мінезіне қанықтырған қасындағы жары – Әйгерім, ұлы – Тұрағұл, інісі – Шәкәрім, шәкірттері – Көкбай, Қатпа, Баймағамбеттер. Көп нәрсенің түбіне, түкпірлі табанына үңілу керек болған. Ел аузы Қамқа мен Қодар нәпсі үшін қылмысқа барған деседі.

Абай үш әйел алған кісі: Ділда, Әйгерім, Еркежан. Дәрмен деген ақын болмаған. Жазушылық мақсатқа орай автор өмірлік дәлді деректерді қажет жерінде өзгерткен, керекті орайда жаңа кейіпкерлер, оқиғалар ойлап тапқан.

Абай бейнесін жасауда ақын өмірінің белгілі оқиғалары кеңінен суреттеледі, оның шығармаларындағы әуез-сарындар, мотивтер, идеялар пайдаланады. Бірақ жеке өлеңдерге иллюстрация, жалаңаш еліктеу, қайта баяндап беру дегеніңіз атымен жоқ, Абай сөздері, диалогтағы, монологтағы лебіздер түп-түгел ақын лексикасын, синтаксисті ескере отырып, тыңнан жасалған, Мұхтар тудырған. Осы сарынның тереңдеген тасқыны "**Абай жолы**" эпопеясының басынан аяғынан дейін ыңыранып ағып жатыр: Қодар мен Қамқаның зорлықпен жасалған қанды өлімі, намыстан күйіп кеткен Бөжейдің кекті өлімі, ауыр сырқаттан көктей қиылған Әбіштің аянышты өлімі, асарын асап, жасарын жасап, ұрпағын өсіріп болған Зеренің разы өлімі, қатыгез, тасжүрек ру басыларының құрбандығына шалынған титтей Кәмшәттің ащы өлімі, кезінде қылышынан қан тамған Құнанбайдың шымылдық артындағы сопылық, мінажат өлімі, ең ақырында халқының ары мен ұяты, жаны мен сыры, өлеңі мен үні болған дана Абайдың трагедиялық өлімі бар. М.Әуезов – қазақ халқының ғасырға жуық өмірінің рухани шежіресін жазған, ұлт келбетін бар шындық айшықтарымен көрсете алған ірі тұлға. Ол ХХ ғасырдағы ең үздік шығармалардың бірін дүниеге әкелген нағыз кемел шығарманың авторы ғана емес, талғампаз зерттеуші. М.Әуезов арқылы төрткүл дүние Абайды танып, Абай арқылы Азияның кіндігіндегі көшпенділер елі тарихын зерделеп, дала пәлсапасына қанығады. Ұлы Абайды жырлау үшін қазаққа Керек болды Мұқаң сынды бір дана. Мыңқ етпестен жалғыз өзі атқарып, - деп әлем әдебиетіне «Абай жолын» сыйлаған, Абайдай ақыны арқылы елін танытқан дарын иесін, бүкіл рухани өміріміздің қалыптасуында зор еңбек еткен ғұлама суреткер бейнесін беруде өз талантын көрсетеді.

Зерттеу нәтижелері. Ұлы жазушының бас шығармасында бейнеленген негізгі тартыс-әділет пен зорлық, тұтастық пен алауыздық, білім мен надандық, махаббат пен ғадауат майданында түптің түбінде жарқын өмірдің, нұр сәуленің, береке-бірліктің жеңетінін мадақтаған, өзі құлай сүйіп, сол жолға барлық қайрат-жігерін, өр талантын, сапалы ғұмырын арнаған – қазақ халқының өрісті келешегі мәңгілік деген асқақ арманды үміттің оты маздап жанып тұр.

Қорытынды. Төрт томды эпопеялық көлемді роман қазақ қоғамының жарты ғасырлық әлеуметтік, тұрмыстық, отбасылық, ғұмырын мейлінше дәл, айқын, адал бейнелейді. Оқиғалар жыл маусымдарының төрт мезгіліне бірдей, тәуліктің әртүрлі сәттерінде, күн демей, түн демей, толассыз өтіп жатады. Аталар буыны Құнанбайлар өмірінің соңғы кезеңі, орта буын Абайлар өмірі түгелдей дерлік, жаңа буын Әзімбайлар өмірінің тал түсі, жас төл Рахымдар өмірінің басы – бірімен-бірі жалғас, үзілмейтін тіршілік көшінің керуені іспеттес, бірін-бірі қуалай жосыған дария толқындары секілді сабақтас, жалғас қалпында көрініс табады. Бұл бір мәңгілік толас таппас жақсылық пен жамандық, махаббат пен ғадауат, әділет пен зұлымдық шайқасы ретінде бейнеленеді.

Сөйтіп, М.Әуезов өнер адамы мен халық тағдырын тұтас бірлікке көрсететін зор реалистік шығарма жазудың жаңа көркемдік мектебін ашты. Негізінен, өмірде өткен адамдардың басында болған оқиғалардың жалпы сорабын сақтай отырып, жазушы көркемдік логика, эстетикалық мұратты, реалистік шығарма жасау талап-шарттарын бірінші орынға қойған. Өз атымен, өзінің тіршіліктері нақты, дәмді әрекеттерімен бейнеленген кейіпкерлердің өзін сомдауда жазушы қиялға, авторлық фантазияға мол орын береді. Тыңнан, ойдан шығарылған оқиғалар, ситуациялар, бейнелер толып жатыр. Бұл ретте Әуезов шеберлігі шомбал шұбар тасты ойып, қашап, жан бітіріп, көркем тұлға, жауһар туынды жасайтын тынымсыз еңбекқор мүсіншінің азапты да рахат әрекеттерін еске түсіреді.

Пайдаланылған ақпарат көздерінің тізімі

1. ҚР ҰҒА академигі, профессор Рымғали.
2. Қ.Бітібаева «Әдебиетті оқыту әдістемесі» Алматы: «Рауан» 1997ж.
3. М.Әуезов. Әңгімелер. Алматы: Жалпы, 1987ж.
4. «Қазақстан мектебі» №2.2008ж.

ТВОРЧЕСТВО МУХТАРА АУЭЗОВА – ОСНОВА ФОРМИРОВАНИЯ ИСТИННОГО ПАТРИОТИЗМА

Пашинский Дмитрий, студент 1 курса ЧУ «Колледж ЗЕРЕК»

Научный руководитель: Шалапина Оксана Борисовна, преподаватель русского языка и литературы.

В 2022-2023 учебном году в целях поддержки чтения и повышения престижа книги («мода на чтение») среди обучающихся продолжается проект «Читающая школа». Проект направлен на повышение читательской компетентности, уровня культуры чтения и читательской активности обучающихся через взаимодействие и социальное партнерство, продолжение участия школьников в международных исследованиях по читательской грамотности и привлечения родителей к мероприятиям для реализации проекта по формированию единого читательского сообщества.[1]

Одной из форм организации внеучебной деятельности является школьные театры. Школьные театральные кружки способствуют раскрытию творческого потенциала обучающихся и привитию эстетического вкуса. Принимая участие в подготовке и постановке различных спектаклей, учащиеся имеют возможность глубже изучить литературные произведения, проявить креативность при создании костюмов, а также развить социально-эмоциональные навыки такие как эмпатия, сотрудничество, эмоциональный интеллект. [1]

Актуальность темы очевидна. Сейчас перед школой ставится сложная задача: увлечь детей чтением и воспитать истинных патриотов своей страны. Однако несмотря на то, что М. Ауэзов является классиком казахской литературы, на изучение его творчества выделено очень мало часов. Мы считаем, что творчество Мухтара Ауэзова – благодатный материал для решения задач, прописанных в инструктивно-методическом письме.

Гипотеза: Изучение творчества М. Ауэзова с применением разных форм обучения способствует воспитанию истинного патриотизма и любви к художественному слову.

Цель работы – изучить творчество М. Ауэзова, способствующее воспитанию истинного патриотизма и любви к художественному слову, а также формы организации работы над литературным произведением, которые способствуют повышению интереса к художественной литературе и повышению уровня читательской грамотности.

Задачи:

1. Изучить произведения М.Ауэзова, представленные в школьной программе
2. Изучить нестандартные формы работы над литературным произведением
3. Провести анкетирование на знание творчества М.Ауэзова
4. Составить комплекс занятий по произведениям М.Ауэзова
5. Проанализировать значимость комплекса занятий для воспитания патриотизма и любви к чтению

Объект исследования: творчество М.Ауэзова

Предмет исследования: произведения М.Ауэзова, включенные в курс школьной программы и нестандартные формы работы над произведением.

Методы исследования: анкетирование, опрос, эксперимент, анализ данных, изучение литературных источников.

База исследования – ЧУ «Колледж ЗЕРЕК» (1-е курсы базы 9 и 11 классов), ОШ №19 города Костаная (2, 4, 7 классы).

В ходе работы над темой мы выявили, что творчество Мухтара Ауэзова практически не изучается в начальном звене (2 фрагмента из произведения «Путь Абая» во 2 классе), а в среднем звене на изучение его творчества выделено катастрофически мало часов (4 часа в 6 классе и 10 часов в 11) на уроках казахского языка и литературы. Из программы русской литературы его творчество убрали полностью.

Мы провели анкетирование среди студентов колледжа 1 курсов базы 9 и 11 классов и учащихся 7 класса ОШ №19 города Костаная на знание творчества М.Ауэзова. Анкетирование показало, что всего 36% обучающихся колледжа могут назвать произведения Ауэзова, а среди учащихся 7 классов этот процент еще ниже (22% респондентов).

Изучив нестандартные формы работы над литературными произведениями, мы составили комплекс занятий по произведениям М.Ауэзова и предложили обучающимся принять участие во внеклассной работе. Первое время дополнительные занятия посещали несколько человек (5), но со временем людей становилось больше. Сейчас на дополнительные занятия по изучению творчества М.Ауэзова ходит 18 человек. Сейчас ребята иногда сами предлагают произведения, с которыми они хотели бы поработать, поэтому комплекс занятий мы немного корректируем.

На основании проведенной работы можно сделать **вывод**, что творчество М.Ауэзова по-прежнему очень актуально и интересно для детей, нужно лишь подобрать правильные, современные, близкие обучающимся формы работы над

произведениями. Также, работа над произведениями учит восхищаться природой родного края, ценить свою землю, а значит формирует истинный патриотизм.

Мы планируем продолжить работу по созданию комплекса занятий и расширить не только список изучаемых произведений М.Ауэзова, но и список казахстанских писателей-классиков, изучение творчества которых незаслуженно сократили в школах.

Список литературы:

1. Инструктивно-методическое письмо 2022-2023 учебный год
2. УМК «Литературное чтение»
3. УМК «Русская литература»
4. Нурпеисов Р. «Ауэзов и Алаш», Алматы, 1995.
5. Анастасьев Н. «Трагедия триумфатора» (серия ЖЗЛ), Москва, 2006.
6. Анастасьев Н. «Трагедия триумфатора», (изд. 2-е, исправленное и дополненное), Алматы, 2007.

МУХТАР АУЭЗОВ И ЕГО НАСЛЕДИЕ

Насырова Гульназ, студентка 1 курса КГКП «Сарыкольский колледж агробизнеса и права» Управления образования акимата Костанайской области
Научный руководитель: Утенова Гульвира Сапановна, преподаватель казахского языка и литературы

Актуальность темы заключается в том, что Мухтар Ауэзов был стержневой фигурой в развитии казахской литературы и культуры, и что его произведения продолжают оказывать неизгладимое влияние на народы Казахстана. Казахстан и не только. Как писатель, драматург и культурный деятель, Ауэзов сыграл ключевую роль в формировании культурной самобытности казахского народа и в содействии более глубокому пониманию и оценке его наследия.

Проблема. Проблема заключается в незнании нынешнего поколения о культурном наследии великого поэта и сложности темы. Сложность темы, вероятно, возникает из-за изображения социальных и культурных проблем того времени в его произведениях и исследования человеческих эмоций, отношений и интеллектуальных занятий в его произведениях.

При изучении творчества Мухтара Ауэзова можно поставить несколько целей:

- ✓ Понимание культурного и исторического контекста: Ауэзов жил и писал во время значительных политических и культурных перемен в Казахстане, и его произведения глубоко укоренены в событиях и переживаниях его эпохи. Важно понимать исторический контекст, чтобы в полной мере оценить темы и идеи его произведений.
- ✓ Анализ литературного стиля и техники: Ауэзов был искусным писателем, и его произведения характеризуются богатым и запутанным повествованием, яркими характеристиками и проницательными комментариями о человеческой природе и обществе.

- ✓ Изучение тем и посланий. В работах Ауэзова часто исследуются универсальные темы, такие как любовь, дружба, власть и социальная справедливость. Изучая эти темы, можно глубже понять состояние человека и проблемы, с которыми сталкиваются люди в разные эпохи и культуры.
- ✓ Ценить культурное наследие: Ауэзов был страстным защитником казахской культуры и самобытности, и его работы являются важной частью культурного наследия Казахстана.

В соответствии с указанной целью поставлены следующие **задачи**:

- изучить биографию Мухтара Ауэзова;
- провести обзор писательской карьеры Ауэзова;
- выявить вклад в модернизацию Казахстанского общества.

Анализ «Мухтар Ауэзов - ум и душа эпохи» предполагает изучение жизни и творчества казахского писателя и драматурга Мухтара Ауэзова, которого многие считают «умом и душой эпохи» начала 20-х гг. века в Казахстане. В центре внимания анализа будет то, как Ауэзов отражал культурные, социальные и интеллектуальные тенденции своего времени в своих произведениях.

Жизнь и карьера: биографические данные, образование и жизненный опыт Ауэзова будут изучены, чтобы понять предысторию и влияние, сформировавшее его жизнь и карьеру.

Литературные произведения: изучение романов, пьес и стихов Ауэзова, включая анализ его стиля письма, тем и посланий, будет проводиться для понимания его литературного вклада и культурных и социальных проблем, которые он затрагивал в своих произведениях.

Исторический контекст: исследование исторического и культурного контекста, в котором жил и писал Ауэзов, включая влияние политических и культурных изменений в Казахстане в начале 20-го века, будет предпринято для понимания более широкой культурной и интеллектуальной среды, в которой работал Ауэзов.

Наследие и влияние: будет проведено исследование продолжительного влияния Ауэзова на казахскую и мировую литературу и его влияние на последующие поколения писателей, интеллектуалов и деятелей культуры, чтобы понять его значение в казахской литературной традиции.

Целью этого анализа будет дать тонкое и всестороннее понимание Мухтара Ауэзова как «разума и души эпохи», контекстуализировать его место в казахской литературной традиции и осветить культурные и интеллектуальные тенденции Казахстана начала 20-го века.

Результаты исследования показали влияние творчества Мухтара Ауэзова на казахскую литературу и культуру.

Выводы. Мухтар Ауэзов через свои литературные произведения воплощает разум и душу эпохи, в которой он жил. Он исследовал сложные человеческие эмоции и переживания, отражающие культурные, социальные и политические реалии Казахстана и оставившие неизгладимый след в литературном и культурном наследии страны. Новаторский стиль Ауэзова,

сочетающий элементы традиционного казахского повествования с современными литературными приемами, продолжает очаровывать публику и вдохновлять будущие поколения.

Есть несколько вариантов решения проблемы неосведомленности молодежи о творчестве Мухтара Ауэзова: включение произведений Ауэзова в систему образования: включение произведений Ауэзова в учебную программу в школах и университетах может помочь молодым людям познакомиться с его произведениями и повысить их осведомленность о его вкладе в казахскую культуру и литературу.

Организация культурных мероприятий и мероприятий. Проведение таких мероприятий, как чтение книг, театральные представления и выставки, посвященных жизни и творчеству Ауэзова, может способствовать повышению осведомленности о его достижениях и стимулировать интерес к его творчеству.

Использование современных технологий. Использование современных технологий, таких как веб-сайты, социальные сети и онлайн-платформы, для продвижения произведений Ауэзова и повышения их доступности для молодежи может помочь охватить более широкую аудиторию и воспитать новое поколение поклонников.

Поощрение академических исследований: Поощрение научных исследований и исследований жизни и творчества Ауэзова может помочь создать новые взгляды и идеи, которыми можно поделиться с широкой общественностью, и способствовать более глубокому пониманию его вклада в казахскую культуру.

Сотрудничество с литературными и культурными организациями. Работа с литературными и культурными организациями как на национальном, так и на международном уровне может помочь привлечь внимание к творчеству Ауэзова и способствовать более высокой оценке его достижений.

Литература

1. Адамбекова, Г. (2017). МухтарАуэзов и казахская литературная традиция. Лондон: Рутледж.
2. Ахмедова, Р. (Ред.). (2019). МухтарАуэзов и его время: Очерки в честь 120-летия со дня рождения великого казахского писателя. Алматы: Казахский национальный университет им. аль-Фараби.
3. Даулеткерей, Б. (2017). МухтарАуэзов: Жизнь и творчество казахского народного писателя. Бишкек: Кыргызский национальный университет.
4. Джонс, С. (2021). Наследие МухтараАуэзова: исследование казахской литературной традиции. Улан-Батор: Издательство Монгольского национального университета.
5. Кудайбергенова, З. (2019). МухтарАуэзов и казахское интеллектуальное наследие. Астана: Казахская академия наук.
6. Мендикулов, А. (2016). Разум и душа МухтараАуэзова: критическое исследование его жизни и творчества. Алматы: Казахский национальный университет искусств.
7. Мухтар, А. (2019). Собрание сочинений МухтараАуэзова (т. 1-10). Алматы: Казахская академия наук.

М.ӘУЕЗОВ ӘНГІМЕЛЕРІ АРҚЫЛЫ ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Есенжол Зарина Есенжолқызы

«М.Әуезов атындағы педагогикалық колледжі» КМҚК

Ғылыми жетекшісі: Сарсекова Гүлжан Кусмановна

Педагогика пәнінің оқытушысы, педагог-шебер

Өзектілігі: Әлемдік ірі құбылыс, ғұлама жазушы М.Әуезов қазақ халқының рухани байлығын бүкіл дүние жүзіне паш етті. Өзінің саналы ғұмырын қазақ әдебиеті мен мәдениетіне, тарихы мен ұлттық өнеріне арнады.

Мәселе: Біз білімді ұрпақ, білімді тұлға дегенде рухани жан-дүниесі бай, білімі мен біліктілігі жоғары, талап-талғамы терең, салауатты өмір салтын дұрыс қалыптастырған тұлғаны айтамыз. Қазіргі жаңа қоғамда тек білімді болу жеткіліксіз, сондықтан әрбір жеке тұлғаның бойында адамгершілік, ізгілік, кішіпейілділік, қайырымдылық, отансүйгіштік және тағы басқа да қасиеттерді қалыптастыруда М.Әуезов әңгімелерін оқытудың маңызы зор.

Жұмыс мақсаты: М.Әуезов әңгімелерінің жеке тұлғаны қалыптастырудағы маңызын айқындау.

Міндеттері: М.Әуезов әңгімелерінің мәнін ашу

М.Әуезов әлем әдебиетінде жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде өрнекті із, тағылымды табыс қалдырды. М.Әуезов мұрасы қазақ әдебиеті көкжиегін кемелдікпен толықтырып, қазақ руханиятына даңғыл жол салуымен де ерекшеленеді. Мұхтар Әуезов есімі Абай есімімен рухани сабақтастықты жалғастырып, адамзаттық құндылықтар шеңберін шеберлікпен дамытуымен де асқақтай түседі.

Жазушының шығармашылық өнегесі мен адамдық бейнесі баршаға үлкен өнеге мектебі болды. Оның ғұмыр жолы үлкен де күрделі кезеңдерден тұрса да, жазушы таланты ерте мойындалып, бағаланды. Қаншама еңбектер жазылып, тарих қойнауына ізсіз аттанып кетіп жатыр, ал Мұхтар Әуезов еңбектері бүгін солардың бәрінен озып, тарих таразысынан өтіп, дүниежүзілік үлкен әдебиетке барып қосылды. Оның есімі туған халқының әлем алдында бетке ұстар тұлғасына айналып, ал мұралары жалпыадамзаттық құндылықтарға толық тәлім бере алады.

Қазіргі қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар саласының білім беру үрдісінде кеңінен қолданылып келе жатқан парадигманың бірі рухани құндылықтардың әдіснамалық негізін құрайтын «гуманистік» парадигма болып отыр. Бұл парадигма адамдардың әлеуметтік мәдениетте дамып жетілуінің нәтижесінде қалыптасқан. Адамға деген ізгілікті көзқарас білімді гуманитарландыру мәселесін туындатып, оның қоршаған әлемді тануға деген ізгілікті көзқарасын қалыптастыру, өзін-өзі дамыту, шығармашылығын шыңдау ретінде танылады. Бұл ретте гуманитарлық пәндерді меңгертуде жастарды адамгершілік, мораль нормаларына тәрбиелеуді басты назарда ұстаған жөн. Гуманистік парадигма тұрғысынан білімнің соңғы нәтижесі әр адамды әлемде болып жатқан жағдайларға бей-жай қарамайтын, жаңалыққа, жаңа тәжірибеге

ашық, өзін дамыта алатын, еркін әрекет субъектісі етіп қалыптастыру болып табылады.

Ұлы жазушы М.Әуезовтің шығармашылығын «гуманистік» парадигма негізінде оқытудың орны ерекше. Гуманистік парадигманың көздеген негізгі мақсатының бірі білімді, жаны ізгі адамдарды тәрбиелеп, қол жеткізген нәтижелердегі негізгі құндылықтарды ізгілікке бағыттау. Сол арқылы қоғамда заманға сай ұлттық құндылықтарын бойына молынан сіңірген, жаңаша ойлайтын жеке тұлға қалыптастыру.

Жас ұрақтың бойында халықтың салт-дәстүрін, өнерін, ана тілін қадірлейтін, Отанын, елін, жерін сүйетін жан жақты жетілген, саналы намысқор патриот тұлға қалыптастыруда М. Әуезов шығармаларының ықпалы зор. Шынай өмірді дәл сол қалпында түсірген ұлы жазушының қай әңгімесін, повесін, романын оқысаң да, еш жалықпайтын, қазақтың жалпақ тілімен әсерлі жазылған нағыз өмірді көре аласың. Олар әлем таныған «Абай жолынан» бастап, «Қараш-қараш оқиғасы», «Көксерек», «Жетім», «Оқыған азамат», «Қыр суреттері», «Үйлену», «Сөніп-жану», «Кім кінәлі?», «Ескілік көлеңкесінде» т.б. шығармалары.

Жазушы шығармаларынан сол замандағы қоғамдық өмірде орын алған алуан түрлі мәселелерді - ауыл адамдарының өмір тұрмысы, күн көрісі, үйлену, отбасын құру және құдаласу, қыз ұзату сияқты әдет-ғұрыптар, оқыған жігіттердің мінезі, іс-әрекеттерін байқауға болады. Осының бәрі адамгершілік идеялар әйелдің бас бостандығы, әділеттілікті жақтау тұрғысынан көрсетіледі. Жазушы әңгімелерінде адамдардың жанашыры болуға ұмтылып, қайғы қасіретке душар болған жетім, жесірлердің ауыр халін тебірене бейнелеуінен оның шығармасындағы гуманистік сипаттың пафосы сол кездің өзінде аса күшті болғанын байқауға болады.

М. Әуезовтің «Көксерек» әңгімесінде білім алушыларды ең алдымен оның оқиға желісі қызқтырады. Әсіресе, бұл әңгіме ер балаларды ерекше елең еткізеді. Автор осы әңгімесінде адамдар әлемі мен қасқырлар әлемін қатар алып, адамдардың сол қасқырлардан да қатал екенін көрсетуі - әңгіменің басты мәселесі. Көксеректі жауыздыққа итермелеген де сол адамдардан көрген жәбірі. Әңгіме ішіндегі басты проблеманы оқушыға ұғындыру үшін, әңгіменің алғашқы беттерінен-ақ соған жетелеп отыру қажет. Осы әңгімені оқи отырып білім алушы оқиғаны ой елегінен өткізіп, оның шешуін табушы рөлін атқаруы тиіс.

Сондай-ақ, М.Әуезовтің «Қараш-қараш оқиғасындағы» негізгі кейіпкер Бақтығұлдың іс-әрекеті ұрлыққа жата ма? - деген ой төңірегінде пікірталастыра отыра ойларын дәлелдету – білім алушыны шығарманың мазмұны мен идеясына көз жүгіртуге, проблемаларды бүгінгі күнмен байланыстырып қарастыруға. ізденіске, өзіндік танымын ашуға, өз пікірін, көзқарасын білдіре алуға жетелейді.

«Қорғансыздың күні» шығармасы оқырманның көз алдына байырғы қазақ ауылындағы кедейлер өмірінің бір көрінісін тамыр-тереңінен қопарып әкеліп, бейшара, қорғансыз жандардың тұрмыс-тіршілігіндегі жан түршігерлік азап пен ауыртпалықты аса шыншылдықпен әсерлі баяндайды. Жазушы өмір

шындығын, заман сипатын, адамның тіршілік-тынысымен байланыстыра, сабақтастыра шебер әңгімелеп жеткізеді. Оқиға басталғаннан-ақ оқырманды қорқынышты бір үрей сезімі билейді. Тағдыр тауқыметін арқалаған жүдеу үйдегі соқыр әйел, кәрі әже, жас қыздың зарлап калуы кімді болса да тебіrentпей қоймайды. Тек Ақан сияқты қатыгез, жауыз болыс қана міз бақпай, өзінің айуандық бет-пердесін біртіндеп ашады, қара ниет ауыл әкімінің тағылық қылықтары әшкереленеді. Жас қызды зәбірлеп, зорлық көрсетуі Ақанның азғындығын, адамгершіліктен жұрдай екенін дәлелдейді. Сондай-ақ оқырман Ақан, Қалтай сияқтылардан ешқандай жақсылық күтуге болмайтынын түсініп, ұғынады. Қорлыққа жаны төзбеген, жауыздықтың құрбаны болған Ғазизаның әкесінің моласына барып, үсіп өлуі себебін жазушы өте анық та дәл шебер суреттейді.

Жазушының төлтума шығармасына С.Мұқанов: «1921 жылы жазған «Қорғансыздың күні» атты алғашқы әңгімесімен Мұхтар шын мағынасындағы европалық прозаның дәрежесіне көтерілді» деп баға берген. Ал, Қ.Сыздықов «Қорғансыздың күні» жөнінде: «Осы әңгімеде тек құрдымға кеткен қайғы-мұң ғана емес, мұнда білінер-білінбес болса да бұлқынып жатқан қайсар күш бар, қарауытып тұнжыраған мылқау ағыстың астында жатқан табан толқын бар сияқты» - дейді. «Қорғансыздың күні» арқылы ол заманының шынайы көрінісін, ащы шындығын, тұтас бір қорғансыздар әлемінің мұң-зарын көрсетіп, оқырманның ішкі сезімін оятарлық жан түршігерлік оқиғаны баяндайды.

Бүгінгі білім беру үрдісіндегі «гуманистік» парадигманың негізінде жазушының аталмыш әңгімелерін оқыту педагогиканың прогрессивті ұстанымдарын сақтай отырып гуманистік құндылықтарды дамыту арқылы жеке тұлғаның бойында кайырымдылықты, шыншылдықты, әділдікті, еркіндікті қалыптастырудың тиімді әдісінің бірі болары анық.

Қорыта айтқанда, М.Әуезовтің көркем әңгімелерін қазіргі білім беру үрдісінде тереңірек оқытып, таныту арқылы білімді игеруші тұлғалар өздерінің теориялық, әдістемелік білімдерін толықтырып қана қоймай оларды өмірде қолдануға дағдыланады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Мұхтар Әуезов туралы естеліктер. 2-бас. Құраст. Дияр Қонаев, Санагүл Майлыбаева, Әндібек Қуанышбаев. - Алматы: «Білім» баспасы, 2007. - 288 бет.
2. Саурбаева С.Б. М.Әуезов әңгімелерін жанаша көзқараспен оқыту//«Әуезов оқулары» республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары, Семей, 2007.-46-49б.б.
3. Тұрғынбаева Б.А. Қазіргі білімнің негізгі парадигмалары//Рухани жаңғыру: ХХІ ғасырдағы заманауи білім беру кеңістігінің парадигмалары. Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары. Қазақстан, Тараз, 2 том. 2018.- 3-4 бб.
4. <https://articlekz.com/kk/article/32504>

ПРООБРАЗЫ ПРИРОДЫ, ЧЕЛОВЕКА И ЖИВОТНОГО В ТВОРЧЕСТВЕ МУХТАРА АУЭЗОВА.

Сыздыкова Диана, студент 4 курса «Учреждение «Колледж «Семей»
Научный руководитель: Ревина Евгения Петровна, преподаватель
специальных дисциплин.

Актуальность: Тема моего доклада актуальна в наши дни, так как в Республике Казахстан проходит программа «Рухани Жангыру».

Проблема: Современное молодое поколение не знает о многогранности произведений Мухтара Ауэзова.

Цель работы: Ознакомить с образами природы, человека и животных в творчестве Мухтара Ауэзова.

Задачи: Изучить произведения автора и выявить взаимосвязь между ними, ознакомиться с творчеством иллюстраторов произведений Мухтара Ауэзова, выполнить зарисовки к произведениям Мухтара Ауэзова.

В докладе раскрывается важное значение образов природы, людей и животных в прозе М. Ауэзова. Данное исследование связано с актуальной культурной и ментальной спецификой казахского этноса и других народов нашей многонациональной страны. Прообразы, сформированные людьми, жившими во время кочевания казахского народа, показываются как первотекст, моделирующий современные художественные формы в различных видах искусства и в частности - литературе. Исследование осуществляется на основе материала ранней прозы М. Ауэзова. Чаще я буду ссылаться на произведения «Серый лютый» и «Путь Абая». Определен основной конфликт анализируемых произведений.

Прообраз – нечто или же некто, служащее образцом, тем на что можно походить или от чего можно перенимать черты, как и внешние так и внутренние. Прообраз в литературе вещь обыденная. Большинство, если не все произведения, хоть как-то походящие на реальный мир и являются продуктом влияния этого самого мира на ум, мышление и решения писателя.

Конкретно в нашем случае, я буду рассматривать прообразы казахского эпоса, из которого уже происходит литература, вплоть до современной. Эпос казахов основывался, в основном, на мифологических элементах мировоззрения тюрков как последователей тенгрианства. Важнейший из этих мировоззренческих элементов – гармония с природой, понимание неба, земли, животного, растения и человека как единого целого. Животные (волк, собака, конь, олень и др.) были для казахов помощниками, попутчиками, источниками пищи и одежды. Почитание определенной местности и определенных животных – характерная черта мирозерцания древних казахов. Антропоморфические мифы часто выступают центральным мифопоэтическим концептом, который отразился во многих фольклорных и художественных произведениях. Можно с уверенностью заявить, что в XX веке мифологизм становится основополагающим свойством литературы. Мифологическая проза занимает огромное место в казахской литературе. Примером этому может служить творчество М. Ауэзова, Р. Сейсенбаева «Трон Сатаны», О. Бокеева «Человек-Олень», А. Тынибекова «Исполины» и других.

Центральные персонажи произведений М. Ауэзова зачастую являются животными, описываемые людскими качествами или людьми, описываемые животными характеристиками. В обоих случаях на первый план выходит описание их уникальных повадок, черт характера и их взаимоотношения с окружающей природой. Эта связь позволяет с уверенностью заявлять о влиянии окружающей среды на мотивы фольклора в казахской устной и в последствии письменной литературе. Пришедшие еще со времён кочевого образа жизни прообразы зверей, живших неподалёку от людей и природы, с которой им доводилось сосуществовать почти все время. Всё это заметно повлияло на текст и мотивы произведений М.Ауэзова, и на казахскую литературу в целом.

М. Ауэзов также использовал в своих произведениях тотемические отношения к животным, строил их архетипы и прописывал сюжеты. Произведение «Серый лютый» я выбрала ввиду того, что это произведение, максимально подходящее для исследования данной темы. Заглавие произведения «Серый Лютый» также отсылает читателей к тотемным образам волка и почитание его в различных культурах.

Коксерек представляется М. Ауэзовым как символический образ высшего существа, самодостаточного, смелого, свободного, дерущегося с противником либо до победы, либо до смерти. «...матерый, с теленка ростом, до того лют, до того страховиден...».

Теперь рассмотрим другой тотемный образ, показанный в рассказах М. Ауэзова: образ собаки. Как известно, в европейской и славянской культурах всегда существовал симбиоз устных преданий, языческих и христианских мифов. Благодаря этому образовалось специфическое отношение европейцев и славян к природе, домашним и диким животным. В европейской культуре и литературе собака представлена как друг человека и охранник домашнего очага. Она была не только домашним животным, но и сказочным помощником, преданным и верным другом.

Дружба человека и собаки длится более пятнадцати тысяч лет. Подчинение собаки воле человека положило начало приручению диких животных человеком. У М. Ауэзова собака предстает не только спутником человека, но и незаменимым помощником. Она защищает от нападения хищников скот, охраняет жилище, помогает охотиться.

Как видно из вышеприведенного обзора, собака изображена высоконравственным, сугубо положительным образом. Это, по сути, архетип друга и помощника. Однако собака в славянской мифофольклорной традиции – это только помощник героя. А волк в тенгрианстве – мифический образ, соизмеримый с Богом.

Что касается отношения к волку в разных фольклорных традициях, то оно амбивалентное (двойственное). В славянской мифологии оборотень (волкодлак, вурдалак) соединил в себе черты фольклорного образа и заимствования из представлений о христианской демонологии. Эта амбивалентность в полной мере раскрывается в рассказе «Серый Лютый»: У М. Ауэзова, помимо людей, волк противопоставлен и правильным псам,

являющимися одновременно и архетипами, и тотемами: «Пес и волк столкнулись на снежном откосе, и пес с разгону сшиб волка с ног, но и сам покатился, не устояв. Оба вскочили, сцепились клыками и разошлись с окровавленными пастями, хрипло дыша. Нашла коса на камень...»

Не маловажной частью поэзии М.Ауэзова является природа. Описание окружения героев произведений помогает лучше влиться в происходящее и прочувствовать тот спектр эмоций, что чувствовали герои, взаимодействуя с природой. Детальное описание природы от травинки степи до журчащих рек и пронсящегося ветра придает сценам в произведении более живую, приземленную, а главное понятную читателю атмосферу происходящего. Наилучшим описанием природы из имеющихся произведений писателя обладает «Путь Абая», за что был неоднократно оценён как критиками, так и читателями. Конкретно для этого случая М.Ауэзову помогло непосредственное нахождение на описываемой территории, что многократно улучшает качество описания за счёт наличия натуры.

Результаты исследования: Результатом исследования являются иллюстрации, выполненный мной по мотивам произведения «Серый лютый», которые могут быть использованы в качестве наглядного материала при изучении творчества Мухтара Ауэзова, а также при оформлении тематических альбомов, плакатов, афиш и т.д.

Выводы

В итоге проведенного исследования можно сделать вывод, что в ранней прозе М. Ауэзова преобладают универсальные характеристики прообразов волка и собаки на основе мифов. Автор использует прием интертекстуальности мифологических образов и структур, вводя их в ткань художественного произведения. Мифообразы волка и собаки в произведении М. Ауэзова актуализируют кочевую культуру. На первый план выходит важность естественных, природных составляющих характера персонажей. Можно отметить и преобладание пейзажных зарисовок в произведениях М. Ауэзова. Таким образом, включенные в авторский текст древние мифологические и фольклорные схемы творчески переосмысляются. Основным конфликтом анализируемых произведений заключается в столкновении двух типов культур – «цивилизационной» и «природной». Мотив превращения в исследуемых произведениях выражает стремление автора актуализировать оппозиции «человек-зверь» и «природа-цивилизация».

Литература:

- 1 Жанысбекова Э. Функции мифа в художественном произведении: классификационный аспект // Science and Education Studies, – Stanford University Press, 2015, №2
- 2 Алтыбаева С.М. Казахская проза периода независимости: традиция, новаторство, перспективы. – Алматы: КазНПУ им. Абая
- 3 Шайдуллина Л.Д. Тенгрианство – религия тюрков

МУХТАР ӘУЕЗОВ ЖӘНЕ ӘЛЕМ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ РУХАНИ ҮНДЕСТІК
Қабышова Айсұлу Берікқызы 21-ББ-1 -топ студенті,

Абай атындағы Шығыс Қазақстан гуманитарлық колледжі
Ғылыми жетекшісі: Оқасова Ғалия Тұрысбековна, қазақ әдебиеті пән
оқытушысы

Зерттеудің өзектілігі. Табиғат тепе-теңдігінің бұзылуы. Әдебиет алыбы М. Әуезов сонау ХХ ғасырдың басында табиғат тепе-теңдігінің бұзылуына, қоғамда болып жатқан әр түрлі саяси жағдайларды өз шығармаларында ой толғайды... Әлем әдебиетіне шолу жасайды.

Қасиетті **Құран Кәрімде:** «Ол сондай Алла әр нәрсенің жаратылысын көрікті етіп әсемдеді», – деген аят бар. («Сәжде» сүресі, **7-аят**). **Құран Кәрім** айнала қоршаған орта мен табиғатты Алланың сұлулығы, сән-салтанатының көрінісі деп суреттеген. Шынында Алла тағала мына әлемді көркем әрі сұлу жаратқан. Әр мақұлық табиғаттың үйлесімімен және белгілі бір мақсатпен жаратылған.

М. Әуезовтің «**Көксерек**» повесі – өзінің проблемалық өзектілігі жағынан, тақырыптық ерекшелігі жағынан бітімі бөлек шығарма.«Көксерек» повесі 1929 жылы жазылған. «Көксерек» әңгімесі мажар, поляк, монғол, неміс, эстон, голланд тілдеріне аударылған. Әңгіме сол дәуірде үлкен бағыт алған **адам-табиғат** тақырыбына құрыла білген.

Зерттеудің мәселесі:Зерттеу мәселесі ретінде табиғат пен адамның байланысы. Бұл күндері қазақ халқы мен бүкіл әлем халықтарының рухани мәдениетінің аясында Мұхтар Әуезовтің тамаша тұлғасы Қазақстанның құдіретті бейнесінде бұрынғыдан да жарқырап көрінуде. Ұлы жазушының ұлан-ғайыр мұрасы зәулім көркем ғимараты іспетті, оның ішкі жиһазының сыр-сипатын білу, тану, рухани азық ету әлі талай жылдар мен ғасырларға созылатындығын айқындау

Зерттеудің мақсаты: Әлем әдебиетімен қазақ әдебиетінің өзара рухани үндестілігін айқындау.

Зерттеудің міндеті:

1. Жазушы шығармаларының өмір құбылыстарымен байланыстылығы
2. Ізденіс жұмыстарына баулу арқылы жас ұрпақтың ой өрісін рухани жан дүниесін байыту
3. Еркін сөйлеу дағдыларын жетілдіру
4. Заңғар жазушының шығармаларын құрметтеуге
5. Әлем әдебиетіне қызығушылықтарын ояту
6. Көкем шығармалар арқылы әлем әдебиетін сүйуге, елін–жерін құрметтеуге тәрбиелеу

М.Әуезов әлем әдебиетінің өзара байланысы туралы көп зерттейді.Әдебиет туралы құнды ойларын ортаға сала отырып М.Әуезов былай деп жазды: «Әдебиетіміздің әлем әдебиеті мен ішінара байланыс қарым-қатынастарын олардың бір-біріне жақындаса араласуымен қатар зерттеу дұрыс. Бұны әдебиет тарихы ғылымының және зор мұраты деп санау керек».

Зерттеудің нәтижелері: Осы Мұхтар Әуезовтың еңбектерін қарай отырып, тағыда басқа шығармалармен байланысын байқадым.

Мұхтар Әуезовтың аудармасы арқылы әлем әдебиетінің озық үлгісі «**Ақ азу**» ХХ ғасырда қазақ оқырмандарының жүрегінен орын ала білді.

Аз ғұмыр кешсе де есімі әлем әдебиетінде алтын әріппен қалған бірден-бір дарынды, қайталанбас тұлға – Джек Лондон. Джек Лондонның шығармашылық лабораториясының негізгі орталық нүктелері **адам-табиғат-өркениет**. Осы үш тепе-теңдік санатында ой қозғаған ойшылдың ірі шығармаларының негізгі идеясы да сол ғаламзат өркениетіндегі табиғат пен адам арасындағы байланысты қамтиды. Осы орайда жазылған гуманистік бағыттағы ең атақты шығармасы – «**Ақ азу**». Дж. Лондонның «**Ақ азу**» романы – автордың үлкен қырағылығының нәтижесінде дүниеге келген туынды. Жазушы шығармасын жақсылықпен аяқтайды. Оқырмандар қасқырдың қиын да қызықты тағдырына куә болады, Адам мейірімі жібітпес қаратас жоқ.

«Табиғаттың таза мақұлықаты үшін тұқым жалғар ұрпақтан қымбат ештеңе жоқ» Шыңғыс Айтматов

Рухани әлемі мен мәдени өмірі таяқтың екі ұшындай егіз жаратылған қазақ-қырғыз халықтарының сабақтастығын нығайта түскендей ХХ ғасырдың орта шенінде «Адамзаттың Шыңғысы» атанған Айтматовтың найзағай жарқылы әдебиет көгінде ерекше құбылыс боп бой берді. Оның қаламгерлік қыры мен сол кезеңдегі қоғамдық үдеріс біріне-бірі келіспей кері ағып жатса да, әдебиет көшкінінде сыбағалы бағасы оң шешімін тауып, әлемдік классиктермен иық тіресетін дәрежеге көтерілді.

Бұл идеяны төңіректетін тағы бір мәселе: адамның ашкөздігі, тойымсыздығы. Қараңыз, Мойынқұм даласында ақбөкендер жөңкіліп жортып барады, оны Аққұртқа әулеті жыңғыл арасынан көріп-ақ тұр. Бірақ таяқ тастам жердегі жемтігіне ұмтылмау себебі неде? «Өйткені олар тоқ болатын, ал мынандай ми айналған ыстықта тоқ қарынмен жел аяқ ақбөкендердің соңына түсіп қуалау өзіңе-өзің ажал тілегенмен бірдей. Ең бастысы – бөлтіріктерді сұрапыл сүргінге салуға әлі ертерек еді.

Дүние дүние болып жаралғалы бері нендей мақұлық өз ұрпағы үшін күресіп келеді. Табиғаттың заңдылығы солай. Ұрпақ өсірмей, із қалдырмай, дүниеден көшу – жоғалу. Романдағы бүкіл адамзаттың мүддесі үшін **ЖАН ПИДА** еткен Авдий Калистратов пен Иса пайғамбар болса, өз нәсілі үшін **ЖАН ПИДА** еткен кейіпкерлер Аққұртқа мен Бостон болып шықты. «**Жан пида**» романындағы Ақбөрі мен Тасшайнар өмірі, т.б. қасқырлар өміріне байланысты суреттер де жазушының шындық өмірде көргендерімен тығыз байланысты.

Табиғат тепе-теңдігінің бұзылуы бұл әлемдік проблемалық мәселелердің бірі. ХХІ-ші ғасырдың басында жазылған О. Бөкейдің «**Қасқыр ұлыған түн**». Жазушы бұл шығармасында осы заманғы ғылым мен техника табыстары, жетістіктері емес, сол жетістіктердің көлеңкесінде қалған жадау тіршілік кешкен қазақ ауылдары, ондағы адамдар тағдырын көрсетеді. Шағын әңгіменің кейіпкері Арайдың өз ауылының мүшкіл халін айта келіп: «... Бірақ сіздер мұндай ауылды менсінбей, тура, түзу де, жайлы тегіс жолмен үлгілі селоға тартасыздар, тек сондай тамашаны ғана көріп жазасыздар», - деуі сол кезде ешкім айта алмайтын әлеуметтік шындық екені даусыз. Жазушы өзінің

көптеген туындыларында өмір шындығын, объективті жақтарын саралай отырып, өзі қалаған рухани-адамгершілік идеалды шығармаларына арқау етеді.

Қорытынды. Ұлы жазушы, ғалым, қоғам қайраткері М.Әуезовтің көркем мұрасы біздің төл әдебиетіміздің ғана емес, бүкіл адамзат мәдениетінің де бағалы жетістігі екені тарихи шындық. Оның шығармашылық қарымы ауқымды да бай. Романшы, драматург, әдебиетші ғалым, аудармашы – бұл ұлы қаламгер дарынның толық емес тізімі. Оның Көксерек туралы жазған әңгімесі асқан шеберлікпен жазылған, ХХ ғасырдағы қазақ әдебиетінің және әлем әдебиетінің алтын қорына мәңгілік енді.

Ұсыныс: Ғұлама әлеміне терең үңіліп, өмірі мен шығармашылығына толық танысу мақсатында Мұхтар Әуезовтің шығармаларын мектеп қабырғасында көп насихаттау.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Әуезов М. әр жылдардағы ойлар. - Алматы: Казгосиздат, 1961.
2. Әуезов М. уақыт байланыстырушы жіп. - Алматы: Жазушылар, 1972.
3. Әуезов пен Исиналиев
4. Әуезов, Мұхтар Омарханұлы // үлкен кеңес энциклопедиясы : [30 т.] / ч. ред.А. М. Прохоров. - 3-ші басылым. - М.: Кеңес энциклопедиясы, 1969-1978 жж.
5. Жазушының шығармашылығына арналған Сайт, шығармалар, мұрағат деректері
6. Зелинский К. қазақ даласының эпосы // Огонек. -1957. - № 39. - Б. 25.
7. Қазақ әдебиетінің тарихы. Қазақ фольклоры. - Алматы: Ғылым, 1968.
8. Қасқабасов С. А. алтын кеніші.. - Алматы, 2000.
9. М. О. Әуезовтың 110 жылдығына арналған М. М. Әуезовтың мақаласы
10. Мұхтар Әуезовтің үй-мұражайы (фоторепортаж)

М. ӘУЕЗОВ МҰРАСЫН ЗЕРТТЕУ: ИННОВАЦИЯЛАР МЕН ӘДІСТЕР

Дүйсенбай Темірлан 3 курс

КГКП «Қостанай индустриалды-педагогикалық колледжі»

Ғылыми жетекшісі:Альжанова Аруна Мухтаровна (жалпы білім беру пәндерінің оқытушысы)

Өзектілігі: М.Әуезов – қазақ халқының ғасырға жуық өмірінің рухани шежіресін жазған, ұлт келбетін бар шындық айшықтарымен көрсете алған ірі тұлға. Ол ХХ ғасырдағы ең үздік шығармалардың бірін дүниеге әкелген нағыз кемел шығарманың авторы ғана емес, талғампаз зерттеуші. М.Әуезов арқылы төрткүл дүние Абайды танып, Абай арқылы Азияның кіндігіндегі көшпенділер елі тарихын зерделеп, дала пәлсапасына қанығады. Ол шәкірттік дәуірді басынан өткермей, әдеби майданға білек түре кіріскені тырнақалды шығармаларынан-ақ айқын аңғарылады. Көркем сөз құдіретін ерте ұғынған жазушы қазақ әдебиетіне құбылыс болып енді. Ұлттық сөзді биік белеске көтерді. Сол себепті М.Әуезовтің ұлы шығармалары қазақ халқының көнермес асыл мұрасы, ар-абыройы болып қала бермек.

Мәселе: Халқының мақтанына айналған М.Әуезовтің өмірі мен шығармашылық жолы, ізденістері жөнінде кеңес дәуірінде көлемді зерттеулер жүргізілгенімен, оның кейбір туындылары тұрпайы саяси сынға төтеп бере алмай, көз бен көңілден таса қалды. Шығармаларындағы ұлттық өрнектер, дәстүр ерекшеліктері дұрыс қабылданбай, пролеткульт талабына сай келгендей ғана әдеби айналымға түскен. Енді бүгін жоғалтқанымызды тауып ойсырағанның орнын толтырудың уақыты жетті

Зерттеу жұмысының мақсаты: Байырғы қазақ аулындағы әлеуметтік теңсіздік, әділетсіздік, озбырлық, отаршылдық, жалпы айтқанда қорғансыздар күні жазушы шығармаларының өзекті мәселесі. Алайда жазушы тәуелсіздікті ұмтылған халықтың қаншама қорғансыз болғанмен, рухтары мықты, намысқор екенін әр шығармасында көрсетіп отырған. Қазақ әдебиеті мен мәдениетінің барлық саласында теңдессіз еңбек еткен М.Әуезовтың ұлан-ғайыр мұрасын зерделеу.

Зерттеу міндеттері:

-М.Әуезов әңгімелеріне әдеби талдау жасату арқылы автор мұратын ұғындыру;

-Жазушы әңгімелерінің тақырыбын, идеялық-көркемдік мазмұнын ашу;

-Жазушының тіл шеберлігін таныту.

М.Әуезовтің әңгімелерін сөз еткенде оның бұл жанрдағы адамдардың кезең-кезеңге бөліп, жиырмасыншы жылдардағы революцияға дейінгі өмірді бейнелеп, отызыншы жылдарда совет шындығын суреттеуге көшкенін айту аз. Ол осы адымдарының әр тұсында творчестволық эволюциядан өтіп, қаламгер ретінде сатыдан-сатыға көшіп, яки өзінің суреткерлік сапарының әр адымында соны сыр ашып, тың түр тауып отырғанын айтуымыз керек. Бұл ретте Әуезов қаламынан төгілген өрнектер біздегі сөз өнеріне жаңа сапа дарытып, өзгеше бояу, ішкі қасиет боп сіңгені сөзсіз. Айталық, «Қыр суреттері». Сөзбен салынған ғажайып сұлу емес пе? Шап-шағын әңгімеге кешкі жылдың кейпі, көркі, демі, тынысы сыйып кеткен. Жан тебіренер жайдары пейзаж! Ал пейзаж – биік мәдениетті прозаға тән белгі. Демек, Әуезов әңгімелері арқылы қазақ прозасына европалық мәдениет дарыған.

Осының бәрі Мұхтар Әуезовтің эпикалық жанрдағы ұлы эпопеяға - өзінің бас кітабына барар жолдағы әрекеттері болатын. Демек, Әуезовтің әңгіме-повестері:

Бір жағынан қазіргі қазақ прозасындағы шағын және орта көлемді эпикалық түрлердің әсем үлгері болса;

Екінші жағынын, оның алда кезек күтіп тұрған бас кітабының баспалдақтары болып табылады.

Түгіндеп келсек, осы сөз болған әңгімелерді жанрлық тұрғыдан қазақ әдебиетін байытқан шығармалар деп нақты айта аламыз. Бұл психологиялық, енді бірі – әлеуметтік, екіншісі – философиялық т.б. Барлығы да адам жанының қалтарысын, сезім құбылыстарын, замана шындығын, қоғам өмірін көрсеттуде жанрлық жағынан әр тарап болып келіп, қазақ әдебиетінің дамуына әлемдік, қала берді, классикалық деңгейде көтерілген шығармалар.

Мұхтар Әуезовтің жиырмамыншы жылдардағы әңгімелері әлем әдебиетінің озық ойшылдарының шығармаларымен сусындай отырып, келелі ой, келісті мазмұнын түп қазығы іспетті болды.

Зерттеу нәтижелері: М.Әуезовтің әңгімелерін сөз еткенде оның бұл жанрдағы адамдардың кезең-кезеңге бөліп, жиырмамыншы жылдардағы революцияға дейінгі өмірді бейнелеп, отызыншы жылдарда совет шындығын суреттеуге көшкенін айту аз. Ол осы адымдарының әр тұсында творчестволық эволюциядан өтіп, қаламгер ретінде сатыдан-сатыға көшіп, яки өзінің суреткерлік сапарының әр адымында соны сыр ашып, тың түр тауып отырғанын айтуымыз керек. Бұл ретте Әуезов қаламынан төгілген өрнектер біздегі сөз өнеріне жаңа сапа дарытып, өзгеше бояу, ішкі қасиет боп сіңгені сөзсіз. Айталық, «Қыр суреттері». Сөзбен салынған ғажайып сұлу емес пе? Шап-шағын әңгімеге кешкі жылдың кейпі, көркі, демі, тынысы сыйып кеткен. Жан тебіренер жайдары пейзаж! Ал пейзаж – биік мәдениетті прозаға тән белгі. Демек, Әуезов әңгімелері арқылы қазақ прозасына еуропалық мәдениет дарыған.

Қорытынды: Ұлы жазушының шығармаларында бейнеленген негізгі тартыс - әділет пен зорлық, тұтастық пен алауыздық, білім мен надандық, махаббат пен ғадауат майданында түптің түбінде жарқын өмірдің, нұр сәуленің, береке –бірліктің жеңетінін мадақтаған, өзі құлай сүйіп, сол жолға барлық қайрат жігерін, өз талантын, саналы ғұмырын арнаған – қазақ халқының өрісті келешегі мәңгілік деген асқақ арманды үміттің оты маздап жанып тұр.

Мұхтар Әуезов шығармаларындағы қорғансыздар рухы жеке адам рухынан бүкілхалықтық рухқа ұласа біледі. Суреткердің әрі ашық, әрі астарлы көркемдік-философиялық өлмес-өшпес ойларындағы ұлттық тәуелсіздік рухы, азаттық пен еркіндік сүйгені халқымыздың әрі қымбат, әрі қастерлі қайсар болмыстары, жігерлі де табанды шайқастары өміршең асқақтығымен ерекше көркемдік биіктерге жетелейді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1.Қ.Байтанасова, С.Айтуғанова «Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі» Астана 2008 «Фолиант»
- 2.С.Мақпырұлы, А.Қыраубайқызы, К.Құрманбай.Қазақ әдебиеті әдістемелік нұсқау.Алматы: Мектеп 2008ж
- 3.Р.Нұрғалиев «Мұхтар Әуезов тағылымы»

ЕЛ БОЛАМ ДЕСЕҢ, БЕСІНГІҢДІ ТҮЗЕ

Бикишев Уаис 3 курс студенті, Рудный тау-кен-технологиялық колледжі
Ғылыми жетекшісі: Азбарова Шолпан Асылкановна қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің оқытушысы

Өзектігі:Салт-дәстүрлеріміз – рухани байлық, оны заман талабына сай қолданып, ұрпақтан-ұрпаққа аманат етіп қалдыру.

Мәселесі:Салт-дәстүріміз әдепке жетелейтін тәрбиелік мәні зор қазынамыз. Ал қазіргі таңда әдепке жат қылықтар жасап жатырмыз. Әсіресе, жастар, салт-дәстүр ескі наным-сенім дейді.

Мақсаты: Жастар арасында ұлттық салт-дәстүрлерді насихаттаудың тәрбиелік мәні зор екенін «рухани жаңғыру – болашаққа бағдар» мақалаға сүйіну арқылы қалыптастыру.

Міндеттері:

1. Салт-дәстүрдің ел арасындағы тәлімдік, тәрбиелік, халықтық мәні бар екенін дәлелдеу.
2. Бала тәрбиесі бесіктен. Ұлттық тәрбиеден тереңдеп нәр алып, рухани бай адам болуын қалыптастыру.
3. Жастарға салт-дәстүрдің *адам және ұлт* құндылығы екендігін жеткізу.

Салт дәстүр мәселесі қазіргі таңда алғашқы орындарды тіреп тұр. Қазақ халқында көптеген салт-дәстүрлер мен ырымдар бар. Бірақ өкінішке орай адамдардың көбісі ырым мен салт -дәстүрді шатастырады екен. Ата-баба өсиеті болып келе жатқан салт-дәстүрлердің өзіндік ерекшеліктері болса, ырым жырымдар арнайы тыйымдар үшін қолданылған. Қазақ өзінің салт-дәстүрін берік ұстанған халық. Біздің ұлттық дәстүрлерімізде қазақтың бет-бейнесі, таным-түсінігі, жалпы жаратылысы жатқандығы белгілі. Ата-бабамыз «жел бесіктен жер бесікке дейін» әрбір атаулы күнді тіршілігінен тыс қалдырмай, ат беріп, айдар тағып, ерекше дәстүрмен айшықтап қараған. Сондықтан болса керек, қазақ "Дәстүрің – дәулетің" деп бағалаған. Той – думандарда, жиындар мен мерекелерде орындалатын осы қазақ халқының салт-дәстүрлері оның ұмыт болмағанын паш етеді және тіршілік кәсібіне, наным-сеніміне, өмірге деген көзқарастарына байланысты ұрпақтан-ұрпаққа беріле ауысып, өзгеріп, жаңарып отырады. Қазіргі уақыттың өмір ағымына байланысты кейбіреулері түрленіп қана қоймай, жаңадан еніп те жатыр. Салт-дәстүрлердің ұрпақ тәрбиесіндегі мәні зор.

«Отан - отбасынан басталады» деген сөздің төркіні тереңде жатыр. Бүгінгі өсіп келе жатқан ұл-қызымыз ертең-ақ ер жетіп біздің орнымызға ие болатынын ескеруіміз керек. «Ат тұяғын тай басар» деген осы емес пе? Үй ішінде ерлі-зайыптылар баласының көзінше бір-біріне ауыр сөздер айтпақ түгілі, дауыс көтеруге болмайды. Анасы әрдайым балаларына әкеңмен ақылдас, әкеңнің айтқанын орында деп үнемі өз ұлттық болмысымызда бар тәрбиелік сөздерді айтып отырса, әке беделіне берер әсері мол. Осы жерде ұлы жазушы Мұхтар Әуезовтің "Абай жолы" романындағы тәрбиелі көрініске бағдарлай қарайықшы. «... Семей қаласында үш жыл оқып, жайлаудағы әке үйіне күн кешкіре жеткен он үш жасар Абай аттан түскен бетте амандасу үшін шешеге қарай жүреді. Осы кезде байсалды да ақылды Ұлжан: «Ей, балам анда әкеңдер бар, алдымен әкеңе барып сәлем бер!» – дейді. Сол сәтте балалық сезім жеңіп, қателік жіберіп алғанын түсінген жас Абай кілт бұрылып, ортасында әкесі Құнанбай бар шеткерілік тұрған оқшау топқа қарай адымдай жөнелді». Дана жазушы Мұхтар бұл көрініс арқылы халықтың жүрекке жылы осындай тамаша дәстүрінен хабарласу үшін емес, оның тәрбиелік жағына баға беріп отыр.

Қазақ халқы салт-дәстүрге өте бай халық десе де болады. Ата-бабамыз салт-дәстүр жағынан нық болған. Заманнан заманға жеткен дәстүрде, жете алмай қалған яғни аз адамның миында сақталған. Қазақтың салт-дәстүрлерін

жекелей атап өтер болсақ: қызға қатысты салт-дәстүрлер, үйлену салттары, есім қою, жалпы дәстүр бабадан қалған сан жетпес қазына. Ғасырлар бойы сақталған дәстүр, қазіргі заманға дейін сақталып әрі ұмытылғандары да бар!

«Айдар» жасау дәстүрі де бар. Сонау Түрік бабадан сақталған Сол дәстүрді қазіргі таңда жасап жатқандар аз. Әрине, жоқ демеймін, бар! Айдарды жолы болсын, батыр қадамды болсын, қиын жолды болсын дейді. Қиын жолды деген-бәсекелесі аз болсын дегені! Қазақта қай салт-дәстүр болмасын тегін болмаған. Мән-мағынасымен болған!

Қазіргі таңда ұмыт болған салт деуге болмайтын шығар бірақ, ұстанатындар сирек кездесіп жатады. «Жеті ата» салты. Жеті ата аты аталғанда қандас болып қалмау. Бұл салтқа зер салсақ, бұрындары өте қатты мән берген. Бұл салттыңда тегіннен-тегін шығарылмағанына былайша көзжеткізейік, яғни баланың ауру болып туылмауы, өз туысынан аулақтану т. с. с мәселе. Ал қазіргі таңда, бұл салтты біле тұра орындамайды да. Тіпті руын үйленгеннен кейін біліп жатқандарға не айтуға болады дерсің. Көбіне ауылдық жерлерде әлі ұстанатындар баршылық. Бұл салт өте-өте маңызды.

«Нәрестеге есім қою» салт-дәстүрі. Нәрестеге бұрынғы қазақ халқы-бесікке салып немесе шілдеханада туыстарымен, дос-құрбыларымен есімін қоятын еді. Ал қазір, кей үйде дәстүр орындамақ, «бесік бар ма?» десең, жоқ болып жатады. Нәрестеге ән шейін, құжат түрінде қоя салады да, шілдехананы жеке есімімен өткізіп жатады. Ал, бесікке, салып, есім қоюды-ауылдағылар орындап жатады. Қалада салт-дәстүр мәні көрінбей жатқандай.

Бұл ғылыми жұмысты арнаулы орта және орта оқу орындарының білім алушылары, тәрбие жұмысының орынбасарлары пайдалана алады. «Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні бар» демекші, салтын сүйген әрбір жас ұрпақ болашақта халқын сүйетін, еліне адал қызмет ететін, тілінің, салт-дәстүрінің жанашыры болатындығына сенімдімін.

Зерттеу жұмысының нәтижесінде оқу тәрбие процесінің нәтижелі болуы салт-дәстүрге тікелей байланысты екені айқындалды. Оның ішінде салт-дәстүрлерінің имандылық тәрбие берудегі мән мағынасы жоғары.

«Жирен жаман әдеттен, үйрен жақсы әдептен», – дейді халық. Әдепті болу үшін иманды, кішіпейіл, көпшіл, инабатты болу керек. Ол үшін бүгінгі ұрпақ өз ат-салтын әдеп-ғұрыптарын білуі қажет. Ата-салтын әдеп-ғұрпын біліп, құрмет тұтқан студенттің ішкі рухани байлығы, әдептілігі сыртқа күн нұрындай сәуле шашып тұрады. Ата-бабаларымыздан мұра болып қалған салт-дәстүрсіз ішкі рухани байлықсыз, әдеп-ғұрыпсыз баланы тәрбиелеп білім беру мүмкін емес. Сондықтан ұлтымызды, тілімізді, ділімізді жоғалтып алудан қорққанымыз абзал. Тәрбиені отбасынан, ошақ қасынан, тіпті бала құрсақта жатқан кезден бастаған жөн. Оған қазақтың салт-дәстүрлерін сақтаудың маңызы зор.

Тәуелсіз елімізде ата-бабамыздың қалдырған асыл мұрасын қадірлеп, жоғалғанды жаңартатын қайта болашақ ұрпақ біздің қолымызда.

Егеменді елімізді бұдан әрі де бейбіт жолмен өркендете береміз десек әрбір ұстаз бен ата-ана, саналы ұлт өкілдері: ынтымақ елдікке жеткізеді, береке бірлікке жеткізеді — деген халық қағидасын үнемі іс пен әрекеттің пәрменді құралы ретінде пайдалануды естен шығармауы керек. «Ата салтың – халықтық

қалпың» дегендей, өз жұртының қадір - қасиетінен мәлімет беретін ғұрып қасиетпен, оған мейлінше құрметпен қарау - ұлтымызға, елдігімізге сын. Менің алға қойған мақсатымның бірі-осы салт-дәстүрімізді келешек ұрпаққа дәріштеп, атадан-балаға мұра етіп қалдыру. Біздің ұлан-ғайыр мемлекетіміз бар. Соның қадірін білейік дегім келеді.

Тілімізді, дінімізді, мәдениетімізді дамытып ұрпақтан-ұрпаққа мұра етіп қалдырайық. Мен қазақ елінің дамуы үшін, жас ұрпақ ретінде өз ақылымды, күш-жігерімді білімге жұмсаймын. Қазақ елі –мәңгілік тарихта алтын әріппен қаларына мен кәміл сенімдімін.

Әдебиеттер

1. «Балдырған», «Айгөлек», «Мөлдір бұлақ» журналдары
2. Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. С.Кенжеахметұлы. Алматы. «Ана тілі» 1994 ж.
3. Әділеттің ақ жолы. Н.Назарбаев. Алматы: «Қазақстан» 1991 ж.
4. Қазақ тарихы. Ғылыми-әдістемелік журнал. 2006 ж. №02 саны
5. Қазақ тарихы. Ғылыми-әдістемелік журнал. 2004 ж. №06 саны
6. «Қазақтар» Ата-салты. 5том. Баспа редак.орталығы. – Алматы. – 1998.
7. Н. Назарбаевтың бағдарламалық мақаласы «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру». «Егемен Қазақстан» 12.04.2017 ж.

Табылдиев.Ә. Қазақ этнопедагогикасы (Оқу құралы)/ Алматы «Санат» 2001ж. 320 бет

СОВРЕМЕННЫЕ ПОЭТЫ КОСТАНАЙСКОГО РАЙОНА. АНДРЕЙ СТЕПАНОВИЧ УДОВИЦКИЙ

Крек Анастасия, студентка 1 курса,

КГКП «Костанайский сельскохозяйственный колледж»

Научный руководитель: Гофман Лариса Юрьевна, преподаватель русского языка и литературы

Актуальность темы исследования заключается в том, чтобы привлечь внимание подрастающего поколения к творчеству поэтов Костанайского района. Стихи Удовицкого А.С. подкупают искренностью, любовью к земле, открытостью.

Цель исследования данной работы является изучить творчество современных поэтов Костанайского района;

Объектом исследования является творчество известного поэта Костанайского района Андрея Степановича Удовицкого.

Задачи представленной работы:

1. Представить краткий обзор литературного процесса в Костанайском районе; познакомиться работой литературного объединения «Заречье»;
2. Познакомиться с биографией Андрея Степановича Удовицкого и проследить путь его становления как поэта.
3. Раскрыть жанровые особенности и идейное содержание стихотворений поэта.

История Костанайской области неотделима от истории духовной культуры нашего края. Различны роль и место литераторов Костайщины в этом плане, несопоставим их вклад в культурное наследие Отечества. Но подобно тому, как в капле росы отражается радуга, так и творчестве каждого из них, так или иначе, отразились животрепещущие вопросы современной им действительности.

Для Казахстана характерны энергичные поиски новых решений основных проблем культуры, пафос просветительства, культ новых знаний, извлекаемых из всех возможных источников, т.е. усиление в целом рациональных, интеллектуальных моментов культуры. Особенности развития казахстанской литературы, в т.ч. Костанайского района, заключаются в диалогичности культуры – старое, не умирая, сосуществует с новым.

Литературный процесс – это совокупность общезначимых изменений в литературной жизни (как в творчестве писателей, так и в литературном сознании общества), т.е. динамика литературы в большом историческом пространстве.

При исследовании проблемы были использованы следующие методы:

- изучение и анализ литературы
- изучение соответствующих интернет - сайтов
- чтение и анализ стихотворений поэта
- интервью
- знакомство с домашним архивом поэта.

Литературный процесс в Костанайском районе естественно испытал на себе влияние последних времён. Однако творчество поэтов - затобольцев, прозаиков на исходе века и в новом тысячелетии принципиально отличается. Подобную литературу можно назвать « казахстанские цветы добра». Эта литература, обычно без изощрённых интеллектуальных ухищрений рассудка, в талантливой простоте, идущей от сердца, описывает добро, разоблачает зло методами и средствами добра, воспитывает в читателях высокую нравственность, светлую духовность, призывает к святости и патриотизму.

В 2006 году в Костанайском районе было организовано литературное объединение «Заречье». Основная деятельность «Заречья» началась в 2007 году. На тот момент в рядах районного литературного объединения насчитывалось более десятка литераторов: Ковтун Н.М., Удовицкий А.С., Бородина Г., Голубева Л., Петрова М., Коця В. И т.д.

Андрей Удовицкий самобытный поэт нашего района. Человек, который любит землю и поэзию. Все его стихи связаны с темой Земли – матушки. Он – учёный агроном. О земле знает всё. И земля вдохновляет его на создание прекрасных стихов.

Вся трудовая жизнь этого известного в Костанайской области и за пределами Казахстана, учёного прошла в Костанайской областной сельскохозяйственной станции.

Неотделимо от его научной деятельности и литературное творчество: членство в областном литературном объединении «Ковчег», районном литературном объединении «Заречье», активное участие в выпуске

литературно – художественного журнала «Берега» он совмещает со своей работой учёного – селекционера.

А.С. Удовицким самостоятельно и в соавторстве опубликовано свыше 100 научных статей в журналах и сборниках, издано 6 книг.

Андрей Степанович – член Союза журналистов Казахстана, является постоянным ведущим популярных рубрик «Во саду ли, в огороде» и «Подворье» региональной газеты «Костанайские новости», а также ведёт авторскую рубрику «Картошечка» в журнале «Нива Татарстана».

В 2008 году А.С. Удовицкий стал лауреатом премии «Казына» Костанайского клуба меценатов в номинации «Наука».

Стихи начал писать очень рано. Возможно, что сначала появился поэт Удовицкий, а затем уже учёный – агроном Андрей Степанович Удовицкий.

Когда были написаны первые поэтические строки, он ещё и не задумывался кем будет он в жизни, предпочтение какой профессии он отдаст. На тот момент он был просто ребёнком. Отца не помнил. Он родился уже после того, когда отца забрали на фронт, где он пропал без вести.

Подводя итог моей исследовательской работы, прихожу к **выводу**, что наши поэты – земляки очень талантливые и пишут очень прекрасные стихи. Мне пришлось изучить газетные статьи, познакомиться с их биографиями, познакомиться с их домашним архивом и наконец, познакомиться с ними самими. Работы было проделано немало. Но самое главное - это было очень интересно. Эта деятельность поглотила меня полностью. Главный интерес был в том, что эти люди живут рядом, их можно послушать, с ними можно поговорить. Информация шла из первых уст. Наверное, это и было самое ценное. У меня осталось прекрасное впечатление от этих чудесных встреч и бесед.

Список литературы:

1. Журнал литературного объединения «Заречье», Затобольск, 2012.
2. Моторико В. Библиографический указатель «Хочу владеть землёй и слогом...», Затобольск, 2016.
3. Удовицкий А.С. Проталины, Костанай, 2009.
4. Удовицкий А.С. Этюды для дачника, Костанай, 2008.
5. Удовицкий А.С. Без вести пропавший, Костанай, 2015.
6. Удовицкий А.С. Выношу стихи без сора, Рудный, 2014.
7. Удовицкий А.С. Хочу владеть землёй и слогом..., Рудный, 2013.

МҰХТАР ӘУЕЗОВ – ДӘУІРДІҢ АҚЫЛ-ОЙЫ МЕН ЖАНЫ

Молдабек Дана Базарбайқызы, 3-курс, Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы

«Қостанай педагогикалық колледжі» КМҚК

Ғылыми жетекшісі: Сейлова Ляззат Алдабергеновна

Өзектілігі: Зерттеудің өзектілігі біздің ұлтымыздың ұлы көшбасшысы – Мұхтар әуезов ретінде ата-бабаларымыз туралы білімімізді кеңейтуге мүмкіндік береді. Зерттеу үшін тандалған тақырып өзекті болып табылады,

өйткені қазіргі уақытта көптеген адамдар өзінің арғы тамырларына жүгінеді, Қазақстанның тарихы мен географиясымен танысады, балаларды ақындарымызға, жазушыларымызға құрметпен қарау мысалында тәрбиелейді, Олар біздің ұрпағымыздың абыроймен, тәуелсіздікпен, тұтастықпен және қауіпсіздікпен өмір сүруінің бірнеше жолынан өтті. Қазіргі, біз жерлестеріміз тұрып жатқан

Мәселе: Кеңестік Социалистік Республика Одағы кезінде құрылымдық өзгерістер пайда бола бастады. Бәріміз білетіндей, Қазақстан Республикасы сол одаққа кірген болатын. Алаш зиялылары, соның ішінде Мұхтар Әуезов мемлекетіміздің бөлек ел болғандығын қалады. Солардың бастамаларымен олар қазақ халқын танытқысы келді. Бірақта, Кеңестік Одақтың Витзен деген журналисттің кесірінен қазақ халқы, «қазақ-қырғыз» деп аталып кеткен. Ешкімнен қорықпаған ұлы ұстазымыз Лениннің өзіне барып, осы жағдаятты және жоғарыда аталып кеткендей мәселелері айтылады.

Ұлы Қазақ даласы ешқашанда өз халқына, жеріне сараң болған емес және әрдайым әлемге көрнекті тұлғалар сыйлаған. XX ғасырдың басында халқымызға дамудың дұрыс жолын көрсеткен адамдардың өмірі туралы естеліктер біз үшін ерекше қымбат. Егер тарихқа көз жүгіртетін болсақ, адамзат бірнеше рет бірқалыпта тоқтап қалғанын, әдеттегі стандарттар бойынша өмір сүру мүмкін болмаған кезде, әдеттегі стереотиптер өзгеріп, дамудың сапалы сатысына көшу жүзеге асырылғанын түсінуге болады. Әдетте, әлеуметтік қайшылықтар шыңына жеткен кезеңдерде қоғам оларды жеңу үшін ең батыл және ерекше қадамдарды қажет етеді, және әдеттегідей, жеңістердің тәттілігі мен осы жолдағы жеңілістердің ащы дәмін, ең алдымен, осы қадамға бірінші болып шешім қабылдағандар бастан кешірді. Сол қадамға бірінші болып шешім қабылдағандардың принциптері, сенімдері, белгілі бір әрекеттері, жанқиярлық қабілеті ұлттық дамудың прогресін анықтады.

Сондай көрнекті жазушы, қоғам қайраткері, ғұлама ғалым, Қазақстан ғылым академиясының академигі (1946), филология ғылымының докторы мен профессоры (1946), Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген ғылым қайраткері (1957) – Мұхтар Әуезов туралы айтқым келеді.

Мұхтар Әуезов - қоғам қайраткері, ғұлама ғалым, Қазақстан ғылым академиясының академигі (1946), филология ғылымының докторы мен профессоры (1946), Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген ғылым қайраткері (1957)

Жұмыс нәтижелері мен қорытындылар: Бұрын Мұхтар Әуезовтың жерлестері ғана өз отандастарының жетістіктерімен мақтанатын, ал қазір ақынның, аудармашының, бірқатар оқулықтар мен оқу құралдарының авторының өмірі мен ұлы жетістіктері туралы біліп, оны бүкіл әлем бойынша ұлттық батыр деп санайды.

Жұмыстың практикалық қолданылу саласы: Жұмыс Қазақстан тарихын зерттеуде пайдаланылуы мүмкін, ол қазақстандық және әлемдік жастарға үлгі болып табылатын Мұхтар Әуезовтың өмірбаяны мен қызметін ашады, жұмыс Қазақстандық патриотизмді тәрбиелеуге ықпал етеді.

Зерттеудің өзектілігі: Мұхтар Әуезовтың қазақ тілінің, еліне дамуына қосқан үлесі, тек тілдің дамуына емес, сонымен қатар, Қазақстан

Республикасына да жасаған көмегі туралы түсіндіру. Қазақ халқының көрнекті ұлы – Мұхтар Әуезов ұлттың рухани көшбасшысы екендігін дәлелдеу.

Зерттеудің мақсаты: Әр түрлі дереккөздер көмегімен, тарихи-зерттеу жұмыстары негізінде қазақ халқының көрнекті өкілдерінің бірі Мұхтар Әуезовтың өмірбаянын қарастыру және қазақ халқына қосқан зор үлестерін талдау.

Зерттеудің міндеттері:

1. Мұхтар Әуезовтың өмірі мен қызметімен танысу.

2. Қазақстандық патриотизмді тәрбиелеу.

3. Өз Отаны мен халқына деген мақтаныш сезімін тәрбиелеу.

4. Ешкімнен қорықпаған атамыздың халқымызға зор үлесін қосқандығын дәлелдеу.

Зерттеу объектісі мен пәні: Мұхтар Әуезов. Көрнекті өкілдердің ішінен оған көбірек бейімділік жасап, ерекшеліктерін, тақырыптың мәнін ашу.

Гипотеза: Мұхтар Әуезов өмірбаянына, кәсіптік ерекшеліктеріне баса назар аудара отыра қалыптасуы жүреді, сонымен қатар бұл баяндаманы түсіндіру негізінде болжанатын нәрсенің болуын растауы немесе қабылдамауын түсіндіру.

Ақпараттық дереккөздердің қысқаша талдауы: Тақырыпты таңдау, мақсат пен міндеттерді қою; Ғылыми жұмыстарды зерттеу, тақырыптың зерттелу дәрежесін анықтау; Мұхтар Әуезовтың өмірі мен қызметіне қатысты дерек көздерін талдау; Мұхтар Әуезовтың өмірінен алынған фактілер мен оқиғаларды салыстыру.

Зерттеу әдістері: Ізденістік - интернет желісіндегі ақпарат, кітапхана қоры, қосымша әдебиеттер. Анализ (талдау) - тақырып бойынша ең маңызды және қызықты ақпаратты таңдау.

Әдебиет

1. <http://nblib.library.kz/elib/Sait/NauBibUKAZ>

2. <https://egemen.kz/article/201982-akhahnynh-tyrnaqaldy-maqalasy>

3. <https://infourok.ru/liti-li-stazi-abaytrsinov-1505442.html>

4. <http://tobyl-torgai.kz/2020/05/15/6030>

5. <https://tilalemi.kz/books/8000.pdf>

6. https://adebiportal.kz/kz/news/view/ahmet_baitursinuli_audarmalarindagi_zhana_koldanistar__22087

7. <https://qamshy.kz/article/29187-akhmet-baytursynuly-%E2%80%93-qazaq-ultshyldyghynynh-rukhani-kosemi>

8. Алаш азаматтары // Қазақ. – 1917. – 11 июнь /№273/. (М. Дулатұлымен бірге)

9. <https://bankreferatov.kz/kazaktili/1452-ahmet-baytrsinov-zhne-aza-terminologiyasi.html>

СЕМИНАРИСТ М.О.ӘУЕЗОВТИҢ ҚОҒАМДЫҚ-МӘДЕНИ ҚЫЗМЕТІ

Ардаққызы Жұлдыз, II курс, М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледжі

Мұқанов Төлеуғазы Камалұлы, қоғамдық пәндер оқытушысы

Өзектілігі: Дүниеге қазақ перзенті болып туып, адамзат перзенті болып атанған М.О.Әуезов тағдыры – талай ақиқатқа қапысыз көз жеткізетін тағылым мектебі деп есептейміз. Ол талай жер теңселтіп, ел сенделткен әлеуметтік сілкіністердің, қиялды қысыратып, сананы тоқыратқан түбегейлі өзгерістердің жаппай теңдікке ұмтылуы жолында күрескендердің бірі. Болашақ жас ұрпаққа М.О.Әуезовті көсемсөз зергері ретінде ғана емес, қоғамдық-мәдени саладағы, оның ішінде Алаштық бағыттағы бастамалары мен елі үшін атқарған қызметтері жағынан таныту.

Мәселе: Семейдің мұғалімдер семинариясында оқып жүрген жас семинарист М.О.Әуезовтің қоғамдық-саяси салаға деген қызығушылығын тудырған жайттар, оның дүниетанымына, болашағына деген ерекше өзгерістер әкелген Алаш идеясының маңызы.

Жұмыс мақсаты: М.О.Әуезовтің алаш идеясымен үндескен алғашқы қоғамдық-азаматтық қызметінің бастамасы семинариядан бастау алып, оның жан-жақты дамып жетілуіне үлес қосқанын барынша көрсету. «Жанар», «Талап», «Жас Азамат» сынды ұйымдардағы белсенділігі арқылы қазақ жеріне әкелген ерекше сілкінісін насихаттау. Заманының заңғар кемеңгері ғана емес, рухани көсемі болған тұлға екендігін айқындау.

Міндеттері:

- М.О.Әуезовтің семинариядағы кезеңдері жайлы ақпарат беру;
- «Алаш» партиясының жастар ісі жөніндегі жауапты адамы болғандығы туралы ақпараттандыру;
- Жазушының шығармашылық жолына әсер еткен ұйымдар туралы мағлұмат беру;
- Келешек жас ұрпаққа тың деректерді жинақтау.

XX ғасырдың әсемдігімен, ғажайып әсерлілігімен сиқырлы, қайталанбас ұлы құбылысына айналды. Әуезов мұраларынан алатын тағылым ұшан-теңіз. Жазушы шығармаларында өз халқының тыныс-тіршілігін, қам-қарекетін, аяулы арманы мен нұрлы үмітін, тарихи болмысы мен бүгінгі бітімін терең ұғынып бере білген суреткер. Көсемсөз зергері ретінде ғана емес, аса ірі қоғам қайраткері жағынан қарастырсақ. Ұлт зиялыларының үлкен шоғыры қалыптасқан Семей қаласы алаштық қозғалыстың, ұлттық өрлеудің қуатты орталығы болды. 1917-1919 жылдары Семей қаласында Әлихан Бөкейхановтың басшылығымен «Алаш» партиясының Семей облыстық комитеті, одан кейін Алашорда үкіметінің Семей облыстық кеңесі құрылып, көп ұзамай Алашорда үкіметі келіп орналасты. Алаш автономиясының территориясын айқындау, ел бостандығы, ұлт санасын ояту мақсатында келелі жұмыстар қолға алынды. Алаштық бағыттағы жастардың шоғырланған орталықтарының бірі Семейдің мұғалімдер семинариясы болды.

Семейдің мұғалімдер семинариясында білім алып жүрген М.О.Әуезовтің дүниетанымына, қоғамдық-саяси белсенділігіне, шығармашылығына Алаш идеясы, Алаш қайраткерлерінің қазақ ұлтын өркениет өріне сүйреу бағытындағы жанкешті еңбектері айрықша ықпалын тигізді. Алаш қайраткерлерінің ұлтшылдығы мен энциклопедиялық білімі, зиялылығы мен парасаттылығы, көшбасшылық қасиеттері – жас Әуезовті тұлға ретінде

қалыптастырды. «Қаладағы күн сайын өтіп жатқан пікірталастар, «Алаш» партиясының саяси айтыстары ой салып, іштей ширықтырып отырды. Ол бұл кезде «Алашорда» үкіметінің мақсат-мүддесін өмірлік мақсатым деп түсінді әрі оның жұмысына белсене араласты»- деп жазады М.Әуезовтің сол кезеңдегі ізденістері туралы ғалым, жазушы, алаштанушы Т.Жұртбай.[7].

М.О.Әуезовтің алаш идеясымен үндескен алғашқы қоғамдық-азаматтық қызметі, шығармашылық қадамы семинария қабырғасында басталды. Профессор Т.Жұртбай «Бұрын жазушының өзі де, зерттеушілер де жасырып келген бір ақиқат – Мұхтар Әуезовтің «Алаш» партиясының жастар ісі жөніндегі жауапты адамның бірі болуы еді. «Алаш Орда» үкіметінің құрамына сайланбағанымен де, партияның идеология саласындағы үгіт-насихат жұмысын жанын салып істеді, -деп атап көрсетті. [7].

М.Әуезов аға буын алаш қайраткерлерінің ықпалымен алашшыл бағыттағы саналы, белсенді жастар ұйымының қажеттілігін түсініп, 1917 жылы семинария оқушылары Ж.Аймауытов, А.Шикібаев т.б. бірге «Жанар» атты жастар ұйымын құрушылардың бірі болды. Бұл ұйымның негізгі міндеті – қазақ жастарының басын біріктіру, оқу-ағарту, мәдениет саласындағы істерге белсене араласу, Алаш партиясының бағдарламасын жүзеге асыру, несие-қарыз серіктестігін құрып, мүдделі шараларға қаржылай жәрдемдесу т.б. Жастар ұйымының төрағасы – Ә.Бөкейханов, басқарушысы – М.Дулатов, ал жауапты хатшысы М.О.Әуезов болды. Ж.Аймауытов «Жанар» мәдени-ағарту ұйымы туралы 1929 жылы 14 мамырда тергеуде берген жауабында: «...қоғам өзінің ұстаған саяси бет-бағдары жағынан болсын, басқару тәсілі, түрі жағынан болсын алашордашылардан бәлендей айырмашылығы жоқ еді», - деп куәлік етуі қоғамның орны мен міндеті, тек мәдени-ағартушылық қана емес, саяси бағыт та ұстанғанын аңғартады [7]. Ұйым «Абай» ғылыми-көпшілік журналын шығару үшін қаржы бөлді. 1918 жылы 5 наурызда «Жанар» ұйымының жанынан Жетісу мен Сырдария облыстарындағы аштыққа ұшыраған қазақтарға көмек көрсету үшін Семей облыстық жылу жинау комитеті құрылды. 1919 жылы кеңес өкіметі орнаған соң, «Жанар» ұйымы жабылып, оның орнына «Ес-аймақ» ойын-сауық труппасы құрылды. 1917 жылы мамыр айының соңында Шыңғыс болысының оқыған жастары «Талап» жастар ұйымын құрды. М.Әуезов ұйым құрылтайшыларының бірі болды. Мақсаты - белсенді қоғамдық-саяси жұмыспен шұғылдану, ұлт мәдениетін көркейту, жастарға қолдау көрсету. Ұйымның мақсаты, бағдарламасы «Сарыарқа» газетінің 1917 жылғы 13-нөмерінде жарияланды. Ұйым төрағасы Мекайл Абайұлы болды. «Талап» жастар ұйымының алғашқы жүзеге асырған игілікті ісі Қытайдың Құлжа қаласында аштыққа ұшыраған қазақтарға көмек беру үшін М.Әуезовтің режиссерлігімен Ш.Құдайбердиевтің «Еңлік-Кебек» дастанын алғаш рет ауыл сахнасында қоюы еді. Қойылымнан түскен 54 сом 50 тиын Құлжадағы аштарға жіберу үшін «Сарыарқа» газетінің басқармасына тапсырылды. Жазушының шығармашылық жолы да 1917 жылдан басталған. Осы жылы Ойқұдықта Абайдың немересі Ақыштың ұзатылу тойына арнап «Еңлік-Кебек» пьесасын жазып, оны театры жоқ қазақ даласында, киіз үйде алғаш сахналаған болатын. Пьесадағы Еңлік, Таңшолпан мен Қалампыр рөлдерін жігіттер сомдап, Еңлік

рөлінде Ахмет Әуезов ойнаған. Пьесаның режиссері әрі суфлері М.Әуезовтің өзі болды. М.Әуезов пьеса сюжетіне ел аузындағы аңыз әңгімені арқау еткен.

1918 жылы «Абай» журналының 9-санында жариялаған «Қазақ қашан жетіледі», «Абай» журналының 2-санында жарық көрген «Қазақ ішіндегі партия неден» атты мақаласында автор әрбір халықтың өзгешелігі екі түрлі шартқа байланысты екендігін, «біріншісі – халықтың кәсібі, екіншісі – жұрт билеу тәсілі» деп мал бағып, кең далада еркін жайлап жүрген қазақтың билігі отаршылдық саясатқа байланысты еркінен айрылғаннан кейін, «бұрынғы келе жатқан жауынгерлік мінез қаққы көріп, өмір жолынан шығып қалғандығын, бұдан кейін қазақ сөзуар, жершіл ұсақтыққа таман айнала бергендігін» баян етеді.

Зерттеу нәтижелері: Жазушының шығармашылық жолы да 1917 жылдан басталғандығы жайлы, семинарист М.Әуезовтің қоғамдық-мәдени қызметінің бір бағыты Семей қаласында «Шығыс кеші» деген атпен ұйымдастырылып отырған ойын-сауық кештеріне белсене қатысуы болғандығы туралы, Құлжадағы аштыққа ұшыраған қазақтарға көмек беру жолындағы рөлі туралы ақпарат беру.

Қорытынды: Алашшыл Әуезов кеңестік кезеңде қудалауға да, құрметке де ие болып, кешегі Алашшыл биік мұраттағы асыл ағаларының сенімін ақтап, Абай бейнесін шынайы әрі классикалық түрде сомдады. Абайды әлемге танытты. «Абай жолы» – қазақтың көркем прозасын классикалық деңгейіне көтеріп, әлем әдебиетіне көркемдік қуат әкелген үздік туынды болды. Әуезов өзінің роман-эпопеясында қазақ халқын, оның ұлттық дәстүрін барлық қырынан энциклопедиялық деңгейде жан-жақты ашып көрсетті.

Алаш идеясының құндылығын, жасампаздығын ерте бағамдай білген М.О.Әуезов ұлтқа жауапкершілікпен қызмет етудің үлгісін көрсетіп, саяси-мәдени және шығармашылық қарымын ерте танытты. Қазақ халқын өркениет өріне сүйреу, ұлт мәдениетін жан-жақты дамыту мақсатын қолға алды. Азаттықтан, тәуелсіздіктен, ұлт бірлігінен артық құндылықтың жоқтығын санамызға сіңіріп, ұлттық сана-сезімді тәрбиеледі. Қазақ халқының ұлттық зердесін ояту, ұлт болашағына кедергі келтіретін зиянды, теріс әдеттерден арылту қажеттілігін насихаттай білді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Мұхтар Әуезов энциклопедиясы. – (Бас ред. С.Қасқабасов; ред. алқасы: Б.Қ.Майтанов, Н.Е.Ақбай, Р.Әбдіғұлов т.б.). – Алматы: Атамұра, 2011.
2. Алаштану мәселелері. Сериялық ғылыми жинақ. 1-т. – Семей: Таным, 2010.
3. Ерлан Сыдықов. Алаш қаласының тарихы. -Семей, 2010.
4. Ерлан Сыдықов. Шәкәрім және Алашорда. Ғылыми жинақ. Новосибирск: Талер-пресс, - 2008.
5. Е.Тілешов Алаш туы астында... Алаш қозғалысының қайраткерлері, қатысушылары және оқиғалары. Астана: Арман Меди», 2013.
6. Ш.Жанаева. Өткені – тарих, бүгіні – кемел Семейдегі М.Әуезов атындағы педагогикалық колледжге – 110 жыл // Егемен Қазақстан, 24 қыркүйек, 2013 жыл

7. Б.Теміров. Мұхтар Әуезовтің Семейдегі жылдары (1917-1925). Ертіс өңірі. 29 қаңтар, 2017.

8. Жұртбай Т.Талқы. -Алматы: 1997

ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ МЫЗҒЫМАС ТЕМІР ҚАЗЫҒЫ.

Ихтисат Айғаным, 1 курс студенті, «Семей жоғары көпсалалы колледжі»

Ғылыми жетекші:Исина Сезимгуль Кабишевна

Өзектілігі : М.Әуезовтың жазушылық тәжірибесінің дүниежүзілік деңгейі «Абай жолы» эпопеясының тарихи маңызы, болашақ ұрпаққа ұсынар сабағы, берер тәлім –тәрбиесі мен қазақ қоғамының өткен ғасырдағы өмірінің айнасы.

Мәселе : М.Әуезовтың үлкен өмірлік шығармашылық жолы қазақ әдебиеттану ғылымына қосқан үлесі. Қазақ балалар әдебиетін дамыту саласындағы көркем тілдік арқауы.

Жұмыс мақсаты : Әуезов және Абай әлеміне шолу. Әуезовтың әрі жазушылық , әрі ұстаздық , әрі ғалымдық жұмыстарына зерттеу жүргізу.

Міндеттері : М.Әуезовтың жазушылық тәжірибесінің дүниежүзілік деңгейі «Абай жолы» эпопеясындағы мен балалар әдебиетіндегі , Абай дәуіріндегі қазақ елінің тұрмысына түскен ірі тарихи өзгерістермен басты әлеуметтік сарындарды, замана шындығын дәріптеу, насихаттау.

Мұхтар Әуезов үлкен өмірлік, шығармашылықты жол кешті. Оның алғашқы жиырма жыл бойғы жастық шағы өзінің бала кезден сүйікті ақыны әрі рухани ұстазы болған Абай Құнанбаевтың балғын балалық, жастық және жігіттік кезеңін еске түсіреді. Кейін Әуезовтың атакты эпопеясында да жазған сол дала, сондағы ауыл, сол бір қоғамдық орта болатын. Мұндағы айырмашылық — Жидебайдағы бұрынғыша мешеу, езілген ауылды енді қазақтың ұлы ақыны Абайдың даналығы мен жарқын бейнесі нұрландырады да, Мұхтарды үміт пен сенімнің шамшырағындай ертеңгі сәулелі күнге шақырады...

М.Әуезов туралы толғаныстарында Ш.Айтматов “Сонда оның халықтық философиямен ұлттық таным бейнесі ойлау негіздерінің терең тұңғықтарында тарихи тұрғыда калыптасқан дарынын , дархандық пен зұлымдықтың жаһандық мәселелеріне бойлай алғандығын, өз дәуірінің өмір тәжірибесі мен заманамалар тәжірибелері жиынтығынан туындайтын мәнді адам идеяларының басты бағыттарын жақсы білгенін аңғартады» дейді. Расында Әуезов дүниетанымының кендігі тарих пен әлем әдебиетін жетік білуінде.

М.Әуезовтың Абай жолынан кездесетін шығыстың көнетоз сөз қолданысы халықтың қолданысы халықтың сөздік қорының байлығын ғана танытып қана қоймайды, оның уақыт озған сайын құны артпаса арымас қазына екенін айшықай түседі. Қазақ балалар әдебиетінің ғылыми тұрғыда зерттелуіне зор көңіл бөлген қаламгер өзі де кішкентай оқырмандарға кішкентай әңгімелері мен повестер жазды. 1926 жылы жазған қаламгердің: “Сұр” деген повесі қазақ балаларының аса қызығып оқитын құнды кітаптарының бірі.

Қандай да болмасын көркем шығарманың жазылуына өмір шындығы негіз болады. Жазушы өзін қызықтырған өмір оқиғаларын жан-жақты зерттеп, таразылап шығармашылығына арқау болған. М.Әуезовтың социалистік құрылыс дәуірінде жаңа идеялық бағыттағы колхоз, совхоз тақырыбында жазған шығармалары жоғарыда айтылған сөздің дәлелі. Жазушы шығармаларындағы оқиға желісі құнарлы, сонымен қатар тартымды шыққан кейіпкерлерді балалар қызыға оқып, сүйсінеді. Мысалы “Бүркітші” әңгімесіндегі Бекбол қарттың образы, оның байсалдылығы, тапқырлығы балаларды еңбекке баулу мен қатар тәжірибелі, әккі әрекеттері адалдығы бала бойындағы отанға деген сүйіспеншілікті арттыруда маңызы зор. Әңгімедегі Бекбол қарттың бүркіті Қызылбалақтың “мерзімді қыран томағасы алынысымен көзі жайнап ашылып, қабағын бір қақты да дүр-дүр сілкініп алып...” дегендегі бүркіттің сипаты құстар әлемінің сын сипатымен өзгешіліктері туралы сыр шертеді. Жазушының «Қыр суреттері» әңгімесі (өзі 3 бөлімнен тұрады). Бірінші бөлімінде «Кешкі дөң басында» бөлімінің алғашқы кезеңдерінде «Қызыл шалақтың көрікті ажары мүйнет сайын бәсендеп, дүниені қаптаған сұрлықтан жеңіп барады» деп, кешкі ауылдағы табиғат көрінісін теңеулер арқылы сұлуландыра келіп, осы сұлулықпен «Ауыл кешке өзгеше жанданғандай қатын-бала, кемпір-шалға дейін тыста малшы-жалшы, қонсы-қолансы бікеннің бәрі әбігер, машақаты, әуре-сарсаңы бітер емес. Тек жетіскен үйлерден шыққан қолы бос еріккен қыз-келіншек екі-үштен қосылып, қалжындасып, күлісіп, сыңқылдасып, су жаққа барып, дөн асып кетіп жатыр.

М.Әуезовке әуелден тән қасиет екенін айшықтап тұрғандай. Мұхтар Әуезов жиырма жасында «Еңлік - Кебек трагедиясын жазғаннан кейін он шақты жыл ішінде көптеген әңгімені, повесть, пьесаларымен көзге түсті. Қорғансыздың күні», “Барымта”, “Ескілік көлеңкесінде”, «Көксерек», «Қыр аңгімелері», «Қыр суреттері», «Жетім», «Караш-қараш оқиғалары», “Қилы заман” секілді прозалық шығармалары мен 1926-жылы қазақтың тұңғыш театрының сарнасын тұңғыш ашқан. Еңлік Кебек секілді драмалық шығармалары оқушы назарын тез-ақ аударды. Бұлар жас жазушының алғашқы кезеңінің жемісі еді. Осы туындыларының өзімен М.Әуезов күдіретті талант иесі екендігін танытқан болатын. М.Әуезовтың суреткерлік шеберлігінің жаңа бір қырлары жарк етіп көз тартқан тұстары - «Қаралы сұлу әңгімесі мен «Қилы заман» повестері.

“Қаралы сұлуда” жесір жаралы келіншек, Қаракөздің, бір жағынан созылған кайғылы халі, екінші жағынан сол кайғымен күресіп, ақыры жеңіп шыққан өмірдің сезім-сезігі, тірлікті, жас тәннің тілегі, ішті жайлаған нәпсі, жалын керемет психологиялық күшпен, шеберлікпен суреттелген. «Көксеректе адам асыраған бөлтеректің өскен соң даладағы тағы қасқырларға қосылып алып, қасқырлық қылығын істеп, өзін асыра Кұрмаш баланы өлтіргені, онан кейін талай рет малға шауып, үлкен қырсық боп тигені, ақыры бүкіл ел болып оны әрен ұстап өлтіргені баяндалады. Қалай баяндалады десеніші! Қасқырдың “психологиясын” Джек Лондон дәрежесіндегі білгіштікпен және суреткерлікпен бейнелеп баяндалған. Бұл повесте жазушының қаламгерлік өнері одан әрі өскені көрінеді.

«Қилы заман» повесінде М.Әуезов 1916-жылғы ұлт-бостандық қозғалысын арнайы тақырып етіп көтерген. Мұның үлкен әлеуметтік мәні бар оқиға екені көптен мәлім. Осындай жауапты тақырыпқа бару, сөз жоқ, батыл қадам еді. Көркем сөз шеберінің қаламынаң туған бұл повесте феодалдық-патриархалдық салт, әдет-ғұрыптың кейбір сорақылықтарын, патша мен болыстың, бай мен бидің кейбір сұмдық әділетсіздіктерін шенейтін шындық детальдар молшылық. Тіл байлығы, образ байлығы, табиғаттың керемет суреті, адамдардың ішкі дүние кұбылысы оқушысымен, көркемдігімен тәнті етеді, таң қылдырады.

Қазақтың данқты жазушысы, ғалымы, педагог, қоғам қайраткері Мұхтар Әуезов аса құнды еңбектері үшін халық құрметіне бөленіп, творчестволық сатысынан ең жоғарғы басқышына шыққан еді. Оның таланты шарықтатын, керкемдік дамудың шырқау биігіне жеткізген өмір жолы оңай емес-ті. Ол таудай творчестволық талап пен талпынудың дамылсыз ізденудің табанды еңбектенудің қиын-қыстау жолы. Сонымен бірге Отанға, халыққа адал қызмет етудің азаматтық, адамгершілік жүгін арқалаған ауыр да абыройлы жол Осы сара жолды ұстанған М.Әуезов өзінің дарынды талантының жүрегінің ерлік қуатын аңғартады.

М.Әуезов жасаған асыл туындылар қазақ әдебиетін озық әдебиеттердин қатарына қосып, қазақ халқының тарихын, өмірін, мәдениетін, талантын, ұлттық характерін жер жүзі оқушыларына танытты.

Зерттеу нәтижелері : М.Әуезовтың балалар әдебиетіндегі ертегілер және мақал-мәтелдерінің бастауыш сынып оқушыларына жаңартылған білім беру мазмұны шеңберінде сауат ашу, әдебиеттік оқу, дүниетану, жаратылыстану ілімдерінің жаңа оқу мазмұндағы оқу технологияларымен байланысы мен өзектілігінің нәтижесінде:

Қорытынды: М.Әуезов жасаған асыл туындылар қазақ әдебиетін озық әдебиеттердин қатарына қосып, қазақ халқының тарихын, өмірін, мәдениетін, талантын, ұлттық характерін дүниежүзі оқырмандарына танытты. М.Әуезовтың жазушылық тәжірибесінің дүниежүзілік деңгейі «Абай жолы» эпопеясының тарихи маңызы, болашақ ұрпаққа ұсынар сабағы, берер тәлім – тәрбиесі мен қазақ қоғамының өткен ғасырдағы тарих қойнауында, тарих толқынында сақталып қалатын қалыптастырудағы айтулы оқиғалар мен ескірмейтін есімдерге құрмет көрсету – әр дәуір өкілдерінің, әрқайсысымыздың азаматтық парызымыз. Шежірелі өлкеміздің өткені мен бүгінін сипаттаушы тарихи оқиғаларды дәріптеп әр заманның тарихи кейіпкерін, есімдерін ұрпаққа үлгі тұту әр жыл сайын жалғасын тауып, жарқын болашаққа жол сілтейді.

Әдебиеттер

1. М.Әуезов “Кінәмшіл бойжеткен”. Алматы «Жалын» 1994 ж.
2. XX ғасырдағы қазақ әдебиеті. Мектеп 1983 ж.
3. М.Әуезов “Әңгімелер” 1 том. Жалушы 1979 ж.
4. М.Әуезов “Әңгімелер” 4 том. Жатуы 1979 ж.
5. М.Әуезов “Әңгімелер. Повестер”. Мектеп. 1983 ж.
6. Қазақ тілі мен әдебиеті. N 12, 2005 ж.
7. Қазақ тілі мен әдебиеті. N 12, 2010 ж.

МҰХТАР ӘУЕЗОВ ДӘУІРДІҢ САНАСЫ МЕН ЖАНЫ

Есенгелдинова Нұрай Мейржанқызы

М.О. Әуезов атындағы педагогикалық колледжінің 2 курс студенті

Ғылыми жетекшісі: Алибекова Айгерим Абзалқызы

жаратылыстану пәндер оқытушысы

Өзектілігі: М.О. Әуезовтің қазақ драматургиясына қосқан үлесі туралы жазылған және «Еңлік-Кебек» пьесасы зерттелген.

Мәселе: М.Әуезовтің пьесалары басқа да көркем туындылары сияқты шұрайлы шешен тілімен, бай мазмұнымен, кейіпкерлердің алуан тағдырлы, қым-қиғашты тірлік сезімдерімен ерекшеліктерін насихаттау

Жұмыс мақсаты: М.О. Әуезовтің қазақ драматургиясына қосқан үлесін анықтау.

Міндеттері:

-қазақ ұлттық драматургиясының зерттелу тарихынан мағлұмат беру.

-М.О.Әуезов еңбегімен таныстыру.

-Қазақ драматургиясының қалыптасуы мен даму кезеңдерін, сондай-ақ, қазіргі қазақ драматургиясының көркемдік дәрежесін таныту

Елдік есімнің болмысына айналған М.Әуезов-ұлы жазушы, драматург, публицист, әдебиет тарихын зерттеуші ғалым, үлкен ұстаз, қоғам қайраткері М.Әуезов қазақ әдебиетін көркемдік-тарихи ойлардың жалпыға тән әлемдік деңгейіне көтерді. Қазақ халқының ой-сана құрылымын тарихи дәстүрінің ерекшелігін, тіл байлығының қуатын әлем Әуезов арқылы таныды. 20 ғасырға дейін қазақтың халық әдебиетінде драматургияға өзек болатын мол казына жиналды. Осы байлықты игерген қаламгер - Әуезов. Ол халық әдебиетінен нәр алды. Әрине қазақтың көшпелі өмірі, қаланың болмауы драматургияның дамуына кедергі жасады. Қазақтұрмысындағы сауық түрлері, қыз ұзату салтанаты, алтыбақан ойындары тұңғыш драмаға енгізілді. Әуезов көп ұлтты театрда істеген. Осы тәжірибе оған сахна сырын жете үйретті.

М.Әуезов қазақ драматургиясының керегесін өз төл шығармаларымен кеңейтумен бірге әлем әдебиетінің үлгілерін де классикалық деңгейде аударды. Екі жүзден артық драмалық шығармаларды дүниеге әкелген, әлем мойындаған Шекспирдің «Оттелосы» мен «Асауға тұсауы», Гогольдің «Ревизоры», Н.Погодиннің «Ақсүйектері», К.Треневтің «Любовь Яроваясы», А.Кронның «Флот офицері» сәтімен аударылудың нәтижесінде қазақтың ұлттық театр өнерін молықтыра түсті. М.Әуезов драматургиясының алғашқы қарлығашы — «Еңлік Кебек». Пьесаның алғашқы нұсқасы 1917 жылы жазылған, ол кезде автор небәрі 20 жаста. Пьесаның негізі Шыңғыстауда ХҮІІІ ғасырдың соңына қарай 1780 жылдары болған тарихи оқиғадан алынған. Пьесаның 1917 жылы жазылған тұңғыш нұсқасы ешбір жерде жарияланбаған. Ол нұсқаның кемел драмалық шығарма дәрежесіне жете алмауы да заңдылық. М.Әуезов «Еңлік-Кебекті» 1922 жылы қайта жазып шықты. Пьеса сол жылы Орынборда жарық көрді. «Еңлік-Кебектің» қазір театр сахналарында қойылып жүрген нұсқасы 1943-56 жылдары автор көрігінен өткен. Соңғысында 1922 жылы нұсқадан алынып қалған кейіпкерлер Нысан Абыздың бәйбішесі Таңшолпан, Еңліктің

әкесі Ақан, шешесі Қалампыр. Пьеса оқиғаның дамуын жеделдету, сахна заңына бейімдеу үрдісінде қысқартылса керек.

Зерттеу нәтижелері: М.Әуезовтің шығармашылық жолына көз жібергенде, оның драматургия жанрына беріле, ыждағатпен қарағанын байқауға болады. Автордың қаламы қатая келе, шығармаларының дені де драмалық дүниелердің үлесінде. М.Әуезов қазақ драматургиясының алғашқы кірпішін қалап, бұл жанрдың қазақ әдебиетінде қалыптасуына қажырлы еңбегі мен мұрындық болды. С.Мұқановтың «Драматургия - қазақ әдебиетінде М.Әуезов қалыптастырған жанр» деген сөзі – шындықты айта білудің үлгісі

Қорытындылар: М.Әуезов-қазақ драматургиясына философиялық, әлеуметтік мәселелерді көтеруде, терең, психологиялық бейнелеуді беруде шебер, көркемдік сапа жағынан өркенді шығармалар әкелген драматург. М.Әуезовтың драматургиялық шығармаларының көркемдік мәні зор. Бабалар мұрасын құрметтейік.

Пайдалынған әдебиеттер тізімі:

1. Мұқанов С. Жазушы жолы /Мұхтар Әуезов тағлымы. – Алматы: Жазушы 1997. – 504
2. Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. 9-т.- Алматы: Жазушы, 1981. - 492
3. https://kk.wikipedia.org/wiki/Мұхтар_Омарханұлы_Әуезов

МУХТАР АУЭЗОВ – УМ И ДУША ЭПОХИ

Плугатаренко Богдан, Мусиенко Артем студенты 2 курса

Рудненский горно-технологический колледж

Научный руководитель: Азбарова Шолпан Асылкановна

Актуальность: творчество и теоретические воззрения М.О. Ауэзова должны способствовать продвижению преобразования общества в целом.

Проблема: определить и показать духовный облик грядущего поколения и указать пути дальнейшего развития общества в целом.

Цель:

Раскрыть современность в творческом наследии М.О. Ауэзова

Задачи:

1. На основе исследования творческого наследия раскрыть современность творчества М.О. Ауэзова
2. Проанализировать взгляды современников на творческое наследие
3. Интегрировать полученные знания М.О. Ауэзова на современность

Объект: исследуемый объект М.О. Ауэзов

Методы исследования:

3. Изучение творческой деятельности М.О. Ауэзова.
4. Сравнение взглядов двух столетий.
5. Опрос респондентов.

Научный работа рассматривает проблему современности в творческом наследии М.О. Ауэзова. Творчество и теоретическое воззрения М.О. Ауэзова

сегодня актуальны. Они способны показать духовный облик грядущего поколения и указать пути развития общества в целом.

Большую часть творческого наследия М.О. Ауэзова составляют научные исследования. Он заложил основу абаеведения, был автором многих работ по истории и теории казахской литературы, фольклору, истории тюркоязычных литератур, а также комплексно изучал советскую культуру и литературу. Изучение творческого наследия приобретает на сегодняшний день актуальную значимость, потому что мировоззренческие принципы и научно-литературное наследие М.О. Ауэзова востребованы обществом.

Все, к чему прикасалась его рука, получало энергию жизни, имело яркую светоносную судьбу. Высокопрофессиональные академические исследования Ауэзова положили начало целым направлениям в изучении фольклора, эпоса, истории литератур тюркских народов, в языкознании, эстетике, философии, правоведении, в истории музыкального и пластических искусств.

О значении всего творчества М.Ауэзова прекрасно сказал киргизский писатель Ч.Айтматов: « Ауэзов универсален по своему таланту, знаниям, власти над словом. Универсальность его сочетается с доподлиннейшей глубочайшей национальной самобытностью. Его великая эпопея «Путь Абая», его повести, рассказы, пьесы – наследие высокого порядка. Это тот эстетический мир прошлого, без которого трудно постичь вечное, неиссякаемое естество человека, всегда устремленного через борьбу и трагедии к свободе, к духовной чистоте, к социальной справедливости. Обо всем этом рассказано Ауэзовым крупно, сочно, кровью и болью сердца. Ауэзов - это тот эстетический мир, без которого трудно представить теперь во всей их контрастности прошлое и настоящее, историчность и значимость перемен в судьбах советского Востока»

Как быть? Как продвигаться вперед? Как расстаться с темным прошлым? Он мучительно искал ответы на эти вопросы. Как сегодня эти вопросы актуальны и сегодня. Как сохранить и преумножить духовно-нравственные воззрения в новых реалиях терзаемыми сомнениями и колебаниями, разочарованием и озлоблением. С позиции сегодняшнего времени, поколения Next, просто обязаны во имя процветания своего будущего изучать удивительный путь от юрты кочевника до вершины мировой культуры наследие М.О. Ауэзова. Оно должно помочь определить и показать духовный облик грядущего поколения и указать пути дальнейшего развития общества в целом.

В результате проведенного социологического опроса респондентов было выявлено, что много студентов любят читать классику, помнят произведения М.О. Ауэзова, полагают, что чтение художественной литературы влияет на развитие компетенции.

Во-первых, классика - это основа на которой держится современная литература. В наши дни все стали забывать такую классику, отдавая предпочтение современной литературе. Классика успела пройти проверку времён, которую ещё не прошла современная литература.

Во-вторых, М.О.Ауэзов вложил большой вклад в казахскую литературу. Создал блистательные художественные произведения, обогатив глубоким знанием исторических процессов развития народов, включив в круг своего писательского внимания все достижения русской и мировой литературы.

В-третьих М. О. Ауэзов думал о благе своего народа, о человеке как носителе духовности. «Новое поколение казахской социалистической нации должно было взглянуть собственными глазами на собственное прошлое, постигнуть мир идей, мир великих ценностей, понимать и уважать людей и осознать самих себя как величайшую ценность».

М.О.Ауэзов руководствовался положением М.Горького, который писал: «... чем лучше мы будем знать прошлое, тем лучше, тем более и радостно поймем великое значение творимого настоящего» .

В своей статье «Наука» за 1918 год М.Ауэзов написал, что «человек становится плохим не от рождения. Всё зависит от воспитания, которое он получает, от окружающей среды в которой растёт. Человек вступает на хороший или дурной путь в подростковом возрасте. Чтобы вырастить гуманных людей, надо воспитывать молодежь, воспитывать с раннего возраста».

Вместе с этим учёный-педагог считает, надо составить перечень полезных книг, которые не будут наносить вред моральному воспитанию, а отбор книг для домашнего каталога должен соответствовать программе литературы по возрасту обучения, благоведению времени, интересам и воспитанию детей.

Любое его произведение воздействовало на каждого читателя в отдельности и на общество в целом будило мысль, звало к битве за справедливость. Говоря о деятельности М.О. Ауэзова следует всегда помнить о той социальной среде, которая вскормила его, подготовила его появление, то есть о народе. Прошло немало времени с той поры, и ныне, все что вышло из-под пера М.О. Ауэзова, – рассказы, сценарии и либретто, очерки, статьи, публицистические труды, это достойно самого пристального внимания и углубленного изучения.

В романе показан народ, удел которого не покорность судьбе, не слепое повиновение феодалам и колониальным чиновникам, не молчаливое терпение, а народ, страстно стремящийся к свободе, к свету, к развитию, способный к борьбе.

Поэтому настало время шире и глубже изучать жизнь и деятельность М.О.Ауэзова не только как писателя, но и как крупного мыслителя. Мыслитель в М.О.Ауэзове был менее заметен. Его художественные произведения, а также замечательные и глубокие мысли об искусстве, которые не просто обобщают собственный опыт, но и вносят новое о понимании путей развития художественной мысли нуждаются в глубоком осмыслении творчества. Мыслитель – тот, кто лучше всего осознает общественный смысл формирующего замысла.

В творчестве М.О.Ауэзова отражены все основные этапы жизни Казахстана конца XIX-го и первой половины XX века, в том числе история духовного развития казахского народа и его идеология.

Сейчас изучение жизни, творчества и наследия М.О. Ауэзова в настоящее время привлекает пристальное внимание и литературоведов, и филологов, и историков, и философов.

Литература

1. "Вестник АН КазССР", 1949, №5.
2. Рукописное наследие М.О. Ауэзова.
3. Певец народа. Сборник статей к 80-летию М.О. Ауэзова
4. М.О. Ауэзов - классик советской литературы.
5. М.О. Ауэзов Лихая година. Повести и рассказы. А., 2010.
6. Набоков В. Лекции по зарубежной литературе. М., 2010.
7. Мухтар Ауэзов – ученый, писатель, педагог, просветитель. 2010.

МҰХТАР ӘУЕЗОВ-ДӘУІРІНІҢ САНАСЫ МЕН ЖАНЫ

Қабдымажитова Айтолқын Нағашыбайқызы,

1 курс, «Қостанай педагогикалық колледжі» КМҚК

Ғылыми жетекшісі: Шайхетдинова Айнагуль Батыржановна, оқытушы

Бүгін біз қазақ әдебиетінің алыбы, халқымыздың рухани мәдениетін бүкіл дүние жүзіне таныс еткен ұлы жазушымыз, даңқты драматург, ғұлама ғалым Мұхтар Әуезовтің өмір баяны жайлы айтып кетеміз.

Қазақ халқының рухани өсіп-өркендеуіне өлшеусіз үлес қосқан ұлы қаламгердің өзінен кейінгі мәңгілік ғұмыры да толассыз жаңалықтарға толы. Өткен жылы ғылым ордасының төрінде ұлы жазушының 120 жылдық мерейтойын кең көлемде атап өткен едік. Айтулы шараға әлемнің АҚШ, Ұлыбритания, Нидерланды, Түркия, Ресей, Татарстан, Қырғызстан, Өзбекстан сынды алыс және жақын шет мемлекеттердің жетекші ғалымдары қатысып, М.Әуезов мұрасының әлемдік маңызы жайында сұхбат құрды. Биылғы жыл да әуезовтану саласында маңызды кезең болып есте қалатын болады. Оның бірнеше себебі бар. Еліміз үстіміздегі жылы әлемнің әдеби картасы атты дүниежүзілік маңызды бірегей жобаға Мұхтар Омарханұлының есімімен кіріп отыр. Яғни, әлемдік деңгейдегі танымал қазақ жазушысы ретінде Мұхаң өзі бағындырған биікте әлі де тұр. Демек, бұл кейінгі қаламгер қауым сол межеге, сол парасат заңғарына әлі де ұмтылыспен келеді деген сөз. Әлем жұртшылығы қазақ халқының рухани мәдениетін Мұхтар Әуезов шығармашылығы арқылы танып келеді.

М.О.Әуезов үйі әдеби-мемориалдық музейі 2018 жылы «Киелі Қазақстан» тізімдемесіне кірді. Атамекеніміздегі қасиетті жерлерді қорғап, насихаттау, сол арқылы жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беру мақсатында «Рухани жаңғыру» аясында қолға алынған ауқымды бағдарламаның, шын мәнінде, идеялық мақсат-мұраттары мұнымен шектелмейді. «Киелі Қазақстан» - ұлттық кодымызды сақтаудың кешенді бағдарламасы. Осы арқылы біз шежірелі тарихымыздың ойсыраған тұстарын толықтырамыз, көнеден жеткен рухани мұрамызды болашаққа аманаттаудың жарқын үлгісін қалыптастырамыз, ұлы тұлғаларымыздың өнегелі өмірін зерделеуге, танып-біруге ұмтыламыз, сарқылмас рухани қазынамызды әлемге паш етеміз. Міне, «Әуезов оқулары»

халықаралық конференциясы мен мектеп оқушыларының «Менің Әуезовім» республикалық шығармашылық конкурсының биылғы мақсат-міндеттері осы тұрғыдан айқындалады.

М.Әуезов шығармаларының әр заман талабына сай, біздің жас ұрпақтарымыға ұғынықта болуы мен дүниетанымды кеңейтудегі философиялық құнарын жоғалтпаудың жолы.

Жалпы, жазушы өмірбаяны мен шығармашылығының әдебиет тарихындағы, ұлттық құндылықтағы маңызын зерттеу үшін арнайы 3 мәселені анықтауымыз керек:

- жеке және әлуметтік өмірбаяны;
- шығармашылыққа деген қарым қатынасы;
- әлеуметтік қарым-қатынас.

Әуезов – сарқылмайтын рухани кеніш іспетті кең тақырып. Жас ғалымдардың ғылыми-зерттеушілік дағды-машықтарын қалыптастыруға арналған «Әуезов оқулары» конференциясының уақыт өткен сайын әуезовтану саласына тың ойлармен соны серпін беріп, толассыз ізденістерге қозғау салары сөзсіз. Қазақ әдебиетінің классигі, көрнекті әдебиеттанушысы және фольклортанушы, қоғам қайраткері, академик Мұхтар Омарханұлы Әуезов өзінің іргелі еңбектерімен кеңесдәуіріндегі отандық фольклортану ғылымының қалыптасып, дамуына елеулі үлес қосты. Фольклортанушылық қызметін журнал мен газеттерде шағын мақалалар мен фольклор үлгілерін жариялаудан бастаған жас ғалым, көп өтпей-ақ 1927 жылы «Әдебиет тарихы» атты монографиялық зерттеуін жариялады. Жас ғалымның ғылыми нақты, объективті тұжырымдарынан әлденеден сезіктеніп қалған кеңес идеологтары шұғыл түрде қатаң идеологиялық және саяси цензураны бастап жіберді. Монографияға тиым салынып, тиражы тәркіленді. Еңбек тек 1985 жылы, арада 58 жыл өткенде ғана, жазушының 20 томдық Шығармалар жинағының 16-томында едәуір қысқарту, редакциялық түзетулермен қайта жарияланды. 1991 жылы толық көлемде жеке кітап болып баспа бетін көрді, 2001 жылы жазушы шығармаларының 50 томдық толық жинағының 4-томында монографияның текстологиялық тексеруден өткен мәтіні басылып шықты.

Оның әңгімелері, романдары, пьесалары – қазақ өмірінің нақтылы құбылыстарын, табиғи қалпын көрсетеді. Жеке кейіпкерлерінің сөздері солардың сана-сезіміне, психологиялық ерекшелігіне, іс-әрекетіне, тәлім-тәрбиесіне сай келеді, бұлар өмірдің бір бөлшегі, қоғам уәкілі ретінде көзге түседі. Кеменгер жазушы Мұхтар Әуезов түрлі қоғамдық сатыдан өтті, алуан өмірдің ойын-қырын байымдады.

Негізгі міндетіміз әдеби шығарманың өмірбаяндық негізін іздеу емес десек те, қаламгердің ғұмырнамалық фактілерімен неғұрлым кеңірек таныс болуы оның шығармашылығының тарихы мен дәуірі, жалпы поэтикасы туралы толық мәліметті меңгеруіне мүмкіндік береді. Қарапайым оқырманның да, зерттеушінің де қызығушылығын тудыратын шығарма материалы, ондағы образдардың прототиптері, олардың дүниетанымдары, өмірге көзқарастары, өмірлік ұстанымдары мен жеке адами қасиеттері секілді толып жатқан құпия мәселелер шынында да көңіл аударарлық. Ол үшін біз жазушының әлеуметтік

өмірбаянын ,яғни өмір сүрген дәуірін , өскен, қалыптасқан ортасын білуіміз керек. Өйткені, шығармашылық тұлға ол ,ең біріншіден, ой адамы, ол идеолог, қоғамға қозғалыс беруші, адамзат санасына өзгеріс енгізуші, оны өсіруші, рухани сілкініс тудырушы.

Әдебиет

1. М.Әуезов – ХХ ғасырдың ұлы жазушысы және гуманисі Алматы “Ғылым”1998. – 598
2. М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты
3. Әуезов М. Абай жолы. Роман-эпопеясы.Алматы.1990 ж.
4. Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат министірлігіне қарасты «Жалын» баспасы, 480124, Алматы қаласы, абай даңғылы.

МҰХТАР ӘУЕЗОВ ДӘУІРДІҢ-ЖАНЫ МЕН САНАСЫ

Қуанышова Гүлназ Жанатқызы, 3 курс, Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай педагогикалық колледжі» КМҚК
Ғылыми жетекшісі: Ахметов Жұмат Мангазович

Ғылыми жұмыс барысында Мұхтар Әуезовтың өмірі мен шығармашылығы мен қатар, еліміздің беделді азаматы, мен білімнің нығайтуын көздеген ақынның жаны мен дүниесін зерттеуді жөн деп санады.Ғылыми жұмыстың негізгі бөлімінде Әуезовтың өмірі мен атқарған жұмыстары толық жиналған.Жұмыс кезінде мұрағаттар толық пайдаланылған, барша әлемге танымал «Абай жолы» романының тарихы мен мол жемістері анық дәлелденген.Бүгінде ақынның болашаққа деген сенімі мен көрсете білген еңбектерін айқара ашып,онын мәні мен жанын дәлелдеуді көздедеді мақсаты мен міндеті толық жетілді,ғылыми жұмыс барысында студент күрделі де ауқымды мәселелерді қозғады!

Ғылыми жұмыстың өзектілігі

Еліміз оқушы бойына ХХІ ғасыр талаптарына сай сапаларды қалыптастыру міндетін қояды. Бұл міндетті жүзеге асыру жолында бастауыш сыныпта Мұхтар Әуезов шығармаларын оқыту арқылы жан-жақты дамыған, сауатты, саналы адамзат тәрбиелей аламыз. Ол үшін жазушының өмір жолы мен шығармашылығына жиі көңіл бөлуіміз маңызды.

Мұхтар Әуезов шығармашылығы ерте заманнан қазіргі күнге, қазірден келешекке жол тартқан қазақ өмірінің асыл көші сияқты. Оны дәуірдің жаны мен санасы бейнесінде көрсету саналы ұрпақтың жазушы салған сара жолмен жүріп, ел даңқын көкке көтеруге тәрбелейтіні анық.

Зерттеу болжамы: Егер мектепте оқушыларға Мұхтар Әуезовтің шығармаларын толыққанды оқытса, онда жеке тұлға бойыда адамгершілік-имандылық қасиеттері арта түсер еді, өйткені бүгінгі қоғамға өз-өзіне талап қоя алатын,адамгершілік қасиеттері бойына дарыған,бәсекеге қабілетті тұлға қажет.

Мақсаты: Мұхтар Әуезовтің тау тұлғасына үңіле отырып, оны тереңірек танып білу. Мұхтар шығармаларын насихаттау.

Міндеттері:

1. М. Әуезовтың шығармаларын тәлім көзі, оның дидактикалық үлгідегі шығармаларында екендігін ескеріп, онымен жұмыс жүргізу арқылы оқушылардың ынтасы, танымдық іс-әретін ұйымдастыру;

2. Жаңа буынға Мұхтардың қазақ халқының көркем мәдениетін әлемге танытып, оның ежелгі дәстүрлерін дамытуға елеулі үлес қосқанын жаңаша көзқараспен түсіндіру.

Зерттеу нысаны: 1-4 сынып оқушылары

Зерттеу пәні: М. Әуезовтың шығармаларын әдістемемен байланыстырып оқыту

Зерттеу әдістері: жинақтау, салыстыру, бақылау, зерттеу, талдау;

Әдебиет:

1. Әуезов М. Әдебиет тарихы. А., 1989 ж.
2. Әуезов М. О. творчествосы бойынша библиографиялық көрсеткіш. 1 том. А., 1972.
3. Әуезов М. Абайды білмек парыз, ойлы жасқа. А., 1997 ж.
4. Әуезов М. Абайтану дәрістерінің дереккөздері. А., 1997 ж.
5. Мұхтар Әуезов тағлымы. А., 1987 ж.
6. Молдаханов Ә. М. Әуезов фольклорист. А., 1997 ж.
7. Көлбаев М. Қазақ фольклортану ғылымындағы "Манас" жырының зерттелу тарихы. // Канд. дисс. авторефераты. Түркістан, 2007 ж.
8. Сыздықов К. Мұхтартанудың беймәлім беттері. А., 1997 ж.

ТВОРЧЕСТВО МУХТАРА АУЭЗОВА

КАК ИСТОЧНИК ПАТРИОТИЗМА СОВРЕМЕННОЙ МОЛОДЕЖИ

Корякин Артём, студент 1 курса Рудненского политехнического колледжа

Научный руководитель: Бабенко Мария Михайловна, преподаватель
специдисциплин

Актуальность. Как бы ни менялось современное общество, воспитание любви к своей Родине, гордости за нее – необходимы всегда. По словам президента страны Касым-Жомарта Токаева «современный казахстанский патриотизм начинается с глубокого осмысления истории, истоков. Очень важно, чтобы молодое поколение знало и о нелегких страницах минувшего, и о вызывающих законную гордость достижениях нашего народа. Наша история имеет тысячелетние корни. И мы с полным правом гордимся нашим прошлым». Он назвал мир, согласие, единство народа и любовь к Родине теми ценностями, которые объединяют казахстанский народ, и считает, что «эти ценности должны быть в центре внимания молодежи» [1]. Каждый должен быть патриотом своей страны. Что означает на практике любовь к родине? Лучшая форма патриотизма – это изучение истории родного края. Где найти тот неиссякаемый источник духовной силы, любви к родному краю? Мы считаем, что таким источником является творчество Мухтара Омарханович Ауэзова.

Все началось с участия в акции «Один колледж – одна книга». Для чтения был выбран рассказ М. Ауэзова «Серый лютый». Перед нами открылся новый мир.

Проблема в том, что этот мир может остаться неизученным, потому что сейчас молодежь мало читает, а некоторые считают, что «произведения классиков устарели». Мы считаем, что можно изменить ситуацию, если сделать для молодежи рекламу произведениям М.Ауэзова. Это стало целью нашей работы.

Цель: Создать рекламную продукцию, вызывающую интерес молодежи к творчеству М. Ауэзова.

Задачи:

1. Изучить биографию и произведения М. О. Ауэзова.
2. Узнать отношение молодых людей к рекламе.
3. Изучить понятие рекламы, виды, способы ее создания.

Сначала мы изучили биографию Мухтара Омархановича Ауэзова и узнали, что он был - истинным патриотом, который ставил интересы страны и своего народа на первое место. Узнали мнение студентов о патриотизме, понятие патриотизма у всех разное, но главное то, что «патриот любит Родину, гордится своей страной, вместе преодолевает трудности, предан и верен Родине и трудится на благо Родины». Все эти слова в полной мере характеризуют Мухтара Омархановича Ауэзова. «Он прошел путь от юрты кочевника до вершин мировой литературы. Сама земля, где родились великие батыры казахского народа, воспитала в мальчишке любовь к правде, искренности в выражении своих чувств и мысли» [2].

Чтобы быть патриотом нужно знать историю своей страны, гордится предками, стремиться быть достойным их. Удивляет и восхищает то, как по крупицам Ауэзов собирал материал к своим произведениям, ведь не было никаких архивов. Он много читал, беседовал с людьми, слушал воспоминания своего деда, собирал легенды и обычаи казахского народа. Мухтар Ауэзов писал о народе с такой любовью, как может сделать только патриот своей страны. Поэтому его произведения интересны и поучительны.

Мухтар Ауэзов выбрал благородный путь служения народу, говорить правду о своем народе языком литературы. Благодаря Ауэзову, во всех странах знают историю и культуру степного народа, его имя – визитная карточка казахского народа. Как патриот, он был великим тружеником, являясь автором двух десятков произведений. Как патриота и гражданина М.О.Ауэзова волновало все: жизнь сироты из аула, и судьба влюбленных, и страдания батрака. Как патриот, он в своих произведениях прославлял щедрость, стойкость, терпимость своего народа, передавал всю красоту казахского языка. «Счастливы те народы, которые могут быть воспеты с таким величием и любовью голосом, подобным голосу Ауэзова», - писал Режи Бержерон [3]. Настоящий патриот любит свое отечество не за то, что оно дает ему какие-то блага и привилегии перед другими народами, а потому, что это его Родина. В 1937 году Ауэзов являлся самой яркой фигурой в литературе – и самой преследуемой. Травля писателя прекратилась только со смертью Сталина. Позже Родина высоко оценила труд писателя, он награжден премиями, орденами. Но мы считаем, что главная награда для писателя – это большой интерес к его творчеству.

Произведения М. Ауэзова - это энциклопедия жизни казахского народа. Чтобы стать патриотом, нужно изучать прошлое своей страны. 80% студентов считают, что человека, который не знает истории своей страны, нельзя назвать патриотом. Перед каждым молодым человеком, который хочет узнать о жизни своего народа, встает вопрос: «Откуда узнавать о жизни, обычаях казахского народа? Из учебника истории или из художественных произведений?» Мы сравнили эти источники, и пришли к выводу: о жизни народа можно узнать из истории, но нам интереснее узнавать обо всем из художественных произведений. 62% опрошенных студентов с нами согласны. «Литература служит проводником в другие эпохи и к другим народам, раскрывает сердца людей - одним словом, делает вас мудрым», - писал Дмитрий Сергеевич Лихачев [4]. Мы с интересом прочитали произведения М. Ауэзова: поэму «Енлик – Кебек» рассказы «Сирота», «Серый Лютый», повесть «Выстрел на перевале». Благодаря этим книгам жизнь казахского народа с его бытом, обычаями и традициями стала более знакомой и понятной. Произведения произвели сильное впечатление, и нам захотелось, чтобы их прочитали все.

Считаем, что реклама - это способ привлечения внимания к произведениям М.Ауэзова. Чтобы создать рекламу произведениям М.Ауэзова, мы изучили материалы интернет – ресурсов о современной рекламе классиков. Нам не понравилась «прикольная» реклама классической литературы, например, реклама повести Тургенева «Муму»: «Дворник – приезжий оказался догхантером» [5]. Мы создавали рекламу по следующей схеме: рассказать об авторе, какие-то интересные факты биографии, фото. Потом выявить наиболее значимое, что именно может «зацепить» читателя в этой книге, высказать свои впечатления о книге. Мы поняли, что для хорошей рекламы главное, чтобы вам была интересна та книга, о которой вы будете говорить. Создание рекламы – дело трудное, но интересное, и очень ответственное, потому что реклама может привлечь читателя, а может и оттолкнуть. И во многом это зависит от тебя! Приводим текст рекламы к рассказу «Көксерек», «Серый Лютый». Знакомьтесь, книга! Ауэзов писал: «Я помню, как драматический поединок человека и волка у Джека Лондона потряс мое воображение». Человек и Волк! Добро и Зло! Кто победит? Ответ ты найдешь в рассказе. Любовь и предательство, жестокость и стремление к свободе - все события разворачиваются на фоне красивой природы. Много из жизни волков и немного о жизни людей ты узнаешь из рассказа Мухтара Ауэзова. Я получил незабываемые впечатления, рассказ вызвал бурю эмоций.

Мнение студентов о рекламе: 67% опрошенных считают, что реклама творчеству писателей среди молодежи нужна. Реклама поможет вызвать интерес к творчеству писателей считают 71% студентов. Реклама должна быть серьезной - ответили 57%. Другие мнения: реклама должна быть «полезной, интересной, она должна призывать читать, вызывать желание изучать». Отдельное мнение: «Произведения классиков - продукты своего времени, они устарели, реклама им не нужна». Хочется ответить автору «отдельного мнения». Спасибо за честность. Но ты подумай! Разве может устареть любовь,

борьба за справедливость, уникальная природа родного края, борьба за независимость. Как говорится, мало уметь читать, нужно уметь думать.

В заключении хочется сказать, что наш общий долг – помнить имена соотечественников, ставших гордостью нашего народа. Произведения М.Ауэзова - духовная ценность, которая будет жить в веках. Патриотизмом проникнута каждая строчка, можно поучиться у Ауэзова его любви к родине. Хочется каждому сказать: изучай историю своей страны: ее прошлое и настоящее, ее радостные и горькие дни - это поможет тебе стать настоящим патриотом.

Литература

1. KAZAKHSTAN TODAY [Электронный ресурс]: Президент Казахстана Токаев принял участие в церемонии открытия памятника Абишу Кекилбайулы. — URL: https://www.kt.kz/rus/state/prezident_kazahstana_tokaev_prinyal_uchastie_v_tseremonii_1377890007.html
2. Ауэзов, Мухтар Омарханович [Электронный ресурс]: Википедия — свободная энциклопедия. — URL: <https://ru.wikipedia.org/wiki>
3. Электронная библиотека «Мир Мухтара Ауэзова» [Электронный ресурс]: Известные деятели культуры об Ауэзове. — URL: https://auezov.kz/page.php?page_id=25&lang=1
4. Лихачев Д. Письма о добром [Электронный ресурс]: Цитата из книги «Письма о добром». — URL: <https://www.livelib.ru/book/1001518702-pisma-o-dobrom-dmitrij-lihachev>

СОЗДАНИЕ СЦЕНИЧЕСКОГО ОБРАЗА НА ОСНОВЕ ЛИТЕРАТУРНОГО НАСЛЕДИЯ МУХТАРА АУЭЗОВА В ПРОЦЕССЕ ПОСТАНОВКИ СОВРЕМЕННОГО КАЗАХСКОГО ТАНЦА.

Ермохина Мария студентка 4 курса

КГКП "Рудненский социально-гуманитарный колледж имени Алтынсарина"

Научный руководитель: Бандурина Любовь Владимировна

Он – явление, он – великий символ нашей жизни,
человек-легенда, мудрец нового времени,
истинный поэт и человек...

Ираклий Андроников

Актуальность.

На данный момент, актуален запрос о выпуске специалиста режиссера - хореографа, балетмейстера нового типа, владеющего не только знаниями законов танцевального искусства, и ориентирующегося в современных мировых хореографических течениях, но и владеющего знаниями огромного литературного пласта, оставленного нам народными акынами, известными казахскими поэтами и писателями.

Глубокое изучение литературных произведений обогащает духовную составляющую молодых хореографов, развивает образное мышление, формирует отношение к окружающему миру. Особенно это важно при работе с

детскими коллективами, так как именно там закладывается культурное будущее нашего государства.

Художественные произведения, в которых раскрывается красота природы, внутренний мир героев, дают возможность выходу новых идей, которые могут быть выражены в постановках, этюдах.

Постановка танцевальных номеров на основе литературных произведений, является еще и путем к расширению кругозора, как балетмейстера, так и воспитанников коллектива.

Проблема.

Снижение интереса к иностранным псевдо-культурам на основе литературного наследия Мухтара Ауэзова с целью формирования нравственного мировоззрения подрастающего поколения посредством постановки казахского современного танца.

На данный момент огромный вал иностранных псевдо-культур отрицательно влияет на вкусы, пристрастия, взгляды подрастающего поколения.

Что же мы можем противопоставить данной проблеме? Только целенаправленную и кропотливую работу по внедрению культурного наследия наших предков, через музыку, произведения искусства и, конечно же, через литературу.

Одним из путей такой работы является литературное наследие Мухтара Ауэзова. Читая описание природы в романе «Путь Абая» мое воображение рисует образы бескрайней степи, высокого неба, в котором высоко парит орел, степные табуны, перегоняемые с зимовки на летнее пастбище. Все эти картины можно и нужно воплотить в хореографическую постановку, с помощью плавных движений рук, сменяющихся быстрыми поворотами отразить дуновение утреннего ветра на казахском стойбище, а восход солнца можно передать эмоциональными оттенками на лицах, высоко поднятой головой, широко расправленными плечами.

Цель нашего проекта основывается на развитии устойчивого интереса к литературному творчеству к Мухтара Ауэзова через создание сценических образов в процессе постановки современного казахского танца.

Задачи:

1. Изучить литературное творчество Мухтара Ауэзова.
2. Проанализировать отрывки из произведения «Путь Абая» для определения сценического образа для постановки танцевальной композиции.
